

94(574)
Т 90

Марат Түсіп

Тоқатай баба және оның ұрпақтары


Кіші жүз
Алшын
Тоқатай баба
(300 жыл)
рухына
«Тағзым»
және
Арқа
жеріне, еліне
«Алғыс»
белгісі.

Ұрпақтарынан
20.09.2024 жыл

Марат Түсіп



**Тоқатай баба
және оның
ұрпақтары**



Қарағанды 2024

УДК 94(574)
ББК 63,3 (5Қаз)
Т 90

Түсіп Марат Исабекұлы

Тоқатай баба және оның ұрпақтары: — Қарағанды: «TENGRİ Ltd» баспаханасы, 2024. - 248 б.

ISBN 978-601-81194-4-6


Кітапқа Кіші жүз, Байұлы, Алшын, Тоқатай бабаның 18 ғасырдың ортасында (1748 ж.) Қарқаралыға келуі, ұрпақтарының өсіп өнуі, жақсы да ауыр жағдайларды бастан кешуі, тәуелсіз тұру үшін жерді иемдену жолында күресі, жергілікті мықты рубасыларымен құдандалы болуы, оларға сүйенуі т.б. жағдайлар зерттеуге енген.

Зерттеулерден басқа фотосуреттер, өмірдеректер, баба шежіресі енген.

Баба ұрпақтарының тағдыры, Қарқаралы мен Шет өңірлерінің тарихымен байланысты болғаны баяндалады.

Оқырман қауым кітаптан әр заманның тынысын біліп, тарихи-танымдық өрісін кеңейтетініне сенімдіміз.

УДК 94(574)
ББК 63,3 (5Қаз)



ISBN 978-601-81194-4-6





© Түсіпов М.И., 2024.




Түсіп Марат Исабекұлы

1946 жылы, мамыр айында Шет ауданы, Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген. Оқу-ағарту ісінің ардагері. «Алтынсарин» төсбелгісінің иегері. Партия-кеңес, ауылшаруашылық салаларында еңбек етті. Шығармашылықпен айналысады, бастылары: «Ғұмыржазба - өткенге саяхат» деректік-көркем хикаяты, «Абай сөзі - даналық көзі» философиялық-танымдық еңбегі. Туған ауылы Ақбауырға арналған еңбектері бар. Қарағанды қаласында тұрады.



ЗЕРТТЕУЛЕР, ОЙЛАР



Сөзбасы

«Тоқатай баба...» кітабы бірнеше тараулардан тұрады. Алғашқы тарау - «Зерттеулер, ойлар» деп аталады. Осыдан бастайын.

Көлемді зерттеу мақалам еніп отыр, басқа авторлар да бар. Еңбегімнің бірінші бөлімі - «Қарқаралы кезеңін», негізінен, 1905 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген, Семей губерниясының шаруашылық, географиялық, т.б. мәселелерін қамтыған көптомдықтың «Қарқаралы уезіне» арнаған 6-шы томындағы бізге - баба ұрпақтарына қатысты деректеріне сүйене отырып жаздым. Аталмыш көптомдық еңбек - аса құнды, сирек кездесетін - архив көзі.

«Архив көзі» термині жиі қолданылады, бұл сөз деректерді жоғарыда аталған тарихи еңбекті пайдаланғанымызды білдіреді.

«Архив көзі» Тоқатай бабамыздың есімінен басталады, екі сөйлем ғана. Мен екі сөйлемді, мәтінің мазмұнын бұзбай, ғалымдармен ақылдасып, көпшілікке түсінікті болу үшін, орындарын ауыстырдым. Себебін зерттеуімнен табасыздар.

Нақты айтсақ, «Архив көзі»: «Тоқатай ру бөлігі - Кіші жүздің Алшын руынан. Түркістаннан Қарқаралыға Бөкейханмен бірге, XVIII ғасырдың ортасында келген. Ұрпақтары: Баян, Тілеуғабыл, Жанғабыл және Дөңгелек». Алғашқы екі сөйлем естімеген, қолданысқа мүлдем еңбеген мәліметтерден хабар береді; әрбір сөзі - атан түйеге жүк болардай дүние. Оның да сыры зерттемеде ашылады.

Баба ұрпақтарына қатысты деректер — көлкөсір; тұтас бір көркем шығарма, болмаса, тарихи-танымдық еңбек жазып шығаруға толық негіз бола алады. Осы әрі басқа да мәліметтердің мазмұнын жеткілікті, ашуға да талпынысым зерттемеде көрініс табады.

Еңбегімнің «Қарқаралы кезеңінен» нені білуе болады, тарау нені баяндайды?

Басты дегендерін айтайын:

- оқырмандардың тарихи-танымдық көзқарасын кеңейтеді, бабамыз бен оның ұрпақтарының өмірі әрбір тарихи кезеңдерде өмір сүріп келген елдің тағдырымен тығыз байланыста болғанын паш етеді;

- жанама, параллель, қосымша ақпараттарды салыстырып зерделегенде, Тоқатайдың Қарқаралыға келгені - 1748 жыл екені анықталды;

- Қарқаралы жеріне бабамыздың келуі жылы қабылданып, ұрпақтары мықты ру басыларымен құдандалы болып, текті адам, текті адамдар ретінде өздерін мойындатқаны айтылды;

- күш-жігерлерінің әрі туыстықтың арқасында, тәуелсіз тұрып, жерге түпкілікті ие болу үшін келісімге қол жеткізгені жазылады, 1808 жылы келіскені - Ақбауыр жері. Бірақ, жаңа шиеленісті жағдаят (ситуация) орын алғандықтан, көтерілген әрі келісілген мәселе тоқтап қалады;

- баба ұрпақтарының подполковник, аға сұлтан Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлының билігі (1824-1850) кезінде ауыр сынақтарды басынан өткізгендері: оның төлеңгітке, яғни, басыбайлы етіп, құлдарына айналдыру пиғылына қарсылығы, жазаланғаны, көнбегені әрі жергілікті ру басшыларының қиын сәттерде қолдағаны сөз етіледі;

- ақыры, 1858 жылы 4 ата — Тоқатайдың немерелері: Баян, Тілеуғабыл, Жанғабыл және Дөңгелек ұрпақтарының жергілікті рубасылармен келісілген Нұра болысы (Шет ауданы) Ақбауыр жеріне түпкілікті орналасуы әрі бұл шешімнің заңдылық негізі болғаны баян етіледі;

сонымен, «Қарқаралы кезеңі» аяқталып, «Шет кезеңінің» басталғанынан хабардар береді.

Тоқатай және оның ұрпақтарының өмірін зерттеуге талпыныстың 1971 жылы басталғаны айтылады. Алғашқы қалам тартқан — атақты ұстаз, ақын Кәріғұл Нұғманұлы, 2007 жылы Қарқаралыда ұзақ жылдар еңбек еткен, мемлекеттік қызметкер Совет Қабылдаұлы, 2008 жылы белгілі ұстаз Танас Қасымұлы зерттеулерді жалғастырды әрі Т.Нұғыманов алғашқы Шежірені жасады. Осы жолдардың авторы 1915 жылы «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» кітабына алғашқы рет «Архив көзі» деректерін енгізді, бірақ, мәтіннің толық сыры ашылмағандықтан әрі оқырмандардың қызығып, сүйінші хабарға бейжай қарап, назар салмағандығынан, қызықты тақырып жабулы қазан - жабуымен қалды. Қалам тартқандардың бәрі - баба ұрпақтары.

Кітап атауы да баба есімімен басталады, оған құнды мәліметтер: зерттеулер, фотошежіре, Шежіре, қарапайым еңбек адамдардан бастап, есімдері белгілердің өмірдеректері енген.

Баба және оның ұрпақтарының өмірін келешекте тереңінен зерттеп, толықтырамыз деп ниет етушілер - жас буынға бос кеңістік, анықталмай жатқан мәселелер жеткілікті.

Мысалы:

- Тоқатай Түркістанға Батыстың (Ақтөбе, Орал, Маңғыстау, Атырау) қай жерінен, облысынан, ауданынан, елді мекенінен келді? Түркістанға, соның маңындағы — қалалардағы өмірін қандай деректермен толықтыруға

болады? Көкжал Барақтың өмірін және бабамыздың тағдырын онымен байланысты зерттеу бұл мәселенің түйінін шешуге септігін тигізер еді;

- шама келсе, жалпы Алшын, оның ішінде Арқа алшындарының шежірелерімен ұштасатын жерлерін анықтау;

- Түркістаннан Тоқатай Қарқаралыға қалай жетті; қандай жерлерді басып өтті, қандай қиыншылықтарды басынан өткізді, жанында жоғарыда аталған белгілі адамдардан басқа кімдер болды, т.б. мәселелерді пысықтау;

- Қарқаралы жерінде алғашқы құдандалы болған ықпалды ру басыларының есімдерін анықтау, қиын сәттерде әрі жер иемденуге байланысты шешуші сәттерде баба ұрпақтарын қолдаған абыройлы адамдарды анықтау;

- баба ұрпақтары Қарқаралы жерінде 110 жыл тұрғанда, бір ғана қыстау — жайлаумен шектелмеген болар, сондықтан, басқа қандай елді мекендерде болғанын анықтау;

- рубасыларының келісіміне қоса, жерді (Ақбауырды) түпкілікті рұқсат берген биліктің шешімін табу;

Т.С.С.

Аталмыш еңбектің баба ұрпақтары өмір сүрген «Шет кезеңі» тарауынан:

- алғашқы қоныстанудың қызығы мен шыжығы: әкелеріміздің табиғаттың тосын да дүлей күштерімен арпалысы; жанкештілігі; жұт, құрғақшылықтың орын алып, аура-сырқаудың тараған жылдары, өлім-жітімнің орын алғаны;

- әкелеріміздің тәуелсіз тұруға деген құштарлығы, жыл мезгілінің әрбір сәтін тиімді пайдалануға ұмтылысы, ұрпағының қамын ойлауы;

- қоғамдық өзгерістерге бейімделуі: кеңестік шаруашылықты құруға қатысқаны, ашаршылық пен қуғын-сүргін жылдары аман қалуының сыры;

- сын сағаттарда Отанды қорғау үшін, соғысқа аттануы, жеңіс үшін әкелеріміз бен ағаларымыздың құрбандыққа баруы, жаралылардың елге оралып, еңбекке араласуы;

қоғамдық-шаруашылық, әлеуметтік салаларда басшылықта болғандардың, еңбектері мемлекет тарапынан бағаланған жандар, оқу-білім саласында айтарлықтай із қалғандар жайлы;

- әкімшілік-территориялық басқару жүйесінің өзгеріп отырғаны;

- Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қуаныштан көңілдің тасуы, жаңа қоғамдық кеңістікте істі неден бастау керектігін білмей, аз уақыт абдырап қалуы; артынан, етек-жеңін жинап, жеке қожалықтардың ұйымдастырылуы, кәсіпкерлердің қорлануы;

- жабайы урбанизацияның басталуы, ауылдың әлсіреуі баян етіледі.

Халық, көшкені көшіп, біршама орныққан секілді. Өткесенге көз

жүгірттік, Түп негізімізді іздедік, таптық. Қазір бастауында Тоқатай бабамыз тұрған, тарихқа «Ақбауыр («Саржал») Алшындары деген атаумен енген ұрпақтар кеңістігінде: 317 шаңырақ, 1145 жан аман-есен тұрып жатыр. Көп те емес, аз да емес Шүкіршілік.

«Бір жәдігер — бір тағдырды баян етеді» деген тәмсілді еске алсақ, бір тағдырдың — мың тағдырды баян ететіне көзіміз жетіп отыр, әрі оның он мыңдаған тағдырға ұластынына сенімдіміз.

Сол мыңдаған тағдыр басқа жұртпен бірге желбіреген Көк Тудың астында, Тәуеліз Қазақ елінің қастерлі де киелі жерінде тыныштықта, жасампаз еңбек жағдайында ілімді, байкуатты өмір сүруге мәңгі жазғай.

Марат Түсіп
16.07.2024



Марат Түсіп

Тоқатай баба және оның ұрпақтары: «Қарқаралы» әрі «Шет» кезеңдерінде

«Мұрағаты жоқтың - мұңы көп» деген тәмсілдің сөзі рас. Мұрағаты, нақты жазылған деректері жоқ болғандықтан, барын дәлелдеп, көрсете алмай немесе жоғын түгендей алмай жүрген елдер де, әлеуметтер де, рулар да бар.

Сол жұрттың ішінде - бірде мұңға-ойға батып, еңсемізді биік көтере алмай біз де жүрдік. Біз деп отырғанымыз ғасырлар бойы Қарқаралы және Шет өңірлерін мекендеген, 1858 жылдан бастап, Шет ауданы (бұрынғы Нұра болысы), Ақбауыр елді мекеннің тұтас аумағына қоныстанған Кіші Жүз, Байұлы, Алшын, Тоқатай буынының ұпақтары.

Мәселе - рушылдықты дәріптеу емес, басты мәселе - басқа рулы елдермен туыстық әрі рухани байланыстың болғанын көрсету, тарихтағдыр салған ауыр да қуанышты кезеңдерді бірге бастан кешіріп, сынақтан аман-есен өтіп, еңсергенімізді жас ұрпақтың назарына ұсыну, есіне салу.

Әкелеріміздің өздерінің әкелерінен, үлкендерінен естіп біздерге (біз де - жас емеспіз) санамызға салып, көкірегімізге ұялатып, кұлағымызға құйғаны: «Тоқатай бабамыз - батыр болған. Соғысқа қатысқан. Ертеде Қарқаралыға, Қарақуысқа қарындасы Қарлығамен келген. Қарындасы шекшек Нұралы биге тұрмысқа шыққан». Қарақаралының үлкендері бұл деректі жақсы біледі.

Сонымен бірге әкелеріміз Тоқатайдан - Дәулеткелді мен Оразкелді (Оразқұл деп те жазылып жүр), Дәулеткелдіден - Баян, Тілеуғабыл мен Жанғабыл, ал, Оразкелдіден - Дөңгелек тарайтынын айтатын. Үлкендеріміздің бабамыздың төрт немересінің Ақбауырдың кең-байтақ жері төртке бөліп орналасқаны архивтік материалдармен толық расталды.

Бір кезде Тоқатай ұрпақтары «Қарқаралы» алшындары, «аз үйлі алшын», тұрақты қонысқа қол жеткізгеннен кейін «Саржал» алшындары

атанды, қазір көпшілік «Ақбауыр» алшындары дегенді қолданады. «Саржал», «Ақбауыр» бір ұғымды, бір территорияны білдіреді. Саржал - Сары жоталы бірнеше таулардың тізбегі, бабаларымыз орналасқаннан кейін, жер ыңғайына, өмір жәйттеріне байланысты Ұзынжал, Жекежал, Кәрі түлкі, Шолақ түлкі, Қадақаққан, Қаратұмсық, Ақбастау атауларға ие болды.

Қазір Үлкен Саржал және Кіші Саржал атаулары қалды. Ақбауыр атауынан бастап, барлық жер-су атаулары бабаларымыздың өміріне байланысты.

Уақыт өтіп жатты, ұрпақтар ауысты, көптің көкейінде: «Тоқатай бабамыз Батыстың (Ақтөбе, Орал, Маңғыстау, Атырау) қай өңірінен келді? Қандай соғысқа қатысты? Қарқаралыға келуінің сыры неде? Қандай жолдармен келді, кімді сағалап келді?» деген сұрақтар туындады.

Кеш те болса, ізденістер басталды. Нақты деректердің жоқтығына қарамастан, ескі әңгімелердің есте қалғандарын әрі ой, сезім-түйсіктерін іске қосып, қалам тартқандар болды.

Алғашқы қалам тартушы - еңбек өтілдері 300 жылды қамтитын педагогикалық әулеттің негізін қалаушы, артына он шақты кітаптан тұратын поэма, рубайат жырлардың авторы Кәрігүл Нұғманұлы (1926-2018жж). Ол 1974 жылы, 15 мамырда бастаған жазбасында Тоқатай мен қарындасы Қарлығаның Қарқаралыға келуін Сырым Датовтың көтерілісімен байланыстырады; Кент, Боқтыдан жер берілгенін жазып, Тоқатай қайтыс болған соң, Жамантай сұлтан оның ұрпақтарының Қарақуыс деген жерге қоныс аударуына ықпал еткенін тілге тиек етеді. Әрі Тоқатайдың төрт немересінің есімдерін атап, жоғарыда аталған жерлерге орналасқанын атай түседі. Аңыздық сипаттағы қызықты деректерді келтіріп, автор әрі қарай тақырыпты кеңестік кезеңде жаңа территориялық-әкімшілік құрылымдардың орнауымен байланыстырып, тереңдете түседі.

Тақырыпты қозғаушының бірі — Қарқаралы жерінде 40 жылдан астам еңбек еткен, жауапты лауазымды жұмыстарды атқарған мемлекеттік қызметкер Совет Кабылдин (1946ж.т.). Ол Тоқатайдың келуін қазақ-қалмақ соғысымен байланыстырады. Шекшек Нұралы бидің есімі аталады. Жазбасының бір ерекшелігі — Қарқаралының аға сұлтаны Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлының кезінде, баба ұрпақтарының ауыр жағдайларды бастан кешіргенін жазады. Жазғаны тарихшы, өлкетанушы Пернебай Дүйсенбиннің 2007 жылы жарыққа шыққан «Үркердей болып көшкен жұрт» кітабына енген.

Аталған мәселені қозғаушылардың бірі — бірнеше мектептерді үздіксіз 40 жылдай басқарған, Білім саласының үздігі, ардагер-ұстаз Танас Қасымұлы Нұғманов (1951ж.т.). Ол Тоқатайдың Арқаға келуін көптеген

тарихи оқиғалармен байланыстырып, бұрынғы жазылғандарды растайды. Басты еңбегі - «Саржал» алшындарының шежіресін Тоқатайдан бастап, түзіп шықты. Еңбегі «Ұрпақ үндестігі» деген атпен 2008 жылы кітап болып, жарыққа шықты.

Үш автор да - Тоқатайдың ұрпақтары, жазғандарында шындық бар.

Дегенмен, көкейімізде: «Тоқатай және оның ұрпақтары жайында нақты не білеміз, қандай тарихи жолдардан өтті? Бабамыз Қарқаралыға не үшін келді, жер асып, Арқа жерінде тәуелсіз тұруға қалай қол жеткізді?» деген сұрақтар мазалап, тұрып алды.

«Іздесең - табасың» дегендей, айтылмыш тақырып толғандырып жүргенде, қолымызға сүйіншілі хабар әкелген тарихи-құжаттамалық еңбек түсті. Ол еңбек - Қарағанды университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мәулен Советұлы Жакиннің авторлығымен шыққан «Шет ауданының топонимикасы» атты кітабы (әрі қарай — шартты түрде «Архив көзі» - М.Т.). Тарихи, жағрафиялық, шаруашылық әрі тілдік маңызы бар еңбектің беттерін қызыға тарақтай отырып, Тоқатай бабамыз, оның ұрпақтары жайында — әрбір жолы бір-бір томға жүк боларлық тарихи-деректемелік мәліметтерді кездестірдік. Ғалымға - мың да бір рахмет!

Аталған еңбектің тарихи-дерекнамалық көзі — арнайы зерттеулер негізінде жинақталған, басылып шыққан мұрағаттық құжаттар.

Кезінде Ресей үкіметі, Омбы генерал-губернаторлығы Семей, Ақмола облыстарында жер-шаруашылық жағдайын, т.б. мақсаттарды көздеген арнайы экспедициялық топты ұйымдастырып, іске жұмылдырды. Мысалы, «Ф.А.Щербина бастаған экспедиция - 1896-1903 жылдары, академик Швецов бастаған экспедиция 1903-1904жж» зерттеу жүргізді. Он томнан астам тұратын еңбек жазылып, 1905 жылы Санкт-Петербургте басылып шықты. Соның ішінде, «Ф.Щербина экспедициясы материалдарының VI томы Қарқаралы уезіне арналған» (Акад. Аманжол Қошанов, «Ег. Қазақстан», 29.06.2016ж.). Семей экспедициясына Әлихан Бөкейханов та қатысқан, Қарқаралы экспедициясына қатыспаса да, материалдарды баспаға дайындауда әрі редакциялауда айтарлықтай еңбек еткен.

Міне, ғалым-тарихшы М.С.Жакиннің аса маңызды тарихи-танымдық еңбегінің жер-су аттарына қатысты материалдары, негізінен, осы «Қарқаралы уезі, VI томына» сүйеніп жазылған. Нақты дәлел, нақты айғақ - ешқандай күмәндануға негіз жоқ. Тасқа басқан таңбадай!

Іздеген тақырыбыма қатысты Архив көзінен табылған мәліметтерді 2015 жылы жарыққа шыққан «Ғасырғұмырлы Ақбауыр» кітабыма енгіздім. Түсінбеді ме, әлде, назар салмады ма, сүйіншілі дерекке ешкім назар сала қоймады. Ең құрымаса, мәліметтердің жалпы құндылығын, маңызын түсінуге болатын еді. Рас, әрбір тарихи деректі жолдың сырын

ашуға көмектесетін қосымша - параллель материалдар қолымызда болмады. 2016 жылдан бастап, әрбір салихалы баспасөз материалдарына үңілуге тура келді. «Өз бабаңды білу үшін - өзгені біл» қағидасын ұстанып, бар жазылғанды тере бастадым, зердеден өткіздім.

Міне, осындай сәт туды: қазақтың ұлы билерінің бірі - Қаздауысты Қазыбекбидің 350-жылдығы мен Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150-жылдығына қарай, тарихи-танымдық, ғұмырнамалық ақпараттар молына жазыла бастады. Міне, жіптің, яғни, мәселенің түйіні тарқала түсті. Сонымен, үзік-үзік материалдардан Арқа жерінде Тоқатай және оның ұрпақтары үшін, жаңа өмір — «Қарқаралы кезеңінің» басталғанын түсіндім, сонымен:

Қарқаралы кезеңі

Асыға күткен «Мұрағат көзінің» алғашқы жолдарына үңілейік, ол былай басталады: «... Тоқтай рубөлігі Кіші жүздің Алшын руынан. Тоқатайдың ұрпақтары Баян, Тілеуғабыл, Жанғабыл және Дөңгелек Түркістаннан Қарқаралыға Бөкейханмен бірге XVIII ғасырдың ортасында келген».

Қалай жазылды, еш өзгертусіз беріліп отыр. Екі сөйлем - бүкіл ақпарат сандығының құлпын ашушы.

Сырт көзге бәрі дұрыс көрінеді, ішіне үңілсең, қайшылық бар. Мәліметке сүйенсек: Қарқаралыға келген Тоқатай емес, келгендер - оның төрт немересі болып шығады. Тоқатайдың ұлдарының өзі Қарқаралы жерінде дүниеге келсе, немерелері Түркістаннан қалай келе қалды? Бұл - халық санасында қалыптасқан шежіре желісіне, оқиғалардың хронологиялық баяндау жүйесіне қайшы келеді.

Бұл сөзім ешкімді шошытпасын. Жоқ, алғашқы екі сөйлемнің мән-маңызы арзандамайды. Бар мәселе - керекті тыныс белгісінің қойылмауында. Ұзақ ойланып, жұртқа түсінікті болуын қарастырдым, түзеп жаздым, ол былай: **«...Тоқатай рубасы — Кіші жүздің Алшын руынан. Ұрпақтары: Баян, Тілеуғабыл, Жанғабыл және Дөңгелек. Тоқатай (түсінікті болу үшін осы сөзді ғана енгізіп отырмын — М.Т.) Түркістаннан Қарқаралыға Бөкейханмен бірге XVIII ғасырдың ортасында келген».**

Мәтінге тыныс белгілер қою сипатындағы өзгеріс енгізуімнің себебін тарихи-топонимикалық мәселелермен шұғылданып жүрген ғалымға айтқанымда, түзетуімді мақұлдады. Ол: «Экспедиция мүшелері мәліметтерді 1900 жылдары алды; ақпаратты берушілер Тоқатайдың 4-5 ұрпақтары, яғни, мәлімет оның Қарқаралыға келгеніне 150 жылдан

асқан соң, беріліп отыр. Халық көкейінде қалыптасқан әрі жазылған шежірелеріңіз бар. Мәліметтер қазақ тілінде берілді, орыс тіліне аударылды, баспаға жеткенше қаншама өзгереді. Тарихи сабақтастық, ұрпақтар үндестігіне сүйене түзету жасауыңыз - орынды» деді.

Ой орнықты. Сұрақтар бірінен-соң, бірі туындады: неге — Түркістаннан, неге - Қарқаралыға? Барлық жауаптың кілті - Бөкейхан есімінде тұр. Ешкім, өзіміз білмей тұрғанда: «Сенің бабаң Қарқаралыға осындай да осындай миссиямен келген» деп айта қоймайтыны белгілі, алыптардың қалтарысында қалады да қояды.

Бірнеше материалдарды салыстырып, зерделегенімде көзімнің жеткені: Бөкейхан — 14 жасар бала Бөкей, атақты Көкжал Барақ сұлтанның ұлы әрі Әлихан Бөкейхановтың 4-ші атасы (Бөкей - Батыр - Мырзахмет - Нұрмұхамед — Әлихан) екен.

Ғалымдар, зиялы қауым өкілдері Бөкейдің Қарқаралыға келуін жиі қозғай бастады. Жазбалардың түйіні мынаған саяды: Ұлы Қазыбек би «ел төресіз, тон - жағасыз болмас» дегендей, Көкжал Барақтан 14 жасар баласы Бөкейді «Қарқаралыға әкеліп, хан сайлаймыз» деген.

Енді бір ақпаратта: «...фольклорлық мәліметтерде 1740 жылдардың орта кезінде бозбала Бөкейді Нұралы батыр оңтүстіктен алып келгені айтылады. Ол елін билеп, басқартуға ұлдарының бірін сұрай, сұлтан Бараққа арнайы барып, еш қиындықсыз, зор құрметпен «аяғынды жерге тигізбей» апарамын деп уәде бергені айтылады. Уәдесінде тұрып, ауылына келген соң, аттан түсер сәтте «үйге Бөкейді арқасына көтеріп кіріпті» дейді («Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні», Алматы, 2004, Эверо).

Бұл тақырып жөнінде О.Абдрахманов («Орталық Қазақстан», 16.08.2016), Тұңғышбай Мұқан («Егемен Қазақстан», 15.04.2016), Қайрат Әбілдинов («Егемен Қазақстан», 27.09.2016), Бағдат Дүйсеков («Қазақ әдебиеті», 13.05.2022), Ахмадия Сүлеймен («Орталық Қазақстан», 18.12.2022), С.Сламбеков («Орталық Қазақстан», 13.07.2017), Мыңжасар Әдекенов («Егемен Қазақстан», 22.01.2020), Мирас Асан («Егемен Қазақстан», 22.02.2020), тағы басқалар жазды, ал, Болат Асанның («Орталық Қазақстан», 06.07.2022) жазуы бойынша жауапты сапарға 60 адам қосылған. Сырдан Арқаға қаракесек көші қосы жүрген, көш бұрында болған. Бұл туралы тарихшы Жамбыл Артықбаев («Аңыз адам, №23, 2011), Мырза Ахмет («Қазыбек би» мерекелік журналы), С.Сламбеков («Орталық Қазақстан», 18.07.2017) жазды.

Бастысы, Бөкейдің Қарқаралыға келген жылы анықталды, ол - 1748 жыл.

Сонымен, Бөкейді Түркістаннан Қарқаралыға кім әкелді? Әрине, әуелі, Қаздауысты Қазыбек бидің есімі аталады. Ру басыларын жинап,

ақ киізге отырғызып, бала Бөкейді хан жариялатуға Қазыбек бидің абыройы мен беделі, қарым-қабілеті жеткілікті болатын.

Әрі Көкжал Барақ Ұлы би алдында қарыздар еді, Әбілхайыр ханға қастандық жасалғаннан кейін, Барақты жазадан қорғап қалған - Қазыбек би.

Әрі батыр, әрі би ретінде Нұралының рөлі да зор. Бөкейді Қарқаралыға әкелуде бастамашы болған Нұралы би деп те айтылып қалады.

Ал, есімі еш жерде аталмаған, ғылыми айналымға айналмаған Тоқатайды не істейміз, сахнадан лақтырып тастаймыз ба? Мұрағат құжатын жоққа шығарамыз ба? Мүмкін емес, бұл тарихи әділдікке қиянат жасау. Тоқатай — Көкжал Барақтың сенімді серігі, мүмкін, жорықтарына да қатысқан болар.

Мәселені дау-дамайға салмай, бір ортақ тоқтамға келген дұрыс, ақиқаты: 14 жасар Бөкейді әкелуге үшеуінің да қатысы бар, бір баланы үшке жарып, әкеле алмайды да, қисынға келмейді, әрқайсысының өз рөлі болды.

1740-жылдары Түркістаннан Қарқаралыға жету - оңай шаруа емес. Сапардың жауапкершілігі, жолдың ұзақтығы, құбылмалы ауа-райы, ауру-сырқат пен қауіп-қатерлердің болуы, малды алға салып, сулы да нулы жермен алып жүру - бәрі аса сақтықты, ынтымақтастықты әрі көшті ұйымдастыра білуді талап етті. Басты мақсат - Бөкейді діттеген жерге аман-есен жеткізу, хан сайлау. Үшеуі де миссиясын орындады.

Ешкімнен кем ойламайтын Барақ сұлтан 14 жасар баласы Бөкейді, тәуекелге барып, ұзақ сапарға аттандырды. Меңінше, біріншіден, ол аталған адамдарға толық сенім артты; екіншіден, баласының қауіпсіз жағдайда, қамқорлықта болуына мүдделі болды; үшіншіден, Барақ сұлтан өзінің өмірі қыл үстінде тұрғанын сезді - 1750 жылы оған қастандық жасалды.

Көкжал Барақтың үміті ақталды: Бөкей хан сайланды, ұрпақты болды, ауыр-қиын кездерді бастан кешірсе де, ұрпақтары тарихта ісін, ізін қалдырды.

Зерттеулердің айтуы бойынша, Қазыбек би «...ежелгі Едірейге - ата жұртына орналасқан» (Ахмедия Сүлеймен, с.н.); Егіндібұлақтан жиырма шақырым жерде - қазіргі Бақты ауылында, 16 рудың басшылары жиналып, «хан кеңесі ақ түйе сойып, (14 жасар Бөкейді) ақ киізге орап, хан көтерген...» билікті Қазыбек би жүргізген (О.Абдрахманов, с.н.).

Тоқатай бабамыз бас кезде осы маңда болды, ол «жергілікті адамдардың құрметіне бөленген» (Кәріғұл Нұғманов).

Енді, тағы да, **«Мұрағат көзінің»** келесі сөйлемдеріне көңіл аударайық: **«Жаңғабыл мен Дөңгелек сұлтанның жанындағы ең**

мықты жігіттер болды. Қаракесек руының ішінде беделге ие болды, олардың ең мықтыларымен туыстасып алды».

Тоқатай ұрпақтарының азаматтық әрі әлеуметтік бет-бейнесін ашып тұрған сөйлемдер. Әуелде Қазыбек бидің, ер жеткен Бөкеханның, тектілікті мойындаған Қаракесек ру басыларының, ішінде Нұралы би де болар, қолдауына әрі өздерінің ерік-жігеріне сүйенген олар жаңа сипаттағы өмірді бастады. Сол заманның салт-дәстүріне тән болмысын ескерсек, абыройлы жергілікті ру басылары анау-мынауға қыздарын берер ме еді немесе ұлдарын үйлендіру үшін, құда түсер ме еді? Құдандалықтың екі жақтан да тендігі мен салмағы сақталған кез. Биліктің де елді есті де әділ басқарған кезі болар.

Бұл тыныштығы басым, алдағы толқымалы да соқтықпалы өмір 1748-1820 жылдарды қамтыды.

Тоқатай ұрпақтарының бар мүмкіндікті: туысқандықты, жақсылармен байланысты, төрт ағайынның ынтымағын пайдаланып, шындалған кезі еді.

Қолайлы сәтті ұтымды пайдаланған Тоқатай ұрпақтары билік алдына жер иемдену мәселесін табандылықпен қоя бастады, түпкі мақсаттары - жерге заңды түрде ие болып, тәуелсіз тұру еді. 1807-1808 жылдары жер мәселесі бойынша келісімге қол жеткізді, бірақ, бірден жүзеге аспады. Бұл тағдырлы мәмлеге келу уақыты Құнанбай, Алшынбай, Машан би, Жанқұтты би дәуірінен бұрын болған еді. Өкінішке орай, жер мәселесі бойынша мәмлеге келуге ықпал еткендердің - билік өкілдерінің, ел жақсылары мен мықтылардың, құдандалы адамдардың аты-жөндерін білмейміз. Тек қана оларға иман байлығын тілеп, ұрпақтарына амандық, саулық әрі игілік тілеу ғана бұйырып отыр.


Тоқатай ұрпақтарын алда ауыр жылдар күтіп тұр еді.

«Мұрағат көзін» тағы бір сөйлетейік: «Осы туыстық байланыстар арқасында 50 жылдары (1850 ж. - М.Т.) Жаңғабыл мен Дөңгелекті ағайындарымен бірге өзінің құлдары деп жариялаған құдіретті сұлтан подполковник Тұрсын Шыңғысұлының талабынан құтылуға мүмкіндік алды».

Терең түсінуді әрі зерделеуді талап ететін жолдар. 1820-1850 жылдар — Тоқатай ұрпақтары үшін ең ауыр сынақ кезеңі болды.

Ресей патшалық әкімшілігінің 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» жарлығына сәйкес, 1824 жылы, 8 сәуірде Қарқаралы сыртқы округі ашылды; бұл жүйе 1867-1868 жж әкімшілік-саяси реформа жасалғанша өмір сүрді.

Семей облысының құрамына кіретін Қарқаралы уезі құрылды. Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы 1824 жылы аға сұлтан болып сайланды, сұлтандығы 24 жылға созылды. Оның алғашқы сұлтандық жылдары



шиеленісті оқиғалардан басталды.

Қоқанмен сауда-саттықтың әлсіреуі, жергілікті сұлтандармен тіл табыса алмауы, Саржан Қасымовтың шабуылдары, т.б. жағдайлар оны тек Ресей әкімшілігінен сүйеніш іздеп, арқа сүйеуге итермеледі. Амбициясы зор болды, шексіз билікке ие болуды қалады. Мәңгілік дворяндық титулды иемденеуді аңсады, бүкіл төре тұқылдарын мал салығынан босатуды сұрады. Аға сұлтанның әділеттілігі қабілетіне сай болмады. Жергілікті үш рудың біраз адамдарын төлеңгітке, яғни. өздерінің басыбайлы адамдарына айналдырды.

Үлкендердің көзі кеткендіктен бе, әлде, біразының қартайып, ықпалы азайғандықтан ба немесе Тоқатай ұрпақтарының қадірін білмегендіктен бе, Тұрсын сұлтан оларға тізесін батыра бастады. Мүмкін, алшын жігіттерінің бодандықтың қамытын кигізуден үзілді-кесілді бас тартқандығынан болар.

Тарихты тереңнен қозғайтын, байқасаң мен көтерген тақырыпты да жетік білетін ғалымның: «Тоқатай - текті адам. Көкжал Барақ сенімді адамы болған соң, оны жіберіп отыр. Тұрсын Шыңғысұлы аға сұлтан болғаннан кейін, айтқанына көнбеген соң, алшынның беделділерін 60 күн зыңданға салған (мен үшін мүлдем жаңа дерек - М.Т.). Ресейдегі крепостной праводағыдай құлдықты ұстауды көздеді, губерния басшыларының қолдауына ие болды.

Жергілікті қазақтың ықпалды адамдары ара түсіп, аталарыңыздың абақтыдан құтылып шығуына көмектесті» деуінде ащы шыңдық бар.

Тұрсын сұлтан жергілікті болыстармен де тіл табыса алмағаны байқалады. Бір дерек. 1847 жылы, ақпанда, 8 болыстың басшылары, ішінде Айбике-Шаншар болысынан - Алшынбай Тіленшин, Әлтеке-Сарым болысынан - Жанғұтты Ботантаев, Нұрбике-Шаншар болысынан - Тәттімбет Қазанғапов, т.б. Тұрсын Шыңғысовтың әрекеттері туралы генерал-майор Вишневскийге қолдау хат жазады: «Алдында Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған, Дүйсенбай-Шекшек болысы Тұрсын Шыңғысов дәулеттілерді тонап, кедейлерге қысым көрсетіп, халық алдында өзін ақтамады» деп жазды («Қарқаралы тарихы: құжаттарда әрі материалдарда», «Инжу-Маржан», 2008).

Совет Қабылдиннің: «...Қарқаралының аға сұлтаны Жамантай (Тұрсын) тізесін батырып, алшындарды: «енді, сендер төлеңгіт болыңдар» деп үгіттейді. ...өз руларын ұмытып, Жамантай ханның төлеңгіті болғандар, сол рудың атын алып, төлеңгіт болып отыр» деп жазғаны - сұлтан өктелідігін растайды.

Сол кездегі қайшылықтың кейбір белгілерін, атап айтқанда, аға сұлтанды сайлаудағы тартыстың болғанын академик Зарқын Тайшыбайдың («Орталық Қазақстан», 08.06.2021), Жұмағұл Шөженовтің («Шет

шұғыласы», 24.08.2023) Құнанбайдың аға сұлтан сайлануы жайында жазғандарынан көруге болады. Тек бұған қосарым: Құнанбайдың қарадан шығып аға сұлтан сайлануына басты себеп - тек Алшынбайдың Құсбек төреге өкпесі емес еді.

Мына бір пікір айтқанымызды қорытындылайтын секілді: «Бұл уақытта орыстардың жымысқы саясатының «салқынымен», хан әулетінің бірқатар төрелері олардың айтқанына әбден көніп, ықпалынан шыға алмайтын халге жеткен» (Әділбек Ыбырайымұлы, «Егемен Қазақстан», 15.12.2023). Бұл жағдай Қарқаралы өңірінің Кенесарыға айтарлықтай қолдау білдіре алмағанына да әсер етті ме екен?

Айтарым: Тұрсын сұлтанға қатысты көбірек тоқтауым - төре билігін жоққа шығару емес, қоғам, өмір болған соң, қиындықтар мен қайшылықтардың болғанын атап өту, тарихтан сабақ алу қажеттігін ұғындыру. Әрі сол төре нәсілі Бөкейдің Қарқаралыға келуі Тоқатай ұрпақтарының қасиетті Арқа жерінде өсіп-өніп, алшынның жаңа буынының пайда болып, жер иесі атанып, «Ақбауыр (Саржал)» алшынының өлке сахнасына шығуына себепші болғанын әсте естен шығармаймыз. Шүкіршілік!

Аға сұлтандар: Тұрсын, Құсбек төре, Құнанбай, Түлік алма-кезек ауысып жатты, зерттеушілерде олардың сұлтандық мерзімдері жайында алшақтық бар.

Билік ауысып жатса да, жерді иемдену мәселесі Тоқатай ұрпақтарының тарапынан күн тәртібінен түскен жоқ. Өздерінің қажырлығының арқасында, ауыз бірлігінің әрі абыройлы ру басшыларының қолдауының арқасында, мақсаттарына жетті де. Жер мәселесі бойынша соңғы түйінді сөзді айтқан, тиісті шешім қабылдауға ықпал еткендердің қатарында заманының игі жақсылары Алшынбай, Құнанбай, Машан би, Жанғұтты би, т.б. болды десек, аса қателесе қоймаспыз. Шет өңірінде тұрып келе жатқан Тоқатай ұрпақтарының көкейінде жақсы Жәкеңнің (Жанғұтты бидің) есімі берік сақталған, үлкендер құрметпен атайды.

Ал, «Мұрағат көзі» не дейді, сөзіне жүгінейік: «Ұрпақтары (Тоқатайдың - М.Т.) 161 және 164 топтарда өмір сүріп жатқан сұлтанның кетіп бара жатып, олар жайлаудын. шекарасынан 50 жыл беделді рубасы қазақтары белгілеген межеден жер алды. (Жер мәселесі 1807-1808 жылдардан бастап көтерілді деуіміздің себебі осыдан - М.Т.).

Егістік — Селдірағаш және Елшібай деген екі жерде. Бұл жерге келгеннен бері егін егіп келеді».

Асты сызылған, жоғарыда келтірілген барлық сөйлемдер «Мұрағат көзінің» немесе «Шет топонимикасының» «Қара түлкі», «Ұзынжал», «Қара тұмсық» тарауларында қайталанады.

«Мұрағат көзінің» «белгіленген межеден» деп отырғаны - қазіргі Ақбауыр ауылының бүкіл аумағы, былайша айтқанда, бұрынғы ірі совхоздың немесе қазіргі ірі ауылдық округтің жері.

Ойды бір тиянақтап алу үшін, біз үшін тарихи жылдарды еске түсірейік: Тоқатайдың Қарқаралыға келгені - 1748 жыл, Тоқатай ұрпақтарының Нұра болысы (қазіргі Шет), Ақбауырға орналасқаны - 1858 жыл, яғни, аталарымыз Қарқаралы жерінде бір ғасырдан астам өмір сүрген.

«...аталарымыз Орынбор генерал-губернаторына жүгініп, Қаракесектің. Сарым руларының жерінен жер кескізіп, карта жасатып (қойдың терісіне сызғызып, мөрлетіп) алып, Қарақуыстың оңтүстік-батысына қарай, Қазақпай өзенінің бойында Наршөккен, Үлкен Саржал, Саржал. Кәрі түлкі, Шолақ түлкі, Қотыр Қызылтау бойларын мекендеген» деп, Совет Қабылдиннің жазуы жер мәселесі шешілуінің заңдылық күші бар екенін көрсетеді.

Жер - Қаракесек, Сарымның жері, формальді түрде. Бірде-бір адам қоныстанбаған, қысы — қатал, жері — оқшау, басқалармен байланыс жасауға (жазда болмаса) ауыр тиетін, тұйық жер. Оның үстіне, Сарым елінің Ақбауырға дейін жолын Ақтөбе ауылынан басталған Қараменде жері, Қотыр Қызылтаудан Талдыға дейін созылған Қоныштағай жері қиып тастады. Әрине, басты себеп - жердің қашықтығында, алшақтығында, қатынас жасаудың ауырлығында еді. Ешкім тұрақты қоныстануға тәуекелге бара алмады.

Аталарымыз аталған жерге бір күнде ме, бір айда ма, әлде, бір жылда келді ме - ойландыратын сұрақ. Белгілісі — үлкендеріміз белгіленген жерді алдын-ала аралап, қыстау-жайлау жерлерін анықтап, ең бастысы — су көзі мол, шөбі шүйгін, ықтасыны бар таулы-төбелі жерлерді анықтап, жайлауы мен күзеуінен, көктеуінен таршылық көрмейтін жерлерді белгілеп, ақылға салып көшіп келгені анық.

Қалай болса да, төрт ағайынның, аумақты тең төртке бөліп, төрт жерге орналасуы - төрт ағайынның ауызбірлігінің бекем екендігінің, болашаққа деген берік сенімінің, тәуелсіз болсақ екен, өз жеріміз - мекеніміз болса екен деп ғасырлар бойы армандаған ойларының іс жүзіне асуы еді. Олар ұрпақтарына материалдық әрі рухани қазына қалдарды. Олардың ерлігін, ауызбіршілігін есімізде мәңгі сақтау - қасиетті парызымыз.

Жер мәселесі - бек шетін мәселе. Олардың тұрақты қоныстануын, өздері тұрмаса да, қызғанышпен қабылдағандар болды. Үлкендердің айтуы бойынша, жер мәселесін батыл көтергендердің бірі - Молдашбай әкемізге қастандық жасалған, ел жақсыларының араласуымен арты тынышталды.

«Халық туралы неше түрлі әпсаналарды ойлап табуға болады, ал,

территория (елді мекен) жайында ойдан шығаруға болмайды (Мурад Аджи)» деген тәмсілдің шындығын - бабаларымыздың есімдері ғана емес, олардың Ақбауыр жеріндегі мекен-қоныстары толық растайды.

«Мұрағат көзінде» аталған қыстауларға зер салайық.

1) «Қара тұмсық»:

«Әкімшілік аумағы - Қарқаралы уезі, Нұра болысы, XIV аудан.

№21 топ, №3 әкімшілік ауыл, 7-ауыл. Руы - Тілеуғабыл.

Қыстақ иесі - Егеубай Шүленбай. Қыстаққа қоныстанған уақыты - 1858 жыл. Су көзі - құдық, суы тұщы».

2) «Қара түлкі»:

«Әкімшілік аумағы - Қарқаралы уезі, Нұра болысы, XIV аудан.

№21 топ, №1 әкімшілік ауыл, 16-ауыл. Руы - Дөңгелек.

Қыстақ иесі - Көлбай Молдашбай. Қыстаққа қоныстанған уақыты - 1858 жыл. Су көзі - құдық, суы тұщы».

3) «Ұзынжал»:

«Әкімшілік аумағы - Қарқаралы уезі, Нұра болысы, XIV аудан.

№21 топ, №3 әкімшілік ауыл, 4-ауыл. Руы - Дөңгелек.

Қыстақ иесі - Нұрбек Жұмабай. Қыстаққа қоныстанған уақыты - 1858 жыл. Су көзі - құдық, суы тұщы».

3) «Сарыжал»:

«Әкімшілік аумағы - Қарқаралы уезі, Нұра болысы.

1) XIV аудан, №21 топ, №1 әкімшілік ауыл, 18-ауыл. Руы - Тілеуғабыл.

Қыстақ иесі - Байжігіт Бұланбай. Қыстаққа қоныстанған уақыты - 1858 жыл. Су көзі - құдық, суы тұщы.

2) XIV аудан. №21 топ, №1 әкімшілік ауыл, 18-ауыл. Руы - Тілеуғабыл.

Қыстақ иесі - Жайсанбай Құлжан. Қыстаққа қоныстанған уақыты — 1858 жыл. Су көзі - құдық, суы тұщы.

3) XIV аудан. №21 топ, №3 әкімшілік ауыл, 2-ауыл. Руы - Баян.

«Қыстақ иесі - Есмағамбет Көтібақ. Қыстаққа қоныстанған уақыты — ... жыл. Су көзі - құдық, бұлақ, суы тұщы».

4) XIV аудан. №21 топ, №3 әкімшілік ауыл, 8-ауыл. Руы - Тілеуғабыл.

«Қыстақ иесі - Жылқайдар Асаубай. Қыстаққа қоныстанған уақыты — 1858 жыл. Су көзі - құдық, бұлақ, суы тұщы».

Жері бар, тарихы бар алшын жұрты мүлдем басқаша - жаңаша өмір сүруді бастады, бірақ, тәуелсіз тұруға қол жеткізу үшін, «тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізгенін естен шығармайық. Алда да, қой үстіне бозторғай жорғалайтын» күндер бірден күтіп тұрған жоқ еді.

Тарихи құжатты - Тоқатай ұрпақтарына қатысты «Мұрағат көз» мәліметтерін, шамамыз келгенше, ұғындыруға тырыстық.

Дегенмен, әрбір көзіқарақты, зерделі адамның, әрбір оқырманның, бабатану тарихын зерттеушілердің көкейінде: «осыншама материалды кім жинады, кім берді, кім сараптады-зерделеді?» деген сұрақтар тұрады, жауап іздейді.

Осындай құнды тарихи-географиялық, шаруашылық маңызы бар материалдарды дайындаушылар, сараптаушылар және бір жүйелі ізге салушылардың қатарында: ел жағдайын, жер жағдайын жетік білетін Қарқаралдың, мүмкін, басқа да жерлердің зиялы азаматтары, экспедиция мүшелері, аудармашылар, әрине, қоныс, қыстақ жайлау иелері - Тоқатай бабаның ұрпақтары: Есмағанбет би, Шүленбай, Елшібай, т.б. буынның өкілдері қатысты.

Академик А.Қошановтың «осы томға (6-томға) кіріспе жазған белгілі ғалым Л.К.Чермак бұл томды әзірлеу ісіне Ә.Бөкейханмен бірге Мәжит Шомбалов, Ережеп Итбаев, У.Әбішев, Д.Сатыбалдин сияқты қазақ зиялыларының ат салысқанын, сонымен, бұл томдағы материалдарды баспаға даярлауда Әлихан Нұрмұхамедұлының ерекше үлкен болғандығын жазады».

Экспедиция уақытының хронологиясы мынадай:

- 1898-1903 жылдар - жер-жерді аралап, мәліметтерді жинау мерзімі;

- 1903-1904 жылдар - материалдарды сұрыптау, зерделеу және орыс тіліне аудару жылдары;

- 1905 жыл - «Қарқаралы уезі (6-том)» деген атаумен Санкт-Петербург баспасында шыққан жылы.

Қосымша айтарым: Ресей билігі экспедициясының басты мақсаты - зерттеу барысында анықталған сулы да нулы жерлерге орыс шаруаларын (мұжықтарын) қоныстандыру болды. Ақбауыр жері осыған - дәлел. Ақбауырға 1905-1906 жылдардан бастап, перселендер көшіп келе бастады. Адам саны - 100 ге жетіп, түтін саны 20-ға жеткенде, Ақбауыр «ауыл» мәртебесін алды: «29 января 1915 года Омские власти утвердили селение Белогрудовское с самостоятельным сельским управлением. Когда возник вопрос о присвоении населенному пункту адресного статуса, то крестьяне одобрили перевод казахского названия Акбаур на русский лад» (Юрий Попов, өлкетанушы, «Индустриальная Караганда», 11.10.2014).

Міне, тағдырдың жазғаны.

Енді, кеңестік кезеңде шыққан мына деректік-анықтамалық құжатты оқырмандардың назарына ұсынуды жөн көрдім.

Список населенных пунктов... Вып. XVIII.

Каркаралинский уезд Семипалатинской губернии (по административному делению на 1 января 1927г.) — Кзыл-Орда: Изд. Статуправление Казахстана, 1928.

№ по карте	Наименование волостей, аул-советов ветов и аулов - кыстау	Число хозяйств	Наименование урочища, где аул-кыстау находится
5 - Кзылтауская волость. Аулсовет №1			
75	Шернияз - дана	2	Ақбаур

(Түсініктеме: бұл жерде «Ақбауыр» қыстағы деп отырғаны - қазіргі «Зәйімке» қыстағы. «Ақбауыр» - Қотыр Қызылтаудың шығыс беткейінен өзенге дейін созылып жатқан жердің атауы. Жайлау ретінде пайдаланылды. Өкпек желді орын болғандықтан, қыстамады. Пайдаланудың қажеті де жоқ, себебі, маңайдың бәрі - қыстаулар. Жерге де, қыстаққа да «Ақбауыр» деп атау берген бабаларымыз. «Зәйімке» «Ақбауыр» қыстаған да мекендеген, бірақ, кейіннен ығыстырылған, қарлы жер болғандықтан тастап кетуі де мүмкін.

Ал, Шернияз-дан 1920 жылдары Татарстаннан келген дәулетті адам. Конфискацияның боларын сезген Шернияз бір түнде көшіп кеткен. - М.Т.)

Әрі қарай:

11. Кедейская волость

Аулсовет №1

1	2	3	4
91 ⁶⁹⁾	Кулбай	13	Саржал
92 ⁶⁹⁾	Хусаин	3	Саржал
93 ⁶⁹⁾	Өтебай	14	Саржал
94 ⁶⁹⁾	Егеубай	11	Саржал
95 ⁶⁹⁾	Токабай	14	Саржал
96 ⁶⁹⁾	Алышбай	14	Саржал
97 ⁶⁹⁾	Өтетлеу	19	Саржал

(Түсініктеме: 1) Аталаған есімдер - бабаларымыздың есімдері. стат мәлімет жазылған мерзімде олар өмірде жоқ еді. Бұл олардың есімдерін иемденген шаруашылық бірлігін көрсетеді. 2) Шаруашылық санының өскенін көруге болады. 3) Саржал бұл жерде таулар жүйесін қамтып отыр. - М.Т.)

Бірсөз. 1905 жылы Санкт-Петербургте, баспаханада шыққан «Қарқаралы уезінің» 6-томының түпнұсқасымен танысып келіп, облыстық архивте және Н.Гоголь атындағы кітапханасының сирек жазбалар сақтайтын бөлімінде болдым Еш жерде жоқ. Содан ғылымға - «Шет топонимикасының» авторы Мәулен Советұлы Жакинге бардым Мән-жайды айтып, «сіз түпнұсқамен қалай таныстыңыз?» деп едім, ол: «Түпнұсқа, яғни, 1905 жылы Санкт-Петербургте шыққан еңбек Алматының Ұлттық Орталық архивінде ғана сақталған. Еңбекпен танысушы кейбір адамдар өз руына қатысты материалдарды жыртып әкеткен - обал. Еңбекпен танысуға, зерделеуге көп уақытымды бөлдім» деді.

Иә, құнды құжаттардың жыртылып, ұрлап әкеткеніне - қынжыласың, тарихқа - қиянат. Бір жағынан ата-бабаларыңа қатысты мәліметтердің сақталғанына (мүмкін, басқа материалдармен қоса жртылғандары болған шығар) шүкіршілік жасайсың.

Жаңа жерге (Ақбауырға) қоныстанса да, Тоқатай ұрпақтарының қасиетті Қарқаралының елімен, жерімен рухани әрі туысқандық байланысымыз осы уақытқа дейін үзілген жоқ.

Біздің Тоқатай ата баласында киелі адам саналған жалғыз жан бар. Ол - Өтетілеу («Мөйекең») молда. Үлкендер оның терең діни білім алғанын, өмірде өзін өте қарпам ұстағанын, мейірімді парасатты адам болғанын айтып отыратын.

Ақбауырда «Мөйекең» қорымы, «Мөйекең» бұлағы бар. Кезінде «Мөйекеңнің» қорымына перзент тілеп, ауруына шипа, өмір ауыртпалықтарын жеңілдетуді сұрап, пана іздеп келіп, зиярат ететін, шет жағасын көрдік те.

Мөйекеңнің шаңырағы - кіші ұлы Өмірбекте қалды, кейіннен немересі Сүйіндікке ауысты. Халық Сүйіндік әкемізден туған балаларды - Мөйекең шаңырағының ұрпақтары деп құрметтеді.

Өтетілеу (Мөйекең) молда үлкені - Түсіпке атақты Машанбидің қызы Ажарды айттырып, құда болады. Кейіннен баласы Түсіп және бауыры Өтебайдың баласы Оспан қажылық сапарларын (1901-1903) өтейді. Әрине, бұл ұлық парызды орындауда Өтетілеу молданың тәрбиесінің ықпалы болғаны анық.

Түсіпқажы ұлық сапардан келген соң, «Шолақ түлкі» қыстағында үй салды, төбесін жабатын ағаш материалдарды Қарқаралыдан алғызды.

Үйінің бір бөлмесін балалардың діни сауатын ашу үшін пайдаланды.

Бүкіл қызметі Қарқаралы жерінде өткен еңбек ардагері. Совет Қабылдиннің «Атақты Алшынбай бидің жаназасын алшын Өтетілеу молда шығарыпты дегенді оқыдым да әрі естідім де» дегенінде терең негіз бар.

Бұған Өтетілеу молданың ілімділігі, жақсылармен таныс-білістігі, құдандалығы тағы бар, әрі жер жағдайының жапсарластығы — артықшылық беріп тұр.

Кезінде ең жас алшындардың бірі - Асылбек Сүлейменов әкеміз болды. Он бес жастағы Асылбек Қарқаралыда, 1909 жылы орыс-қазақ мектебінде оқып жүргенде, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін оқып, насихаттағаны үшін абақтыға қамалады. Жас та болса, «Алаш» сөзінің мәнін ұққан, көкірегіне жаттаған шәкірт Асылбек жайлы нақты мәліметтер академик Зарқын Тайшыбайдың бірнеше мақалаларында («Орталық Қазақстан», 21.03.2009ж, «Орталық Қазақстан», 27.05.2021ж, «Орталық Қазақстан», 23.05.2023ж) көрініс тапты. Әрі академик-ғалым оның кейінгі өміріне аландаушылық білдіреді.

Автор «түрмеге қамалғандардың арасында кімдер бар еді?» деп, жеті адамның атын: Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейхановты, Жақып Ақбаевтың ағасы Ыбырай Ақбаевты, Қу болыстығының басшысы Хасен Ақбаевтың, т.б. есімдерін келтіреді. «Русское слово» газеті 1914 жылғы, саяси қуғындау туралы былай деп жазыпты: «Айдалғандар қатарында присяжный поверенный Ақбаевтан бастап, 15 жасар Сүлейменов деген шәкіртке дейін, бүкіл қазақ интеллигенциясы түгелдей жуық бар. Жаңағы шәкірттің қылмысы тергеуде дәлелденіпті-мыс». (Зарқын Тайшыбай, «Орталық Қазақстан», 21.03.2009).

Жазушы Кәмел Жүністегі Шет аудандық газеттің бетінде, жоғарыдағы мәліметтерді баяндап, Асылбек Сүлейменовтің өмір жолына, соңғы қызметтеріне тоқталған («Шет шұғұласы», 04.06.2009ж)

Алаштанушы Еркін Рахметуллин мақаласында («Мипага», 08.11.2023ж) «саяси сенімсіз» деген желеумен қамалғандардың арасында болған оқушы Асылбектің есімін атайды. Жоғарыдағы үш азаматқа рахмет!

Асылбек Сүлейменов - жоғарыда киелі адам деп аталған Өтетілеу (Мөйекең) молданың Сүлеймен деген ұлынан туған немересі. Асылбек әкеміз өмірінің соңғы жылдары - аудан орталығы - Ақсу-Аюлыда еңбек етті (әрине, қызметі жайында бірізділік жоқ), сол жерде 1949 жылы қайтыс болды, туған жері - Ақбауырға жерленді, мәңгілікке тыныстап жатыр. Жалғыз ұлы Түстәй Қарқаралы зооветтехникумын бітіріп, еңбек етеді; соғысқа аттанып, қаза болады. Қыздары: Шәкура, Сара, Бәтиха. Туған жиендері Асекеңнің басын (бейітін) қоршап ас

берді, өмір мәліметтерін жергілікті теледидардан көрсеткізді. Қазір 85 жастағы кенже қызы бала-шағаларымен аман-есен жүріп жатқан жайы бар.

Кешегі кеңестік заманда да, Тоқатай бабамыздың ұрпақтары қазыналы Қарқаралы жерінде еңбек етті, ауданның дамуына өз үлестерін қосты Атасақ: Қожасов Дахар (1915-1996), фин, фашистік Германияға қарсы соғысқа қатысты, Қарқаралы балалар үйінің директоры, Қарқаралы өнеркәсіп комбинаты директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Сталиндік репрессияны басынан кешірді.

Сүлейменов Ақан (1939-1992) - Қарқаралы ауданы, Жамбыл атындағы совхозда прораб, ұзақ жылдар Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының құрылыс жөніндегі орынбасары болды.

Байсарин Адалбек (1937-2008) - «Восток», «Буденный» совхоздарының директоры, Қарқаралы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы міндеттерін атқарды.

Қожасов Байкал (1940-2013) - нағыз еңбек майталманы, автобаза жүргізушісі, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» иегері, басқа да марапаттары бар. «Еңбек ері» медалі ғана жетіспейді.

Совет Қабылдин (1946), бүкіл қызметі Қарқаралы жерінде өтті: автобаза директоры, жоғары кернеулі электр жүйелер мекемесінің бастығы, ұзақ жылдар аудандық атқару комитеті төрағасының өндіріс мәселелері бойынша орынбасары, аупартком бюросының мүшесі секілді жауапты міндеттерді атқарды.

Қазір де Қарқаралы жерінде еңбек етіп жатқан бауырларымыз бар: Кенжебеков Мейрамбек - мектеп директоры болып қызмет атқарды, қоғамдық-мәдени жұмыстарға белсене қатысуда, Света Құсайынқызы - мектеп басшысы, Жанболат Шорманұлы электр саласында маман ретінде, Асылжан Байкалұлы - аудандық мекемеде еңбек етуде.

Бесобалықтар - аналарымыз болды, апаларымыз олардың анасы болды.

Анығын айтсақ, Тоқатай, оның ұрпақтарының өмірі Қарқаралы жерімен тікелей әрі тығыз байланысты.

Зерттеу мақаламның басында: «мәселе - рушылдықты дәріптеу емес, басты мәселе - басқа рулы елдермен туыстық әрі рухани байланыстың болғанын көрсету...» деп жазып едім. Жеті атаны жаттап алу маңызды емес, маңызы - олардың тарихын білу, сабақ алу.

Құт-берекелі мекен, әрбір тасы тарихтан сыр шертетін Қарқаралы еліне, жеріне жасаған жақсылықтары үшін, алғысымыз шексіз, жас ұрпақ осыны терең түсінсе екен.

Биыл Қарқаралы округінің құрылғанына - 200 жыл. Соңғы тарихи

зерттеулердің нәтижесінде, Қарқаралының (Қарқаралы - Қазылықтың) іргесінің қалыптаса бастауы 840-жылдан басталады деген шешімді сөз айтылған соң, 200 жылдың мәселесі бәсеңсіді. «Тарих қанша ащы, қатал болса да - біздің тарихымыз» (Мейіржан Қасымжанұлы, «Қарқаралы», 27.04.2024) деп жазаңдар болды, рас, бодандық та - тағдырымыз, басқаша сипатта атап өтуге болмас па еді деп ойлайсың.

Кешірім сұраймын: бұл қарқаралықтардың өздерінің ішкі жұмысы, зиялы қауым өкілдерімен ақылдасып отырып, шешетін мәселесі.

Жаңа көзқарас бойынша келесі, 2025 жылы Қарқаралы 1185-ке толады. Шыны аралас әзілім: осы дата негізге алынып, ғылыми-мәдени шаралар өткізілсе де, алшындардың, әрғы аталарымындың 840 жылға, яғни, Қарқаралының негізінің басталуына қатысы бар (қараңыз: Сатай Сыздықов, академик, «Егемен Қазақстан», 05.06.2023). Қалай болса да қайырын, игілігін берсін.

Қарақаралы билігіне, өлкетанушы-зерттеушілерге, жалпы, зиялы қауымға бір ғана тілегіміз бар: айтулы мерекелі күнге қарай (ерте ме, кеш пе) талай тарихи танымдық, деректік-публицистикалық мақалалар, зерттеулер жазылар, хабарлар берілер. Өзінің орнына, жөніне әрі ыңғайына қарай, Тоқатай бабамыз, оның танымал ұрпақтары қалтарыста қалмай, ақпараттық-танымдық айналымға айналса екен.

Мысалы, Тоқатайдың 1748 жылы 14 жасар Бөкейді Түркістаннан Қарқаралыға әкеліскені, Машанбидің жеке өмірнамасы жайлы сөз қозғалса, Өтетілеу молданың құдандылығы, сыйластығы, 15 жасар Асылбек Сүлейменовтың Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығын әрі қызметін насихаттауда көрген қиыншылығы жазылса, артық болмас еді деп пайымдаймыз.

Омбы мемлекеттік архивіне баруды көтеріп жүрген азаматтар бар; рас, жаңа зерттеулер бәріміз үшін пайдалы болары анық.

«Бір жәдігер - бір тарих» демекші, бір Тоқатайдың тағдыры жүздеген тағдырды қозғап отыр.

Тағы да, қазақ елінің беломыртқасы, ұлттық сананың оянуына негіз салған, өзіне тән өркениетті жолы бар Қарқаралы жеріне, еліне тыныштық пен прогресті тілеймін.

Қарқаралы кезеңінен кейін, Тоқатай ұрпақтарының 1858 жылдан бастап, «Шет кезеңі» басталады. Ол - бөлек әңгіме.

Шет кезеңі

Тоқатай баба ұрпақтарының Нұра болысына орналасуы - қоныстан жұрт көкейінде ғасырлар бойы хатталды және кейінгі тарихи деректер бұл жәйтті өзгеріссіз жүз пайыз растады.

Нұра болысы деп отырғанымыз - қазіргі Шет ауданы, оның шығыс бөлігі, яғни қазіргі Ақбауыр ауылының аумағы. Бір қызығы - осы аумақ соңғы жүз жылда қаншама әкімшілік-территориялық өзгеріске ұшыраса да - бірде ұлғайып, бірде кішірейіп - қазір бабаларымыз 1858 жыл қоныстанған жер көлеміне толық сай келіп, сақталынып келді.

Тоқатай немерелерінің төрт атаға бөлініп, қоныстанған жерлерін тағы бір еске салайық: «Баян» ата, «Тілеуғабыл» ата ұрпақтары - Қаратұмсық, Үлкен Саржал, Шолақ түлкі қыстақтарына, «Жанғабыл» ата ұрпақтары - Кіші Саржал қыстағына, «Дөңгелек» ата ұрпақтары - Ұзынжал, Кәрі (Қара) түлкі қыстақтарына орналасты. Маңайындағы жайылымдық жерлер иелік ету аумағына кірді: Қотыр Қызылтаудың шығыс беткейінен бастап, Наршөккен тауына жақындап, Қайнар (Ақбастау), Қарасу өзендерінің біраз бөлігіне бойлай еніп, Нұркен (Бейбітшілік) мен Қызылтау ауылына жапсарлас жерлерді қамтыды.

Аталған жер аумағын салыстыру арқылы көз алдымызға елестетіп көрейік.

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылдық округін (бұрынғы «Орджоникидзе совхозының территориясын алсақ, оның орталығы - Ақсу-аюлы ауылы, елді мекендері: Ақсу, Еңбекшіл, Ақтөбе, Қайрақты ауылдары, олардың жайлаулары көз алдымызға келеді.

Ал, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылдық округін (бұрынғы «Бесоба совхозын) айтсақ, оның елді мекендері - Қарашоқы, Қызылту, Қамқор ауылдары, олардың кең байтақ жайлаулары еске түседі. Аталарымыз қоныстанған жердің аумағы ешқайсысынан кем емес еді.

Жерді иемдену - бір жағынан, жарылқау; екінші жағынан - сын әрі сынақ еді, басын тігіп, тәуекелге бару. Тәуелсіз тұруға қол жеткізуге бастысы.

Ежелгі ерте заманда болмаса (тұрды деген, әзірше мәлімет жоқ), адам тұрмаған, қатал қысында аң-құс қана мекендеген, елмен аралас-құралас болуға мүмкіндігі шектеулі мекенде тұрып, өмірді жаңадан бастау - оңай шаруа емес еді. Қолайлы болса, азуын айға білеген кеңес билігінің де төрт жерді - төрт ферма ретінде ұстап қалар еді; ал, тәуелсіздік кезінде, мүлдем ұмытты; шөбін ғана шауып алуға техникасымен барып жүрді.

Қазір кеңестік кезеңде үй салынып, жарыққа қосылған Ақбастау жерінде- бір жеке қожалық, Ақбауыр ауылының іргесінде орналасқан

Шолақ түлкі қыстағында да - бір жеке қожалық қалды.

Бірақ, «әрбір нәрсенің бір қайыры болады», «ауыртпашылық арты жақсылыққа ұласады» деп Мөйекең бабамыз айтқандай, бабаларымыздың бұл орналасуы жеке дараланып шығып, өз тарихы бар, өз шежіресі бар, өз жері бар «Ақбауыр» («Саржал») алшындары болып атану пешенесіне жазылды. Келешекте өлке тарихына, алшындар шежіресіне, әсіресе, Арқа алшындарының ортасынан ойып тұрып, лайықты орнын алар.

Қоныстанған мекендері, обалы нешік - нулы да сулы, жазда - жайлауы, күзде - күзеуі, көктемде - көктеуі бар, таулы да қыратты, ең бастысы - алты- сегіз айға созылатын қаһарлы қыста ықтасыны мол, малын құбылмалы ауа-райында жайып алуға ыңғайлы шілікті сайлары мен қарағанды да көделі тау бөктерлері әрі қыста малын тебінге салатын тұрақты қолайлы жерлерді сайлап алды. Мал - қора да, үй-жай да жер ыңғайына қарай салынды. Табиғаттың сыйы қандай болса, ауыртпалығы сондай болды.

Алғашқы қолға алынған мәселе - баспаналы болу, яғни, жан сақтау, мал сақтау. Тұрғын үй мен мал қорасы жапсарлас салынды: бұл үйдің жалпы жылылығын сақтап, малды да жылы ұстап, іштен жайғауға мүмкіндік берді.

Құрылыс материалдарына бірнеше әдіспен қолдан кұйылған қара кірпіш, біркелкі шақпақ жастар, бөрене кесінділері, ылғалды жерлерден төртбұрыштап, өлшеп-мөлшерлеп алынған шымдар пайдаланылды. Төбесін шілік, сырғауылдармен жауып, төбесіне қараған, қамыс, шілі шөп-шалам төсеп, шыммен жауып, лаймен бекітті. Іргесін таспен қалап, қабырғасын саманнан қалады. Сыртын сылады, басты сылақ материалы - топыраққа жылқының тезегін, болса - сабанды қосып аяқпен басып, не қолмен араластырып, иін қандырған лай болды, ауқымды жұмыстарда арнайы ұя (ұра) қазып, топырағын тазартып, ұсатып, жылқының тезегін, сабан тектес өсімдіктерді қосып, аттың күшін пайдаланды.

Үй ішіне тіреуіш бақан ағаштар қойылды. Уақыт өте келе, қолы жеткендер тақтай, есік материалдарын Қарқаралыдан әкелді, сонымен бірге жергілікті ағаштарды қарапайым тәсілмен өңдеп, балка, есік-терезе жабдықтарын дайындады. Еден астын сәл тереңдетіп, кептіріп, ылғал ұстайтын күл, сабан тектес өсімдіктерді төседі, үстін бірде жұқалап, бірде қалыңдатып, кейінен, қолынан келгендері қарағаз жайды. Үйлер ықтасыны бар, аңғарлы жерге салынды.

Қыста да, жазда да азық-түліктерін бірқалыпты режимде сақтайтын шағын келген шошалары болды.

Қоржын үйіне жапсарлас бөлмелерді жылытатын жалпы пеш салынды. Қатты отыны, яғни, жылуды ұзақ беретіні - қойдың қиы; ал, тамыздығы - сиырдың кепкен тезегі, қиылған қараған, ағаш кесінділері,

бұтақтары болды.

Түнде жарықты жаяу шам немесе май шам деп аталған құрылғылары берді. Керосин, пиаланы табу да оңай болмады. Қолдан білте шиырып құйрық майды ерітіп, білтені матырып, балауыз жасап күн кешірген кездері болды.

Аталарымыздың үй-жайларын, шамам келгенше, егжей-тегжейлі баяндауымның себебі - ескі қоныстарды зерттеу археологияның бір саласына айналды. Мәселе - ескі орындардан керемет қазына мен жер асты пирамидаларды табу емес (табылса - құба құп), мәселе үй-жайды салуда қандай материалдарды пайдаланды, қандай әдіспен салды, қалай дамытты, бабаларымыздың қиын шақтарда өмір сүре болмысына мән беру, жаңаша зерделеу: жас ұрпақ үшін.

Ескі үй-жай орындары шөгіп барады, олардың үйінділерін табудың өзі қиынға соғады. Сондықтан ескі қоныстарды өзінің жер бедерімен (таулары, өзендері, жайлауларымен) кешікпей суреттерге түсіріп алуды маңызы зор.

Біздің ұрпақтарымыз да, келешекте бар материалдарды пайдалана әрі толықтыра отырып, өткенді осы заманмен байланыстырып, жанды мазмұнды, тағылымды шығармашылық дүние жасайтынына сенеміз.

Сынақ...сынақ...сынақ қаншалықты қаталдана түссе де, адамдар оған қарсы сошалықты икемділікпен бейімдене түсті, күнделікті өмір тіршілігі қарбаластарының табанында бәрі ұмытылғандай көрінеді.

Ағайындылар, аралары шалғай болса да, араласуды, омыртқа беруді, қуаныштарды бөлісіп, ренішке ортақ болуды ұмытпады. Әрине, тосын жағдай болмаса, кездесу шараларын көктемге қалдырды. Бірақ, хабар-ошарсыз отырсын ба, ағайындар қыстың қаһарына қарамай, тәуекелге барып, бірінің халін бірі білуге алыс жолға шығып жүрді.

Үлкендерден естігеніміз. Бірде ағайындылардың халін білуге Кіші Саржалдан шыққан әкеміз Кәрі Түлкі қыстағында отырған ағайындарды арнайы іздеп барып, екі-үш күн жандарында болады. Қайтарында Үлкен Саржал, Қаратұмсықта отырған туысқандарына соғып, аялдауға келе жатқанда, аяздың арты боранға ұласады. Атының әлділігінің әрі өзінің қажыр-қырағылығының арқасында, діттеген жеріне жетіп үлгереді. Аунап-қунайды, әңгімелер тиегі ағытылады. Ал, боран толастамайды, керісінше, соғуын үдете түседі, күндер өтеді.

Сапаршы әкемізді қатты мазалаған нәрсе - екі жақ та кішісаржалдықтар да, кәрітүлкіліктер де ауа райынан туындаған мәселен: біліп-сезіп отыр, алаңдаулы; іздеуге шығамыз, бір хабарын білейік деп. жолға шығып, бірдеңеге ұрынып қалмаса екен... Үкенсаржалдықтар «боран басылады, бәрі орнына келеді, осында екеңінді сезеді» деп басу айтады.

Қонақтың мазасыздана түскенін байқаған көпшілік: «қас қарайып қалды, сабыр сақтайық; сенімді жерде отырғаныңызды, сізді жалғыз жібермейтінімізді біліп отыр; боранның арты аязданатын түрі бар, амандық болса, аулыңызға апарып тастаймыз», «..жаңа бастап айтқан әңгімемізді жалғастырайық» дейді.

Айтқандай, ертеңіне қос салтатты сайланып, қонақты алып жүреді; күн райы аққұлақтана түсті, желтең, қардың соғуынан үрлеуі басым. Байбұлағынан асып, жол жүру ыңғайын ақылдасып, жүруге бет алады. Әуелі — соқпақ жолмен, сонсоң, қыр жолдарын қуалай жүрмекші болды. Бір уақытта Саржал баурайын бойлай сүрлеу жолмен кел жатқан салтаттыларды көрді; артынан, шамалы уақыт өткен соң, таптаурын жолға түсуге Кіші Саржал жақтан төбелі жерлерді қуа, ширақ жүріп келе жатқан салтаттыларды көрді.

Екі іздеуші топтың басы қосылды, аздап қауқылдасып, үлкенсаржалдықтарды алыстан көріп, бір-біріне қарсы жүрді. Бастары түйісті, аттан секірісті, құшақтасты, бастысы - амандықтарын біліп, тағы да мейірлене, бірі - бірін құшағына алды. «Бізге бірге жүруді нәсіп еткен екен» деп, көкке қарасты, шүкіршілік жасады, кейбірінің көзі суланды.

Енді, екі саржалдықтың: «басымыз қосылған екен, омыртқаны бізден жеп кетіндер» деген «айтысы» басталды. Көпшілік іздеудегі: «рахмет, бәрінен қатты алаңдап отырған отбасым, балашағам бар. Мені осы құраммен үйге жеткізіп салыңыздар, бір түн ағайындар шеруімізді тарқасайық, ертең күнін берер, қайтарсыздар» сөзіне бәрі тоқтады. Қарқ-қарқ күлкіні араластырып, иттерін айтақтап қойып, жігерлене Кіші Саржалға жол тартты.

Әрине, әкелеріміз қар астында, мал қамында жүріп, қамалып қалған жоқ. Қыстың әрбір шуақты сәтін, әсіресе, қансонар күндерін пайдаланды. Аңшы иттерін, әлді аттарын баптады. Негізінен қасқыр, түлкі, қоян, т.б. аңдар ауланды, қақпан құрды.

«Шолақ түлкі», «Қара (кәрі) түлкі» атаулары аңшылық кәсіпті айқындап тұр. Аңның қызығына батып, әр ауылдан шыққан ағайындардың басы ойламаған жерде бірінің қыстағының маңында түйісіп қалатын: олжаны бөлісу, ыстық қауышу, реті келсе, дәм ішіп, шаттана тарасатын.

Қыс айлары - жанталас мезгілі әрі жазға дайындық кезеңі. Тері иледі, таспа тілді; қажетіне әрі мөлшеріне қарай қайыс дайындалды; тарамыс жіп, сүйекті біз шеберлікпен әзірленді. Көктем иісі сезіле бастасымен, киіз үйдің сүйектерінің (шаңырақ, уық, кереге, қос жаппалы есіктің) бүтіндігі, киіз жабдықтардың сақталу жағдайы (құрғақтығы, шірімегендігі) тексерілді, ақау шықса, бірден қалпына келтіру шарасын жүргізді; ер-тұрман әбзелдері, жазғы жегін аттың жабдықтары (қамыт,

ершік, божы, шылбыр, тізгін, т.б.) тексеріліп, істен шыққаны болса, қалпына келтірілді.

Шешелеріміз де қарап отырмады, әкелерімізге, қолдарынан келгенше, көмек жасады, басты шаруа - отбасы мүшелерін қарлы қатал қыста ыстық тамақпен, ыстық шаймен қамтамасыз етіп отыру болды; қыс айларында бұзаулаған бірен-саран сиырлардың сүтін аса ықтияттылықпен пайдаланып, сүтсіз шәй бермеді, артылып жатса, балаларына қатық жасауды да ұмытпады.

Қаһарлы қыс айлары ауыр-ауыр ауыртпалықтарды әкелді: жұт жылдары орын алды, аса қауіпті дертті аурулар (оба, сүзек, т.б.) тарады. Мал да, жан да шығынға ұшырады; сырттан, биліктен ешқандай көмек жоқ; «сұрағаның - жер, тәуелсіздік алдың енді, өз күніңді өзің көр» дегендей. Боранда, аязда денелері домбығып, үсігендері болды, мертіккендері де болды. Емші де, сынықшы да өз араларынан шықты. Осындай ауыр жағдай алпыс жылдан астам уақытқа, кейбір жерлерде одан да ұзаққа созылды.

Өткенге зер салып, ойға түскенде, ұзақ қатар өмір сүрген үш ағайындылардың есімдерін естімеппіз, екі ағайындылар - бірен-саран басым бөлігі - жалғыздар.

Міне, бұл - өткен ауыр жылдардың қалдырған таңбасы емес пе?!

Ия, сынақ жылдар... Аталарымыз осындай қилы-қилы жағдаяттарды бастан кешірсе де, имандылығын, қазақтығын, мұсылмандығын берік сақтауды ұмытқан жоқ. Бес уақыт намазын оқыды, ораза ұстады. Үй жағдайында балаларына рухани, дәстүрмен сабақтас алғашқы діни әңгіме айтты. 1901, 1903 жылдары балалары Түсіп пен Оспанның ұлық меккелі сапарға барып, қажы атануы бір күндік тәрбиенің жемісі емес екендігі көпке аян.

Адам - пенде: торығатын, өмірден түңіліп, сенімін жоғалтатын кездері болады. Әкелеріміздің де шаршаған кездері болды. Бірақ, төрт Ата баласының жігерін қайрап, өмір сүруге құлшыныстарын, келешекке деген сенімін бекітіп отыратын, рухы мықты, иманы кәміл аталарымыз болды. Көшбасшылар қатарында Өтетілеу, Көлбай Молдашбай, Егеубай Шүленбай, Қашқынбай, Елшібай, Нұрбек Жұмабай, Байжігіт Бұланбай, Жайсанбай Құлжан, Есмағамбет Көтібақ, Жылқайдар Асаубай, Өтебай, Адай, Тоқабай, Құсайын, т.б. бабаларымыздың тұруы қандай жағдай орын алса да, сабыр сақтап, тек алға жүруді қамтамасыз етті.

Ескі әпсәнәнің бірінде: «Өтетілеу (Мөйекең) молда «Осы тағдыр - сынақты әкелеріміз Жаратушыдан тілеп алды, олар істі жалғастыруды бізге тапсырды, аманатқа қиянат жасамайық, сабыр сақтайық. Алдымызда - жаз, егін салайық, өнімін алайық, пішен шауып, қорын жасайық- сонда, малға да, жанға да азық болады. Мәңгі өмір жоқ, бәрі де өтеді,

алдағы уақыт - сыншы, уақыт тағдыр жол сілтер. Ол - қандай жол, тап басып айта алмаймын. Қазіргі шаруа - сабыр сақтау, төзімділік әрі ауызбірлікті көрсету, барды ұқсату» деген екен.

Қыс кетпейін десе де, көктем, жылы леп, шуақты күндер жанын қоя ма? Қардың көбесі сөгіледі, шөгеді, бірақ, оңайлықпен беріле қоймайды: қарлы жаңбыр, арты - аяз, қарлы боран - бір сөзбен айтқанда, қара суық басталады. Сынақ бір, бір жарым ай, одан да көпке созылуы мүмкін. Жем-шөптің, отын-судың азаюы, сыз қоралар, мал-жанның жүдеуі, бірден малды жайып кетудің қиындығы, малдың төлдеуі, оны аман сақтап қалу - қыстың әлегінен қиын шаруалар. Бұл ауыр кезеңді еңсеруге қолғабыс жасауға жарайтындардың - үлкені бар, кішісі бар - бәрі тартылады. Әрқайсысының өз рөлі бар: бірі - төлге қарайды, бірі отын-суды кептіріп, қара пешке жан бітіреді, ыстық тамақ ішетін кез, шешелеріміз басқа да міндеттерін атқара жүріп, отбасына тамағымен қоса, жылылығын, мейірімін аямады. Әрине, бар ауыртпалықтар үлкендердің - әке мойнында болды. Үй ішіне, бала-шағасына қабақтарын шытпауға тырысты, олардың көңіліне ертеңгі жайлы күннің туатынына сенімдерін қайрай түсті.

Міне, қызық — бәрі ұмыт: қарлы да аязды қыс, жылы лебі мен сызды, ылғалды көктемнің басы болмағандай. Мал да, жан да далада; мал қыстау басынан ұзаңқырап кетіп, жайылғанды қалайды; балалар іргедегі төбелерге, тау кемерлеріне ұмтылып, қызылды-жасылды гүлдерді қызықтайды, көбелекпен жарысып, жәндіктердің алғашқы ызыңын естіп, ортеке секілді секіріп-секіріп алады.

Ал, үлкендердің қуанышынан гөрі, келешектің қамын ойлауы басым секілді: үйдің ішін ретке келтіріп, қораның астын тазалайды, қиын ойып кептіреді; шілікті сайға дейін созылған ауыл маңын қарап шығады, мал сүйектерін, бірен-саран өлексені апарып көмеді, бұлақтың маңын тазалайды.

Көпшілік шаттанып жүргенде, мазасыз ойларда жүретіндер - әкелеріміз: олар жаздың да өлшеулі екенін біледі, сондықтан, жаздың әрбір күнің тиімді пайдалануды ойластырады. Алғашқы жайлауды қай жерде өткізу керек, от азайғанда, қай тұсқа жылжу қажет, күзеуді қай жерден сайлау керек — бәрін қалдырмайды, жоспарлайды.

Өмірдің аты — өмір, тұманды тіршіліктің жарқ етіп, ашылатын сәттері болады. Осы секілді, алғашқы жайлау қонысы, табиғаттың кешегі қытымырын артқа лақтырып тастап, далалық өмірдің қайталанбас шаттығын орнатады.

Жаңа қоныс-жайлау кеші. Алғашқы күндер мен түндер. Қатар-қатар киіз үйлерді тігу, малды жерсіндіру: қой-ешкіні - қотанға, жылқыны - алдымен ауыл маңына, артынан, бірте-бірте жайылу өрісін кеңейтіп,

қайтып келуге, болмаса, бір орыннан табылатын жағдайға үйрету, ал сиырлар болса, жатын орынға тезірек көндігеді, тек ерте тұрып, сүтін сауып, өріске айдау; ал, бұзауларын жамырап кетпес үшін, ауыл маңына не таяу, басқа өріске үйрету. Құлындарға желі тартылады, ал, бұзаулар бағандалған, сырғауылмен бекітілген шағын кілеттерге - сауын кезінде қамалады.

Иә, малдың жай-күйі шешілуде; ал, балалар, жас өскін балапандардың халі не болып жатыр? Олар - жаңа әлем құшағында, енді, табиғатпен етене бірге өмір сүретін болады. Жас құрақтың ішіне - көкті алғаш рет басқандары болды; тәжірибесіз, кісендеуден босаған ат, ноқтададан құтылған құлын секілді, арынын баса алмай, шығандап шығып, қиялай шауып кететіндері болады: өздері түп мәніне жете бермейтін әрекетті - қасиетті топырағын басып, саф ауасын жұтып, мөлдір суын ішіп, ойын әлеміне кіреді, құмарын қандырады. Балық аулау, асық ойнау атқа міну, табиғаттың сазды, сырлы әуенімен үндесіп, ерекше гармония — қайталанбас әсемдік дүниесін жасайды.

Бала көңілі шат - далада, малдың мақлұқ сезімі - өрісте, шөпті тоя жеп, суға қанып, ыңырана қайтса болады.

Бәрінің жайын жасайтын, бәрінің бабын табатын - қайран әкелеріміз бен шешелеріміз. Миын мың мәселе мазаласа да, ойын сан шаруа қырға біресе ойға шарлатып, бөлсе де, жүйелі тіршілік қамын, әсіресе, жас ұрпақтың баянды өмір сүру қағидатын ұмытпады, осыған қатысты ішкі дүниесінің бекем бірлігі болды. Басты назарлары - жасөспірімдерді еңбекке ғана емес, жасына - табиғатына қарай қызықты өмір сүруге, құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуге баулу. Сондықтан, «Кіші Саржал», «Үлкен Саржал», «Қаратұмсық» жағында тұратын әкелеріміз жазғы жайлауларын - Қарқаралы жеріне, «Кәрі Түлкі», «Ұзынжал» жағында тұратын әкелеріміз де көршілес елді-мекендердің жеріне таяй, тірей мекендеуге тырысатын.

Еруліктен басталған шеру, той-домалақ; шілдеhana, тұсау кесер, тақым қағу, алтыбақан; қазақтың дәстүрлі ұлттық құндылықтары - ойындары: бәйге, көкпар, аударыспақ; табиғаттың шынайы сазды үні мен әншінін жүрекжарды жанды әуезі қосылып, бір тылсым дүниені жасайды; жігіттің білегі мен аттың белі сыналатын сайыстар жас толқынның рухын оятып, бойына қан жүгіртті. Басты мақсатқа жол салынды: жастарымыз өз ғұралпылармен танысады, аралас-құралас болуға жол салынады - әкелеріміздің көкірегінде жатқан түпкі арманы: үйлену, үйлі-баранды болу, ұрпақ жалғастығын үзбеу. Әрине, аталарымыз ыңғайына қарай, бұл істі ұйымдастыруды шеберлікпен қолдарына алады.

Әкелеріміз қыстың да, жаздың да сәні - даланы, тау-тасты кезіп, аң қағудың рақаты мен машақатын бастан кешірді. Бірі - жүріске төзімді

қазанат аттарға, бірі — ұшқан құстай серпілетін жүйріктерге мініп, шоқпар - сойылдарын сайлап, әлді төбеттер мен ұшқыр тазыларды ертіп, оларды қасқырдан бастап, түлкі-қарсақтарға, борсықтарға, жүгіргенде желдей есетін таулы әрі далалық аңдарға — арқар, елік, киікке, қояндарға да салды. Аң құмарлық оларды қырып салуға апармаған, табиғаттың сыйға тартқан маусымдық кезеңдерінде аңдардың мауқын басатын немесе күшіктейтін, төлдейтін, балалайтын уақыттарында оларға тиіспеуге тырысқан.

Үлкендердің айтуы бойынша, әкелеріміз екі нәрсені ерекше қаперге алып отырған: бірі — су көздерін, екіншісі — құс атаулыны. Бар тіршіліктің нәрі деп санап, өзендер мен бұлақтарды қорыған: бірінің — жылғаларын үйіліп қалған балдырлардан, салдардан, қоқым шөп-шаламдардан. Ағаш бұтақтарынан тазалап, кептеліссіз ағуын қамтамасыз еткен; ал, бұлақтардың маңын таза ұстап, бітеліп қалған көздерін шеберлікпен ашып отырған. Құстарға деген ықыластары ерекше болды: әсіресе, көшпелі-ұшпалы құстарды уақытша қадірлі қонақтарға балап, даланы сәнге, әнге бөлеуге келген, жылылық әкелген тіршілік иелері ретінде бағалаған; аққу, қазды киелі санап, тиіскізбеген; бытыралы мылтықтары барлардың атуға батылы бармаған. Бірен-саран адам ондай жосықсыз әрекетке барса, оны талқыға салып, қатты айыптаған.

Жаз мезгілі - ойын-сауық, мамыражай күндері болып көрінсе де, әкелеріміз оның әрбір қолайлы сәтін ертеңгі табиғаттың қатал сынағына лайықты жауап беру үшін пайдаланып, сақадай сай дайындалды. Бұл дегеніміз қыс айларына сайланып бару: мал-жан азығын дайындау, мықты қорын жасау. Үлкені бар, кішісі бар — бәрі ортақ жұмысқа жұмылдырылды: шалғынды, көделі жерлерге шалғы салып, шөп шабылды, балғындылығы сақтала отырып, қыстақ басына тасыды.

Түн мезгілінде жайлаған, жатқан жерлердің қиы ойылып, жал-жал қып үйіп, кептірілді; пештің негізгі отыны болды; сиырдың тезегі — жапасы жиылып, не қамба жасалып, тамызық ретінде пайдаланды; жылқының тезегі — құмалағы бекіткіш ретінде құрылысқа пайдаланды; шіріген, дауылдан құлаған ағаштарды балталап, арасы болса, аралап, тамызық ретінде қосымша пайдаланды; күзге қарай, үйлерін, қора-қопсаларын жөндеді: әк топырақпен үйдің ішін, сыртын сылап, иленген лай топырақпен — балшықпен қораларын бүтіндеді.

Қысқы киімдерді де естен шығармады: аң, мал терілерін иін қандырып иледі; елтірі немесе түлкі тымақ-бөрік, жарғақ тондар, қасқыр-түлкі ішіктерді тікті; жарайды деген иленген, кептірілген терлерден таспа тіліп, ақауы бар ау деген киіз үйдің керегелері мен уықтары, осал жерлері бекітілді; тобылғы қамшы өрді, ат әбзелдерінің тозған жерлерін бүтіндеді.

Аналарымыз да тыным таппады: қарын-бүйендерге сары май тоғытылып, тең-тең болып, тізіліп жатты; құрт қайнатылды, сүзбе, сықпа құрттар дайындалды. Қой қырқылып, жүнінен көрпе, жастық төсеніш әрі қабырға кілемшелері жасалды; түйесі барлар — шудасын, ешкінің түбітін, қойдың қылшықты жүнін арнайы матаға жайып, жыл кеудешелер дайындады.

Әкелеріміз алыс-жақын ауылдардың адамдарымен аралас-құралас болып, әркім өзіндегі бар нәрселермен алмасты: ірі малды - бірнеше ұсақ малға, құрал-сайманды, көлік түрлерін (арба, шана) - малға, ат әбзелдерін, тағы тұрмысқа қажетті заттарды саудаласып, өткізу-айырбастау жолын тауып жүрді.

Бабаларымыздың Қарқаралы жерінде 110 жыл тұрғанын ескерсек, олардың Егіндібұлақ пен Қарқаралы жерлерін шарлап, бірде тұрақтап, бірде көшін өзгертіп, бірге шуақты да бұлтты күндерді бастарынан өткізген болар.

Алма-кезек өмірдің қысы мен жазы өтіп жатты, аталарымыздың біразы бір жерде - 60-70 жыл, бірі - ғасыр бойы тапжылмай тұрып жатты. 1800 жылдардың соңына қарай, ата бабалары "Шолақ Түлкі" қыстағына жинала бастады. Мөйекеңнің (Өтетілеу) үш баласы: Түсіп, Сүлеймен, кенжесі Өмірбек алғашқы болып қоныстанып, аталған қыстаққа — тастақты, жартасты тау қуысынан ағып жатқан бұлақтытың төменгі тұсына, бір жағын — тау етегі, бір жағын биігірек жота көлейкелеген өзекше жерге үй салады. Яғни, біріншісі үй — киелі бабамыз Мөйекеңнің шаңырағына ие болып қалған Өмірбектің үйі, екіншісі — баласы Түсіпқажының үйі, үшіншісі — ең жас алашшы Сүлейменұлы Асылбектің дүниеге келген үйі. Осы үйдің үш орнын қастерлі, киелі нысанға жатқызуға болады. Бұл жергілікті биліктің зиялылар мен баба ұрпақтарының ісі.

Бұл жерге аталарымыздың шоғырлану себебі — жерінің малға да, жанға да қолайлы, ықтысынды болуы, өрісінің кендігі: батысында — Қотыр Қызылтау етегін, шығысында - Үлкен Саржал бойын. батысында — «Тасөткел» маңын, шығысында — Қарақоға жерлерін мал жайылымына тиімді пайдалану мүмкіндігі. Осындай көштің қозғалысын Мөйекең: «Күншығыс жақтан келдік. Тәңір жарылқады, мекендедік. өстік-өндік, шүкіршілік. Байқаймын: күнбатыста қыбыр көп секілді, бұл көп ел барын, жер барын білдіреді. Олармен де араласу маңдайымызға жазылған болар» деп, қоныс аударушыларды қоштапты» деседі үлкендер бір-біріне жеткізіп.

Тіршіліктің қысы мен жазы ғана емес, замана желінің түсініксіз де бұлдыр лебі сезіле бастады. Қандай леп?! Жақсылықтың жаршысы ма, әлде, жамандықтың хабаршысы ма? Сезімі сергек, көкірегі ояу

қарттарымыз бір нәрседен сезіктенді де, елден басудан басқа ештеңе айтпады. Бірде Мөйекең: «Өмір, ағайындар, қоюланып келеді. Қыбырдың әр жағында дүбір бар секілді. Өзге рулы адамдармен ғана емес, нәсілі бөлек жандармен де бірге тұрып, бірге өмір сүру маңдайларыңа жазылар. Көріпкел емеспін, бірақ, айтарым: өзгелермен өзара сыйластықта болып, сабыр сақтап, имандылықты жоғалтпасаңдар, белгісіз сынақтан да аман-есен өтерсіңдер. Әр нәрсенің қайыры болады, есте сақтандар» _деп, өсиетнамасын қалдырған деседі есті де зерделі, көкірегі ояу ескі құлақтар. Бабамыздың мұндай терең де сырлы сөзді айтуына не себеп болды екен? Ата-баба жерінің өзгеріске ұшырайтынын сезді ме екен, әлде, «елу жылда ел жаңа, жүз жылда -қазан» деген халқымыздың қатпарлы қағидасына сүйенді ме екен?

Расында, қыбыр-дүбірге, дүбір аумалы - төкпелі кезендерге ұласты. Ресейдің географиялық, шаруашылық әрі барлай сипаттындағы экспедициясы (1901-1903) ата-қоныстарымызды аралап, саралап, қорытынды жазбаны Санкт-Петербургте шығарылатын көптомдық кітаптың - «Қарқаралы уезі» жеке жинағына енгізу үшін жіберді. Екі-үш жыл өтісімен, 1905-1906 жылдары ресейлік перселендер жерімізге келе бастады. Бұдан Ресей экспедициясының бір мақсаты — қолайлы жерлерді тауып, жат қоныстанушыларға жол ашу. Перселендердің қоныстанған жері — аталарымыздың жаз жайлауда малын жайып, суын ішкізіп, жусататын орны, яғни, қазіргі Ақбауыр ауылының орны. Қыста ықтасыны жоқ болғандықтан, жел өтінде тұрғандықтан әрі қыстауларының көбісі осы маңда орналасқандықтан, әкелеріміз бұл жерге әзірге тұрақты тұруға мұқтаж емес еді. Отырықшылықты өмірге бейімделген орыс мұжықтары қарапайым тәсілмен жергілікті табиғи материалдарды пайдаланып, үй, қоражайларды салды. Түтін (отбасы) саны - 20-ға, жан басы 100-ге жеткенде, Омбы билігі (генерал-губернаторлығы) қоныстанушылардың «Ақбауыр» сөзін өздеріне лайықтап, орыс тіліне аударғанын мақұлдап, жеке, өзіндік басқаруы бар Белогрудовское ауылын бекітті. Бұл жердің танылуына себеп — оның ғажап табиғаты, шырайлы жазығы, әсем таулары мен нулы өзені.

Осы тұста өктемдіктің де, әлсіздіктің орнын алғаны көз алдыға келеді, қынжыласың. Анау, мындаған шақырым алыста жатқан билік өзінің адамдарын тағдырдың жазғанына лақтырып тастамай, қарапайым болса да, өзін-өзі басқару жүйесін енгізіп, өмір жолдарын бағдарлы бастауға жол салды. Ал, біздің билік: Қарқаралы немесе Нұра (Шет) болыстықтары өзінің адамдарына не істеді? Аталарымыздың қоныстанған жерлерінің көлемі перселендердің жерін жүз орап алса да, адам, шаңырақ саны бірнеше артық болса да, басқарудың жетілген түрін енгізбесе де, оның қарабайыр формаларының бірі қолға алынбақ түгілі ойластырылмады.

Бұл жағдай барлық жерде орын алды деуге болады. Бұл - биліктің ел басқаруға әлсіздігін әрі сауатсыздығын көрсетті. «Сұрағаның жер еді, тәуелсіз еді - алдың, іш, той, қан; өз күніңді өзін көр» қағидасы еріксіз орын алды. Ал, Омбы билігіне мықты, жергілікті, сауатты басқару жүйесі бар қазақ билігі керек пе еді? Ондай орталықтандырылған жүйе болса, олар аяғын алшаңдап басып, кіруге батылы жетер ме еді? Сонда да ішкі жарамызды білдірмей, ханы да, сұлтан-болысын да, биін де мақтаныш етеміз; мүмкін, бұл да керек шығар. Бір қызығы: басында келіспеушілік орын алған да болар; ақыры, сол перселендердің ұрпақтарымен қоян-қолтық араласып, еңбек еттік, ашаршылық пен қуғын-сүргін жылдарын бастан өткізіп, аман қалдық. Қазір Ақбауырда бірден-бір орыс та, неміс те, украин мен белорус та қалмады, бәрі тарихи отандарына кетті. Тек кейінгі жас ұрпақтары келіп-кетіп тұрды, сәлемін жолдайды. Біздің адамдар да ол жаққа қадірлі қонақ ретінде барып-қайтып отырады. Міне, өмірдің күрделілігі, болжанбас сәттері. «Әр нәрсенің - қайыры болады» деген тұжырым осындайда айтылды ма екен?

Әлі де болса, сынақ алда еді. Нағыз дүбірлі, күрделі өмір кезеңдері енді басталды. 1917 жылы Қазан революциясы дүниені дүр сілкіндірді жаңғырығы қазақ жеріне, Арқа даласына да жете бастады. Негізгі өзгерістердің басы 1920 жылдары басталды: аталарымыз жер иелігінен айырыла бастады, бірақ, анығынан бұлдыры көп өмір басталса да, өмірдің сахнасында қоғамдық және шаруашылық сипаттағы бір жаңа көрініс - қозғалыс пайда болды. Әкімшілік-территориялық басқару жүйелері өзгеріске ұшырады, жаңа құрылымдар пайда болды. 192 жылы Қазақстан - автономиялық социалистік республикаға, республика - облыстарға, облыстар аудандарға бөліне бастады. Аудандық, ауылдық жергілікті жерлерде ұжымдық шаруашылықтың алғашқы буындары. артель, мойынсеріктер құрылды. «Ақбауыр», «Шаруатеңеу» (Туматайда «Құрама» (Шолақ Түлкіде), «Жаңажұрт» ұжымшарлары (колхоздар құрылды. Там-тұмдап болса да, өмірде өзгерістер байқалды: халықты жаппай сауаттандыру ісі бастау алды, үгіт-насихат сипатындағы мәдени ошақтар пайда бола бастады, алғашқы рет денсаулық ісіне көңіл бөліне бастады. Дегенмен, сол кезеңде әлемді жайлаған оба ауруы бізге де жетті, әрі денсаулық нысандары әлсіз еді, өлім-жітім көбейді, халықтың саны күрт кеміді. Тоқатай баба ұрпақтарының саны да күр азайды атақоныстарында 60 жылдан астам уақыт қозғалмай отыру, ауыр жұттар мен дерттерді бастан кешіру, қыстың қаһарлы күндерінің ызғары мен жаз құрғақшылықтарының титықтатуы жығылғанға қатты жұдырық-соққы бодды. Осыны айтсақ, 1920 жылға жетіп, жасы 60-ты алқымдаған әкелеріміздің саны шамалы болды-ау деп мұңайасың, торығасың.

Жұрт жаңа биліктен жақсылық күтті, әркім үміт-насихатқа сеніп.

көңілге қонатын алғашқы өзгеріс нышандарына сенді, қолдады. Әкелеріміз Мақан, Қамбарбай, Жақсыбек, Жақсылық, Ермек, Рысбек, Егеубай Қабылда, Байтөлеу, Әбдірайым, Сарсембай, Исабек, Байсары, Шамғұл, Бекберген, Алпысбай, Шәйкен, Қуандық, Сүйіндік, Разақ, Нұғман, Асан, Байсалбай, Әлжан, Қожас, Шәріп, Жәкен, Шәріп Ауғанбай, Тоқберген, Хасен, Бейсенбек, Нашарбек, Бәйкен, Мұстафа, Ержан, Сағымбай, Айтжан, Бекжан, Қамза, Сағындық, Мұхтар, т.б. ұжымшарлардың негізі қаланып, дамуына үлестерін қосты. Әкелеріміздің ішінде жаңа билікті мойындамағандар да болды. Араларынан колхоз (ұжымшар) төрағалары да шықты: Тоқбергенов Сейдуали, Әрінов Төлеген, Әтімбаев Қабдолла, Түліков Айтжан, Нұғманов Қасым.

1927 жылы төрт ұжымшардың негізінде («Ақбауыр», «Құрама», «Жаңажұрт», «Шаруатеңеу») орталығы Ақбауыр бекітіліп, біріктірілген «Роза Люксембург» колхозы құрылды. Бұрынғы ұжымшарлар біршама дербестігін сақтады. 1950 жылдардың басында бір орталықтан (Ақбауырдан) басқаратын бұрынғы атаумен «Роза Люксембург» колхозы жаңа басқару сипатына ие болды. Өзге ұжымшарлар ферма ретінде қалды: қой фермасы, сиыр фермасы, жылқы фермасы, т.с.с. Жолдың қашықтығынан, қатынастың қиындығынан болар, «Туматай» фермасы көп кешікпей таратылып, жері «Нұраталды» совхозының құрамына енді. Дәнді дақылдар: арпа, бидай, сұлы салынды, қарапайым техника түрлері: соқа, лобогрейка, т.б. пайдаланылды, кейінде жыланбауыр, дөңгелекті техника, сыйымдылығы аз жеңіл жүк тасымал техникасы бірен-саран болса да, әкелінді. Ірілендірілген ұжымшар әлеуметтік-мәдени салаларға көңіл бөлді: медпункттер, бастауыш мектептер ашылып, кітапхана ісі жолға қойылды.

1928, 1930-1940 жылдар халық басына ауыртпалық, әбігер әкелген жылдар болды. 1930-1932 жылдары елді аштық жайлады: биліктің надандыққа жол беріп, елді сауатсыз басқарудың салдарынан сорақы жағдайлар орын алды: жеуге бір үзім нанның, бір кесек еттің жоқтығынан, аш адамдар ит, тышқан секілділерді аулап, мал және адам өлекселеріне ауыз салды. Өмірге келген жаңа қоғалшың - жүйенің салған кеселінен құтылмай әрі жазылмай жатып, 1937-1938 жылдардың зобалаңы - қуғын сүргін кезеңі басталды. Осылайша, «жер - халықтікі», «бейбіт өмір орнасын» деп ниеттенген, ұрандатқан жас кеңес билігі тізесін қанға батырып, бояды. Қазақ даласы осындай аштық азабынан бұралып, қуғын-сүргін жалынына оранып жатқанда, қайғы-қасірет тұманы қара жерді торлағанда, менің — ауылым, Ақбауырым, аман қалды деп айта алмайсың, айтсаң - ерсі көрінеді. Өртке оранған орманнан бір бозторғай аман қалыпты деу, кімге керек? Бірақ, фактының аты- факт: аулымызда бірде-бір адам аштан өлмеді, бірде-бір адам қуғын-сүргінге

ұшырамады. Керісінше, Қарқаралының Бесоба, Нұркен, Бейбітшілік мекендерінен, Шеттің басынан, көрші ауылдардан бірі - іздеген тамақ өнімін, бидайын алды; бірі - қуғындаудан құтылып пана тапты, ішінде молдалар, тіптен, қажы да болды.

Елге мұндай естен кетпес шарапатын тигізген жағдайдың орнын алуына негізгі себептер мыналар: мал да, нан да, бастысы - ынтымақ, бірлік, имандылық болды. Қыстақтарда, негізінде, мал басы сақталды, Ақбауырда механикалардырылған орталық ұн тарту цехы істеп тұрды. Ұнханада Ермаков Шүленбай, Борнаев Қали есімді азаматтар еңбек етіп, агрегаттың ақаусыз, тынымсыз жұмыс істеуіне бар күш-жігерле жұмсады. «Құрамада» (Шолақ Түлкіде) Шет аудандық партия комитеті бірінші хатшысының ұсынысымен, ортаның 100 шақты қара малын бағып берген; әрине, мал сойылып, ауданның аштыққа ұшыраған адамдарына талғажау ретінде үлестірілген немесе сауын сиыр болса, сүті пайдаланылған болар.

Ру-руға бөлінбей, жұрт ауызбіршілікті сақтады, тек алапат апаттан аман шығуды ойлап, бір кісідей әрекет етті.

Айту қажет: әділеттілікті, әдептілікті сақтап, жұрт қамын ойлап, елді сауатты басқара білудің рөлі зор болды. Қиын қыстау, 1930-1940 жылдары «Роза Люксембург» колхозын өзге ұлт өкілдері: Коваленко Леонид Семенович, Бирюков Андрей басқарды; ал, басында - бастауыш кейіннен жетіжылдыққа айналған мектепті Ботов Николай Илларионович басшылық етті. Олардың жергілікті адамдармен тіл табыса білуі, әдет-ғұрыптарын жақсы біліп, құрметтеуі, қазақ тілін меңгеруі, таразының басын те ұстауы ұлтаралық келісімнің орнығып, бір-біріне сүйене білуі ауыр сынақтардан аман-сау өтуге оң ықпалын жасады. Міне, Ақбауырды маңындағы елді мекендерді (Құрама, Саржалдар, Ұзынжал, т.б. қосып) қасиетті мекен деп айтуымыздың себебі осында. Бұл жөнінде өткенді зерделеуші ағамыз Кәріғұл Нұғманұлының естелігінде жеткілікті баяндалған. Қазіргі уақытта айтылып жүрген толеранттылық, өзгенің тілін, дінін сыйлау, өзарасыйластық, төзімділік сол күрделі тарих кезеңде Ақбауырда сақталған деп нық сезіммен айта аламыз.

Бәріміз пендеміз, өткенді шолисың, тек қара түспен боялған кеңестік дәуірдің болмысын бейнелеген қаралы суреттерді көресің, Қалай, қалай?! Қамқорлығы да болды емес пе? Кеңес билігі бір қолы - қанға, екінші қолын - мейір суына батырып, басқарған секілді. Күрделі дүние. Мысалы, менің өмірімнің 45 жылы Кеңестік кезеңде өтті. Қарапайым шаруаның баласымын. Өстім, өндім, ер жеттім. Мектеп және жоғарғы оқу орнында тегін білім алдым, жұмыссыз отырмадым, тегін ем алдым, тегін үймен қамтамасыз етілдім, жеңілдікпен демалыс сауықтыру орындарына барып емделдім. Естігенім — жақсы сөздер. Біздің

де айтатынымыз - жақсылыққа шақыру. Мақсатымыз - мемлекетке адал қызмет ету. Менің басымдағы жағдай замандастырымның басынан өтті. Біздің «жұмсақ» әрекеттеріміз, істеріміз ғасырлар бойы азаттық үшін күрескен әкелеріміздің, ақыры, тәуелсіздікті қантөгіссіз алуына жәрдемдесті емес пе? Әрине, «қитұрқы» сұрақтар: «Кімге қызмет еттің? Қандай елдің сөзін сөйледің; ту алып, аттандап көшеге шықтың ба?» деген сұрақтар да қойылатыны белгілі. Қалай айтсақ та, кеңестік дәуір де — өміріміздің құрамдас бөлігі, ғұмырбаян кітабының ажырамас беттері. Бодандық та, Тәуелсіздік те — тадырымыз. Жыртып та, өшіріп те тастай алмайсың. Болашақ бағасын бере жатар.

Жоғарыда аталған колхоз басшыларының ауыл экономикасын дамытудағы киелі істерін жаңадан сайланған қабілетті төрағалар: Ордабаев Қасқатай, Борнаев Қаппар, Береза Александр Ильич, т.б. азаматтар жалғастырды. Дегенмен, ауыл халқына басына түскен ауыртпалықтарды алып жүру әлеуметтік жағынан да, моральдық жағынан да алып жүру оңайға соқпады. Жұрт сырттан келген аш-жалаңаштардың қолына іліккенді алып кеткендігінен емес, «үй, қоражайымызды өртеп кетпесе екен» деген ойдан қорықты. Басқа жерлерден қуғынға ұшырап, пана іздеп келгендерден емес, «осындай зобалаң, осындай ашаршылық қайта оралып, бізге де келмей ме» деген қапалы ойдан үрейленді.

Ал, өмір болса, алға жылжыды, азапты күндер артта қалғандай, аздап тыныштық орнады, бірақ, бейбіт өмір ұзаққа созылмады. Тарихта «Екінші дүниежүзілік (1939-1945) соғыс» деген атаумен таңбаланған қаралы кезең әкелеріміз үшін «Ұлы («Шерлі») Отан соғысына (1941-1945)» айналды. Соғыстың атауын қалай өзгертсек те, мәні өзгермейді: кінәсіздер қырылады; өмірдің қызығын, дәмін әлі татып көрмеген жас өрендер жарық дүниемен қоштасты; артында - жылап сықтаған ата-аналары, бауырлары қара жамылып қалды. Қазақстан алып державаның құрамында болғандықтан, жаудан Кеңес Одағын қорғауды — өз елін қорғау, Кеңес елінің тұтастығын сақтап, аман қалуды — өз елінің бүтіндігін сақтаумен парапар деп санады. Қазақстандықтар соғысқа аттанып, барлық ұрыс операцияларына: Мәскеу түбіндегі, ірі Сталинград, Курск шайқастарына, Ленинградты азат етуге, Украина мен Белоруссияны жаудан тазартуы, Шығыс Еуропа елдерін фашистерден құтқаруға, милитаристік Жапонияны тізе бүктіруге қатысты. Өкінішке орай, Отан соғысының тарихы Ресейге өшіккендіктен, кері түсіндірілуде, өрескел бұрмалануда. Совет елін мекендеген біз секілді ондаған, жүздеген ұлттардың мүддесі, тарих алдындағы адал миссиясы аяққа тапталғаны ма?!

Тоқатай бабаның ұрпақтары «Жеңіс үшін», «Отан үшін»...деп соғысқа аттанды, борышын орындады.

Соғысқа аттанғандардың есімдерін атайық, тізімі толық болмауы мүмкін. Сонымен, қатысқандар:

Асылбеков (Сүлейменов) Түстай, оралмады.

Алшынбаев Әміршеұлы Қаламкеш, оралмады.

Алпысбаев Мұхамедия, оралмады.

Ауғанбаев Мұхамедия, оралмады.

Бақтыгереев Өміртайұлы Шәку, оралмады.

Баймағанбетов Малдыбек, оралмады.

Егеубаев Түсжан, оралмады.

Қасенов (Жәпиев) Жұматай, оралмады.

Спанов Махмет, оралмады.

Қарабаев Әйешбек, оралмады.

Нұрбаев Біләл, оралмады.

Қуандықов Қалдыбай, оралмады.

Алтайбайұлы Ұзақ, оралмады.

Қатметов Сағынбай, оралмады.

Тоқбергенов Сейдуәли, оралмады.

Қожасов Төлей, оралмады.

Нұрмағанбетов Сыпатай, оралмады.

Смағұлұлы Рахметқан, оралмады.

Тоқсанбаев Әбділдә, оралмады.

Асанов Мұзаффар, жаралы келді.

Әкімжанов Терлікбай, жаралы келді.

Өтімбаев Қабдолла, жаралы келді.

Бикин Тиыштыбай, жаралы келді.

Қожасов Әбен, жаралы келді.

Қожасов Дахар, жаралы келді.

Нұғманов Қасым, жаралы келді.

Нұғманов Кәрігүл, аман-есен оралды.

Оспанов Сақан, жаралы келді.

Смағұлов Мұқсын, жаралы келді.

Сатбақов Игенбай, жаралы келді.

Түліков Айтжан, жаралы келді.

Ермеков Төкен, аман-есен келді.

Хасенов Бегалы, жаралы келді.

Хасенов Тойымбек, аман-есен оралды.

Шағын ауылдан соғысқа 34 азамат аттанып, 19-ы оралмады. Қайтыс болғандардың ұрпақтары, жақындары қазаға ұшырағандардың жерленген жерлеріне іздеу салды. Өкінішке орай, мардымсыз жауаптар келді; болмаса, біразы мүлдем хабарсыз кеткендердің тізіміне ілінді.

Мүмкін, жас буын келешекте жоқтың орнын толтырар.

Енді сіздерді, құрметті баба ұрпақтары, бауырым Алмас Танасұлының тиісті органдардан табандылықпен сұрау сұрап, ыждаһаттылықпен жинап, Смағұлов Рақметқанға қатысты құнды мәлімет әкелгенінен хабардар еткім келеді. Алмасқа көп рахмет, өмірдің игілігін көрсін. Келешекте жас іздеушілер осылай әрекет етуі керек. Мәлімет 2024 жылдың жазында қолыма тиді.

Сонымен, бірінші мәлімет:
Смайгулов Рахметқан
Поименный список захоронения
Дата рождения: ____ . __.1922
Воинское звание: ст.сержант
Дата выбытия: 17.07.1943
Страна захоронения: Россия
Регион захоронения: Орловская обл.
Место захоронения: Болховский р-н, Медведковский с/с, д.Городок
Могила: Братская могила
Захоронения: 260908723

екінші мәлімет:

337	СТ.СЕРЖАНТ 108СД	СМАЙГУЛОВ РАХМЕТҚАН	1922	17-07-43	СЕСТРА СМАЙГУЛОВА САКОНЯ КАЗССР, КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛ. ШЕТСКИЙ Р-Н ТУРКУЛИНСКИЙ С/С КЗ Р. ЛЮКСЕМБУРГ
-----	---------------------	------------------------	------	----------	--

Түсініктеме: мәліметте «Сестра Смайгулова Саконя» деп отырғаны, қарындасы Сақан. Тәрізі, жауынгер ауыр жағдайға (тіптен, қазаға) ұшыраса, туысқаны - қарындасы Сақанға хабарлассын дегені болар-М.Т.»



Ал, Сәтбекұлы Байсары мен Түсіпұлы Исабек әкелеріміз соғыс жылдарында жастары ескеріліп, еңбек майданында (трудармия) болып, Вишневка (қазіргі Ақмола облысы, Аршалы ауданы) стансасында өткізді, міндеттері темір жол арқылы жүретін майданға қажет барлық жүктерді артып, қозғалысын мүлтіксіз қамтамасыз ету. 17-18 жасар Бәйленова Қайшыкен болашақ жеңгесі Бибігүл шешемізен бірге ауыр күндерді ФЗО-сында (фабрика-зауыт оқу орнында), шахтада өткізді: кісі өліміне апарған апаттық жағдайларды көзі көрді, киімге, не тамаққа жарымады, шыдады, аман қалды. Негізінде, «Жеңіс үшін...!» деп, тамақ та, киім де алапат шайқастың алдыңғы шебінде жүрген жауынгерлерге жіберілді. Бұл дұрыс та еді, қарны аш, киімі жыртық сарбазға «Алға!» деп, әмір бере алар ма едік?

Ауған соғысына бауырымыз Айдос Алданұлы Секербаев қатысып, жауынгерлік, интернационалдық борышын өтеді. Міне, Тоқатай бабаның ұрпақтары ел басына күн туғанда, халқымен бірге болып, тағдырлы, қасіретті күндерді ерлікпен өткізді.

Соғыстан оралған әкелеріміз бен ағаларымыз бейбіт өмірдің майданына білек сыбана кірісті. Жоғарыда колхоз төрағалары болғандарды атадық. Соғыс ардагерлері: Бикин Тиыштыбай, Қожасов Әбен, Оспанов Сақан, Смағұлов Мұқсын, Сатбақов Игенбай шаруашылықтың әр салаларында аянбай еңбек етті. Асанов Мұзаффар - Қарағанды облысының орталық банк жүйесінде, Әкімжанов Терлікбай - Шет аудандық Госстрах (мемлекеттік сақтандыру) мекемесінің басшысы, «Р. Люксембург» колхозы төрағасының орынбасары, Талды шаруашылығында - бас экономист, Қожасов Дахар - Қарқаралы Балалар үйінің директоры, Нұғманов Кәрігүл - Ақбауыр сегізжылдық, Нұраталды онжылдық мектептерінің директоры, Хасенов Тойымбек - Қызылтауда кеңестік қызметте, Хасенов Бегали - республикалық теміржол саласында бөлім басшысы, Ермеков Төкен - Ақбауырда, Талдыда директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарлығы міндеттерін атқарды.

Соғыстың салқын ызғары мен бейбіт өмірдің тыныс-тіршілігі қатар жүрді. Оқу-ағарту, денсаулық, басқа да әлеметтік салалардың жұмыстары біршама жүйелі түрде жүре бастады. Шаруашылыққа да серпіліс келді: техника түрлері көбейді, егістік жер ұлғайды, мал саны көбейді. Сонымен бірге, табиғат адамдарды сынаққа алуын ұмытпады. 1953 жыл - нағыз жұт жылы болды. Колхоздың қуаты әлі де болса, шамалы еді; қанша күшін салса да, қатал қыстың қаһарынан туындаған ауыртпалықты жеңілдете алмады, әйтеуір, адамдар - аман. Ұжымшардың, фермаларының төрт түлік малының, кем дегенде, жартысы қырылды. Басшыларға, ферма меңгерушілеріне, қыстақ (табын) иелеріне - гуртоправтарға қытыр таянды - қырылған малға жауап беру. Жауаптылардың алды жазалауға

ілігіп те кетті. Бірақ, жазалау өріс алмады, кілт тоқтады. Себеп-Сталин өлген соң (1953 жылы, наурызда), Орталық комитет малдың жаппай өлім-жітімі табиғаттың дүлей соққысы - жұттан туындаған деп танып, колхозшыларды жазалауға жол бермеу жайында арнайы жасырын қаулы, нұсқау шығарды дегенді қарт коммунистер жүрді.

Алға кетіп айтсақ, 1971-1972 жылғы қыс қаталдығы жағынан жылдың атақты қысынан кем соқпады, екі қысты да көзіміз Бірақ, қуатты техникалардың: касемсот (К-700), қарды тілуші (угойник), жыланбауыр трактор (ДТ-54), «Беларусь», т.б. орнымен қолданылып шығынын болдырмады. Есесіне, үлкен трассалар жабылды. Қарағанды маңындағы «Спасск» әскери гарнизонынан танкілер келіп, Ақбауыр мен Ақшоқыға дейін жолды ашты. Бір жақсысы, екі қатал қыста да (1972), адамдардың ығып кетіп, боранда адасып, аязда үсіп-жаурап, өлім-жітімге апаратын жәйттерге жол берілмеді.

1960-1968 жылдар - аулымыздың барлық жағынан қарқын алып, дамыған жылдары болды. Көпұлттық орын алды. 60-жылдары украиндар, әсіресе, белорустар көптеп көшіп келді, себебі, тыңды игерудің екінші кезеңі басталмақшы деу желеу болған секілді. Еңбектің көрігін қыздырып, ауылдың көркін, қарым-қатынастың үлгісін 1940-жылдары тағдыр_тәлкегіне түсіп, жер аударылған немістер көрсетті. Жергілікті ұлттың тілін, дәстүрін меңгерді. Тәуелсіздік жылдары бәрі тарихи отаны-Германияға кетті. Кеткенімен ауылға деген ыстық ықласын, сағынышын білдіріп отырды. Ауылға келіп кетіп жүрді, біздің адамдар да ол жаққа барып, айлап жатып, аралап, құрметтеудің құшағында болды. Бір мысал, осыдан бір-екі жыл бұрын бүкіл Қазақстанға әйгілі Нина апай дүниеден озды. Германиядан ұшақпен келіп, Алматы, Астана, Қарағанды әуежайларына қонса, траптан шыға салып, «Қазақстаным, ауылым» деп, тізесін бүгіп, топырағын, көгін иіскейді екен.

«Алғыс күні» Қазақ елінің әуетолқынына шығып, жылы сәлемін жеткізіп жатады. Нина апайдың өз қолымен жазған мына бір өлеңді жан тербетеді:

«Балалардың ізі бар ойда, қырда,
Тойып өскен қазақтың қаймағына.
Бір үзім бөліп жеген қара нанды,
Сәлем айтамын Ақбауырдың аймағына.
Қазағым, өзің едің базарым да,
Ел жақта есіл-дертім, назарым да.
Қолымды жылы суға малсам дағы,
Нинаның бәсең тартты ажары да.
Жүрегім елді ойлап, жыр талғайды,

Оффенбах Ақбауырға тең болмайды,
Қазақпен дәмдес болған, туыс болған,
Немісін еш адамнан кем болмайды.»

Ақбауырға оралайық. Аз-кем кідірістен кейін, орталық ретінде Ақбауыр бекіп, Жаңа әкімшілік-территориялық құрылым — «Путь к коммунизму» совхозы құрылды. Құрамына «Комсомол» («Берекетті»), «Талды», «Жаңажұрт» және өз басы «Ақбауыр» кендіардың бөлімшелері ретінде енді. Совхоздың артықшылығы бірде байқалды: басқару жүйесі қалыптасты. Құрылыс қарқыны артты: үйлер, наубайхана, жеке қазандықпен жылытылатын жайлы, іші кең клуб үйі салынды, оған жапсарлас салынған бөлмелерде жергілікті байланыс, радиоторабы, саяси-ағарту бөлмесі орналасты; мектеп те сонда болды, кейіннен орны әкімшілікке кеңсе ретінде берілді. 1965 жылы сегізжылдық мектеп шаруашылық тәсілімен жатаханаға лайықталып салынған ғимаратқа көшті, бұрынғы мектептерге қарағанда, дәлізі кең, тар болса да, жеке бөлмелері бар, қолайлы орынға айналды, оқу екі аусымда жүріп, аралас (орыс-қазақ сыныптары бар) мектепке айналды. Балалар саны күрт артып, ғимарат тарлық ете бастады, оның үстіне, қазақ-орыс 9 сыныбы ашылды. Жаңа мектеп ғимаратын немесе қосымша бөлмелер салу арқылы, келесі жылы 10-сыныпты ашу көзделді, ол кезде онжылдық мектепте оқу мерзімі - 10 жыл болатын. Өкінішке орай, Ақбауырдың совхоз орталығы мәртебесінен айрылуы кедергі жасап, барлық жоспарды бұзды.

Ақбауыр орталық болып тұрған кезде, совхоз, оның фермалары агрономия, зоотехния, ветеринария салалары бойынша бас және орта буынды мамандармен толықты, орталықтандырылған бухгалтерия қажетті мамандарымен қамтамасыз етіп, құрылымдық бөлімдері жүйелі жұмыс атқарды. Жол қатынасы жақсарды, көтерме жол салынып, біраз елді мекендерді қамтыды. Аудан орталығына жолаушы автобусы қатынады. Әуе жолымен Қарағанды - Ақбауыр - Ақтоғай - Сарытерек бағыттары бойынша ұшақ қатынады. Жалақы, зейнетақы төлеу ретке келтірілді, зейнеткерлікке шығу ісі реттелді. Осының бәрі еңбекшілердің жұмысқа деген ынтасын арттырды.

Қарапайым адамдардың еңбегі мемлекеттік дәрежеде бағаланды: «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Еңбек даңқы» орденді Тұрсын Бекбергенов, «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин» орденді Нығымет (Нықаш) Ахметов, «Еңбек Қызыл Ту», «Еңбек даңқы» орденді Марат Шахаев, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» орденді Аман Бәйленов, «Еңбек даңқы» ордені мен «Ерен еңбегі үшін» медальдың иегері Нықаш Бәйленов, «Құрмет белгісі» орденді Төлеуғали Егеубайтегі секілді ағаларымыз елдің құрметіне бөленді.

Сонымен қатар, баба ұрпақтары әр түрлі елді мекендерде жүріп шаруашылықтың ыстық-суығын бастарынан өткізіп, олардың өркендеуіне үлес қосқандардың қатарында шаруашылық меңгерушісі Зағыпар Асанов инженер-жабдықтаушы Алдан Секербаев, мамандар: Серік Бейсенбеков Құдайберген Қосанов, Төлеуғазы Ермеков, Көмек Маханов, Құсайын Әбеннов, Аманбек Сарсенбаев, Төкіш Әбеннов, Майра Шамғұлова Қиымбек Бәйленов, Амангелді Секербаев; гараж меңгерушісі Нұрмұқан Түсжанов, жүргізушілер Сансызбай Төлегенов, Аман Сақанов, Кәрібай Секербаев, Тілеген Сағымбаев, Шашубай Әубәкіров, Қапас Қосанов Арғын Ермеков; трактористер Ақан Шәріпов, Барлыбай Әубәкіров Еркін, Қабдеш Ержановтар, Нұролла Шәріпов, дәнекерлеуші Сейілхан Сүйіндіков, малшы Саят Байтөлеуов, Төкен Бейсенбеков, Сағат Нұртазин. Балташ Мұхтарұлы; санитар-дәрігер Сатыбалды Шамғұлов, шалғышы Қанат Айтжанов; құрылысшы Серік Бәйленов; сауда саласында Март-Бекенов, т.б. азаматтар біліктілігі мен қабілеттерін көрсетті.

Баба ұрпақтарының оқу-ағарту саласындағы еңбектерін мақтанышпен ауыз толтырып айтуға болады. Ұстаздық жолдың негізін қалаған Кәріғұл Нұғманұлының ісін бауырлары жалғастырды. Білікті ұстаздар атанған Мақсұт Қосылбекұлы, Зүбән Нұғманова, мектеп директоры Рымтай Әбеннова, пән мұғалімі Төкіш Ыбыраева, ауыл мектебін сақтап қалуда ұзақ жылдар тер төккен мектеп басшысы Шәкен (Торғын) Камбарбаева, ұзақ жылдар бірнеше мектепті басқарған Танас Нұғманов, бірнеше мектепті басқарған Дәлелбек Хасенов, мектеп басшысы қызметтерін атқарған Зәбен, Зафура Кәріғұлқыздары, мектеп басшысының орынбасары Төлеутай Төкенқызы, ұстаздық-басшылық жұмысты шығармашылығымен қатар алып жүргендер - Айбар Нұршаұлы мен Бауыржан Төлеуғазыұлы, ұстаздар Манас Кәріғұлұлы, Лаура Кәріғұлқызы, Рыскүл Қайырберліқызы, Рыскүл Кәрібаева, Маржанкүл Бекенқызы, Айткүл Тиыштыбайқызы, Қарлығаш Терлікбайқызы, Гүлжахан Төкенқызы, Сая Берікқызы, т.б. жас ұрпақты оқытуда әрі тәрбиелеуде аянбай еңбек етті, еңбек етіп жүр де. Осы жолдардың авторы да білім саласында еңбек етті.

Өнерді игеруге де талаптанғандар да болды. Өмірін ұстаздық жолдан бастаған ағамыз Қайролла Шәріпұлы (Жәленов) Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драмтеатрда әкімші директор міндетін атқарды, ауылдан барғандарды театрға сүйрейтін. Құсайын Әбенұлы мен Нәсіпбек Байсарыұлы Қарағандыда, музыкалық мектепте білім алды. «Оларсыз той-думан өтпейтін» дейтін үлкендер. Алғашқы қадамдарын жақсы бастады, бірақ, өмірдің әр түрлі жағдаяттарына байланысты, екі ағамыздың өнерлері ашылмай қалды. Мен өз өмірімде домбыра тартып, ән салған екі-ақ адамды білемін. Бірі - Жақсылық әкеміз. Домбыраны ала салып, күмбірлете-сұңқылдата тартып, шанағынан найзағай ойнатып,

жаңбыр нәсерлететін. Екіншісі - Арғынғазы ағамыз. Той-домалақта С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнін бабына келтіре айтатын. Айтпақшы, ағамыз Мақсұт Қосылбекұлы да домбыра шертіп, ән салатын. Өнерден неге кенже қалдық? Бір дарынды адамның опық жегізген қазасы әсер етті ме? Бір кітабымда «бірі адамнан - тірідей, екіншісінен - өлідей айрылдық» деп жазғаным бар еді. Тірідей айырылдық деп отырғаным - ең жас алашшы Сүлейменов Асылбек, ол туралы біршама жаздым, ал, тірідей айырылдық деп отырғаным - Ыбырайымның Аман. Аман кім? Ол Мақан, Зәкәрия әкелеріміздің туған бауыры. Енді, Аман туралы естігенімді, біреуге керек болар, баян етейін.

Үлкендеріміз, әсіресе, әкем Исабек: «Аманнан ойда жоқта айырылып, маңдайымызға симады ғой» деп «уһлеп» отыратын. Кітабымнан үзінді келтірейін:

«Аманның жаратылысы ерекше бөлек болған: балғын дене, сұлу бейне, аққұба жүзі, толқынды қою қара шашы, кереқарыс маңдайы, мөлдіреген қара өткір көздері, бір-біріне жарасымды бітуі айналасына нұр шашып, көрген адамды бейжай қалдырмайды екен.

Ерекше бір өнері - ат үстінде ойын көрсетуі болған. Шауып бара жатқан аттың үстінде тігінен тұрып, неше түрлі оқыс та, әдемі қимылдар жасап, аттың бауырына кіріп кетіп, айналып өтіп, атқа қайта қонып, бір - біріне ұқсамайтын шеберлік сабақтарын көрсетеді екен.

Басты киелі өнері - ән салу болған. Қара домбырасын қолға алып, ән салғанда, дауысы қыр астындағы ауылдарға жететін болған. Той-думан онсыз өтпеген, әннің ең шырқау жеріне жеткен кезде, шалқая түсіп, қою қара шаштары жерге тиюге азақ қалады екен. Бір әкеміз айтады екен: «Кемшілігің, Аман, ән салғанда, шалқая ән салып, шашың жерге төгілгенде, екі қыз екі жағынан қаумалап отырса» деп.

Сұлулығы, өнері, әні түбіне жетті. Ақтоғай жұртының бір тойына барып, қатысып, қайтпақшы болғанда, қастандық жасалынады. Қызғаныштан есіл азамат, өнері, таланты енді ғана өрлеп келе жатқанда, сол жақта өмірмен қоштасады.

Белгілі журналист Төрехан Майбас келтірген Дияқажының мына өлең жолдары дәлел:

«Сөйлеген көмейінен көлгір қара.
Нарсудпын деп бір сұлу мірәз келді,
Жүз қой сойыс, алпыс ат арықтатып,
Шараның жұмысына қостап келді,
Қыз үшін ақырында Аманды атып,

Бәрінен осы ісі астам келді»

(Орталық, Қдзақстан, 16.12.2003ж)

Артынан іздеп барғандар болған. Кеш қалған. Қиын кез, іс қуылмаған, іздеуші жоқ болғандықтан, әрі сот органдарының әділетсіздігінен іс жабылып, құрдымға кетеді. Дияқажы «Аманды іздемедіндер, кінәліні таппадыңдар» деп әкелерімізге айып таққан екен».

Асылбекті де, Аманды да іздеп, зерттеп, зерделей алмағанымыз үшін айтылған сындар орынды.

Басқа да әкелеріміз бен аналарымыз туралы айтар сыр көп, әзірше, жоғарыда айтылған адамдармен шектеле тұралық.

Мәтінге қосарым: үйлену тойы үстінде қалыңдық Аманға ғашық болып қалады, бұл да үлкендердің сөзі.

Міне, бір қайғылы тағдыр өнердің қонбауына әсер етті ме екен? Бірақ, өмір бәрібір, алға жылжиды, келешекте талай Амандар өмірге келер!

60-70 жылдары ағаларымыз аудан бойынша жауапты қызметтерге тартылды, яғни атқа отырды, Аманкелді Шәріпов - бас инженер, аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігін, «Ақшатау» совхозының директоры; Төлеубек Тоқбергенов - аудандық орталық аурухананың бас дәрігері; Болат Хасенов - Қарағанды облысы бойынша қаржы бөлімінің басшысы, Қуантай Байсарина - аудандық қаржы-банк жүйесінде абыроймен еңбек етті. Серікбай Қабдоллин Қарағанды экономикалық университетінде - проректор, Теміртау орман шаруашылығының директоры міндеттерін атқарды. Шолпан Нашарбекова экономист, қоғам белсендісі ретінде көзге түсті.

Жергілікті партия - кеңес, шаруашылық салаларында жауапты міндеттерді (әр елді мекендерде) Жасұлан Есмағанбетов, Мақсұт Әкімжанов, Егінбай Айтжанов, Қияш Тоқышев, Қдйырберлі Сүйіндіков атқарып, елді мекеннің дамуына үлестерін қосты.

Соғыстан оралған және Қарқаралы өңірінде еңбек еткен азаматтардың қызметтері жоғарыда жазылғандықтан, қайталап жазбадым.

80-90 жылдары қызметкерлердің жаңа легі шығып, арты жас буын өкілдерімен толыға түсті: Нұрсұлтан Тоқышев - Жезқазған облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері, «Ақой» (Просторное) ауылдық округінің әкімі; Қазыбек Есмағанбетов - Қарқаралы аудандық комсомол комитетінің хатшысы, бас инженер; Талғат Шәріпов - Ақшатау ауылдық округінің әкімі; Абзал Секербаев - университетте кафедра меңгерушісі, бірлескен шетелдік компанияның басқарушы директоры, Төлегенов Абай - Қарағанды облысы, Октябрь ауданы, УУО қылмыстық-іздеу бөлімінің жедел уәкілі, қызметтік борышын атқару кезінде қаза болды; Аманжол Бәйленов - Шет аудандық аумақтық инспекциясының ветеринары- бас маманы; Тұрар Тілегенов — стоматолог-дәрігер, кейіннен жеке клиникасын ашты; Дулат Бейсембеков — Қарағанды

политехникалық колледжінің бөлім деканы, Әсет Қосылбеков - газ, коммуналдық шаруашылық орындарының бас маманы, әкімдік қордың директоры; Нұржан Әкімжанов - Шет аудандық әкімдігінің бөлім меңгерушісі, Ерлан Кәрібаев - «Қарағанды Жылу» АҚ-ның инженері; Бақыт Бекенов - Шет ауданы бойынша халықты жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі; Қуат Қабылдин мен Жасұлан Хасенов — облыс орталығында ірі медициналық мекемелердің меңгерушілері. Алмас Нұғманов - ҚР Қарулы Күштерінің бірнеше өңірлік қолбасшылығының Басқармаларында қызмет етті, подполковник, Ғ.Байсарин - Атбасар ауданының прокуроры.

Ал, Айжан Жасұланқызы - ғылым кандидаты, Қарағанды политехникалық университетінде дәріс оқиды, ішімізден шыққан жалғыз ғалымымыз.

Әзірге, біз арамыздан шыққан атақты, зиялы ғалымдарға, өнер қайраткерлеріне, жазушы-ақындарға, қолдаушы лауазымды тұлғаларға, ауылын серпілтіп тастайтын жаны жомарт меценат (қамқоршы) кәсіпкерлерге зәруміз, мұқтаждық.

Тек қана жалғыз кәсіби ақынымыз, бас әріппен жазуға болатын ұстазымыз Кәрігүл Нұғманов бар. Артына рубаяттардан әрі поэмалардан тұратын он шақты томнан тұратын тағылымды шығарма қалдырды. Насихаты мардымсыз болғандықтан есімін, өмір жолын, шығармашылық еңбегін көпшілік білмейді. Тіптен, ауданның өлкетану, жертану шараларында есімі басқа жергілікті ақын-жазушылармен қатар айтыла бермейді.

Мейрімімізді жиендерге берген секілдіміз: отандық экономика ғылымдарына мол үлесін қосқан академик Яхия Әубәкіров (анасы Қапан), Арқаның ардақты азаматы, академик Жамбыл Ақылбаев (анасы Зуһра), ауыр жағдайларды жүріп, өмір сүруге деген құштарлығын мұқалмай көрсете білген ұстаз Жұпар Түсіпов (анасы Жәмила), медицина ғылымдарының кандидаты, ірі ұйымдастырушы-басшы, ауыл жанашыры Аманжол Нұрбеков (анасы Сақыпжамал), Республикаға еңбегі сіңген қызметкер, мемлекетшіл азамат, ауыл жанашыры Серік Мұстафин (анасы Амантай), ауданның кадрлық корпусын тәрбиелеп, қалыптастырушылардың бірі, мемлекеттік қызметкер, ауыл жанашыры Есенбай Қасымов (анасы Нұрқайша) — біздің мақтаныштарымыз, бәрінің аналары — Тоқатай бабаның ұрпақтары, Ақбауырдың тумалары.

Болашақта ұл-қыздарымыз, адал жүрсе, аман жүрсе, талай биіктерден өтіп, аңсарлы шыңдарды еңсерер.

Міне, кеше ғана Тоқатай бабаның бір ұрпағы — Қосанов Болатұлы Айбар бауырымыз бейбіт күннің батыры атанды. Костенко атындағы шахтада, бір өндірістік бөлімінде қауіпті жағдай орын алған. Айбар

750 метрлік төмендікке дейін ошағына барып, түтінді жалғыз өзі ауыздықтаған. Бұл оның міндетіне кірмейді екен, жүздеген кеншілердің өмірі қауіптен құтқарылды. Айбар осы ерлігі үшін Қазақстан Республика Президентінің Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен наградталды. Марапатты облыс әкімі шахта басшыларын ертіп, үйіне арнайы барып, тапсырды. Бұл мақтаныш емес пе?!

Алда ауылымызды сыңдарлы күндер тағы да күтіп тұрды. Аталарымыз Қарқаралы жерінде 110 жыл (1748-1858) тұрып, Ақбауыр елді-мекенінде де 110 жыл (1858-1968) ыстығы-суығы аралас ғұмыр кешіп келе жатқанда, кеңшар территориясы күтпеген жайсыз өзгеріске ұшырады. 1968 жылы совхоз орталығы бұрынғы атаумен Талды ауылына көшірілді: «Комсомол», «Жаңажұрт» бөлімшелері, тіптен, ұзық жылдар Ақбауыр жерінің ажырамас бір бөлігі болып келе жатқан «Байбала» ауыл-қыстағы жеке құрылған шаруашылықтың құрамына енді. Ұйымдастырушы әрі қолдаушылар: Әлихан Шәйкенов — совхоз директоры әрі Кәмәли Дүйсенбеков — аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Ақбауыр орталық ретінде мәртебесінен айырылған соң, ата-бабадан қалған жері қалды. Мәселе — территориялық өзгерісте емес еді, мәселе - талай елге пана болған ауылдың бір күнде күресінге лақтырылып тастағанына еді. Мәселені, асықпай, ақылмен екі жақты ырза қылып шешуге болатын еді.

Ауыл сан жағынан да, сапа жағынан да ойсырай әлсіреді: жаңа совхозға жиырмадан астам ағаларымыз отбасыларымен қоныс аударды, қаншамасы салт істеп, барып келіп жүрді, жетекші мамандар, жүргізушілер мен трактористер, мұғалімдер Талдыға ағылды - орысы бар, немісі бар, қазағы бар, бәрі. Техникалар қоса кетті.

Мүмкін, бұның да, бір қайыры болған шығар, бір жерде қозғалмай отыра бермей, жаңа шаруашылықтың негізін қалап, жаңа кеңістік тапқан болар. Бірақ, қалай айтсақ та, жері мал мен жанға толмаса, басқару жүйесі әбден қалыптасқан билік болмаса - ел де, жер де азады екен; бұл ауыртпалықты ауызбірлік, іскерлік жеңілдетеді.

Ақбауыр бөлімше болып қалса да, жүні жығылмады, өзінің ферма басшысы, орта буынды мамандары (зоотехник, веттехник, агроном) сақталды; егінін салды, жеткілікті пішен қорын жасады, малын өсірді, санын көбейтті, өнімдерін жоспарға сәйкес тапсырып отырды. Ұшағы, автобусы жолаушыларды тасып, қатынас үзбеді. Ауыл отыз жылдай желдің өтіне қасқайып тұрды.

Өмір — теңіз, толқыны бірде арнасынан шығып, бірде кеміп, аласұрып, тыным таппады. Бір ірі өзгерістің болатынын сездірді. Уақыт қым-қуат болса да, жаңа заманның жаңа, жылы лебі келді, халқымыз ғасырлар бойы жыл құсындай аңсай күткен Тәуелсіздік таңы атты. Тәуелсіздіктің

алғашқы жылдары жұртқд оңай соқпады. Алып империяның тамыры түбінен қиылған еді. Экономикалық байланыс мүлдем үзілді. Ел түпкі мәніне жете бермей, «күткен тәуелсіздігіміз осы ма еді» деді. Жалақы алу мұңға айналды. Дүкендердің сөрелері қаңырап қалды. Қалаға көшу үрдісі басталды. Ауылдың барлық құрылымдары бірте-бірте жойылды. Қалада да, ауылда да бұрынғы өмір енді қайтып келмейтіндей көрінді: үйлерін бұзды, өндіріс, әлеуметтік, мәдени нысандар қиратылды. Ескі кірпіштерді, жарамды құрылыс материалдарын Астанаға дейін тасып, жеке меншік үйлерін салу әдетке айналды, әрине, қолынан келетіндер пайдаланды.

Осындай аласапыран уақытта, ауылын, туған жерін қимай, қалып қойған - қарапайым қайсар жандар болды. Өмір талабына сай, таныс емес кәсіпті айналдырды, қарап отырмады, үзіксіз қозғалыста болды, шаруашылықтың жаңа формасы - жеке қожалықтарды құрды.

Ақбауырда: Тұрсын Бекбергенов «Шырақ» қожалығын, Нұрмұхан Түсжанов («Шолақ Түлкіде») «Береке» қожалығын, Қанат Айтжанов («Зәйімкеде») «Дәулеткелді» қожалығын, Марат Шахаев «Шыңғыс» қожалығын, Аманбек Сәрсенбаев «Қуаныш» қожалығын, Еркебұлан Байсалбаев «Жас талап» қожалығын, Алтай Әбенев «Еламан» шаруашылығын, Ербол Төлегенов «Бектас» шаруашылығын, Балтабай Бәйленов «Темірхан» шаруашылығын, Берік Шамғұлов «Жалын» шаруашылығын, Ерік Бикин «Тиыштыбай» шаруашылығын, Бахтияр Хасенов «Ықлас» шаруашылығын құрды.

Талдыда: Аман Сақанов, Серік Бейсенбеков («Жаңа Жұртта»), Аманжол Бәйленов, Ерғали Түсжанов, Аман Бәйленов жеке қожалықтарын құрып, басшылық жасады.

Ақшоқыда: Серік Хамзаұлы Дүйсенбеков «Қызылтау», Дәулет Мұхамедин «Ақниет», Нұрбол Айтжанов «Тоған» жеке шаруашылықтарын ашты.

Біраз қожалықтар әр түрлі жағдайларға, оның ішінде, көш-қонға байланысты жұмыстарын тоқтатты, жерін арендаға берді. Бір жәйт — көпшілігі іскер, жас азаматтардың арқасында жұмыстары жүріп жатыр, материалдық жағдайларын жақсартты, әлденді, қорланды. Айтарымыз табыстарыңыз мол болып, шапағаты отбасыңызға, ауылға тие берсін.

Әрбір ауылдың көз қуантарлық, көңіл жайлатарлық әлеуметтік нысандары болады: шағын клуб үйі, шағын дүкені, наубайханасы, моншасы, үлкендердің де, кішілердің де қатыса алатын доп (волейбол, футбол, т.б.) алаңы секілділер, өкінішке орай, олардың бірі де жоқ. Оларды ұйымдастыру жергілікті (аудандық, ауылдық) биліктердің қолынан келе бермейді. Осылардың ішінде ауылға қымбаттысы - жалғыз сегіз жылдық мектебі еді. Соңғы жылдары оны жабу мәселесі — білім

басқару органдарының күн тәртібінен түспеді. Бұл жәйт қалаға, басқа жерлерге көшу үрдісін тездетті. 2019 жылы, желтоқсан айында мектептің 90-жылдығы ауа-райына байланысты, азшылықтың қатысуымен, бірақ, қызықты өтті. Аудандық оқу бөлімі бухгалтерия аппаратымен қатысып, басшысы халық алдында мектепті жабу мәселесінің енді қозғалмайтынына уәде берді. Алайда, жарты жыл өтпей жатып, 2020 жылы оқу жылы аяқталысымен, мектептің директорын басқа мектепке ауыстырып, мұғалімдерге мектептің негізгі мектеп ретінде мәртебесінен айрылатынын айтып, «бастауыш қалдырсақ, соған рахмет айтыңдар» деп мәлімдеді.

Мектептің қамқоршыл тобы тиісті орындарға шықты. Облыс әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы мен Шет ауданының әкімі Мұхит Сайлауұлының араласуымен мектеп жабылмады. «Аңдыған жау алмай қоймас» дегендей, білім жүйесінің басшылары мақсаттарына жетті, жергілікті әкімдіктермен ақылдаспай-ақ, облыс әкімінің шешімін шығартты, бастауыш сыныптар ғана қалды. Жабу идеясын ойлап тапқан да, іске асырған да авторлар - Шет оқу бөлімінің басшысы Елдос Смағұл мен Қарағанды облыстық білім департаментінің басшысы Гүлсім Қожахметова болды. Бұл - 1968 жылы Ақбауыр орталық мәртебесінен айрылғаннан кейінгі екінші соққы еді. Сылтаулары, желеулері - білім, ал, ауыл тағдырын есепке деп алмады.

Ауыл үнемі прессинг (қысым) астында жүрсе де, аз халықтың рухын көтеретін шараларды ұйымдастырды: 2009 жылы ауыл мектебінің 80-жылдығы тойланды, мектеп сақадай сай дайындалды, кабинеттер жөнделді, компьютерлік сынып ашылды, алаңда ауыл тарихын бейнелейтін көрме ұйымдастырылды; көшелер тазаланды; киіз үйлер тігілді, концерт ұйымдастырылды, ұлттық сайыс - аударыспақ өткізілді.

2015 жыл Ақбауырдың жүзжылдығы атап өтілді: шағын тойхана ғимараты пайдалануға берілді, көшелерде шамдар жарқырады, кітап шығарылды.

2011 жылы қорымдар қоршалып, іші ондаған жылдар жиналған қоқыстар сыртқа шығарылды, зират бейнесі өзгерді, ас берілді.

Қазір Тоқатай бабамыздың 300 жылдығына байланысты, іс-шараларға, шамамызға қарай, аспандатпай, дайындалудамыз.

Өзгерістер бар: су тартылуда, ойын алаңы ашылды.

Болашақтан үміттіміз: Талды - Жаңажұрт арасында «Қаражартас» пирамидасының ашылуы, Қотыр Қызылтауда «Ақ кезең» археологиялық нысанның табылуы, басқа жерлерде де қазба жұмыстарының жүргізілуі, өткен жылы Қызылтау баурайында халықаралық семинардың өткізілуі көңілге сенім ұялатады. Бұл деген сөз Ақшоқыға дейін жол асфальтталады, жол бойында шағын кафелер, шағын қонақ үйлер салынып, сервистік

қызметтің сапасы жақсаратынын, көрікті жерлерге сапалы көлік әрі жаяу жолдар салынады дегенді білдіреді. Жергілікті адамдар жұмысқа тартылады. Бұл бірегей кешенді жоба сапалы түрде жүзеге асса, жол бойында қатар-қатар орналасқан Нұраталды - Ақияқ - Талды — Жаңажұрт - Байбала - Зәйімке - Ақбауыр Шолақтүлкісімен - Ақшоқы секілді ірі-ұсақты елді-мекендер (үш округтің жері) өркендеп, ауданның ғана емес, облыстың, қала берді, республиканың бір керемет туристік бағытына айналар еді. Бұған қосарым, біреулерге күлкілі, ертегі болып көрінер: бір трассаны таптата бермей, айналма жол - Ақшоқы — Ақтөбе - Ақсу-Аюлы көтерме жол салынса, туристер ағыны күшейер еді. Алыс-жақын жерлерден келгендер ыңғайына қарай Балқаш, Алматыға немесе Қарағанды, Астанаға шығып кетер еді. Бұл керемет жоба - болашақтың ісі, республикалық, облыстық деңгейде шешілетін шаруа. Бұл жөнінде 2009 жылы облыстық газет - «Орталық Қазақстанда» жазған болатынымын.

Иә, «бәрібір, өмір алға жылжиды», «әр нәрсенің қайыры бар», «бәрі де - өтпелі, өтеді, кетеді» дейміз. Терең сөздер, сырына кім барған? «Алға жылжидының» алдында қаншама шегіністер, қақтығыстар болатынын; «қайыры бардың» шерлі болып, тұрып алатының; «өтпелі, өтедінің» жылдарға созылып, қасарысып тұрып алатынын, ауыртпалық әкелетінін кәрі тарих біледі. Баба ұрпақтарының 276 жылда басынан да қилы кезеңдерді өткізді.

Өсті, өнді, ел жақсыларына сүйенді; билік тобықтан шалды, басыбайлы құл жасағылары келді — қарсы тұрды, күресті, жеңді; табиғаттың қысқы дүлей жылдарында жұт та, ауыр дерттер де орын алды, өлім-жітім болды — мойымады, ауызбіршілік танытты. Айтылғандардың шындығын архив құжаттарынан, үлкендердің айтқандары мен жазбаларынан табуға болады. Құрметті, жас буын, ықласпен баба ұрпақтарының жолына үңілсеңіздер, ойға салып, зерделесеңіздер - сіздер де жалаң сөзді емес, шындықты баяндайтын жәйттерге қанасыз. Бәрі - тарих сабағы, тарих тағылымы.

Бүгінгі күнге жеттік, барымызға қараймыз, қанағат етеміз. Қасиетті қара жерге тәу етеміз, әрине, негізінен, бес ата жайлаған Шет жеріне алғысымыз зор. Бірге өмір сүріп, бірге еңбек етіп келеміз.

Қазіргі таңда, менің санауым бойынша, «Тоқатай баба» атты үлкен Әулетте: 317 шаңырақ бой көтеріп, 1145 жан тұрып жатыр. Көп те емес, аз да емес. Шүкіршілік. Баба ұрпақтары байырғы жері — Ақбауыр, Ақшоқы, Талды, Нұраталды, Ақсу-Аюлы елді мекендерінде, Қарағанды (басым бөлігі осында), Жезқазған, Астана, Алматы, Қарқаралы қалаларында тұрып, еңбек етуде.

Ұрпақтарымыздың іргесі сөгілмеген, шаңырағы шайқалмаған

мемлекетте, өркениетті елдермен терезесі тең Қазақ елінде өмір сүріп,
еңбек етіп, байқуатты да, парасатты, адал да ілімді болуына нәсіп

Рахмет!

15.06.2024



Сөзсоңы немесе Сырласу

Кітабымның бірінші - «Зерттеулер, ойлар» тарауында төрт автордың мақалаларын назарларыңызға ұсындым. Өзімнің зерттеу мақаламада-еңбегімде, шамам келгенше, жан-тәнімді салып, соңғы архив деректеріне сүйене отырып, Тоқатай бабамызға және ұрпақтарына қатысты материалдарды жинақтап, сүзгіден өткізіп жаздым. Енді, «Сөзсоңында» бұл тақырыпқа қайта-қайта орала беруді жөн көрмедім.

Есесіне, жақындарыммен, бауырларыммен әрі ауылдастарыммен сырласқым, ой бөліскім келеді. Бұл тақырыпқа сөз қозғауға моральдық қақым бар сияқты.

Мен Ақбауырда, Құрамада, Түсіпқажыұлы Исабектің шаңырағында дүниеге келдім. Мені бұл қасиетті шаңырақтан, қастерлі Ақбауырдан бөліп жырып тастауды маған жасаған қиянат деп есептеймін. Қажының үйінде 12 жыл қыстадық, кейіннен колхоз салып берген, қазіргі Нұрмұқан ағайдың жаңартып салған үйінің орнында болған ескі үйде 2 жыл тұрдық.

Ақбауыр жерінде 32 жыл тұрдым. Қызылтау мектебіндегі 1 жылымды қосқанда, 14 жыл мұғалім болдым.

1978 жылы қызмет бабымен аудан орталығы - Ақсу-Аюлыға көштім, 16 жыл тұрдым. Аулыммен байланысымды үзген емеспін, туған жеріме келгенде, үлкендерге сәлем беріп, шай іше отырып әңгімелесуге бір күнім кететін. Әкелер келместің кемесіне мініп, мәңгілік сапарға аттанды, қалаға жаппай көшудің салдарынан аздаған ағалар қалды, олардың да көбісі дүниеден озды, жатқан жерлері жайлы болсын.

1995 жылы Қарағанды қаласына көшіп келдім, ауылмен байланысым үзілген жоқ.

2008-2009 жылдардан бастап, аулымның отымен кіріп, күлімен шықтым десем, шындыққа жанасады. Ауылға қатысты маңызды өмірлік мәселелерді аудандық және облыстық деңгейде көтердім. Облыс әкімдері мен облыстық департамент басшыларының, Шет ауданы әкімдерінің әрі тиісті мекеме басшыларының қабылдауында болдым, хат та жазыстық, телефон арқылы хабарласулар жиі орын алды. Көтерген мәселелерім:

жол, су, мектеп, жарық, Алайғырдың өндірістік әуелетін пайдалану, жергілікті адамдарды жұмысқа тарту, қожалық иелеріне нақты көмек жасау, т.б. шаруалар. Қозғау салынды, орындауға келгенде, билік тараптары жағынан қолдау ауыр жүрді, кейбір көтерілген мәселе үлкен шаруаның бастамасы болды, мысалы, 2014 жылы және 2019 жылы жолға қатыстылары. 2009 жылы бұл мәселені «Орталық Қазақстан газетінде де көтерген болатынмын.

Саны селдіреп, жаны жүдеген ауылға тағылымды өткен өмірін еске салып, рухын көтеретін іс-шаралар өткізіле бастады.

2009 жылы, жаз айында, Торғын бастаған мұғалімдер ұжымы және Ерғалы қолдаған ауыл жастары мектептің 80 жылдық мерекесін жоғарғы дәрежеде өткізді. Мектеп жөндеуден өтті, алаңға ауыл, мектеп өмірін баяндайтын фотокөрме ұйымдастырылды, киіз үйлер тігілді, футболдан жарыс, «Аударыспақ» өтті.

Мен сырттай көмектестім: мектепті ертеде бітірген түлектерден - үлкендерден қаражат жинауды қолға алдым, Шет ауданы әкімі Қайыржан Кәрімұлы Тілеубергеновтың қабылдауында болып, өткізілмекші іс-шара жөнінде мағлұмат бердім. Нәтижесінде, аудандық мәдениет бөлімі киіз үйін ала келіп, концерт ұйымдастырды, Спорт бөлімінің басшысы Аманкелді Қызылов ұлттық сайысты - аударыспақты басы-қасында өзі жүріп, басқарды. Газет редакторы Болат Тойшыбеков қатысып, мақала жазды. Аудан әкімі компьютер сыныбын сыйға тартты. Тамаша мерекелік шара өтті.

2015 жылы, жаз айында, Ақбауырдың арнайы статус - ауыл мәртебесін алғанына 100 жыл толуына байланысты, мерекелік іс-шара өткізу жоспары белгіленді. Кейбір үлкендеріміздің тарапынан қарсылық болды. Онысы заңды да еді, себебі, бұл күн (29.01.2015ж) - ресейлік биліктің бекіткен күні еді. Ал, бабаларымыз болса, осы жерді 1858 жылдан мекендеуде. Алдағы уақытта мерекелік іс-шаралар өткізілетін болса, әңгімені осы датадан бастау керек. Ойластыра келе, 100 жылдықты өз пайдамызға жаратуды қарастырдым. Солай болды да, шара өткенімізді түгендеп, етек-жеңімізді жинап алуға көмектесті: «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» кітабына ауылдастардың, баба ұрпақтарының өмір деректері, жер-су атаулары, «Саржал» (Ақбауыр) алшындырының шежіресі, т.б. енгізілді. Әрі өзге ұлт өкілдері де назардан тыс қалмады. Мүлдем тың мәліметтер - Санкт-Петербургте (1905) жарық көрген кітаптың бізге қатысты деректері жарияланды, бірақ, бұл құжаттын сырына, маңыздылығына, мәніне ешкім бойлай алмады, шын мәнінде, оны түсіну қиын еді.

Іс-шара барысында тозығы жеткен ескі дүкеннің орнына «Ғасыр» кафесі тұрғызылды: жарық, су тартылды, ас бөлмесі кеңейтіліп, ыдыс-аяқ,

тағамды сақтауға лайықталды, есік-терезелері пластикамен ауыстырылды, жылыту батареялары орнатылды, 100-ден аса адам сиятындай бөлмесі керекті жиһаздармен жабдықталды. Көше тазартылды, шамдар тартылды. Аталмыш кітаптың тұсаукесері өткізілді. Ас берілді. Күрес ұйымдастырылды, шағын айтыс болды, марафоннан Төлеутай Смайылов жүгіріп өтіп, өнерін көрсетті. Шараның тағылымды сипаты мол болды. Концерт ұйымдастырылды.

2021 жылдың жазында көп бейіт орналасқан ескі қорым қоршалды. Әруақ қолдаған болу керек, қаржы жинаудан қиыншылық көрмедік. Үлкен ата-әжелерін көрмеген немере-шөберелері де қаржы салды, ерекше бір рухани атмосфера пайда болды. Жоғарыда аталған азаматтардың арқасында, қажетті құрылыс материалдарымен қорым толық қамтамасыз етілді, қаржы жетті.

Ауыл азаматтары іске бірден кірісті, кідіріс те болды. Қазықтар қағылды, сетканы тарту басталды.

Қорымның ішін тазалау басталды. Ондаған жылдар бойы жиналмай, қалдырып кеткен кірпіш, цемент, т.б. материалдардың қалдықтары, малдың қиы қорымды нағыз қоқыс алаңына айналдырды. Әлдеқайда бара қалсаң, аяқ басып жүре алмай - ұялатынсың. Істің басы - қсында үздіксіз Ерболат Бейсенбайұлы жүрді, өзінің көтеріп салатын техникасын қосты, Ақбастаудан Алтынмұратұлы Мүбәрәк техникасымен келіп көмектесті. Ауыл ақсақалы Марат Шахаев кеңес беріп, істің тыңғылықты, сапалы орындалуын қадағалады. Он тоғыз арба-тележка касемсоттікі) қоқыс шығарылды. Іші тазаланды, қоршау азаматтардың, сырттан келгендер де болды, сетка-трубалар боялды. Қорымның ішкі-сыртқы кейпі өзгерді: өз жақындарыңды ғана емес, басқа да тыныстап жатқандардың зиратын аралағың келеді, ескі бейіттер - үнсіз көне шежірелер секілді сырын бүгіп жатыр, жермен-жексен болғандары да бар, ойға түсесің - өткенді шоласың.

Ас берілді: кафе ғимараты мен он екі дастархан сиятын киіз үй тігілді.

Ас алдында бәріміз қоршаған қорым басына жиналды, үлкендер ақ тілегін айтып, батасын берді. Арнайы шақырумен келген Орманбетқажы құран бағыштады, зиратта тыныстап жатқан әулеттің үлкендерінің есімдері аталды. Осылайша көпшіліктің қолдауымен әрі әрекетімен сауапты іс сәтімен аяқталды.

Тоқатай бабамыздың 300 жылдығына байланысты, ақырындап, іс-шараға дайындала бастадық. Амандық болса, келесі жылы өтеді. Мүмкіндігімізге қарай, көрпемізге қарай көсіліп, қарапайым қалыппен өткізгіміз келеді, бірақ, мәнді өтуіне күш саламыз.

Осы 15 жыл мұғдарында аталған іс-шараларды өтісізу және

бабамыздың 300 жылдық шарасына дайындық барысында жүздеген адаммен сөйлесуге, ақылдасуға тура келді- Адам үлкен сабақ алады екен жақындарынды, ауылдастарынды жаңа қырынан танысың, сөзі - тәтті, ісі — қаттыларды, уәдені үйіп-төгіп, еппен сырғып кететіндерді, не онда жоқ, не мұнда жоқ алаңсыздарды кездестіресің. Керісінше, ақырын болып, қарапайым жүріп, шаруаны тыңғылықты тындыратындарды, бұрын көзге көрінбей жүріп, істі атқару барысында жайнап кететіндер бар. Өкініштісі - қатар жүріп келе жатып, жолдан шығып кететіндер бар.

«Бәрі - халықтың арқасында» дейміз, рас сөз; ал, халықты ұйымдастыратын әрі жүктің ауыр жағын өзі көтеретін азаматтар мен азаматшалар бар. Біразының есімдерін атауды жөн көрдім.

Мейрам Жұпарұлы Түсіпов. Ғалым, мемлекеттік қызметкер, Ақбауыр ауылының тумасы. Онымен қызметтес болғаным жоқ, ал, ортақ іс-шараларда іскерлігіне, ықтияттылығына әрі жомарттығына көзім жетті. 100-жылдықта жылқысын, қонақтарды тасымалдауға қызметтік автобус көлігін берді. Ауыл жанындағы үлкен қорымды қоршаудағы еңбегін ерекше атап, бағалауға болады. Комиссия төрағасы болды. Қорымды қоршауға кетер шығынды дер кезінде есептеп, тиісті қаржы жиналған соң, қажетті материалдарды: темір сеткаларды, трубаларды, т.б. ірілі-ұсақтыларға тапсырыс беріп, ауылға жіберіп отырды. Қоршау барысында жетіспейтіндерге қолма-қол тапсырыс беріп, жұмыстың іркіліссіз жүруіне ықпал етті; іскерлігін, біліктілігін көрсетті; осындай жауапкершілік болмаса, қоршау ісі тағы бірнеше айға созылар еді.

Қорымды қоршауда белсенділік көрсеткендердің бірі - Серік Бәйленов. Ол қыс айларында керекті материалдар - ауыр машиналарға арттырып, ауылға бірнеше рет өзі бастап, апарып тастап отырды. Қақпалар мен калиткаларға; күрек, лом, т.б. қажетті саймандарды сақтауға арналған «домик» деп аталатын арнай бөлмені салу үшін, кірпіш, есік, тағы керектілеріне тапсырыс беріп, қорым басына жеткізді.

Үлкендердің болғанына не жетсін, олардың қолдауы, жылы сөздері адамға дем береді. Мектептің 80-жылдығын мерекелеуді естігенде, Әкімжанов Терлікбай, Байсарин Адалбек ағайларымыз ризалығын білдірді, бірақ, кейінгі іс-шараларды көруді маңдайларына жазбады.

100-жылдық әрі 80-жылдық мерекелік шараларда Нұғманов Кәрігұл, Бекбергенов Тұрсын, Ахметов Нықаш, Шәріпов Амангелді, Шахаев Марат, Бәйленов Аман, Бекенов Болат ағаларымыз белсенділік көрсетті, ал, Серік Бейсенбеков бір шараға — қаржысын, екіншісіне — қойын берді. Ауыл үлкендері де қалыс қалмады: Ысқақов Тінәжан, Ахметов Шәкір тиын-тебенін салса, Әбдікерев Бекіш - тайыншасын берді. 100 жылдықта Құрманғазы Сәтбеков пен Берік Сатыбалдин бір-бір қойын

тірідей апарып беріпті.

«Ғасыр» кафесін жиһазбен қамтамасыз ету үшін, Нұрсұлтан -Қияшұлы Жаңаарқаға арнайы барып, үстел-орындықтарға тапсырыс беріп, жасатып, ағаш іскерін ауылға әкеліп, орнатқызып бергізді. Сақанов Қанат керекті материалдарды Қарағандыдан тасуға көмектесті.

- Сүйіндіков Айбар шақырылған өнер, спорт адамдары келе алмай қалған жағдайда, сақтық шараларын жасап қойды.

Жүз жылдықта Болат Бекенұлы, Танас Қасымұлы, Қанат Аманұлы - үшеуі бірігіп, қонақтарды қарсы алуға екі киіз үй тікті. Болат ағай мен Танас және Совет Қабылдин, т.б. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» кітабына материалдар жинауда үлестерін қосты. Есеп-хисапты жүргізген Рая Әбілмажынқызы (100 жылдықта) мен Гүлнар Жұмаділқызы (қорымды қоршауда) әрбір түскен тиын-тебенді ықтияттылықпен есепке алып, жұмсауын қатаң қадағалап отырды.

Жиендеріміз — ауыл жанашырлары Аманжол Нұрбекұлы мен Серік Қамзеұлы әрқашан да бізбен бірге болып, аталы сөздерін айтып, халықты ортақ істі лайықты атқаруға шықырды.

Халықтың жақсылығын, азаматтардың істерін атадық. Ауылға деген жанашырлық қасиетінен таймаған, көптің алғысына бөленген бір адамды әдейі соңына қалдырып отырмын. Ол - Шакен (Торғын) Қамбарбайқызы. Келін болып түскен жерінде, ата-анасынан қапыда айрылған балаларды қамқорлығына алып, тәрбиелеп оқытқаны, үйлі-баранды жасағаны - өнегелі өмірдің үлгісі; бұл - тағылымы мол бөлек әңгіме, мен оған тоқталмаймын.

Торғын еңбек жолын ауылда бастады. Пән мұғалімі, жиырма жылдан астам мектепті басқарды. Біршама тұрақты әрі аумалы-төкпелі кезеңдерді басынан кешірді. Барлық инфраструктура (басқару, әлеуметтік құрылым) жойылған кезде, мектептің ғана емес, ауылдың биресми басшысының рөлін атқарды. Барлық әлеуметтік мәселелерді тиісті органдар алдында көтеріп отырды; халықтың қуанышына ортақтасып, ренішін бөлісіп отырды. Жұрт, тіптен, отбасының шаруасында ақылдасып отырды. Бастысы - ауылдың ауызбіршілігін сақтауға күш-жігерін жұмсап, шынайы ниетімен кірісті. Нәтижесінде, ауыл оны көшбасшысы ретінде мойындады, қадірледі.

Уақыт жылжып өтіп жатты: қызметін тапсырды, жасы келді. Адам психологиясы қызық қой: билігі бар кісіні ғана мойындайтындар сырт айнала бастады, абыройын қызғанып, жамандайтындар табылды, жылпостар қосылып, өздерін дәріптеп, ауылдың шырқын бұзды, ауылдың бірлігіне нұқсан келтірді.

Қандай жағдайда болсын, жанын салды: ауылдың тірлігіне араласты, әсіресе, мектептің сақтауына күшін салды, жетіспейтін пән мұғалімдерін,

балаларды жинады, үйіне жатқызды, мектептің жөнделуіне ықпал етті.

Мектептің 80-жылдығын (2009ж) өткізудің бастамашысы болды, жоғарыда айтқанындай, өз дәрежесінде өткізді. Ол кезде мен колледжде едім, тек теориялық-танымдық конференция өткізуге ғана шамам келер еді.

Ауылдың 100 жылдығында (2015ж) жүктің ең ауыр жағын көтерді асқан төзімділік көрсетіп, 2 айдан астам уақыт бойы ұйқы-күлкі көрмей, ескіріп тозған, құлауға жақын ғимаратты тойханаға лайықтап жасауға, ауылдастарын ұйымдастырды; «бәрі - көпшіліктің арқасында» десек те, оларды үздіксіз іске жұмылдыру оңай емес еді. Бұл жерде де мен ұлттық сайыстардың кейбір түрлерін өткізіп, мәдени шараларды өткізумен шектелер едім.

Аса сауапты іс - қорымды қоршауда (2021), ауыл азаматтарын іске жұмылдырды, қолынан бояу, щетка түспеді, келіп кеткен кісілерді қарсы алды, тамақтандыруға тырысты. Күс-күс қолын, тізесінің дірілін көрдім, жас емес қой. Мен болсам, қаражат түсірудің насихатшысы болдым.

Торғын барлық атқарған істерін маған теліп, менің жақсы атымды шығарды. Адалдығын, тұрақтылығын еш уақытты ұмытпаймын.

Жақсы адамдардың әлі орнын басатындар болады. Осындай адамдарды ардақтамау, құрметтемеу - ауылдың ауылдығына, кісінің кісілігіне сын.

Торғын туралы сөзімді ардақ тұтатын ағамыз, ұлағатты ұстаз, ақын, азамат Кәріғұл Нұғманұлының пікірімен аяқтаймын: «Аулымыздың тарихында тұңғыш рет мектебімздің мерейтойын ұйымдастырушы-қарындасымыз, мектеп директоры Қамбарбаева Торғынға ағаларының атынан алғыс айтып, зор денсаулық, қызық, қуанышты өмір тілейміз!

Ағаларың мен апаларыңның қолынан келмеген мектеп-ананың мерейтойын жасауың, сенің білімдарлық, ұстаздық ұлағатта адамгершілік озықтығыңды паш етеді. Сондықтан да, біз сені ерекше қадірлеп, қастерлеумен қатар, мақтан тұтуға тиістіміз. Өйткені, бұл мерейтой сенің маңдай теріңмен мектеп өмірінде бірінші рет өтіп отыр. Сол себепті де, сенің атың мектеп тарихында қалады. Мен аудан мектептерінің мерейтойын өткізгенін көрген де, естіген де емеспін. Білім ғасырының талабы — бұл ізгі бастама жалғаса берсін!» Бұл — мақаладан алынған үзінді, 2009 жылы, 25 шілдеде жазылған. Жазба оның 2018 жылы жарық көрген «Себептер мен салдарлар тынсы» кітабына енген.

Енді, Тоқатай бабамыздың 300 жылдығын, хал-қадірімізше, атап өтуге дайындық бастадық. Осы уақытқа дейін өткізілген іс-шаралардың ең жауаптысы. Баба ұрпақтарынан толық түсінікті, ас зор жауапкершілікті талап етеді.

Бүгін, 2024 жылдың 8 шілдесі. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» кітабына Архив көзі» деректерінің енгізілгеніне 9 жыл өтті. Деректердің мәнін ашу үшін, жанама материалдарды іздеуге, оларды салыстыруға, зерделеуге 7-8 жыл кетті. Ізденіс 2016 жылдан басталды. Материалдар жүйеленген соң, көлемді зерттеме мақала жазу қажеттігі туындады. "Мұрағат көзіне» үңілген сайын, баба ұрпақтарының 1748-2024 жылдардағы өмірлерінің панорамасы кеңінен ашыла түсті. Жұртты, әсіресе, жастарды тың мәліметтермен құлағдар еттік, насихат іспеттес болды. Азаматтар тереңінен түсінген сайын, баба, оның ұрпақтарына қатысты дүниені бір зерттеу материалмен шектеп қалмай, іс-шараның ауқымын кеңейтуді ұсынды. Басқаруды сұрады, ойланып, қабыл алдым. Себебі, іштей дайындығым, халыққа айтарым бар еді. Құр дақыртпен тойды өткізіп, «Тоқатай кім, ұрпақтарының басынан не өтті, жерді қалай иемденді?» жауап беру керек еді. Әрине, ұсынысты бәрі бірдей қабылдады, түсінді деуден аулақпыз. Біраз адамдар тарапынан салқын қарай, немқұрайлылық, тындауға әрі ізденуге еріншектік осы уақытқа дейін сақталып келеді.

2023 жылдың қазан айында «Тоқатай баба - 300 жыл» Чаты ашылды. Арнайы хат дайындалды, Чаттың ашылу мақсаты түсіндірілді, іс-шараның алдағы жоспары баяндалды. Негізінен, 2024 жылдың міндеттері айтылып, қорытынды іс-шара 2025 жылы өтетінін баяндадық. Алғашқы бас қосу, ақылдасу 2023 жылдың 20 қарашасында өткен болатын.

Шаруаны кітапқа енетін тараулардың бірі - «Шежіреден» бастадық. Алғашқы шежіренің жазылғанына біраз жыл өткендіктен, оны екінші бөліммен толықтыру керек болды: шежіреге қыздарымыз енді, әрине, өмірге келген жас ұрпақтармен, жас шаңырақтармен толықтырылды.

Оңай көрінгенмен, бұл іс ауыр жүрді, ұзаққа созылды. Берілген ләліметтердің сапасыздығы, реттіліктің сақталмауы, техникадан ақау шығу, т.б. жәйттер орын алды. Чатты қалпына келтіруде Әйгерім Серікқызы, Айткүл Тиыштыбайқызы және Шұғыла Тілектесқызы тыным таппады. Кейіннен Шолпан Қияшқызы өз ниетімен қосылып, түскен қаржының есебін жүргізу реттелді.

Шежіре аяқталды. 2024 жылы, 24 сәуірде үлкен жиын - Құрылтай өткіздік. Фотошежіре жасау айтылды. Негізгі шаруа - әр шаңырақтан қаржы жинау мәселесі талқыланып шешілді.

Негізгі іс-шараның жауапты, шешуші сатысы басталды. Алғашқы жарнаны Амангелді Арғынғазыұлы, Алмас Амангелдіұлы және Руслан Асқарұлы салды. Бірақ, ұзақ уақыт тым-тырыс жағдай уақыт алды. Халықтың көңіл-күйін ескеріп, қаржы салудың мөлшерін күрт кемітуге шешім қабылдадым.

Аздап қозғалыс басталды, қоштаушылар саны бірте-бірте арта түсті.

Бұл жолдарды қағазға бүгін (11.07.2024) түсіріп отырмын.

Қаржы салушылар қуанта бастады, сенім туғызды. Жүз пайыз салғандар: Бейсенбек (Төкен, Серік) әулеті, Ақан Шәріп әулеті, Айтжан-Егінбай әулеті, Айтжан Түлік (Қанат, Төлеш) әулеті, бәрі артығымен салды.

Үлкен белсенділік көрсеткендер қатарында: Қосылбек әулеті, Хасенов Тойынек әулеті, Қамбарбай әулеті, Сәтбек Байсары әулеті, Танас Қасым әулеті.

Жақсы қозғалысқа енгендер: Смағұл Мұқсын әулеті, Әрін (Төлеген Қабдолла) әулеті, Бекен Мұрат әулеті, Ауғанбай Шәріп әулеті, Қатымет Сағынбай әулеті, Бике Тиыштыбай әулеті.

Үлкеніміз - Жаңыл жеңгеміз, Қайша, Балқия, Төкіш Қуанта апаларымыз салды.

Міндеттемесек те, қарындасымыз бен қыздарымыз намыстылық белгісің көрсетуде. Баршаға - рахмет! Алла разы болсын!

Қаражат жинау бойынша ауқымды да жауапты шаруалар алда. Баба ұрпақтарының шаңырақтарын есептегенде, түсім мөлшері өте төмен, салған шаңырақтар саны тым аз. Санымыз қыздарымыздың есебінен көбейіп отыр. «Көш жүре - түзеледі» дегендей, бауырларымыздың түсіністік, жауапкершілік танытарына сенімдіміз. Біраз бауырларымды істі ширату үшін, көмек көрсетуге шақырып отырмын. Айдос бірден кірісті, нәтижесін көріп отырмын, орынбасарларым Серік Тұрсын. Ерғали Төлеуғали, Дәлелбек Хасен, комиссия мүшесі Талғат Шәріп аянбай ат салысуда.

Осы жерде қаламымды тоқтатайын. Біраз уақыттан соң, әңгімені жалғастырамын... Сәтін салғай!

Бүгін 2024 жылдың 15 ші тамызы.

Көп ойлар бар еді, жазуға шамам қалмады, ауру меңдеп барады.

Қуанатыным: осы жылдың 12-тамызында Құрылтай өткіздім. төрағалығымды тапсырдым. Танас Қасымұлы төрағалыққа Хасенов Дәлелбек Тойынбекұлын ұсынды, Дәлелбек өз кезегінде Танас Қасымұлын ұсынды, жарастықты, ағайынды сыйластықты көрсетті. Танас Қасымұлы рахметін айтып, ұсынбауды сұрады.

Хасенов Дәлелбек бірауыздан төраға болып сайланды. Жаңа орынбасарларына, комиссия мүшелеріне сәттілік, ауызбіршілік тілеймін.

Кітапты толық әзірлеп, баспаға дайындап беру менің және Шұғыла қызымның мойнында.

2-кезеңде кітапты баспаға беру, ақшасын төлеу, данасын, түрлі-түсті бояумен беретін жерді тапсыру,сигнальный (соңғы) нұсқасын алу,оны тексеру, тарату, тысаукесерін өткізуді Танас Қасымұлы мойнына алды.

Жауапты - «Баян ата» ұрпағы.

Көктасты - «Тағзым белгісі» ауыл жанындағы төбеге (түбінде бұлағы) орнатуды, аса қасиетті шаруаны «Жанғабыл ата» ұрпақтары, «Тлеуғабыл ата» ұрпақтарына тапсырылды.

Ас (тойды) ұйымдастыру - «Дөңгелек ата» ұрпақтарында Қарағанды қаласы тойханаларының бірінде той ретінде өткізу жүктелді.

Соңғы сөзім....баршаларыңызға рахмет!

Мен қарапайым адаммын, бай емеспін, профессор, академик атағын жоқ. Университет проректоры, әкім орынбасары деген лауазым жоқ. Менің қаруым жылы сөз ғана.

Арадан: «балды қалай жасайсың?» дегенде, ол «мен тек ызыңдау ғана білемін, қалғанын Жаратушы жасайды» депті. Сол айтпақшы, мен насихат, жылы сөз айтуды ғана білдім.

Бәрін айтта, бірін айт дегендей, бауырларымның бары жақсы екен.

Бар болыңдар бауырларым, арлы болыңдар.

Игі тілекпен: Марат Исабекұлы Түсіп

15.08.2024 жыл



Нұғманұлы Кәріғұл

Бейімде көп білуге өздерінді!
Қадаңдар сол жерге ойлы көздерінді!
Қысқаша, сендерге осы жайды,
Жазайын естіп білген сөздерімді.

Менің жетінші әкем-Тоқатай-Сырым батырдың баласы деген аңыз бар.

XVIII-ші ғасырдың аяғында Сырым Датовтың басқаруымен болған кіші жүз қазақтарының патша үкіметіне қарсы көтерілісі басылған соң оның балалары Тоқатай мен Қарлыға жан сауғалап, Қарқаралы аға сұлтанына келіп, өзінің жайын ашық айтады. Тоқатай бабамыз әкесі сынды батыр тұлғалы, батыл, өткір, сөзуар, тапқыр адам болады. Текті жерден шыққан іні баласы деп, жергілікті халық оны аса құрметтеп сыйлайды. Өзінің өмірге бейімділігімен лайықты беделге ие болады. Келісімен көп кешікпей үйленеді. Оған еншілікке Кент Боқтыдан шұрайлы жер беріледі. Ерулікпен сиға тартқан малда тез өсіп, қатарлы шаруа жайы болды. Ұлдары Дәулеткелді мен Оразғұлда ер жетіп, үйленіп үбірлі- шүбірлі болады. Тоқаң қарттық басып, қайтыс болған соң, аға сұлтан Жамантайхан олардың Қарақуыс деген жерге қоныс аударуына ықпал етеді. Дәулеткелдіден Баян, Тлеуқабыл, Жанқабыл туады да, Оразғұлдан Дөңгелек туады. Ұжымшыл әрі ұйымшыл немерелер тез баи бастайды. Енді оларға жер тапшылық етеді. Ел ағасы Майқы би бұларға таңдаған жерін беруге уәде береді. Жер аралап шыққан немерелер «төрт Сарыжалды беріңіз»-деп, Майқы биге өтініш айтады. Сөйтіп бабаларымыз осы Ақбауыр жеріне орналасады. Одан бұрын бұл жерлер қыс, жазғытұрым айларында иесіз болады да, жаз күз айларында маңайдағы елдің жайлауы болады. Қатар тұрған төрт таудың бірінен-бірін ажырату үшін сол түстік жақтағы Ақбауырдан 10 км. шамасы тұратын шеткісін «Кіші Сарыжал» деп, Батыстан шығысқа қарай созылып жатқан 10 км. шамасы көрші тауды «Үлкен Сарыжал» деп атаған Білімге, әңгімеге құштарлық, серілікпен аңшылыққа әуестік -

әкеден балаға беріліп келген. Молдашбай, Жанқабыл, Өтетілеу, Құнанбай, Адай, Қасен, Есмағанбет, Қуандық, Асылбек, Аман, Сатбақ деген адамдар өз дәуірінде елдің тәуір атқа мінерлері, ескіше оқыған, әм, ел ағалары болған. Ат жалын тартып мінген жігіттері және қарттарына дейін аң аулауға еліктеп, екіден жүйрік тазы, жүйрік ат ұстаған. Аңды қызық көріп, көбінесе бірігіп аулайтын. Осындай бір топ жігіт топтанып аң аулап келе жатқанда, қазіргі «Шолақ түлкі» тауының бір сайынан екі түлкі қашады. Жігіттер екіге бөлініп, екі түлкіге де ит қосып қуып береді. Ақырында тауды үш айналған түлкіні ит ұстайды. Бұл қылшығы бір қарысқа тақау терісі құбылған шолақ күйрық қара түлкі болып шығады. Екінші топ қуған түлкі екінші бір қатар тұрған тауға қашып барғанда, оныда тазылар ұстайды. Бұл түлкінің аузында тісі жоқ, кәрі түлкі болып шығады. Міне «Шолақтүлкі» және «Кәрітүлкі» деген тау аттары осылай қойылған екен. Біздің әкелеріміз келгенше кәзіргі Қызылтау алқабына Қараменде елі иелік етеді. Біздің әкелеріміз келіп, бұл жерлерге орналасқан соң олар Қазығұрт тауына ығысып сонда мекендейді. Ел ағасы Қараменде ақсақал жаз айының бір жайдары күнінде, өзінің жақын серіктерімен жер шолуға шығып Қызылтаудың шығыс жақ алқабына биікте тұрып көз жүгіртеді. Алуан түрлі жұпар иісті шөбінің бәрінен бой асырып, желкілдеп тұрған үкілі ақ селеуінің көрінісіне сүйсініп: «Пай-пай!

Мына Қызылтаудың бауырына қараңдаршы.Сыр-тын ақ май басқан кәдүілгі ақ бауырға ұқсайды. Ал маймен жеген бауырды бәріңде ұнататын шығарсыңдар деп, мысқылдап көз жүгіртеді». Содан бастап бұл жерлер Ақбауыр аталап кетеді. Баяғы заманда Керней руының атақты ел ағасы Бұғаң (Бұғыбай) ақсақал нөкерлерімен жаз айында жолаушылап келе жатып, бір өзекке түсіп, босаңсыған аттарын шалдыра-ды. Айналасының көрініс көркіне, түрлі түсті кілемдей құлпырған көк балауса қалың шөбіне жан дүниесімен қызыққан Бұғаң: «Шіркін осындай жұпар иісті көк орай шалғын, бәйшешек аралас өсетін бұл неткен ғажап топырақ болды екен!» деп, еңкейіп жерден бір уыс топырақ алып иіскейді де сөзін жалғастырып: «Неткен тамаша! Қоңырсыған майдың иісі шығады. Үстелдей шымын ойып алып кетсем әттең ат саурында тұрмайды-ау.»-деп өзінің бұл жерге аса қызығып сүйсінгендігін білдіреді. Атқа қонғаннан кейінде аттары бір түрлі ширақ басып, көздері жайнап шыға келген. Мұның бәрін сезімталдықпен аңғарған Бұғаң: «Нағыз майы шығып тұрған май өзек екен-бұл өзек.»-деп жігіттеріне қарағанда оларда Бұғанды даурыға қоштаған екен дейді.

Содан бастап бұл өзек - «Май өзек» аталып кетіпті. Егерде бұл өзектің суында, жерінде тиімді пайдаланса 10 мыңдаған адамды арзан овошпен камтамасыз етуге болар еді. Шамамен 500га. Жерді суландыруға болады.

Сөйткен Майөзек әлі назардан тыс өз дәрежесінде тиімді игерілмей келеді. Содан бері бұл жерлер дем алып тыңайтылмаса да, беретін өнімі басқа тың жерлерге салған егіннен артық болмаса кем болып көрген емес. Тіпті жергілікті тыңайтқыштардың өзінде пайдаланып көрген емеспіз. Егер тек осы ауылдағы күлмен көң қорын пайдалансаң, біріншіден ауылымыз қоқыр-соқырдан тазарып қолайлы болса, екіншіден егін шығымы артқан болар еді. Бұл фактілерде біздің бабаларымыздың Жер туралы айтқан ой пікірлерінің өте дұрыс екендігін көрсетеді.

1914-жылы патшалы Ресейдің отарлық саясатынмен шұрайлы жер іздеп Украинадан келген жиырмаға тарта әулет табиғаты әдемі түгін тартса майы шығатын осы күнгі Ақбауыр деген жеріне қоныстанды.

Патшаның “ұзын сойыл ұрда жық” саясатының жүріп тұрған кезінде бұл жерді мекендеп келген “алпыс үйлі алшын” тоз-тоз болып сол төңірекке қоңыс аударуға мәжбүр болды. Орыстар қазақтарды жалдап үйлерін салдыртып, малдарын бақтырды. Шөп шаптырып егіндерін салдыртты.

Коваленко Я.С., Дерый Д.Я., Канков Ф.И., Васеленко А.И., Семененко М.А. сияқтыларды тез байып алды. Бұлар 1929 жылдары кәмпескеге (малын ортаға күшпен алу) ілікті. Ал қалғандары орта, кедей шаруалар жергілікті қазақтармен тіл табысып колхозға бірікті. Орыстардың ағартушылық ықпалының әсерімен жергілікті халық тілін үйрене бастаумен қатар, отаршылыққа бейімделді.

Егіншілікке бет бұрды. 1901 жылы Адаев Смағұл, Адаев Нұғман және Құлбаев Ақымжан сияқты әкелеріміз жиған терген қаржысына Қараөткелден екі “қара соқа” сатып әкелді. Бұл ортада алғаш рет қазақтар ішінде соқамен егін сала бастады. Әкей ағасы Смағұл екеуі “Үлкен Саржал” тауының күн батыс шегі жартастан тоған байлап өзеннің суын “Жекежал” ойысына қарай бұрып 4-5 га жерді суландырды. Оған бидай тары салды. Бұл егін жай ауылға 2-3 шақырымдай - ақ таяу болғандықтан елдің малы түсіп күні-түні маза көрсетпейді. “Дәндедім, дәндедімде нан жедім”-демекші бұл сұрапыл мандай тердің еш кетпесіне көздері жеткен ағайындылар енді тоғанды мал аяғы баспайтын ауылдан он сегіз — 20 шақырым қашықтықта жатқан “Ақбастау” деген жерден байлайды. Қайнар бұлақтың суын екі үш км жерге бұрып он шақты гектар жерді суаруға қол жеткізген екеуінің еңбегіне қалай ғана ғажаптана таңырқанбассың. Екеуінің күрекпен байлаған тоғанын колхозда, совхозда қазіргі заман техникасымен байлауға дәрмені жетпейді ғой. Сол қос тоғанның ізі еңбектің құдіретін паш етіп әлі күнге сайрап жатыр.

Әкеміз өз еріктерімен ауыл шаруашылық артеліне мүше болғаннан кейін меншігіндегі соқасын колхозға берді. Тың жерде алты өгіз, аңызда 4 өгіз жегіп, осы соқалармен Ұлы Отан соғысы кездерінде бізде колхозда

жер жырттық. Күш көлік жетіспегендіктен көбінесе меншіктің сиыр, биелерін жегіп егін салдық, шөп шаптық. 1933 жылға дейін колхозда болсын, меншікті болсын егінді күрекпен салатын, оны алғанда қолмен оратында дестелеп баулап, қырманға арбамен тасып, атпен сиырмен таптатып, бастырып үктіретін де, сабанын айырмен екшелеп алып, бидайдың қауызын ажырату үшін күрекпен желге қарсы көтеріп найқандайтын. Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдарда егін шабатын «лабогрейка», оны бастыратын «молотилка» деп аталатын сол уақтағы техника түрлері шықты. Мынандай бір уақиға кешегідей-ақ көңіліме оралды. 1935 жылдың май айы болатын. Ермеков Төкен, Қасенов Тойымбек және мен үшеумізді менің әкемнің әкесі және оның әкесінің туған інісі Есмағанбет деген кісі әке-шешемізден сұрап әкеттіде, күрекпен ойғызып жұмсақ аңіздың қара топырақты ойлау жеріне күні бойы арпа салдыртты.

Біз онда өз бетімізбен үйдегі асыранды түлкілерімізге тышқан аулап, одан қалды уақытты ойынмен өткізіп жүрген 8-9 жастар шамасындағы баламыз ғой.

Міне біз бұдан кейін жазғы каникул кезінде 1944 жылға дейін әскерге алынғанша қиын еңбекке араласып күніне 12-14 сағат жұмыс істейтінбіз. Сол қиын еңбек бізді шыңдап шынықтырды.

1930 жылы Қарқаралы ауданы 7-ауыл, Бесоба советіне қарасты 30, 40 үйден Роза Люксембург артелі ұйымдасты. Артелде 110 бас сиыр, 40 өгіз, 30 ат, 50 қой-ешкі болған. Егіс көлемі 150 га, 10 арба, 15 соқа, 7 шөп машина алғашқы жылдары жұмысқа пайдаланған.

Алғашқы колхоздың басқармасы болып Коваленко Леонид Семенович сайланған. Басқарма мүшелері: Есіргепов Сәдуақас, басқарма орынбасары Қарақатов Рақымберлі, Игілікова Р., Баймағанбетов Малдыбек, Бурнаев Ғаппар, Жакупов Ақмедия-бригадир, Ботов Дмитрий Илларионович-счетовод.

1932-33 жылдары колхозға мүше боп Бекібаева Злиман, Ахметова Қ., Адаев Смағұл, Тапенов Қасым, Тапенов Ахмет, Бошанов Жанбек, Алтыбаев Құсайын, Ахметов Қами, Ауғанбаев Шәріп, Қасенов Бекен, Сәуленбаев Қойбағар, Асаубаев Омарбек, Жансейтов Бекберген, Ақыжанов Қуанышбек, Кенжебеков Түсіп колхозға мүше болып кірді.

Адам күшінің көбеюі колхоз шаруашылығының көтерілуіне мүмкіндіктер жасады. Сол 1930- жылдан артель мүшесі Бурнаев Қаппар өзінің ұқыптылығымен осы уақытқа дейін осы мәліметтердің бәрін өзінің қойын дәптерінде сақтаған. Осы дәптердің бірінші бетінде өндіріс бригадирі Есіргепов Сәдуақас сауатсыз болғандықтан ол үшін және өзім үшін мен қол қойдым деген басқарма Коваленконың қолы бар. Бұдан бұлайғы беттерінде колхоздың жыл сайын алған құрал саймандарының

есебі және кіріс шығыс есебі, істелінген жұмыс түрлері жазылған.

Бұдан бұлайғы беттерінде колхоздың жыл сайын алған құрал саймандарының есебі және кіріс шығыс есебі, істелінген жұмыс түрлері жазылған.

30-жылдары ауыл шаруашылығында да өнер кәсіпте де қол жұмыс басым еді. Соқашыда оның бөгеншігі де күні бойы салпаңдап жаяу жүретін. 1 соқаға норма 1 га. Шөп машинаға екі өгіз, 1 ат не 4 өгіз жегілетін күндік норма 6 га. Онда да 2 кісі жұмыс істейтін-машинист және бөгеншик. Шабылған шөп жазда «қос дрэбиналі» (қос қорапты қыста «айырплан шанамен» (кең қанатты шана)тасылатын. Адамдар жан тәнімен еңбек етуге құштарлық білдіргенмен оған күш көлік жарамай тез қалжырап қалатын. Адамдардың мәдени тұрмыс халіде тым нашар еді. Олардың еңбек ақысына еңбек күн жазылатында, оған ақы жыл аяғында бірақ төленетін, оның өзі жыл көбінесе болмайтында, ал бола қалса тым мардымсыз болатын. Сондықтанда адамдардың тұтыну қажет толық өтелмейтін. Артель мүшелері көбінесе өз меншігіндегі шағын малының өнімдерінің есебінен жан сақтайтын. Күн ұзаққа істеген ауыр еңбегінің ақысын сұрап талап етпейтін.

Үйткені қол еңбегінің өнімінің төмен екендігін олар өз көздерімен көріп жүрді.Егін аяғында астық өнімі тұқымнан артылса оны мемлекетке тапсырады. Міне сондықтанда нанда өте тапшы болды. Әсіресе меншігінде малы шағын көп семьялы адамдар үшін өмір сүру тым қымбатқа түсті. Еліміз ішкі және сыртқы жаулардың салған жарақатының зардабынан әлі айыға қоймаған еді.1932 жылы Қазақстанда ашаршылықтан халықтың біраз бөлігі шығын болды. Еліміздегі халықтардың туысқандық көмегі арқасында барлық мүмкіндікті пайдаланып ашыққан адамдарға продукт жеткізіліп тұрды.

Бірақ қолдан қолға өткенде қатал талапқа қарамастан, ол продуктілер ұрланып өз мәнінде берілмеді. Бір факті келтірейін. Өзінің меншікті ат шанасымен сол уақытта «продпомощь» тасуға жалданған Сатбеков Байсары былай дейді: «1932 жылдың қысы. Секербай екеуміз біз сыяқты жеке шанада продукт әкеле жатқан артельдің хатшысы әм біздің басшымыз Нығыманов Қасымнан «Суықта тоңып тасыған ақымыз бар ғой, құдай үшін жүргеніміз жоқ, бәрі жан сақтаудың қамы ғой, бірігіп бір аз астық алайық өзімізге деп ауылға тақалған ат шалдырмада, одан жайда жалыныпта сұрап көріп едік, «менің басым кетеді, сендердің ағайыншылықтарың қайда деп, азар да безер болып ілікпей-ақ қойғаны Жарайды қолыңнан бермесең жолыңнан алармыз деген оймен қырындай беріп Секербайға қарап көзімді қысып қалдым. Ат шалдырып болғаннан кейін әдеттегінше жол алдында Қасым түсіп,- қалмай жүріп отырыңдар аттарың тынығып қалды ғой деп бізге мойнын бұрып бишігін үйіріп

жолға түсіп кете барды. Біз әжік-бүжік әр неге алданып болып, әр қаптан аз-аздап бас аяғы бір пұтқа тақау астық ұрлауға келістік. Біз көп бөгелмей жүріп келе жатқан соң ол артына тым сирек қарайтын болды, Өзіміздің запас қабымызды ыңғайлы жерге қойып әр қаптан шағындап қолмен астық салып келе жатырмыз. Көзіміз Қасымда, ол артына қарай бергенде біз дереу ат айдаған болып бишікті ишыра қоямыз. Ауылға тақалғанда Шоқалақ кезеңнің тұсында Қасым кезекті артына қарай бергенде мен атты тоқтатып тамақ бауына жармасып қайта байлағандай қасақана бүгжендеп жатырмын. Қырындап оған көз ұшымен қарап қоямын. Ол дөң аса бергенде жан ұшыра екеуіміз екі жерге қалың қарағанның арасына ұрланған астығымызды тастай салып үстін апыл-құпыл қармен жауып асығып жүгіре келіп шанаға отырдықта, Қасымның қарасы көрінгенше атты ширата айдадық. Ол түкте сезбеді. Түнде барып олжамызды әкеліп семьямызбен мәз-майрам болып қуанышқа бөлендік. Ол уақытта орта қап астық үлкен байлық болып саналатын еді ғой дейді Байсекең. Бұл жерде Қасымды кінәләйін деп отырған жоқпын, ол уақытта тәртіп өте қатал болатын.

Бір қарындаш, не бір уыс бидай ұрласаң да 3-5 жылға соттайды. Ортаның қойын бағып отырып, қойшы бір қойды ұрлап сойып алады, оған сол үшін бес жыл түрме кесілді деп Байсікең сөзін тағыда жалғастырды. 1933 жылдың көктемі.

Ауданнан 5 өгіз арбамен тұқым астығын әкеле жатырмыз. Қарнымыз ашқан соң жолда өгіз шалдырып, өзіміз бидай қуырып жеп отыр едік алыстан бір қара көрінді. Біз тұқым бидайын қуырып жеп отырғандықтан қатты қорқып тез жүріп кетуте ыңғайланып едік, қырсыққанда жігіттердің біріне-бірі сілтеп ұзап кеткен 10 өгізді айдап келуге ешқайсысы бармай-ақ қойғаны. Монда тағы мен тұрып:

«Сеңдер неге қиналып отырсыңдар біздің бастығымыз мына лодр Қабылда, өзі басқарманың інісі. Анау келе жатқан өкілге бидайды қуыртқан осы демеіміз бе-деген де ол бізге жалынып, өгізді өзі барып айдап келгені-деп мәз болды.

Сөйтсек ол бір жолаушы екен. Біз неше қилы Отанға төнген қиын қыстау жағдайларды осы ұйымшыл тәртіптің нәтижесінде жеңіп шықтық қой деп Байсікеңде әңгімесін аяқтады.»»

1930-1937 жылдары Роза Люксембург колхозын Коваленко Л.С. басқарды. Іскер талапшыл басшы колхоз шаруашылығын өркендетуде ұзақ жылдар бойы аянбай еңбегін сіңіріп аудан бойынша үлкен беделге ие болды.

1931-1932 ашаршылық жылдарында ерекше білімдарлық қабілет, жігерінің арқасында колхоздың адамында малында сақтап қалды. Оның осы ұйымдастырушылық іскерлік қабілетінің дағыбыртын естіген

жолға түсіп кете барды. Біз әжік-бүжік әр неге алданып болып, әр қаптан аз-аздап бас аяғы бір пұтқа тақау астық ұрлауға келістік. Біз көп бөгелмей ілесе жүріп келе жатқан соң ол артына тым сирек қарайтын болды. Өзіміздің запас қабымызды ыңғайлы жерге қойып әр қаптан шағындап қолмен астық салып келе жатырмыз. Көзіміз Қасымда, ол артына қарай бергенде біз дереу ат айдаған болып бишікті ишыра қоямыз. Ауылға тақалғанда Шоқалақ кезеңнің тұсында Қасым кезекті артына қарай бергенде мен атты тоқтатып тамақбауына жармасып қайта байлағандай қасақана бүгжендеп жатырмын. Қырындап оған көз ұшымен қарап қоямын. Ол дөң аса бергенде жан ұшыра екеуміз екі жерге қалың қарағанның арасына ұрланған астығымызды тастай салып үстін апыл-құпыл қармен жауып асығып жүгіре келіп шанаға отырдықта, Қасымның қарасы көрінгенше атты ширата айдадық. Ол түкте сезбеді. Түнде барып олжамызды әкеліп семьямызбен мәз-майрам болып қуанышқа бөлендік. Ол уақытта орта қап астық үлкен байлық болып саналатын еді ғой дейді Байсекең. Бұл жерде Қасымды кінәләйін деп отырған жоқпын, ол уақытта тәртіп өте қатал болатын.

Бір қарындаш, не бір уыс бидай ұрласаң да 3-5 жылға соттайды. Ортаның қойын бағып отырып, қойшы бір қойды ұрлап сойып алады, оған сол үшін бес жыл түрме кесілді деп Байсікең сөзін тағыда жалғастырды. 1933 жылдың көктемі.

Ауданнан 5 өгіз арбамен тұқым астығын әкеле жатырмыз. Қарнымыз ашқан соң жолда өгіз шалдырып, өзіміз бидай қуырып жеп отыр едік алыстан бір қара көрінді. Біз тұқым бидайын қуырып жеп отырғандықтан қатты қорқып тез жүріп кетуге ыңғайланып едік, қырсыққанда жігіттердің біріне-бірі сілтеп ұзап кеткен 10 өгізді айдап келуге ешқайсысы бармай-ақ қойғаны. Монда тағы мен тұрып:

«Сендер неге қиналып отырсыңдар біздің бастығымыз мына лодр Қабылда, өзі басқарманың інісі. Анау келе жатқан өкілге бидайды қуыртқан осы демейміз бе-деген де ол бізге жалынып, өгізді өзі барып айдап келгені-деп мәз болды.

Сөйтсек ол бір жолаушы екен. Біз неше қилы Отанға төнген қиын қыстау жағдайларды осы ұйымшыл тәртіптің нәтижесінде жеңіп шықтық қой деп Байсікеңде әңгімесін аяқтады.»»

1930-1937 жылдары Роза Люксембург колхозын Коваленко Л.С. басқарды. Іскер талапшыл басшы колхоз шаруашылығын өркендетуде ұзақ жылдар бойы аянбай еңбегін сіңіріп аудан бойынша үлкен беделге ие болды.

1931-1932 ашаршылық жылдарында ерекше білімдарлық қабілет, жігерінің арқасында колхоздың адамында малында сақтап қалды. Оның осы ұйымдастырушылық іскерлік қабілетінің дағыбыртын естіген

айналадағы Қарқаралы, Шет аудандарының аштық апатынан аман қалған адамдары жан сауғалап осы Ақбауыр ауылына лек-легімен ағыла бастады. Ол жеті жылдық мектеп үйін, колхоз клубін, кеңсесін, әм дүкен қойма, мал базарларын, қыстық үйлерін салдыртты. Олардың көп жылдық халыққа қызмет етуін ойластырып, құрылыс ағаштарын Қарқаралының қарағай мәтке, сырғауыл, тақтайларымен қамтамасыз етті. Құрлыстың қабырғаларын құйма кірпіштерден қалатты. Тұрғын үйлерін, мал қораларын заман талабына сай сапалы салынғандықтан ауыл ажарын кіргізіп, колхозшылардың көңілдерін көншітіп еңбекке жігерлендірді.

Бұл жайт колхозды аудан колхоздарының алдына шығаруда үлгі өнегедей бастама болды. Ол салдырған осы құрылыстар ұзақ жылдар сапалығымен шыдас беріп 50-60 жылдар бойы қызымет етті.

Егер заман сан құбылып азып тозбағанда, ол құрылыстарға адамдық ізгі көз қарас қалыптасқанда, олардың әліде қасиетті мұражай болып сол күйінде тұра береріне ешкімде күмән келтірмес еді-ау бүгінде. Бұл тамаша құрылыстардың бәріде жетпісінші-сексенінші жылдарда иессіздікке ұшырап надандық пығылдағы дүмше білмейтін бүлдіру, сындыру ұрлық-қарлық, содыр-сойқандыққа әуезе тұрғындардың қолымен бұзылып жермен жексен болды.

Заман азса еңбексіз оқу-тоқуы жоқ бағыт-бағдары жоқ шала сауатты жандардың да азары-тозары «біс балық, аузыма түс балыққа» әуезе боп оңай олжаға әузе болары бар емеспе қашаннан.

Жергілікті халықпен тіл табысқан оларға жиырмасыншы отызыншы жылдарда рухани материалдық көмек көрсетіп аштық босқындық апатынан арашалап қалған осы орыс келімсектері еді. Бұлар орыс украиын халықтарының жиырма шақты үйден тұратын өсуге өркениетке ұмтылған ұйымшыл бір әке шешеден туғандай өз ара тату-тәтті өмір кешуге құштар жандар еді. Өздеріне сәулетті үйлер тұрғызумен қатар өзен бойын, ауыл маңын бау- бақша етіп, өрістерін малмен толтырып, тез байып, жергілікті халыққа еңбектің құдіретін паш етумен қатар ырыс, дәулет нәпаха да түсіріп отырды. Алғаш келген кездерінде жергілікті халықпен бұлар орыс тілінде ымдап сөйлесе, кейіннен бірте-бірте қазақ тілінде сөйлесуге қол жеткізді. Бұрын орыс тілін естіп білмеген қазақтардың орыс тілін үйренуінен, бұлардың қазақ тілін тез үйренгені мәлім болды. Орысша айтқаныңды түсінбеймін, онандағы бізге өз ойларыңды қазақша айта беріңдер, қысылып қымтырылмай дейтін бұлардың ерлері де, әйелдері де.

Жағымпаздыққа негізделген Советтік қоғамда ауданның дүмше бастықтарымен Леонид Семенович сияқты еңбекқор өр кеуде жанның да тіл табыса бермеуі ықтимал ғой. Ол 1936-1941 жылдары өзінің

орнына өзінің ұсынысы мен колхоз басқармалығын Бюриков Андрей деген орысқа (жерлесі) тапсырды да өзі колхоз қоймашысы болды.1936 жылы социализмнің жеңісін паш ету кезеңі деп жарияланған уақытта колхоз ішінде де өзгерістер мен жаңалықтар жүріп жатты. Жаңашылдық атаулыға бет бұрыс ілгерлеушілік мәдени ағарту жұмыстарындағы жетістіктер бірінен соң бірі көңіл көзге жиі көрініс бере бастады. Бюриков Андрей жылы жүзді жергілікті халықты ішке тартып еңбекке баулуда ұстазы Леонид Семеновичтің шәкірті болғандықтан, оның ақыл кеңесімен еңбек етті. Ол кезде колхоздың кеңсесі Леонид Семеновичтің салдырған оң түстіктен сол түстікке қарай созылған ұзындығы шамамен 100 метрдей ені 10 метрдей қойманың оң түстік жалғасында орналасқан.1936 жылдың көктемі. Біз онда орталығы Ақбауырдан екі шақырым жердегі Құрама колхозында тұрамыз. Онда мен екінші класта оқимын. Сабақтан шықсымен оң түстіктен сол түстікке қарай созылған кең орталық көшемен дүкенші ағайдың үйіне келе жатып бұлбұлша сайраған дауысты естіп, қай жақтан шығып жатыр бұл ән деп бағдарын алып, есігі ашық тұрған колхоздың кеңсесіне қарай жүріп келемін. Кеңсенің ішінде 4-5 адам отыр. Мен кіруге олардан бата алмай бұрын ести көрмеген ғажайыпқа сұқтана таңырқаумен босағада сүйеніп тұрмын. Олардың менде шаруасы жоқ өз ара мәзігіп сиқырлы қара табақшадан шыққан әуенді тындап отыр. Бұл жаңа басқарманың алғашқы жаңалығы радиоқабылдағыштан осылайша басталды. Сол күнгі бұл ғажайыпқа толқумен есіктен үйге кірісімен әке шешеме көрген білгенімді айтып жатырмын.-Қой сен алданған шығарсың, қара табақшада жан жоқ, ол қалай сөйлейді, деп қарт әке шешем маған илана қоймады.

- Рас, рас әке мына көзіммен көріп, мына құлағыммен сыңғырлаған әйелдіңәндерін естідім деймін менде оларды нандырмақ ниетте өзеуреп.

- О, құдайдың құдіретінің күштісі ай. Ә, темірге де жан салып сөйлеткен деп, әкемде таң тамаша болып отыр. Бірақ ғылымның құдіретінің күштісі-ай! демейді, ол заманның адамдары ірі жаңалық ашылыстардың бәрін өздерінше құдайдың құдіретіне меңзейді. Бұл жайт халықты «бұрынғы жартас-сол жартас» демекші білуге, үйренуге тануға құштарлық сезімін оятпай топастандыра береді емеспе.

Ғылымдағы, жаратылыстағы,табиғаттағы, әлемдегі адам өміріндегі өзгеріс жаңалықтардың бәріде себептермен салдарлардың тынысы екендігін түсіне білуге адамдардың ой-өрісі жетпей келеді ғой әліде.

Бюриков Андрей Байбала, Сарыоба деген шұрайлы жерлерден мал қораларымен үйлер қоймалар салдыртып Құстас, Кепе, Жаңғызтаудан мал қыстақтарын, Ақбауырдан темір, ағаш ұстаханаларын салдыртты. Онымен қатар халыққа нан жеткізу қамын ойластырып механикалық

дирмен орнатты. Ол дирмен 1972 жылға дейін ауыл адамдарына қызмет етті. Бұл дирменнің ұзақ жылдар бойы тынымсыз істеуіне себепші болған елдің алғысына ие болған қадірменді ағамыз Ермеков Шүленбай еді. Техника атаулының тіліне жетіктігі білгірлігімен колхоздың егін жайына бірінші трактор салғанда осы кісі. Ұзақ жылдар бойы дирменші, әм инженер механик, бригадир болып халыққа адал қызымет етуінің нәтижесі үлкен бедел, қадыр қасиетті табанақы маңдай термен жеңіп алды.

1941 жылы Бюриков Андрей әскерге алынып колхозға басқармалыққа Бурнаев Қаппар деген жас жігіт келді. Өзінің жастық күш жігерін жұмсап іске құлшына кіріскенімен бір жылдан кейін олда әскерге алынды.

1962 жылы «Путь к коммунизму» совхозының орталығына талас туғанда, орталығын Ақбауыр жасамақ ниегінде, село тарихын жазуға құлшыныс білдіріп қажетті деректер алу үшін Қаппар ағаймен тілдестім. Ол өз үйінде мені жылы жүзбен қабылдап қойын дәптерін алдыма жайып салып, сандық мәліметтерге түсінік берді. Қойын дәптердің бірінші бетінде колхоздың өндіріс бригадирі Есіргепов Садуақас сауатсыз болғандықтан ол үшін және өзім үшін мен қол қойдым деген басқарма Коваленко Л.С. қолы бар. Бұдан бұлайғы беттерінде әр түрлі шарушылық есеп қисабы ұқыптылықпен тіркеліп күн сайын жазылып отырылған.

30/X-1942 жылы колхоз басқармасы Бурнаевтың әскерге кетуіне байланысты орнына келген Ордабаев Қасқатайға 548 бас сиыр, 1052 қой - ешкі, 96 бас жылқы, 18 бас шошқа өткізген. Ал 1948 жылы Ордабаев Қасқатайдан колхоз басқармалығын қайта қабылдап алғанда 529 бас сиыр, 130 жылқы, 23 түйе, 1218 қой-ешкі, бір автомобиль зис болған. 1956 жылы колхозға басқарма болып Береза Александр Илич келгенде оған Бурнаев Қаппар 948 бас сиыр, 2991 қой —ешкі, 231 жылқы, 10 шошқа, 150 бас тауық, 8 жүк машина, екі жеңіл машина, 1 трактор тапсырған.

23/X-1950 жылы “Розо-Люксембург”, “Құрама”, “Шаруатеңеу”, “Жаңа жұрт” төрт колхоз қосылуына байланысты барлығы 366 бас жылқы, оның 47і бие, 1249 бас ірі қара оның 280і аналықтар, 21 бас түйе, 283 тауық болған. Осы жылы керекті 5335 тонна шөптің орнына 5769 т шөп дайындалған 1300 га жерге егін салынып гектарына 2,3 центнер бидай өнімі алынған 27 шөп машина, 11 ат тырнауыш, 37 мала, 39 бір тілді соқа, 4 сүт машина, 24 арба т.б. болған.

		Үй саны	Жан саны	Жас ерлер 16-60	Жас әйел 16-55
1	Роза-люксембург	90	348	44	74
2	Шаруа теңеу	42	162	24	21
3	Құрама	39	150	21	21
4	Жаңа жұрт	38	120	26	22
	Барлығы	209	780	115	138

Аудан көлеміндегі 41 колхоздың шаруашылық саласындағы ең үлкені осы Роза — Люксембург колхозы болып келген.

1961 жылы осы Роза - Люксембург колхозының негізінде “Путь к коммунизму” совхозы құрылды. Оның төрт бөлімшесі болды.

Бұл совхоздың орталығы сегіз жылдың ішінде үш жерге ауысты.

Алғашқы рет совхоздың орталығы совхоз директоры Шайкенов Әлиханнның ұйғарымы мен Наршөкен деген Ақбастау совхозының үшінші фермасында болды. Үйткені ол жер директордың туған жері еді. Совхоз директоры аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының ағайыны болғандықтан көпшілік халықтың ақыл кеңесіне құлақ аспай жеке билеп төстеді. Ол жерде құрлыс салуға қолайлы жер әм қаржы болмағандықтан екі үш айдан кейін совхоз орталығын амалсыздан Ақбауырға көшіруге мәжбүр болды.

4-5 жылдан кейін совхоз орталығы Талды деген бұрынғы «Шаруатеңеу» колхозының орталығына көшірілді де, Ақбауыр Ақшоқы совхозының №4 бөлімшесі болып қалды. ұзақ тарихы бар орыс, қазақ, неміс, белорус жайлаған аудан көлеміндегі ең сәнді жерге орналасқан көрікті ауыл қолдаушысы қорғаушысы жоқтықтан екі совхоздың бірде - біріне орталық болмай қалды.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Дүйсенбеков Кәмәли ауылға келгенде мен ол кісінің қабылдауында болып ауыл тұрғындарының наразылығын ол кісіге ескертіп едім. Ол бізге сіздердің ауылдарыңыз Ақшоқы совхозының орталығы болады, оған қам жеменіздер-деп, бізді 1967 жылы жазда ауылға келгенде сендіріп кетті. Бірақ содан бері екі жыл өтседе одан еш қандай қорытынды шықпаған соң мен 26 жұмысшының атынан жоғары аудан, обылыс, республика басшыларына өтініш арыз жаздым. Бір, екі ай өткен соң арызда көтерілген мәселені тексеруге аудандық советтің председателі

Басшылар оған ауыл тұрғындарын тезірек жиналысқа шақыруды бұйырып, өздері келген адамдардан біртіндеп арызда көрсетілген өтініш

жайлы пікір тартқан. Бірде-бірі өздерін арашалап ортақ өтінішке оң жауап бермеген. Бәрі орталық жайлы сіздердің шешімдеріңізге өкпе наразылығымыз жоқ, партия мен үкіметтің шешіміне қарсы емеспіз. Біз арыз жайлы еш нәрсе білмейміз деп, ақтала жауап берген. Мен онда мектепте директор болғандықтан ерте келіп кештеп қайтатынымын. Әдетімше еш нәрседен хабар ошарсыз өз бөлmemде отыр едім, бір жігіт келіп, аудан басшылары сізді жиналысқа клуб үйіне шақырады тез келсін —дейді-деп, хабарлады. Келсем ауыл тұрғындары түгелге дерлік ересектері жиналып қалыпты. Президиум столінде Ақшоқы совхозының директоры, парткомы және ауданнан келген үш өкіл барлығы бес адам отыр. Жиналысты мені күтіп отырғандай келісімен Суворов орысша сөйлеп ашты да менен сіз осындай тақырыпта жоғары жаққа арыз жаздыңызба-деп, сұрады. Мен я, көпшілік жұмысшылар атынан совхоз орталығына Ақбауыр ауылы қолайлы деп дәлелдеп ортақ мүддені, болашақ өркениетті ойлап жаздым дедім. Онда біз сіздің өтінішіңізді бастан аяқ тыңдайық айтыңыз көңіліңіздегі ой пікіріңізді деп, маған сөз берді. Кеңестік заманда бастықтардың қара басы тілек мүддесінен ауытқып, шындықты әділетті көксеп сөз сөйлеу, арыз жазу халықтың мұң мұқтажын қорғауы әсте олар қаламаған. Ондай жандарды ұлтшыл деп қызыметтен қуып, қала берді қыянат жала жауып соттатқан, айдатқан, атқызған.

«Қиналған Жамбыл жері осы» демекші ойда жоқта ойланып толғанбастан кінәлап тосыннан келіп маған сөз бергеніне тосырқап қиналғанмен, шешінген судан таймастың керімен ой пікірлерімді батыл да еркін айтуға тез бекіндім.

Ондағы ойым кеңестік дәуірдің сан қилы ауыртпалығына тұрғындары азып-тозбай керісінше пісіп қатып Ақбауыр жерінің әсем табиғатымен тыныстап жер байлығын мүддесіне жаратып озық колхоз атанып келіп еді ғой.

Мен үшін емес, сол жерінің кадр қасиетін сезініп, елдік бірлік ынтымағын ойлап менен кейін бәріде жарыса мені қолдап, жерін қорғап сөйлер деген ниетте болдым. Бәрінің де Ақбауыр туып өскен, оқыған, үйленген өмір қызығына батқан жерлері ғой. Онымен қатар көпшілігі менің жақын жуық ағайыным емеспе, шырылдатып мені жаңғыз тастамас деген ниетте болдым. Қай адам болсадағы сұлулықты сүйеді. Үйткені сұлулық өмірдің көркі мақсаты.

Сұлулықтың қайнар көзі табиғат, күннің нұры, туған жердің көркі, әке шешенің аясы, туысқанның қандасыңның бауырмалдық сезімі, сан жылдар бойы бірге өсіп, біте қайнап ойнап-күлген құрбы достарың, мектебің, ауылың бәра-бәрі қайталамбас сұлулық сияйды. Сол сұлулық атаулының тоғысқан жері төрт таудың ортасындағы ауыл Ақбауыр

емеспе еді. Біздің әкеміз бабамыз Жанқұтты биден 4 Сарыжалды текке сұраған жоқ еді-ғой. Ел намысын қорғаймын деп бабамыз Тоқатай кіші жүзден Қарқаралы жеріне келгенде, меселін аға балалары қайтармай шұрайлы әдемі табиғаты бай көрікті жерлерін сиға тартпаппа еді. Мен арызда біреуді ішіп қойды, жеп қойды-деп, кінәраттап жазғаным жоқ, халықтың қоғамның келешегін ойлап шындықты жаздым. Сіздер қазіргі Ақшоқы совхозының орталығымен Ақбауырды көзбен көріп, көңілмен бағдарлап өлшеп салыстырыңыздаршы. Айырма жермен көктей емеспе. Ақбауыр совхоздың орталығы тұрсын сәнді үлкен қала салатын жер емеспе. Ал Ақшоқы бұрын Қызылтау деп аталатын. Кейінгі жылдары пасықтық, надандық дүмше бастықтар «тураушыдан туғаның болсын» демекші оның атын таудан шоқыға құлдыратты. Бұл ілгерлеушілік емес жиіркенішті кері кеткендік азғындық емеспе! Сол Ақшоқының жар-жар көшесінен жаяу адамның өзі сүрінбей жығылмай жүре алмайды ғой. Табиғаты сүреңсіз үй салатын жерде жоқ қой ең құрмаса. Біз мансапқор қара басының қамын күйттейтін табан ізінен арғыны болжап көруге дәрменсіз, көр соқыр дүмше бастықтардың ықпалы өзімшілдік бетімен кетпей, болашақ ертеңімізді ойлайық. Ашаршылық жылдармен соғыс кезінде Ақшоқы азып тозып мектебі жабылып қалса, Ақбауырға келген бар, кеткен жоқ, қыйындық атаулыны жеңе білумен мектебі де интернаты да жабылмаған. Баршамыз Ақбауырдың болашағын гүлденуін өсуін өркендеуін қолдап сол үшін күресейік-деп, сөзімді тамамдадым.

Маған ешкім сұрақ қойған жоқ.Сөзімді орысша бастадым қазақша толықтырдым.

Жиналысты басқарып отырған төр аға Суворов.А.В. сөйлеушілер барма?-деп сұрады. О құдірет, құлдық мінездің албастысы басқандай, надандықтың түнегі ауыздарына қара құлып салғандай қыбыр етіп селт еткен бір адам болсайшы?

Ойланып сөйлеңіздер арызды неге жазасыздар сөйлемейтін болсаңыздар деп, ол бір минуттай іркіліс жасады да кәне сөйлеушілер барма деді тағыда қайталап сұрап, бірде-бір жұмыскер, не мұғалім сөйлеуге тілек білдірмеген соң, Суворов өзі сөйледі. Ол совхоздың орталығын ауыстра берудің мемлекетке үлкен шығын келтіретінін айтып, және сіздерде еңбек адамдарында орталықты Ақбауыр жасауда мектеп директорынан басқа бірде біреуіңізде құлшыныс тілек жоқ екенініне біздің көзіміз жеткендіктен орталықты өзгертеміз деп, сіздерге сенім уәде бере алмаймыз. Ақбауырдың басқа жермен салыстырғанда табиғаты көркі артық екенін мойындаймыз бірақ, арыз кеш жазылған, оны бірақ адам жазған.

Міне басқаларыңыз оны қолдамадыңыздар, осымен жиналыс жабық деді. Аудандық советтің төрағасының соңғы сөзіне қарағанда егерде менің

сөзімді қолдап, қорғап батыл 4-5 адам сөйлегенде, күн түпте мәселе біздің пайдамызға шешілетіні аңғарылып қалды. Менің жеке дара совхоз орталығын Ақбауыр жасаудағы алдыма қойған мақсатым біріншіден ауыл табиғатының ертеден қалыптасқан артықшылық традициясын сақтау. а) құрылыс артықшылығы б) совхоздың егінжайы осы Ақбауыр жерінде в) табиғат байлығының артықшылығы.

Екіншіден 1930 жылдан жабылмай келе жатқан 8 жылдық мектепті орта мектепке айналдыру, болашақ халықтың баласының көксеген арманын жүзеге асыру еді. Бұл-ұрпақ қамы ғой. Менің ауыл тұрғындары мен мұғалімдеріме қатты ренішім-ой сана өрісінің қысқалығынан мән бермей, мүдде арман үшін күресуге қауқарсыздығы еді. Бабаларымыз оқуы жоқ болсада тоқуы молдығынан сан ғасыр бойы елін жерін жаным арым садағасы, елім жерім үшін жан пида деп, қорғап келсе, бұлардың алды жоғары білім, көбі орта білімді бола тұра, ауылының болашағы үшін бір ауыз сөз айтуға шамалары келмеді-ау деп, түңілгенімді несіне жасырайын. Сол Шет көлеміндегі сол кездегі ең ірі, ең сұлуда әдемі қайран Ақбауырдың сиқы жылдан-жылға азып-тозып бүгінде көреркөз шошынарлық тас талқаны шыққан көп үйлердің орны қаңғырап жатыр Бұрынғы мектеп үйі, сәнді мәдениет үйі, монша, дүкен, ауыл сәні қойма, мал базалары ұста, дирмен, шеберхана бәрі бұзылған, ұрланған, тоналған үйіндіні көргенде ішің удай ашиды. Өз ауылын өзі қолы батып қалай бұзып қиратты екен- деп, іштей күңірене мұңайасың, сақтап, қорғап қызығын көрудің орнына Мен Ақбауыр басынан жұбайым екеуміз кірпішін табанымызбен басып қаншама сұрапыл бейнет көріп екі үй салдым. Сол екі үйден бір бұрау алғаным жоқ, ұрланды, тоналды. Қоғамның даму заңы кері кетіп бара жатқанға ұқсайды. Ата ұрпақ пен әке ұрпақтың бала ұрпаққа көрсеткен тәлім тәрбиесі үлгі өнегесі осы ма? Сонда бала ұрпақтан болашақта не күтеміз. Тегі оларға өкпе наз жүрмейді.

Үйткені ауыл тұрғындары ұясын қорғаған қызғыш құс құрлы болмады -ғой. Егер сонда мен бастаған бастаманы он адам батыл қоддағанда ауыл бұлайша азып тозбай орта мектеп ашылары сөзсіз еді ғой. Онда Ақбауыр сыяқты жерден бірде бір адам сырт кетпей керісінше толысар еді ғой. Ауыл жылы өтіп жатқанымен оңға бет бұрыс әзір сезілмей көрінбей тұр. Біздің қатемізді ұрпақ түзетердеген тілектеміз. Соларды әулеттік, туыстық, ауылдық Отандық, азаматтық намысы ортақ мүддеге дем беріп өркениетке ұлассын-деп, тілейікші енді. Заман ағымының сан алуан соққысынан есенгірегендіктен жіберген осындай қателігімізді олар түсініп кешірер, қайталамас. Туған жерді гүлге бөлендер жастар!

«Себептер мен салдар тынысы» кітабынан, 2018 жыл

Совет Қабылдин

Қарқаралы, Шет өңіріндегі алшын ұрпақтары

Ертеректе Алшын ұрпақтары Арғын ішіндегі Қаракесек ішінде араласып, сіңісіп кеткен.

Ертеде, 1720 жылдар шамасында, Алшыннан Тоқатай (Кей ауызекі деректе Тоқа-Едіге батыр деп те айтады) деген батыр жігіт қазақ-қалмақ соғысында Арқада, Қарқаралы өңірінде қалыпты. Кейініректен еліне, Орал жаққа барып, әлдебір себептермен еліне, ағайындарына өкпелеп, Арқаға қайта келіпті. Ағамды жалғыз жібермеймін деп, оның соңынан жалғыз қарындасы да ере келіпті. Қарындасы Арғынның Қаракесегі ішіндегі Шекшек руының Нұралы деген адамына тұрмысқа шығады. Қазіргі Қарқаралы өңіріндегі 11-12 ата Шекшек руын Нұралы баба ұрпақтары деп те атап, оның аруағына сиынып, тәуеп етіп жүреді. Нұралының бейіті Талды өзенінің бойында, Талды станциясы мен Қарағайлы қыстағының ортасында, Бүркітті ауылының тұсында. Шекшек ұрпақтары 1999 жылы ол кісінің басына үлкен кесене тұрғызды. Тың игеру кезінде «Қырғыз» совхозының орталығын (қазіргі Бүркітті ауылы) салғанда, Нұралы бабаның бейітін бұзып, тасын мал қора салуға тасып әкеткен екен. Бірақ ол кісілер көп кешікпей ауру болып, өмірден қайтыпты. Қазір олардан ұрпақ жоқ.

Атамыз Тоқатай Қарқаралының оңтүстік-шығысында 40-50 шақырым жердегі Көктал өзенінің бойындағы Қарақуыс деген жерді мекендеген екен. Ол жерде сол бір тарихи кезендердің куәсындай Жанқабыл өлкесі, Тілеуқабыл өлкесі деген жер аттары әлі күнге дейін бар. Сол Қарақуыс, Шымылдық тауларының етегінде Көктал өзенінің бойын аз ауыл алшындар біраз жыл мекендепті. Кейін Қарқаралының аға сұлтаны болған Жамантай тізесін батырып, алшындарды сендеп енді төлеңгіт болындар деп үгіттейді. Төлеңгіт болу деген сөз - сұлтанға жасақ болу деген сөз. Қазір солар өз руларын ұмытып, Жамантай ханның төлеңгіті болғандар, өз алдына сол ру атын алып, төлеңгіт болып отыр. Содан аталарымыз Орынбор генерал-губернаторына жүгініп, Қаракесектің Сарым руларының жерінен жер кескізіп, карта жасатып (қойдың терісіне сызғызып мөрлетіп) алып, Қарақуыстың оңтүстік-батысына қарай, Сарымның ішіндегі Қазақпай өзенінің бойында Наршөккен, Үлкен Саржол, Саржол, Кәрітүлкі, Шолақтүлкі, Қотырқызылтау бойларын мекендеген. Қазір сол жерде үлкен бір совхоз алшын ата балалары тұратын ел бар. 300-400 үй шамасында «Ақшоқы» совхозы (Бұрынғы «Ақбауыр» колхозы), (Құрама) «Қызылтау» подхозы, «Талды», «Нұраталды» совхоздарында тұрады. Мен шежірелік деректерді кезінде

Қожасұлы Әбдіғаппар (Дахар) деген ақсақалдан 1982 жылы жазып алып едім. Енді сол кісі таратқан шежірені келтірейін:

Кіші жүз Алшын, оның ішінде Он екі ата Байұлы деген тармақтан таратып отырушы еді. Бекарыстан Алау, одан Алшын, одан Құдияр бабаларымыз болған дейтін.

Енді кейінгі шежірелерге жүгінсек, бұдан әрі былай тарайды: Құдиярдан Қаракесек пен Қыдырбай яғни Байұлы. Одан Беріш. Беріштен Байбақты мен Байсейіт туады. Байсейіттен Жайық. Одан Дәулет, Тыныс, Бақай, Баян, Наурыз.

Дәулеттен Дүйсен мен Тумаш туады. Тумаштан Сейіт, Жаубасар, Ерназар дүниеге келген. Ерназардан Алдар би, одан Таймас, Мемлеке, Тілеке, Есенбай, Тоқа (Тоқатай) туған. Біздер осы: Тоқатай ұрпақтары болып келеміз.

Совет Кдбылдин
Қарқаралы қаласы,
Қарағанды облысы

Пернебай Дүйсенбин. Үркердей болып көшкен жұрт. Алматы,
«Литера-М» баспасы, 2007ж.

Арқа жеріндегі кіші жүз Алшын рулары

Әр рудың өздеріне тән тарихы, шежіресі бар. Үлкендердің айтуына қарағанда, біздерді «Саржал алшындары» дейді. Көптен бері осы сөздің мағынасын түсіну және ұрпаққа нақтылы ой тастау мақсатында қолға қалам алып, зерттеу жұмыстарын жүргіздім.

Арқа жеріне келуіміздің басты себебі, шамамен қай жылдары келгеніміз, ұрпақтың таралуы, бұл өмірде алатын орны жайлы тоқталып кетсем деп едім. Осы тақырыпта менен кейінгі қалам ұстағандарға сәл болса да ой салуды көздемеппін.

Кіші жүздің кейбір рулары атақоныс жерінен келіп, қашан, қандай себептермен қоныстанғанын тап басып ешкім айта алмайтынын білесіздер. Осы мәселенің төңірегінде баспа беттерінде көптеген мақалалар, зерттеулер жазылды. Көне құжаттар аудан, облыс, Республика мұрағаттарында да жеткілікті.

Тарих бетіне назар аударсақ, қазақ халқы басынан түрлі зобаландарды өткізген. Әңгіме Арқа жеріне келген Тоқатай бабамыз төңірегінде болмақ. Туған жерді тастап, лажсыз қоныс аударуға негізінен себеп болған жайт-ол:

1723 жылы болған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейінгі халықтың жан-жаққа қоныс аударуы.

Сырым Датов көтерілісі жеңіліске ұшыраған соң, 1797 жылы шеркеш Қаражігіт би Төлебейұлы бастаған үлкен үш ауылдың Арқаға қоныс аударуы алғашында он екі ата Байұлы құрамында болған Алтытабан, Атыбасар, Дуатимес, Құлақасқа үш «Сыйыққа» өкпелеп, бөлініп көшіп, Іле өзенінің бойына қоныстаныпты деген аңыз да бар. Олардың ұрпақтары өздерін тура біздер тәрізді, кіші жүз - Алшынбыз деп айтады.

Арғынғазы көтерілісінен кейін 1821 жылы Тама Жұбан мырза бастаған топ қазіргі Оңтүстікке көшті.

Көтібар көтерілісінен кейін 1825 жылы көп ауыл қазіргі Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облысының жеріне келген.

Исатай-Махамбет көтерілісі сәтсіздікке ұшырағансың, 1839 жылы Бекей, Қандықбай бастаған жағалбайлылар қазіргі Қостанай, Қарағанды облысының бос жатқан жерлерін жайлады.

Кіші жүз руларының лажсыз қоныс аударуларының осындай себептерін тілге тиек етпекпін. Қоныс аударудың басқа да себептері болуы мүмкін. Тоқатай бабамыздан тараған ұрпақ бүгінгі күні он атаға жетті. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, атамыздың Арқа жеріне келгеніне

шамамен 250 жылдай болған. Үлкен әкелеріміз Түсіпов Исабек, Нұғманов Қасым, Әтімбаев Қабылда, Түліков Айтжандардың айтуларына қарағанда «Сырым Датов көтерілісінің жеңіліске ұшырауы осы жаққа келуімізге ықпалын жасады»- десті. Осындай пікірді атқамінер азаматтардың да сан жерде айтып жүргендерін естідік.

Кезінде Қаражігіт би, Мөңке би Сырым батырмен бірге болған. Олар жөнінде көптеген естеліктер айтылып жүр. Сырым ер жетіп, ел қамын ойлай бастаған шағында ақыл-кеңесті біріктіру үшін билермен, рубасшыларымен кездесіп, ойын бөліскен. Патшалық Ресейдің отаршылық бұғауында отырған елдің келешегін ойлап, одан шығудың жолдарын қарастырған және қарсы әрекет жасаған да Сырым болған. Сырым бастаған көтерілістің ерекшелігі - ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы бағытталған, ең алғашқы ұлт-азаттық көтеріліс.

«Саржал» алшындары қандай қиын қыстау жағдайларында қайда жүрсе де, ауызбіршілігін сақтай білген жандар.

«Ұрпақтар үндестігі» 2008 ж.



Кіші жүз, Байұлы, «Ақбауыр» («Саржал») алшындары атанған Тоқатай баба және онын ұрпақтары өмірнамасының қысқаша хронологиялық желісі

№	Жылдары	Мазмұны, түсіндірме, ой салу.
1	2	3
1.	Шамамен 1743 жылға дейін	Тоқатайдың өмірі белгісіз. Батыстың бір өңірінен (Ақтөбе, Орал, т.б.) келгені анық Келешекте жас буын зерттей жатар. Туған жылы, шамамен алғанда, 1720-1725 жылдардың бірі. Негіздеме: Тоқатайдың Қарқаралыға 1748 жылы келуінің белгілі болуы.
2.	Шамамен 1743-1748	Көкжал Барақ Сұлтанмен бірге болған кезі — Түркістанда, Самарқанда, т.б. жерлерде.
3.	1748	Бабамаздың Түркістаннан Көкжал Барақтың 14 жасар баласы Бөкейді (Әлихан Бөкейхановтың 4 - атасы) хан сайлау үшін, Қарқаралыға Қазбек және Нұралы билермен (т.б. болуы мүмкін) бірге алысып келген жылы. Әрі Тоқатай ұрпақтарының өсіп-өніп, қалыптасуына жол ашқан жыл Ескерту: тарихты, оның ішінде, бабатану тарихын терең түсіну үшін, ұлы Қаздауысты Қазыбек бидің, атақты шекшек Нұралы бидің, ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың (оның өміріне Тоқатай ұрпағы Асылбек Сүлейменовтың қатысы бар, Қарқаралыда 1909 жылы, ол А. Байтұрсыновтың шығармаларын насихаттағаны үшін, ел жақсыларымен бірге түрмеге қамалды, айдауға салынды) өмір жолдарын, төменде көрсетілетін тарихи кезеңдерді жақсы білген жөн. Түркістаннан Қарқаралыға қалай жетті, қандай жерлермен жүрді, қандай қиыншылықтар көрді - бұл да әлі толық ашылмаған қызықты тақырып.
4.	1748-1858	Қарқаралы кезеңі.
4/1.	1748-1822	Хандық, соңында әлсірей бастаған кезеңі.
4/2.	1800-1810	Тоқатай ұрпақтарының өсіп - өнген кезі. Өздерінің ерік-жігерлері арқасында әрі қаракесектермен құдандалы болып, жергілікті, беделді ру басыларының қолдауына сүйеніп, келешекте тұрақты мекен болатын жерді (қазіргі Ақбауыр жерін) сұрап, табандылықпен талап қоюы әрі бұл шаруаның келісілуі. Осы кезеңде баба ұрпақтары кімдермен құдандалы болды: оларды қолдаған жергілікті, беделді рубасылары кімдер — белгісіз.

4/3.	1824-1916	Губерниялық, уездік, болыстық, старшындық, ауылдық кезең (Омбы генерал — губернаторлығы, Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Нұра болысы, 2, 4, 7, 8, 18, т.б. ауылдар).
4/4.	1824-1858	Тоқатай ұрпақтары үшін ең ауыр кезең. Аға сұлтан Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы (Бөкейдің немересі) баба ұрпақтарын бодандықта ұстау үшін, төлеңгітке айналдыграм деген ниеттегі әрекеттері. Қысым жасалды, жазаланды. Баба ұрпақтары қайсарлық танытты, басыбайлы болудан бас тартты. Жергілікті ру басыларының көмегіне сүйенді. Алдында уағдаласқан жер мәселесін түпкілікті жүзеге асыру еріксіз кейінге шегерілді. Бірақ, жер үшін күрес тоқтамады.
4/5.	1858	Тоқатай немерелері: Баян, Тілеуғабыл, Жанғабыл және Дөңгелек ұрпақтарының қазіргі Ақбауыр ауылының аймақтары - Кіші Саржал, Үлкен Саржал, Қаратұмсық, Кәрі түлкі, Ұзынжал, Шолақ түлкіге орналасуы; ол жерлерде үй, қора-жай салып, қыстаққа айналдырды. Жаз жайлауы (көктеуі, күзеуі) Наршөкен, Қотыр Қызылтау тауларының етектеріне дейін созылып, Қайнар, Қарасу өзендері бойларын, Алайғыр маңын қамтыды. Ескерту: Аталарымызға дейін аталған мекендерде ешкім тұрмаған, бұрын біреулер тұрды деген, әзірше, мәлімет жоқ. Оқшау да тұйық, қысы катал жер еді. Бұл жер — аталған мерзімнен бұрын Қарқаралы уезінің ықпалды ру басылары келіскен жер; олардың аты— жөндері кімдер екенін білмейтінімізді айтқанбыз. Ал, соңғы келісімге келуде, біз біле бермейтін адамдармен қатар, сол заманның абыройлы тұлғалары: Құнанбай, Алшынбай, Машан би (Өтетілеу (Мөйекең) бабамыздың туған құдасы), жанымызға жақын, көңілімізге орныққан жақсы Жанғұтты бидің, т.б. қолдауы айтарлықтай рөл атқарды әрі тиісті шешім— құжат қабылданды деп ойлаймыз. Әрине, әкелеріміз аталған жерге бір күнде, бір айда көшіп келмеген болар: ағайындар алдын-ала қоныстанатын жерлерін аралап, өзара келісіп, одан кейін барып, Ұлы көштің бойын түзеді деп ойлаймыз.
Шет кезеңі		
(бұрынғы Нұра болысы, қазіргі Шет ауданы)		
1.	1858 жылы бүгінге дейін	Тоқатай ұрпақтарының Ақбауыр жерін толыққанды мекендеуі, әр түрлі өмір жағдаяттарын және әр қилы қоғамдық кезендерді басынан кешіруі.

1/1.	1858-1920	Болыстық кезең. Табиғат ауыртпашылықтармен бетпе-бет араласу кезеңі. Қатал қыс, жер оқшаулығы мен тұйықтығы, басқа жерлерімен байланыстың және сырттан ешқандай көмектің болмауы аталарымызды шындады; ұрпақ үшін, тәуелсіз тұру үшін бар күш-жігерлерін жұмсады. Жұт та, жаппай ауыру да, өлім-жітім де - бәрі де болды; бірақ, өмір алға жылжыды. Бұл мекендерде тұру кейін де жалғасын тапты.
1/2.	1898-1905	Ресей үкіметі, Омбы билігінің шешімімен Семей губерниясында жер-шаруашылықты, қоныстарды зерттеу үшін Ф. Щербина бастаған арнайы экспедиция құрылды. Оның құрамына арнайы мамандар, жергілікті жағдайларды жақсы білетін, сауатты деген қарқаралылықтар, аудармашылар енді; әрине, керекті мәліметтерді сол кезде жерді иемденіп, қоныстаныш отырған аталарымыз да берді. Қарқаралы, оның ішінде, Ақбауыр жері араланды, деректер хатқа түсірілді, сұрыпталды, баспаға шығаруға әзірленді.
1/3.	1905	Санкт-Петербургте Семей губерниясының (облысын) жерлерін зерттеу қорытындылары көптомдық еңбек болып шығарылды. Соның 6-томы Қарқаралы уезіне арналған, осы томда Ақбауыр өңірін қоныстанған бабаларымыздың есімдері, жер-су аттары жазылған.
1/4.	1906-1915	Ақбауырды (қазіргі өзен бойында тұрған тұсы) бабаларымыз жайлау ретінде пайдаланды. Орыс переселендері көшіп келе бастады.
1/5.	1915	Осы жылдың 29 қаңтарында Омбы билігі өзіндік жергілікті басқару тәсілі бар Белогрудовское (Ақбауырды - орыс тіліне аударған) ауылын бекітті.
2.	1920-1991	Тоқатай ұрпақтарының кеңестік кезеңде өмір сүруі.
2/1.	1920-1951	«Ақбауыр», «Құрама» (Шолақ түлкіде) колхоздарының (ұжымшарларының) құрылуы. Малға, жерге иелік ету тоқтады, ұжымдастырылды, яғни, ортақ (техника құралдары да) болды. Сонымен қатар, баба ұрпақтарының, өзге ру, ұлт өкілдерімен қарым-қатынаста бола отырып, өмірге деген, қоғамға деген көзқарастары кеңейіп, белсене араласа бастағанын атап өту керек.
2/2.	1951-1960	«Ақбауыр», «Құрама» тағы да екі: «Шаруатеңеу» (Туматайда), «Жаңажұрт» ұжымшарлары біріктіріліп, «Роза Люксембург» колхозы құрылды, орталығы — Ақбауыр, қалғандары ферма ретінде қалды. Әкелеріміз аталған мекендердің бәрінде еңбек етті, үлестерін қосты.
3.	1920-1945	Кеңестік кезеңдегі баба ұрпақтарының әрі басқалардың да басына ауыр сынақ түскен жылдары.

3/1.	1920, 1932	Ашаршылық жылдары — кезеңімен. Халық жүдеді, бірақ, аман қалды, керісінше, басқа елді мекендердің адамдарына малымен, ұнымен көмек жасады. 1920 жылы оба ауруы да жұртты қылжыратқаны белгілі.
3/2.	1937-1938	Репрессия (қуғын-сүргін) жылдары. Аман қалды, бірде-бір адам қуғынға ұшырамады, жазаланбады. Керісінше, көрші аудандардан, ауылдардан қуғынға ұшыраған адамдар Ақбауыр жерінен пана тапты.
3/3.	1939-1945	Екінші дүниежүзілік соғысы, Шерлі Отан соғысы. Тоқатай ұрпақтарынан 34 адам майданға аттанды, 19-ы оралмады, қалғаны жаралы келді. (Мәліметтің толық болмауы мүмкін).
3/4.	1960-1968	«Путь к коммунизму» совхозы (кеңшары) құрылды, орталығы - Ақбауыр, бұрынғы «Р. Люксембург» колхозының негізінде құрылды әрі оның құрамына «Талды», «Комсомол» (Берекетті) ферма ретінде кірді.
3/5.	1968	Совхоз орталығы Талдыға ауысты (басында совхоз атауы қалды, кейіннен Талды арнайы мамандандырылған бірлестікке (РСХО) айналды). Талдыға, т.б. бөлімшелеріне баба ұрпақтарынан отызға тарта шаңырақ иелері ауысты, көшіп барды. Олар — жаңа шаруашылықтың әрі орталықтың негізін қалаушылар. Құрамына Комсомол, Жаңажұрт, тіптен, Ақбауырдың құрамында ертеден келе жатқан Байбала жері де енді. Ақбауыр «Ақшоқы» совхозының бөлімшесі болып жеке қалды. Міне, тағдырдың қайта айналып соғуы: Тоқатай ұрпақтарына әкелері 1858 жылдары мекендеген жерлерде, 110 жылдан кейін жүз пайыздық өлшеммен қайталап тұруды мандайларына жазған екен. Қазір де осылай.
3/6.	1968-1995	Кеңестік дәуірдің соңы, тәуелсіздік кезеңнің басталуы. Совхоз, кейіннен округтың бөлімшесі болды.
3/7.	1995 жылдан бүгінге дейін	Бөлімше мәртебесінен айырылып, барлық басқару құрылымдары (меңгеруші мамандар, т.б.) таратылды. Ақбауырдың ешқандай басқару жүйесі қалмады. Ақшоқы округының жай ғана бір ауылы болып қалды.
4.	2009-2024	Тоқатай ұрпақтарының ауыл халқымен бірігіп өткізген іс-шаралары:
4/1.	2009	Ақбауыр ауыл мектебінің 80-жылдығы тойланды: көрме ұйымдастырылды, киіз үйлер тігілді, аударыспақ, көкпар тарту, футболдан жарыс болып, концерт қойылды.
4/2.	2015	Ақбауырдың 100-жылдығы атап өтілді: тойхана салынды, киіз үй тігілді, айтыс, қазақша күрестен сайыс ұйымдастырылып, кітап шығарылды.
4/3.	2021-2023	Қорымдар қоршалды, бабалар рухына арнап құран бағышталды, ас берілді.

4/4.	2024	Тоқатай баба 300 жылдығына іс шаралар басталды.
5.	1974-2024	Бабатану (Тоқатайтану) тарихына қатысты қалам тартқандар.
5/1	1974, 1975, 2004	Кәріғұл Нұғманұлы. Себептер мен салдарлар тынысы, «Жазайын естіп білген сөздерімді» тарауы.
5/2.	2007	Совет Қабылдин. Мақаласы Пернебай Дүйсенбиннің «Үркердей болып көшкен жұрт» кітабына «Қарқаралы, Шет өңіріндегі алшын ұрпақтары» деген атаумен енген. П. Дүйсенбиннің «Шеркешнама» кітабына (2015) да мақала өзгертілмей, енгізілген.
5/3	2008	Танас Қасымұлы Нұғманов. Ұрпақ үндестігі («Саржал (Ақбауыр)» алшындарының шежіресі қоса берілген).
5/4.	2015	Марат Түсіп. Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр, «Ақбауыр десең...» тарауы (архивтік материалдар енгізілген).
5/5	2024	«...Ақбауыр» (Саржал) алшындардың шежіресі, 2008 жылғы алғашқы шежіренің жалғасы - толықтырылған екінші бөлімі ретінде берілген.
5/6	2024	Марат Түсіп. «Тоқатай баба және оның ұрпақтары: «Қарқаралы» және «Шет» кезеңдерінде» кітабы әзірленуде, амандық болса, келесі жылы шығады.
6	Қосымша мәлімет	Тоқатай бабамыздың ұрпағы қазір Алматы, Астана, Жезқазған, Қарағанды (басым бөлігі), Қарқаралы қалаларында, Ақшоқы, Талды, Ақсу-Аюлы, Нұраталды, т.б. елді мекендерде тұрып жатыр. Әрине, атақонысы - қасиетті Ақбауыр жерінде де.

Құрметті ағалар мен жеңгелер, апалар мен қарындастар, бауырлар мен келіндер, жас ұрпақ - жас өскін өрендер, ауылдастар! Қысқаша жазылған желінін, әрбір сөзі өткен тарихтан белгі береді. Әрбір жолдың сөзіне зер салып, қосымша әдебиеттерді, зерттеулерді оқып, ғибратты әңгімелерді тыңдап, оларды көкіреңізге байлап, көңіліңізге түйсеніз, өткен тарих сыр шертетін болады.

Өткен өмір - тарих сабағы, дәрістері, жас ұрпақ керегін алар, толтықтырар, оған сенімдіміз. Сәтін салса, әлі талай ұлағатты істер атқарылар.

Баршаңызға амандық, саулық әрі игілік тілеуші
Марат Исабекұлы Түсіп
3 сәуір 2024 жыл



ҮЛКЕНДЕР - СІЗДЕРГЕ КІМ ЖЕТЕР






Айтжан әкей



Ажар апа



Айтжанов Егінбай



Асылбекұлы Тұстай



Бекбергенов Тұрсын



Бекен әкей



Бибігүл шешей



Болат ағай жұбайымен



Ғабдоллин Серікбай



Елубай ағай



Ермек әкей баласы Төкенмен



Әбен әкей жолдасымен



Әтен ағай жолдасымен



Әтімбаев Қабдолла



Жәнсейітұлы Бекберген



Жүкенқызы Әнеш



Наукенқызы Тлеутай



Нурғайша шешей



Жылқайдарұлы Ермек, жұбайы Рысбала



Жылқайдарұлы Рысбек, жұбайы Мәмиля



Исабек әкей екінші жолдасымен



Исабек пен Раззақ




Қабылда әкей жолдасымен



Қатжан шешей баласы Маратпен



Қосылбек әкей




Қосылбеков Бейбіт



Қосылбеков Мақсұт



Қосылбекқызы Қамария



Өмірзақұлы Қамбарбай



Мақсұт ағай




Қуантай апай жолдасымен



Майра апай



Мақсұт аға жолдасымен



Марат аға жұбайы Қарлығашпен



Бəкірқызы Тілеужан



Сара Асылбекова



Саят жолдасымен



Секербай әкей жолдасымен



Секербай әкей



Сәгүл шешей



Секербей әкейдің қызы Қайша апай



Совет Қабылдин



Сүлейменов (Ахметолла) Ақан



Төкен әкей



Тиштыбай әкей жолдасымен



Төл әкей жолдасымен



Хасенов Марат жұбайымен



Шынар шешей отбасымен



Ұлжыкен шешей



Сатбақұлы Жақсылық (1894-1967)



Жәміш апа және Аман аға



Байленұлы Қиымбек және Ібіжанқызы Гүлдана



Байленұлы Нықаш және Дәлелханқызы Дина



АТАҚОНЫС - ҚҰТТЫ ЫРЫС, РУХАНИ МҰРА ӘРІ ҚАЗЫНА





Ащы. Аяқ бұлақ



Ащы. Бас бұлақ



Бай бұлағы



Бай бұлағы



Кәрітүлкі баурайындағы бұлақ



Бұлақ басындағы қорымдар



Ермек сайы



Кәрітүлкі баурайындағы бұлақ



Кәрітүлкі баурайындағы бұлақ



Кәрітүлкі баурайындағы қорымдар




Кәрітүлкі баурайындағы қыстау орны



Кәрітүлкінің баурайы



Құрама: ескі қоныстар



Құрама: ескі қоныстар



Құрама



Үлкен Саржал



Үлкен Саржал



Кіші Саржал бұлағы



Молдашбай бейіті



Ұзынжал қыстауы




Ұзынжал қыстауы



Шолақ түлкі тауы



Шуал ағашы және Қотыртау баурайы



ӨМІРДЕРЕКТЕР



Абдрахманова Алтын

Қосылбек келіні, Қосылбекұлы Мақсұттың жұбайы 1936 жылы желтоқсанның 29 күні дүниеге келген. Еңбек жолын 1955 жылы бастаған. статистик, есепші болып қызмет атқарған. 1979 жылы Шет ауданы. Ақсу-Аюлы селосында ЫАлтынсарин мектебінде кітапханашы болып 1993 жылға дейін қызмет атқарды, 1993 жылы аталмыш мектептен зейнетке шықты. 8 баланың анасы «Алтын алқа» иегері. 2010 жылы 74 жасында дүниеден өтті.

Айтжанов Егінбай Айтжанұлы



1926 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Алшын - Дөңгелек тегінен. Бүкіл саналы ғұмырын туған жері Ақшоқы және Ақбауыр ауылында өткізіп, сол ауылдардың іргетасын қалауға ат салысқан азамат.

Сонау “толарсақтан саз кешкен” 1940 - 1945 соғыс жылдары ел басына күн туып, бозбала шағында тұспа - тұс 15-16 жасынан еңбекке ерте араласып, тылда қалған жас пен кәріге бас - көз болып, ауылдағы жастармен қосылып еңбек

етті.

1940 - 1945 жж. Шет ауданы, Беталыс ауылында мал қабылдау бекетінде есепші - бригадир ретінде еңбек жолын бастаған.

1945 - 1948 жж. Ақбауыр орта мектебінде бас есепші болып қызмет атқарған. 1950-ші жылдары Түлкілі, Комсомол селолық Кеңестерінің хатшысы болып қызмет атқарды.

1956 жылдан бастап коммунистік партия мүшесінің қызметін атқарды.

1964 - 1986 жж. зейнет демалысына шыққанға дейін Қызылтау селолық Кеңесінде бас есепші ретінде қызмет еткен.

Отан алдында сіңірген адал еңбегі үшін “Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 20-50-60-65 жылдығы” мерекелік медальдарымен, “Тыл ардагері” төс белгісімен марапатталды.

1989 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы Жарлығымен “Еңбек ардагері” медалімен, “2011 жылы Тыңға 50 жыл” медалімен марапатталып, құрмет грамоталары мен алғыс хаттарға ие болды. Зейнетке шыққаннан кейін демалыс уақытын толайым туған жер тарихын зерттеуге, Кіші

жүз Алшын руының шежіресіне Егінбай ақсақалдын жеке архивынан ғың деректер жинауға арнаған.

2013 жылы наурыз айында дүниеден озып, Ақшоқы ауылында жерленген.

Алғыр, зерек адам болды. Жастайынан сан түрлі қиыншылықтарды басынан өткізсе де, мойымай, қажырлық танытып, ел ішінде, отбасында үлгі-өнеге көрсете білді. Хиқаят-шежіре әңгімелерді жетік білетін, әділдікті, арлы істі сүйіп бағалайтын.

Жолдасы, Айтжанова Төлеубала Әбілдақызы, 1932 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Қаракесек - Шекшек тегінен. “Батыр ана” медалімен, II дәрежелі “Ана данқы” орденімен, “Еңбек ардагері” медалімен, “Алтын алқа” медалімен марапатталған. Өмірлік жан жолдасы Айтжанов Егінбай екеуі дүниеге он бір бала әкеліп, барлық баласына өнегелі тәрбие, жетік білім беріп, балалары әр салада абыройлы қызмет етіп, немере - шөберелері ер жетіп есеюде. 2016 жылы желтоқсан айында дүниеден өтті, Ақшоқы ауылында жерленген.

Айтжанов Еділбай Егінбайұлы



1963 жылғы 18 ақпанда Шет ауданы Қызылтау ауылында зиялылар отбасында дүниеге келген.

1970-1980 жылдары Қызылтау орта мектебінде білім алған.

1980 жылы Жаңа-Арқа ауылында жүргізуші мамандығы бойынша арнайы білім алып, жүргізуші мамандығына ие болды.

1980-1982 жылдары алғаш рет еңбек жолын Ақшоқы ауылында жүргізушісі болып бастады.

1982 жылы Жезқазған қаласының Политехникалық институтына түсіп, әскер қатарына шақырылды.

1983-1985 жылдары Новосибирск қаласында Кеңес Әскерінің қатарында өзінің әскери борышын өтеп келді.

Жезқазған қаласында жоғарғы оқу орынын әскери борышынан кейін жалғастырып, Политехникалық институтты инженер-механик мамандығы бойынша 1989 жылы бітірген.

1989 жылы Шет ауданы Ақшоқы ауылына механик болып жас маман ретінде жұмысқа қабылданды.

1990-1992 жылдары Ақшоқы ауылында бас инженер болып қызмет жасады.

1992-1996 жылдары - Техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер.

1998-2005 жылдары - «Алаутрансгаз» ЖШС компаниясында механик

2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Kazakhmys Maintenance Services» компаниясында инженер мамандығы бойынша қызметін жалғастыруда.

Айтжанов Е.Е. - атқарған еңбегіне адал, еңбекқор ағамыздың 45 жылдық еңбегі бағаланып, өзі қызмет жасаған мекемелерде бірнеше рет марапаттар мен алғыс хаттарға ие болған, «Үздік маман» атағын алған

Бұл қиын да, жауапты қызметте өзінің кәсіби шеберлігін биік деңгейде таныта алды. Өскелең ұрпаққа берер тәжірибесі мол, білікті маман.

Жолдасы; Зауреш Ермекқызы, «Қарағанды қаласының №2 психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі» ММ көп жылдар бойы кітапханашы.

Балалары: Айтжанова Айгерім Еділбайқызы - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы департаментінің Жиынтық есептілік және бюджеттің атқарылуы басқармасының басшысы.

Айтжанова Еңілік Еділбайқызы - «Қарағанды жарық» ЖШС еңбек және кадр бөлімінің жетекші инженері.

Айтжанова Камила Еділбайқызы - «Аманат» ЖШС сату бөлімінің менеджері.

Айтжанов Ерғалы Қанатұлы



Мен 1967 жылы 15 мамырда Ақбауыр ауылында дүниеге келдім. 1975 жылы күзде бірінші сыныпқа барып, 1982 жылы Ақбауыр сегізжылдық мектебін 8-ші сыныпты бітірдім. Мектепте орыс сыныбында оқыдым.

1982-1985 жылдары Кешкі мектепті 9,10,11 сыныпты оқыдым. Сол жылдары «Путь к коммунизму» совхозында құрылыс, ауыл шаруашылық салаларында еңбек еттім, жүргізуші болдым.

1985-1987 жылдары Әскери қатарына шақырылып, Қара теңіз әскери флотында, Украинаның Одесса қаласында әскери борышымды өтедім.

1989 жылы отбасын құрдым. Жолдасым: Анара Олжабекқызы Серікбаевна, балаларым: Эльмира, Жанайдар, Сәнсәт, Бердәулет.

1987-1993 жылдары құрылыста бригадир жұмысын атқардым.

1993-1995 жыл аралығында совхозда көмекші малшы болып, Заемка

қыстағында жұмыс жасадым.

1995 жылы шілде айында әкем Қанат дүниеден озды. 1995-2021 жылдары тамыз айына дейін «Дәулеткелді» шаруа қожалығына жетекші болдым. Іскерлік тәжірибемді дамытып, өркендеттім Аудан әкімшілігі, ауыл әкімі еңбегімді бағалап, бірнеше мәрте үздік сый құрметке, алғыс хаттармен марапатталдым.

2021 жылдардан бастап, денсаулығым байланысты Қарағанды қаласына көшгім. Қазіргі уақытта Қарағанды қаласында тұрамын.

Айтжанұлы Қанат (1945-1995)

«Жақсының артында - қызы болса, ізі қалар. Ұлы болса - өзі қалар»
«Біреуді білгің келсе мақалын біл.
Сөйлегенде сөзінің мақамын біл.
Мінезінің салмағын, шатағын біл.
Тегін біл, ата-баба атағын біл».



Бұл дүниедегі ең үлкен, ең жоғарғы лауазым, ең жауапты міндет - Адам болу. «Өзін - өзі таныған ер бақытты, өзін - өзі билеген ел бақытты».

«Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып және жылап өледі өзгеніде жылатып. Жылайтыны туа сап жамандар бар қинайтын. жылайтыны өлерде - жақсылар бар қымайтын». Шіркін -ай, осы бір шумақта бар өміріміздің мәні сыйып кеткен-ау! Бәлкім, өмірдің мәні дүниеге нәресте болып келіп, сол сәбидей көңіліне кір түсірмей, Адам болып өту шығар?

Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса, «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, деп көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой» - деп дәріптейді.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді, келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке, игілікке тәрбиелеуге тырысқан.

«Атада болмаған қасиет ұлына дарыды» деген өтірік. Тексізден он ұл туса да өзгермей қалады. «Текті тектілігін көрсетпей қоймайды». «Таудан аққан тас бұлақ, тасыса құяр өзенге. Жақсыдан жаман туса да, жаманнан- жақсы тусада тартпай қоймас негізге!» деп Бұқар жырау тектің әулеттің өміріне әсерін дәл айта білген.

«Әке - көрген оқ жанар. Ана - көрген тон пішер».

«Атадан - тағылым алмаған ұл жаман. Анадан - тәлім алмаған қыз жаман».

Әкенің еккен ағашы ұрпаққа сая. Әкенің балаға мұра қалдыратын ең жақсы дүниесі, артыннан қалған жақсы аты, пайдалы әдебі және ізгі бауырлары.

Айтжанұлы Қанат 1945 жылы 11 наурыз айында дүниеге келді. Қанат жеті жылдық оқуды бітіріп, Кеншоқы ауыл шаруашылық кәсіптік училищесінде оқып, «трактор» жүргізуші куәлігін алды. Ақбауыт ауылында 1959 жылы еңбек жолын бастады.

Совхозда «К-700» таркторын жүргізуді игеріп, майталман механизатор болып еңбек етті. Науқан кездері қыранда астық қамбасы меңгерушісі болды. Қыс, жаз айларында шеберханада ұста болды. Ауыл шаруашылығында 35 жыл қалтқысыз еңбек етті. Зейнеткерлікке шығып енді өмірінің зейнетін көремін деген шақта өмірден озды. Әкесі Айтжан - Отан соғысының ардагері. Соғыста бастан жарақат алып, бір көзінен айрылып 1944 жылы елге оралды, бірінші топ мүгедегі. Ел арасында беделді болды. Әке өнегесінен тәлім-тәрбие алған, перзенттің зердесіне қонған өрелі - жүйелі сөздер жатталып қалды. Өзінің қарапайым, ақ жарқын, орнықты, тиянақты мінездерімен еліне сыйлы, достарына құрметті, беделді еді. Ол ешкімді бөле жармайтын қоян-қолтықта, үлкен кішімен өзін еркін ұстап, алғырлығы, сөзтапқыштығы, әзіл-қалжыңмен көпшілік ортаның көрікті етіп, көңілдендіріп отыратын. Ауылдың ақсақалдарымен ел ағаларымен әңгіме құрып жиі араласатын, жүрген жерін жайнатып, думанға бөлейтін.

Анасы Сәгүл - биязы, әзілкеш, өте мейрімді, еңбекқор еді. Отбасында анасының әзіл-күлкі әңгімелерін жиі еститін. Қанат кітап журналдарды көп оқитын. Өте зерек, сөзге шешен еді. Өмірден 1995 жылы шілде айында 50 жасында дүниеден өтті. Жақсының көзі, асылдың тұяғы еді. Қанат 1990-1995 жылдары «Заимка» қыстағында мал шаруашылығымен айналысып, кейіннен «Дәулеткелді» шаруа қожалығын құрды және жетекшілікті етіп басқарды. Баласы Ерғалы осы шаруашылықты жалғастырды. Балалары: Талғат, Ерғалы, Нұрғалы, (Еркебұлан 24 жасында 1995 жылы 19 қазан айында дүниеден өтті), Марғұлан, Айтолқын, Қазыбек, Арайлым. Жолдасы: Ыбырайтегі Төкіш Закарияқызы - ұстаз. Көп балалы Ана - «Алтың алқа» иегері.

Айтжанова Төлеубала Әбілдақызы

«Батыр Ана»



1932 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Қаракесек — Шекшек тегінен. Саналы ғұмыры Ақшоқы ауылында өткен, жастайынан еңбекке араласқан жан. Еңбек жолын 1951 жылы бастап, балабақша және Ақшоқы орта мектебінің интернатында тәрбиеші болып еңбек еткен. Төлеубала анамыз 1972 жылы СССР президиум жоғары советінің қаулысымен “Батыр ана” медалімен, 1967 жылы II дәрежелі “Ана даңқы” орденімен, 1986 жылы “Еңбек ардагері” медалімен, еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстан Президентінің қаулысымен 2005 жылы “Алтын алқа” медалімен марапатталды.

Өмірлік жан жолдасы Айтжанов Егінбай екеуі дүниеге он бір бала әкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған жан. Барлық баласына өнегелі тәрбие, жетік білім беріп, әр салада еңбек етті; немере - шөберелері ер жетіп есеюде. Балалары: Еділбай, Ербол, Нурбол, Майраш, Қарлығаш, Сара, Айтбала, Нәсіпжан, Гүлнәр, Ақбөпе, Бота - әр түрлі салада қызмет етуде.

Анамыз 2016 жылы желтоқсан айында дүниеден өтті, Ақшоқы ауылында жерленген.

Айтжанова Нәсіпжан Егінбайқызы



1961 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1968 - 1978 жылдары Қызылтау орта мектебінде білім алған.

1978 жылы Қызылтау орта мектебінде лаборант болып жұмыс істеген.

1979 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің химиялық факультетіне түсіп, университет қарамағындағы академик Евней Арыстанұлы Бөкетов жетекшілігінде болған лабораторияда лаборант жұмысын атқарды.

1985 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің химиялық факультетінің химия мамандығын тәмамдап, 1987 жылға дейін Қызылтау орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

1987 - 1993 жылдары Шет ауданының №11 орта кәсіби техникалық училищесіне оқытушы болды.

1993 - 2000 жылдары Қарағанды облысы Жайрем кентінің №18 орта кәсіби техникалық училищесінің химия пәнінің оқытушысы болды

2000 - 2004 жылдары Қарағанды облысы Қаражал қаласының Қалалық білім басқармасында жұмыс істеді.

Ұзақ жылдар білім саласында жұмыс істеп жүріп, жоғары санаттағы оқытушы дәрежесіне, қоғамдық жұмыстарға ат салысып қатысқаны жоғары кәсіптілігі үшін министрлік, облыстық және жергілікті деңгейлердегі ведомствалардан алғыс хаттармен құрмет грамоталарына және дипломдарына иеленді.

2004 - 2007 жылдары Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекетті университетінің заң факультетінің юриспруденция бакалавры мамандығына ие болды.

2007 - 2020 жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысқан.

Қазіргі кезде зейнеткер, екі қыз бір ұлды тәрбиелеп отыр.

Жолдасы - Ахметов Аманжан Мұсаұлы, руы - Қаракесек - Сарым - Дербісалы.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында ұзақ жылдар еңбек атқарған білікті заңгер, бүгінгі күні адвокат.

Балалары: Ахметова Толғанай Аманжанқызы - мұнай тасымалдау саласында риск-менеджмент және интеграцияланған менеджмент жүйесінің бас маманы, жергілікті кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Ахметова Ақнұр Аманжанқызы - заманауи технологиялар ІТ саласындағы жобалардың бизнес-аналитик маманы.

Ахметов Бекнұр Аманжанұлы - құқық қорғау органдарында заңгер

Айтжанова Бота Егінбайқызы



1971 жылы 17-ші наурыз айында, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Байбала ауылында дүниеге келген. Кіші жүз, Алшын - Дөңгелек тегінен. 1978 жылы Ақшоқы қызылтау орта мектебіне 1-ші сыныпқа барып 1988 жылы 10-шы сыныбын бітірді. 1988 жылы Целиноград “Ақмола” қаласындағы кооперативтік техникумына түсіп, 1991 жылы осы аталған оқу орнын үздік бітіріп шықты. Оқып жүріп қоғамдық жұмысқа, іс - шараларға белсене қатысқан азаматша. 1991 жылы Оқуын бітіргеннен соң Еңбек жолын Ақшоқы ауылында құрлыс шаруашылық саласы бойынша есепші

бухгалтер болып қызмет атқарды. Кеңес үкіметі таралып, 1993 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударды.

Сол жылы Қарағанды қаласында тұрғын үй жөндеу кәсіп орында бас маман болып жұмысқа қабылданды. Әріптестерімен тіл - табыса білетін, білікті азаматша, және нәтижелі еңбегі үшін Әкімшілік, қоғамдық тарапынан Алғыс хаттарға, Мақтау грамоталарына ие болды. 2008 жылдың қыркүйек айынан бастап Әлихан Бөкейхан ауданының санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасына бас бухгалтер қызметіне ауысып, қазіргі уақытта қызметін атқарады. Жолдасы: Бейсен Жұмақұлы. Балалары: Али, Альмира


Айтжанов Нұрбол Егінбайұлы



1974 жылы 7-ші қаңтарда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылында дүниеге келген. Кіші жүз, Алшын - Дөңгелек тегінен. 1981 жылы Ақшоқы қызылтау орта мектебіне 1-ші сыныпқа барып 1991 жылы 10-шы сыныбын бітірді. 1991 жылы Балқаш қаласындағы педагогикалық училищесінің дене - шынықтыру факультетіне түсіп, үздік бітіріп шықты. Оқып жүріп қоғамдық жұмысқа, іс - шараларға белсене қатысқан азамат. 1993 жылы Оқуын бітіргеннен соң еңбек жолын Балхаш қаласында бастаған. Сегізінші орта мектебінде денешынықтыру оқытушы болып еңбек етті. 1997 жылы отбасылық жағдайға байланысты өзінің Ақшоқы туған ауылына оралады. Ақшоқы ауылында құрылыс, ауыл шаруашылық салаларында еңбек етіп, жүргізуші болды. Тұрмыс - тіршілігіне белсене араласқан. Кеңес үкіметі таралып, жеке кәсіпкерлікке араласуына тура келді.

2000 жылдан бастап өз жеке кәсіпкерлігін ашып жүрген азамат, қазір “Тоған” шаруа қожалығының жетекшісі. Ауылдағы болып жатқан әр іс - шаруаларға белсене араласып, жанашырлық көрсетіп жүрген азамат. Нұрбол осы үйдің төл кенжесі. 2004 жылы отбасын құрып, жұбайы Егінтайқызы Алтынай, 1978 жылы Балхаш қаласында дүниеге келген. Руы-Найман. төрт бала тәрбиелеп отыр. Даулен, Қарақат, Ақерке, Айзере. Үлкені Дәулен - Қарағанды банк колледжінің студенті. Қыз балалары Ақшоқы ауылы Қызылтау орта мектебінде білім алуда. Нұрбол осы ауылдың тумасы, өз ауылының мәртебесін көтеріп жүрген азамат.

Асанов Омар Зағыпарұлы



1959 ж. 8 қазан күні.

Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Қаршығалы ауылында дүниеге келген.

1966 жылы шет ауд. Ақбауыр ауылын_ауылында 8-жылдық мектепте 1-4 қазақ сыныбында оқыды

1970 жылы Қызылтау 8-жылдық мектебінде 5-8 сыныбын оқыды.

1974 ж. Қарағанды обл. Абай қаласында тау-кен техникумына оқуға түсіп,

1978 жылы тау-кен мастері мамандығы бойынша бітірді.

1978-1980 ж.ж. Калининград облысында әскери борышын өтеді.

1980-1983 ж.ж. Қарағанды қаласындағы, 22-ші шахтада кенші болып жұмыс істеді.

1983-2005 ж.ж. 122-ші Т.Күзембаев атындағы шахтада тау-кен мастері болып жұмыс істеді.

Жарақатына байланысты 2005-2007ж.ж. мүгедікте болды.

2007ж. бастап күзет саласында жұмыс істеп жатыр.

2022 жылы зейнеткерлікке шықты.

1984 жылы отбасын құрған. 1-ұл, 1-қызы бар.

Асылбеков Ғарифолла Қосылбекұлы



1938 жылы, 7 қарашада «Құрама» ауылында дүниеге келді. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіреді Еңбекке ерте араласады: 1955 жылы Шет машина-техникалық станциясына 5 - дәрежелі жөндеуші (слесарь) ретінде қабылданады, 1958 жылы байланыс монтері болып, еңбек етеді.

1959-1962 жж. Кеңес қатарында болады.

1963-1967 жж. байланыс саласында, 1967-

1995 жж. Орджоникидзе атындағы совхозы, Ақтөбе бөлімшесінде зоотехник, есепші болып, қызмет етеді.

Бөлімшенің өркендеп, дамуына өз үлесін қосты. 1995 жылдан зейнеткерлікте.

31.05.2015 жылы дүниеден озды.

Жұбайы - Бәкірқызы Тілеужан, «Алтын Алқа» иегері.

Балалары: Гүлнұр, Гүлдана, Гүлжанат, Сайран, Сәуле, Ерғанат, Бекболат, Ерхан, Болат, Айжан.

Асылбекова Сара (1935-2006)

Асылбек атамыз және
анамыз Сара туралы

Атамыз Асылбек Сүлейменұлы туралы айтсақ, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің тарих, археология және этнология факультетінің тарих кафедрасының доценты С.К. Үндербаеваның «1905-1907 ж.ж. революция және Қазақ интеллигенциясының демократиялық қозғалысы» жұмысында былай делінген: «А.Байтұрсынов «бандының алға итермелеушісі» болып аталды. Сонымен бірге, басқа да есімдер аталды: Смоқан Бөкейханов - қырғыз Тоқырауын болысы, Самарқандта орналасқан А. Бөкейхановтың ағасы, Ыбырай Ақпаев - Ж.Ақпаевтың ағасы, Хасен Ақаев-Ку болысының бұрынғы басшысы, Ахмед Райымбеков - Қарқаралыдағы дәрігерлер көмек беру орнының фельдшері, Б.Райымбеков - онын ағасы, Асылбек Сүлейменов - орыс-қазақ мектебінде оқыды, Смаил Байтенов - ауыл мектебінің бұрынғы мұғалімі.

Олардын барлығына «төңкеріс-шілердің ісін жасырып жатыр, халықты салық төлемеуге, көшіп-қоныстанушыларға жерді бермеуге халықты шақырған» деген айып таққан. Жергілікті билік олардың іс-қимылдарынан қорқып, билікке көнбегендерді Степной генерал-басшылығынан алыс жерлерге жіберуді өтінеді.

1910 Жылдын ақпан айында ЖАқпаевқа, АБайтұрсыновқа, С.Бөкейхановқа, Ы. Ақпаевқа, Х.Ақаевқа, А.Райымбековке, оның ағасы Б.Райымбековке, А.Сулейменовке және Смаил Байтеновқа Степной генерал - басшылығындағы Жетісу және Торғай болыстарында әрқайсысы екі жылға жер аударылып, айдауға салынады.

1914 ж., 1 наурызда шыққан «Русское слово» газеті бұл жайтқа көңіл аударды. «В экзотической стране» деген мақалада Троицк губернаторына қатты сөз тигізді, бұл мақалада былай деп жазылған: «1910 ж. наурыз айында билікке қарсы халықты көтеру, жергілікті биліктің бұйрығын орындамаған, салық төлемеуге, Ресейден қайтып Қытайға көшуге шақырғаны үшін бір талай адамдарды көшірді. Олардын ішінде ақсүйектердің барлығы, Ж.Ақбаевтан бастап, сонымен бірге 15-жастаты оқушы А.Сулейменовта көшірілді» деп жазылған.

«Құрама» аулына атын берген - Асылбек атамыз. Ауылдын атын қоямыз дегенде, әр отбасы өзінің қайтқан туысқандарының атын береміз деп, айқай-талас басталады. Енді, біреуі «Асылбекке барайық, ақыл сұрайық»-дейді, бәрі келіседі. Асылбек атамызға барып, барлығы өз пікірлерін айтады. Асылбек атамыз ойланып, «Құрама» деп айтайық дейді. «Өйткені, бұл жерге әр жерден адамдар келді, олардын әр

қайсысын ренжітпейік» - дейді. Содан кейін, ауылды «Құрама» атап кетеді, ауылдың бәрі сол атқа риза болады.

Жалғыз тұяғы туралы айта кетсек,

Асылбеков Түстай Ресейдің «Мемориал.ру» сайтында, 1923 жылы туған, 256 стрелковая дивизияда болып, 1943 жылы май айында жоғалып кеткендердің тізіміне жазған.

Анамыз - Сара Асылбекқызы 1935 жылы, 7 ақпанда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауырауылында дүниеге келді. Еңбек жолын 1954 жылы Шет ауданының білім бөлімінде бастады. 1955 жылы әкеміз Балмұханов Көшербайға тұрмысқа шықты.

1965 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетіне сыртай түсіп, 1973 жылы бітірді.

1965-1985 ж.ж. Шет ауданы, Нұраталды ауылының орта мектебінде қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Жұмыс істеген уақытында мектеп және аудан білім бөлім басшылықтарынан адал қызмет істегені үшін бірнеше рет марапатталады.

1 дәрежедегі «Медаль материнства» және 3 дәрежедегі «Материнская слава» орденінің иегері.

2006 жылы, 1 наурыз айында дүниеден қайтты. Жолдасы Балмұханов Көшербай- білім саласына еңбегі сіңген азамат.

Анамыз 7 бала дүниеге алыш келді:

Зәмзәгүл (1956ж.)- қайтыс болды, Жамбыл (1958ж.)-қайтыс болды, Қуаныш (1960ж.), Думан (1962ж.), Дулат (1964ж.), Қинаят (1966ж.), Дина (1968 ж), Амантай (1970ж.), Мақпал (1974ж.).

Зәмзәгүл және Жамбыл бала кезінде қайтыс болды.

Қуаныш Қарағанды қаласына 1982 жылы тракторист болып, жұмысқа тұрды. Өзінің талпынысымен, ақылдығымен үлкен белестерге жетті. Ол коллективтің басын қосып, биік дәрежелерге жетті. Өзін дарынды басшы ретінде көрсетті.

Қуаныш Қарағанды облысы бойынша Су-Құтқару қызметі басқармасының бастығы болып, қызмет етті. Өкінішке орай, 2006 жылы қараша айында, 46 жасында ауыр науқастан өмірден өтті.

Қуаныштан: Нұржан және Қайыржан, екеуі де Астана қаласында жеке кәсіпкер болып жұмыс істейді.

Думан-Қарағанды қаласында бір ЖСШ-нің директоры. Балалары: Есенай, Айсұлу.

Дулат - Қарағанды қаласында білім саласында жұмыс істейді. Баласы: Асылбек. Анамыз Асылбекке өз әкесінің есімін берді. Кәріз Дулаттың ұлы Голландияда тұрып жатыр.

Қинаят - 2008 жылы қаңтар айында 42 жасында көлік апатында қайтыс болды, одан бала жоқ.

Дина - Қарағанды қаласының N 39 орта мектебінің директоры. Балалары: Марал, Аяулы, және Ғайнел.

Амантай - Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, балалары: Зарина, Жанерке және Асылхан. Жанерке - музыка саласында (фортепьяно), көптеген Халықаралық байқау фестивал-дерінің жүлдегері.

2014 жылы Ресейдегі Омбы қаласында өткен «Золотая Сибирь» байқау фестивалінде, қазылар алісасының төрағасы, П.И. Чайковский атындаты Мәскеу Мемлекеттік консерваториясының профессоры А.С.Струісовтың шешімі бойынша 26 үміткер ішінде Жанерке бірінші орынға ие болды.

Ұлы Асылхан волонтерлік негізде халықаралық астрономиялық жобаларға қатысты, бұл бағдарламаларға қатысқаны үшін оның сертификаттары бар, олар «Ехитасштисияг асйуігіез» деп аталатын:

- олардың екеуі БІА5А-дан (АҚШ);
- біреуі Ріапеіагу Зсіепсе Іпзііііе-тен (АҚШ).

Бұл сертификаттарда Асылханның есімі екілік кодта көрсетіліп, 2020 жылдың шілде айында Марсіса «Ыеу/ Ногігопз» спутнигіне жіберілгені де жазылған.

Мақпал - Қарағанды қаласының Ы 3 полиіслиникасында жұмыс істейді, балалары: Мерей, Медина, Сабина.

Мерей - Қарағанды қаласының 18-ге дейін жасөспірім балалар арасында шахматтан чемпион, «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» бірінші түлегі. Кәзіргі уақытта Мерейдің Астана қаласында бірнеше шах мектебі бар.

Асылбектің жиендері: Думан,

Дулат, Дина, Амантай, Мақпал-Кошербай балалары. Қарағанды.

Асылбекұлы Түстәй



1923 жылы Шет ауданы, «Құрама» ауылында дүниеге келді. Ел ардақтысы, «Алаш» деп жүрегі лүпілдеп, үн қосқан Сулейменов Асылбектің ұлы, жалғызы. Әкесінің үкілеген үміті еді.

Ауылдық жетіжылдық мектепті бітіреді. Қарқаралы зооветтехникумын бітіріп, мамандығы бойынша еңбек етеді. Ферғана қаласында, әскери училищеде төрт айлық курсты бітіреді.

1942 жылдың 12 наурызында соғысқа алынады. Жараланып, әскери госпитальде емделеді, үйіне бірнеше рет хат жазады. Соңғы хатында, 1943 жылы, 5 ақпанда,

Ленинградты жаудан қорғауға аттануға дайындалып жатқан туралы жазады.

Артынан қара қағаз келеді.

Жас боздақ 20 жасында ерлікпен қаза болады.

2016 жылы Асылбеков Тұстайдың фотосуреті мен өмірбаяндық деректері Нижнеитрышск мектебінде орналасқан 256-шы атқыштар дивизиясы музейінің Әскери Даңқ залына сақтауға берілді, сондай-ақ оның деректері келесі сайтта көрсетілді: http://nsch.ucoz.ru/photo/narvskaja_krasnoznamennaja/asylbekov_tustaji/14-0-2309.

Сонымен қатар, Асылбеков Тұстайдың фотосуреті мен өмірбаяндық деректері Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған «Мемориал» сайтында орналастырылды.

Асылбеков Тұстайдың есімі мен ерліктері мәңгі өшпес із қалдырады.

Артында анасы - Шекер, қарындастары: Шәкура, Сара, Бәтиха қалады, бәрінің де бала-шағалары, немере-шөберелері ер жетіп, әр салада еңбек етіп жүр.

Ақымжанов Мақсұт Нөгенұлы

1931 жылдың күз айында Қәрітүлкі баурайындағы қыстақта дүниеге келген. 1947-1950 жж. Құрама колхозында есепші-счетовой болып жұмыс істеді. 1955-1961 жж. Р.Люксембург атындағы колхоздың бас бухгалтері болып қызмет атқарған. 1961-1965 жж. Ақбауыр фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1965-1971 жж. Путь к коммунизму совхозда - Комсомол селолық советінің председателі 1971-1980 жж. Ақбауыр фермасының правляющиі қызметін басқарды. 1980-1986 жж. осы бөлімшеде бухгалтер болды. 1986 ж. Сентябрь 1990 жыл «Ақшоқы» совхозының бас бухгалтері болып қызмет атқарды. 1990 жылдың сентябрь айынан бастап жүрек ауруы басталып инфаркт науқасына шалдықты.

Әбенәва Рымтай (22.07.1945 ж.)



Қарағанды облысы Шет ауданы Қызылтау ауылында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтының химия-биология факультетін бітірген. Педагогикалық еңбек жолы 1964 ж. Шет ауданы Ақбауыр сегіз жылдық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. Осы аталған мектепте 1971-1978 жж. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; 1978-1980 жж. Қызылтау орта мектебінің директоры болып қызмет атқарды; 1986ж. - Химия-биология пәндерінің мұғалімі; 1987-1997жж. оқу тәрбие ісінің меңгерушісі, 1997-2007 жж.- химия-биология пәндерінің мұғалімі болып еңбегін жалғастырған. Ұстаз өз іс-тәжірибесін жинақтап, мұғалімдерге, 8-9-шы қазақ сыныптарына химия, биология пәндерінен бірнеше оқу-әдістемелік құралдар дайындаған. Еңбектері әдістемелік баспада жарық көрген. Оқушылары олимпиадаға, әр түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. «Жыл мұғалімі» байқауының қатысушысы, «Еңбек ардагері» медалімен, «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған, «Аға мұғалім» атағының иегері.

Родилась в с. Кызылтау Карагандинской области. Окончила химико-биологический факультет Карагандинского пединститута. Трудовую деятельность начала в 1964 г. учителем начальных классов в Акбаурской восьмилетней школе Шетского района Карагандинской области. Затем (1971-1978 гг.) работала заместителем директора, (1978-1980гг.) директором; 1986г. учитель химии и биологии; (1987-1997гг.)- зам. директора по УВР. 1997-2007 гг. продолжила педагогическую деятельность учителем химии и биологии. Является автором методических пособий, множества статей, которые были опубликованы в методических изданиях, разработала УМК по химии и биологии для учащихся 8-9-х классов казахской школы. Учащиеся активные участники и призеры олимпиад, конкурсов разных уровней. Опыт учителя обобщен и распространен в школах района. Участник конкурса «Учитель года». Награждена медалью «Ветеран труда», нагрудным знаком «Отличник образования РК», удостоена звания «Старший учитель».

Әкімжанов Терлікбай Мақанұлы

Шет ауданының Кәрітүлкі баурайында туған. Екінші дүниежүзілік соғысының ардагері (1941-1949). Беларусь майданында болып, Жапонияға қарсы соғыста гвардия сержанты шенінде бөлімшені басқарды. Алматы халық шаруашылық институтының есеп-экономика факультетін бітірген (1968). Шет ауд. қамсыздандыру бөлімінің бастығы (1950), Ақбауыр колхозы партия ұйымының хатшысы (1959), Талды совхозының бас экономисі (1970-1984) қызметтерін атқарған. Талды шаруашылығының өркендеп дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына, жұмыскерлердің жалақысын артып, дәулетті өмір сүруіне үлкен үлес қосқан азаматтардың бірі. Экономика саласын терең меңгерген маман, оның тәжірибелері аудан көлемінде насихатталып, көпшілікке таратылды. 1984 жылы зейнеткерлікке шығып. Атқарған еңбегінің жемісін көрді. 2014 жылы 92 жасында дүниеден озды.

Әкімжанов Қарашаш Терлікбайқызы

1950 жылы, 10 қаңтарда Жезқазған облысы, Шет ауданы, №5 ауылда дүниеге келген. 1957 жылы Ақбауыр ауылында жетіжылдықты, Нұраталды ауылында 10-сыныпта оқып, онбіржылдықты Ақсу-Аюлы селосында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебін тәмамдады. 1967 жылы оқу бітірген соң, «Путь к коммунизму» совхозының 2-ші бөлімшесінде есепшінің көмекшісі болып, еңбек жолын бастады. 1969 жылы совхоздағы коммутаторда телефонистка жұмысына ауысты. Көпшілік көңілінен шығып, жұртшылықтың алғысына бөленді. Кейін аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде (райспецхозобъединение - РСХО) асханашы болып, еңбек етті.

1995 жылы зейнеткерлікке шықты. 2006 жылға дейін Ақсу-Аюлы ауылында қоныс тепті. Аудан орталығында «Заман» газетінің 70 жылдық мерейтойының іс-шараларына белсене араласып, көмек көрсеткені үшін редакция атынан алғыс хатқа бөленді. Қарағанды қаласында тұрады.

Жанұясында 5 баласы, немерелері бар.

Әбдірайымұлы Байтөлеу

Әбдірайымұлы Байтөлеу Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында 1901 жылы дүниеге келген. Шет ауданында орта білім беретін мектепте 7 сыныпқа дейін оқып бітірді. Еңбек жолын Кеншоқы

ауылында әр түрлі салада қызмет жасады (кірпіш құнды, үй салды). 1935 жылы Сармантайқызы Шәкенмен отау құрды. Отбасында 7 бала дүниеге келді. Сармантайқызы Шәкен шет ауданында 1905 жылы дүниеге келген. Ол кісі үй шкряушылығымен, бала күтпiмiмен үйде отырды, жұмыс атқармады. Әбдірайымұлы Байтөлеу 1958 жылы 15 маусымда ГРП руднигінде жұмыс істеуге барғанда сол жақта ауырып қайтыс болды. Сармантайқызы Шәкен 1991 жылы Шет ауданында, Ақсу-Аюлы ауылында ауырып қайтыс болды.

Әрінов Төлеген



1987 жылы “Сарыжалда” дүниеге келген. 1930 жылы “Құрама” колхозының басшысы болып тағайындалды. 1939 жылдан бастап, 1971 жылға дейін Шет ауданының былғары өңдеу жұмысымен айналысты.

Зерек, ықпалды адам болған. Байыпты мінезді, отбасының берекелігі арқасында көптеген лауазымды адамдармен жақсы қарым-қатынаста бола білді. Кей жағдайда, кадрлерді орналастыру жағдайында ұсыныстарын өткіздеді білген.

1971 жылы дүниеден озды.

Жолдасы - Дәметкен, “обком әже” аталған адам (облыс басшыларының дастарханынан жиі дәм татқандығынан болар).

Балалары: Мағиран, Сансызбай, Берікбай.

Әтімбаев Қабдолла (1906-1992)



Қабдолла (Қабылда) ағамыз ағасы Төлеген атамен әке-шешесінен алты жасында ерте жетім қалып, нағашы жұртының қолында қалады. Сол себепті Әтімбай атты нағашы әкесінің тегі берілген. Өз әкесі - Әрінов.

Ұлы Отан соғысының ардагері, көптеген орден, медальдардың иегері. Үш ұлдың әкесі: Жеңіс 1941 жылы туылып, жасқа толмай шетінеп кеткен. Серікбай (1951-2004) және Ерғазы (1963-1985).

Ағамыздың еті ширақ, еңбекке ерте араласқан. Ол кездері қай отбасының көрмегені бар дейсіз!? Ашаршылықты да, репрессияны да, сұрапыл соғысты да бастан өткерді емес пе!

- Қазіргі заман - қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман соғыстан аман келдік,- деп шүкіршілік жасап отыратын атам марқұм.

Белінен белі шықпай жатып десе де болады: ағылшындар ашып кеткен Жезді, Қарсақбай кен орындарында ауыр жұмыс істеп, туғандарына үлкен адамдай қамқорлық жасап, тірегі болған екен.

Ойы сергек, көкрегi ояу, еңсесі биік атамыздың мінезі шапшаң шындықты бүкпесіз тура айтатын. Ол біреуге ұнаса біреуге ұнамай да жататын. Қимылы да шапшаң. Таңертең ойда жоқта ешкімге айтар-айтпастан Қарағанды қайдасың деп кетіп қалады да, кешке жайбарақат ауылда жүретін. Алайда өзін ортаға сай ұстай білетін, ешкімнің ала жібін аттамайтын. Барға қанағат, өткенге салауат деп:

- Балалар, дүние, байлық жинамандар. Дастарханды болындар Достарың көп болсын, - деп отыратын. Сол қағиданы мықтап ұстап. босағасынан ат кетпеген, дастарханынан ас кетпеген. Өз заманының заңғарлары, еліміздің игі жақсылары ат басын тіреп, ұялмай түсетін ордалы да текті шаңырақ иесі болған.

1909 жылдары белгілі Совет жазушысы әрі өлке танушысы М.М. Пришвин бұл өңірге арқар іздеп, қызығушылық танытып арнайы келген. Аңшылық құрып табиғаты, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен танысып кітап бетіне түсірген. «Архары» повесін де жазып кеткен. Кейіннен қайта оралып, әкеміз Қабдолланы қасынан тастамай бүкіл табиғатты бірге жүріп аралаған, аңшылық құрған. Бұл Пришвиннің «Урочище Ақбаур» кітабында жазылған.

Атам марқұм өз Отанын мейлінше сүйіп өтті. Нағыз патриот, коммунист еді. Отан соғысының жеңісін Сталиннің арқасында деп, оның портретін өзі өмірден озғанша үйдің қақ төріне ешкімге тигізбей ілгізіп қойған болатын.

Өз өлкесінің көркеюіне мейлінше барын салып, ел игілігі үшін Роза Люксембург атындағы, «Құрама» колхоздарын құруға көп үлес қосқан. Туған жерінің малын да бақты, басқарма да болып еңбек етті.

Шынар шешемізбен 53 жыл отасып, 86 жасында бақилық болды.

Шоқтығы биік атамыз өзінің ширақтығымен, қонақжайлылығымен, өткен өмір тарихын көп білетіндігімен, зор еске сақтау қабілетімен ел есінде қалған....

Зор құрметпен пікір жазушы келіні Нұрзипаш.

Әтімбаева Шынар Имашқызы **(1921-2016)**

Руы-Орта Жүз, Қаракесек. Халықтың сый-құрметіне бөленген ардақты ана. Әке-шешесінің баурында апалы-сіңілі Панар мен Шынар және Икрам деген ағасы болыпты. Жаңылыспасам сол Панар әпкесі-ау деймін, ашық тұрған түндіктен найзағай түсіп қайтыс болса керек.

Өзінің басынан өткен өмірі туралы көп әңгіме шертуші еді:

- Мешін жылы болатын. Шешем байқұс не істерін білмей, бір үзім нан таппай жоғалып кетті. Кейін табысқаннан соң білдім, төркіні Алшындарды паналап көмек сұрап барған да кері қайтуға мұршасы келмеген. Әкем мен ағам да жоқ, не өлісін, не тірісін білмедім. Ал мен болсам оларды жер-көктен іздеп туған жерім Қарқаралының Бесобасынан басым ауған жаққа дала кезіп кеттім. Жол бойы іштері кеуіп, аштан қырылған ел, я ыңырсып дәрменсіз құлап жатқан адамдар. Сол өлгендердің ішінен ата-анамды, ағамды іздеймін, таппаймын. Жүріп келем, жүріп келем. Есеңгіреп келе жатсам бір үлкен адам соңына ертіп, бірінің етін бірі жеп жатқандардан сақтағысы келді ме, әйтеуір жол-жөнекей кезіккен Алшын-Баян елі қоныстанған Құрамаға Нығыман ақсақалдың үйіне түнделетіп алып келді- Есік қақтық, бірақ таң атқанша есік ашпады. Өйткені кісі жегіштер жүреді екен, қорыққан.

Бұл үйдің азын-аулақ күнелтетін шаруашылығы мен сауын сиырлары бар және маған құралпылас Зүкіра, Зүбайра деген қыздары, Қасым, Кәріғұл деген балалары бар отбасы екен. Балхаш көлін сағалап, Қарқаралы жақтан ағылған босқын жұрт осы шаңырақты аз-маз паналайтын болса керек.

Мені де осы үйге бірер күн түнеткізіп, мән-жайды жіті анықтаған соң, жобалап Кәрі Түлкідегі нағашым Мұхамедияның үйіне алып келді. Сөйтсек шешем расында да осы үйде болып шықты. Біз осылайша көрісіп табыстық. Нағашымның қолында екеуіміз жеті-сегіз жылдай тұрдық та, анам Қабдолла әкелеріңнің еті тірі әрі төркін жағынан екенін айтып көздестіргеннен соң 1939 жылы тұрмысқа берді,-деп әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

- Құрамада дүкен болған. Дүкеншісі Нығыман атаның үлкені Қасым еді. Болашақ күйеуім Қабдолла (Қабылда) мен Қасым бірге өсіп, біте қайнаған әрі бір ел Алшын ішінде «Баян» болатын. Аталарыңның көзі түсіп алмақшы болған соң Қасекең өз дүкенін өзі «тонап», мені бастан аяқ киіндіріп, анам екеуі ұзатып шығарып салған еді-ау иманды болғыр,-деп алғысын жаудырып, сыр шерткені бар.

- Іле шала соғыс басталды. Әкелерің майданға аттанды. Соғыс басталған қырық бірінші жылы өмірге тұла бойым тұңғышым - Жеңісім келді де,

бірге толмай суық тиіп шетінеп кетті. Қолымызда тұрмысқа шықпаған атамның қарындасы - үлкен апай бар еді. Баланы қызғанып Жеңіске маңайлатпайтын. Көңіліне қарап ақыры маңдайынан мейірленіп бір иіскей де алмай кеттік-ау, - деп налыйтын марқұм енем

Бастан кешкен қиындықтарын баяндай отыра әкесі мен ағасының аштықтың құрбаны болғанын көп жылдар өткеннен соң Қабдолла атамыздың айтысынан білген екен:

- Сол ашаршылық жылы болатын. Аң аулауға шықтық. Алдымыздан жобасы әкелі-балалы болу керек, екі мәйіт табылды да оларды жерлеп кері қайттық. Мүмкін солар сенің әкең мен ағаң шығар?-деген.

Алайда бүгінгі таңда Ақбауыр, Қызылтау өңірінде немере - шөбере туыстары мен нағашылары баршылық.

Анамыз сөзге шебер еді. Абай, Шәкәрім еңбектерін жатқа айтса, өз тарапынан өлең де шығара білетін. Соғыс жылдары балаларға тәлім беріп, сауат аштырған да екен.

Атам екеуі сыйластықпен 53 жыл ғұмыр кешіп, 95 жасында дүниеден озды.

Кемеңгер анамыздың бойына дарыған еңбекқорлық, мұқтажға қай ырымдылық, жарына адалдық, алды-артын бағдарлайтын байыптылық, ер-азаматтай қажымас қайраттылық қасиеттерін қайын жұрты қатты бағалап, аса құрметке бөлеген.

Иман байлығын берсін деп еске алушы келіні Нұрзипаш.

Әубәкірова Сара Егеубайқызы (1930-1975)



1930 жылы Қарғанды облысы, Шет ауданы Ақшоқы ауылында дүниеге келді. 1938 жылы мектепке аяқ басып, орта мектепті 1947-жылы аяқтады. 1951-жылы Бәкірұлы Зәкірмен отау құрып 9 баланы дүниеге әкелді. Әке шешеден ерте айырылғанына қарамастан бауырлары Барлыбаймен Шашубайды, жұбайы Зәкір екеуі қамқорлықтарына алды. Жолдасы Зәкір шахтада инженер болып қызмет етіп, сол жұмыс орнында оқыс оқиға болып, дүниеден мезгілсіз қайтты. Сара Әубәкірқызы үйде болып, бала тәрбиесімен айналысты.

Әубәкірқызы Сараның балалары: Сәбит, Нәсіпкүл, Бақытгүл, Рымбек, Рымкүл, Торғын, Сырымбет, Болатбек, Айгүл. Ұрпақтарынан он бес немере және жиырма шөберелері бар.

Әубәкіров Барлыбай Егеубайұлы (1936 - 1992)



1936-жылы дүниеге келген. Еңбек жолын Қарқаралыда бастап, сол жерде үйленіп, 1962-жылы баласы Қуандық дүниеге келді. 1967-жылы Шет ауданына қоныс аударып, Орджоникидзе атындағы совхозға механизатор болып жұмысқа алынды. Совхоздың төрт бөлімшесінде «К-700» тракторымен көктемгі, күзгі дала жұмыстарын хас шеберлікпен атқара білді. 25 жыл осы кеңшарада тынымсыз еңбек етіп, шаруашылықтың озық шығуына сүбелі үлесін қосып, кейінгі жас мамандарға үлкен ұстаздық тәжірибесін көрсете білді. 1992-жылы науқастан

дүниеден озды.

Ұлы Қуандық пен келіні Алмагүлден немерелері: Еркебұлан, Динара, Айбек, Айдана, Әйгерімдер әр қайсысы әр салада еңбек етуде. Бүгінгі күні немерелері отбасын құрып, Қарағанды қаласында тұрып жатыр.

Шөберелері: Сәнім, Ескендір, Сезім. Алды мектеп жасында.

Жиен шөбересі: Бақжан.

Әубәкіров Шашубай Егеубайұлы (1939 - 1993)



Ақбауыр өңірінің азаматы. 1939-жылы Ақшоқыда дүниеге келді. Әке-шешеден ерте айырылып, апасы Сараның, жездесі Зәкір мен ағасы Барлыбайдың қамқорлықтарында болды. Орта мектептен кейін Қарағандыдағы шоферлық курсты тәмамдап, Қарқаралыда еңбек жолын бастады.

1964-жылы Ақсу-Аюлыға келіп, Орджоникидзе атындағы совхозда жүк көлігінің жүргізушісі болып жұмысқа кіріседі. Еңселі өмірінің 30 жылын осы совхозда өткізіп, аянбай тер төккен аптал азамат.

Бұл еңбегі кеңшар басшылығымен, аудан партком тараптарынан өз бағасы беріліп, сол жылдары құрмет грамоталарымен, медальдарымен марапатталды. Кеңшардың озат еңбеккерлерінің қатарында жүріп, үлгілі жүргізушінің бейнесін құрмет тақтасында үнемі көруге болатын. 1967-жылы шаңырақ көтерді. Жары Рымжан екеуінен 10 бала дүниеге келді. 1993-жылы ауыр науқастан небәрі 54 жасында дүниеден озды. Артында қалған аяулы жары Рымжан балалардың бәрін өсіріп-оқытып, ұлды ұяға, қызды қияға жеткізген жан. Бүгінде ұлдары Ерболат, Бекболат,

Даниярлар әкесі Шашубай сияқты ауыл шаруашылығы, жол көлік техникасын толық меңгеріп, осы уақытта түрлі салада еңбек етуде.

Жампеисова Рымжан Слетайқызы (1949)



1949 жылы Шет ауданының орталығында Ақсу-Аюлыда дүниеге келді. Еңбек жолын 1967-жылы Шет ауданының Орджоникидзе атындағы совхоздың балабақшасында бала тәрбиешісі ретінде бастады. Өмірінің 30 жылдан астам кезеңін совхоз, аудан орталығы тұрғындарының балаларының тәрбиелеуіне арнады. Ұжымшардың қоғамдық жұмысына белсене араласып, басшылықтар тараптарынан бірнеше рет марапаттауларға ие болды, аудандық халық депутаты болып сайланған. 1967-жылы Әубкіров Шашубаймен отбасын құрып 10 баланы дүниеге әкелді. Жолдасы Шашубайдан ерте айырылсада, балаларын жеткізді, үйлі-баранды қылды. Ел ортасында қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсіп, абыройға кеңеліп отыр. Бүгінгі кезде балалары жан-жақта, олардан немере және шебере көріп қуаныштарын қызықтаған ақ жаулықты «Батыр ана».

Балалары - Ерболат, Бекболат, Данияр; қыздары - Айгүл, Сәуле, Назгүл, Гүлнәр, Гүлмира, Зәмзәгүл, Айғаным.

Жиен немерелері - Гүлнұр, Бахтияр, Нұрлан, Айман, Айжан, Мадияр, Әсем, Әсель, Абылайхан, Әсем, Бектемір, Нұрсұлу, Ермек, Еркін, Аида, Айжан, Ерасыл, Есімхан, Ақерке, Таңшолпан, Ағыбай, Мадина, Ақнұр, Талғатбек, Томирис.

Жиен шөберелері Мансұр, Айнұр, Заңғар, Аяла, Марлен, Арсен, Алинұр, Мирас, Айлана, Еркеназ, Нұрали, Фатима, Жанасыл, Алан, Айдын, Сафия, Ясина, Ердос, Санжар, Ислам, Омар, Рамазан.

Байленов Аманжол Нықашұлы



Байленов Аманжол Нықашұлы 1963 жылы Шет ауданы Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1981 жылы Талды орта мектебін бітірген;

1981 - 1983 жылдары Совет армиясы қатарында борышымды атқардым;

1984-1989 жылдары Целиноград ауыл шаруашылық институтында оқып мал дәрігері мамандығын алдым.

1989 - 1991 жылдары Талды мамандандырылған шаруашылығында зоотехник, аға зоотехник болып еңбек еттім;

1991-1995 жылдары Ақшоқы совхозында бас мал дәрігері болып қызмет атқардым;

1995-1998 жылдары Талды агрошаруашылығында мал маманы болып жұмыс атқардым;

1998-1999 жылдары «Дидар» шаруақожалық жетекшісі; 1999 - 2013 жылдары Мемлекеттік қызмет атқардым;

2013 жылдан бүгінгі күнге дейін Талды ауылдық округінде ветеринариялық пункт меңгерушісі болып жұмыс жасаймын.

Шет ауданы маслихатының 7 және 8 шақырылымының депутаты болып сайландым.

Елеулі еңбегі үшін деген төсбелгімен марапатталдым. Министрліктің, облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталдым. Жұбайы Байленова Мағрипа Аманқызымен 5 бала тәрбиелеп өсірді.


Байленов Аман



Байленов Аман 1943 жылы 20 сәуірінде Шет ауданы, «Құрама» ауылында дүниеге келген. Роза Люксембург атындағы колхозда 7-жылдық мектепті тәмамдады. 1 жыл әр түрлі жұмыс істеп, Кеншоқы училищесін 1959 жылы бітіріп, 1960/61 жылдары «Путь к коммунизму» совхозында тракторист, 1962-1965 жылдары әскерде болды. 1965 жылы Қарағанды шоферлер дайындайтын курсты бітірді. Талдыда жүргізуші, комбайшы, тракторшы болса, 1978 жылдан бастап автогараж меңгерушісі, 1982 жылы Мичурин совхоз-техникумының түлегі. 1985-1987 жылдары «Жаңажұрт»

фермасына басқарушы, гараж меңгерушісі болған. Талдыда ферма басқарушысы қызметін атқарған. Қажырлы еңбегін Үкімет жоғары бағалады: «Құрмет белгісі» (1972), «Еңбек Қызыл Ту» (1981) ордендерімен марапатталған. Жергілікті Кеңеске депутат болған. Бірқатар облыс аудандық дәрежедегі «Алғыс хат», «Мақтау грамоталары» бар. Тәуелсіздік жылдары жеке қожалық ұйымдастырып, балаларын ісін жалғастыруға баулыды. Жолдасы - Күлсара, алтын құрсақты ана.

БАЙЛЕНҰЛЫ НЫҚАШ



1936 Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Саран қаласында, орта мектептің 7 сыныбын бітірді. 1953-1960 жылдары «Саран» шахтасында бұрғылаушы болды. 1961 жылы Қарағанды қаласында жүргізушілік курсты бітіріп, сол жылдан бастап, «Путь к коммунизму» (кейіннен «РСХО») совхозында жүргізуші, механизатор болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етеді. Ауыл шаруашылығында жасаған еңбегін Үкімет жоғары бағалайды: 1970 жылы «Лениннің 100 жылдығы» медалі, 1979 жылы «Еңбек даңқы» ордені, 1981 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1984 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. 2004 жылы дүние салды. Балалары: Майра, Бақыт, Ботакөз, Алтын, Жаңагүл, Аманжол, Болат, Самат. Балалары әр салада еңбек етіп жүр, ауылында «Дидар» шаруа қожалығын ұйымдастырды.

Байленұлы Қиымбек (1947-2023)



Қарағанды облысы, Шет ауданы Құрама ауылында дүниеге келген. 1954 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1964 жылы бітірген. 1964 жылы Қарқаралы зооветеринариялық техникумына оқуға түсіп, 1965-1967 жылдары отан алдындағы әскери борышын өтеген. 1968 жылы қайтадан оқуын жалғастырып, 1970 жылы зоотехник мамандығын иеленді. Оқу оқып жүргенде, спортты қатар алып жүрді. Еркін күрестен аудандық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарды

иеленді. 1973 жылы Ібіжанқызы Гүлдана анамызбен отбасын құрды. Сол жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Балықтыкөл кеңшарына зоотехник мамандығы бойынша жұмысқа тұрды. 1976 жылға дейін сол жерде абыроймен еңбек етіп, отбасы жағдайына байланысты өзінің туған ауылы Шет ауданына қарасты Ақбауыр ауылына келіп, зоотехник, аға зоотехник бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1993 жылы «Қанат» шаруақожалығын құрып зейнетке шыққанға дейін абыроймен еңбек етті. Өмірлік жұбайы Ібіжанқызы Гүлданамен 6 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Балалары әр салада еңбек етіп жүр. Балалары: Жібек, Гүлден, Алмагүл, Әсемгүл, Қанат, Жанат.

Байсарыұлы Адалбек

(1937-2009)



Ауылымыздан шыққан жоғарғы білімді мамандардың әрі басшылардың бірі. Шет ауданының Ақбауыр ауылында туған. Мал шаруашылығының майталманы. Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мал шаруашылығы қызметкері. Қазақ ауыл шаруашылығы институтының түлегі (1961), ғалым-агроном. Қарқаралы, Бұқар жырау аудандарында басшылық қызметтер атқарды. «Восток», Буденный атындағы совхоздарда директор болды. Қарқаралы ауыл шаруашылық басқармасына жетекшілік жасады, «Қарағандапромстрой» трестінің подхозын басқарды. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің екі дүркін, «Құрмет белгісі» орденінің төрт дүркін иегері.

Көпшілікпен тіл табыса білді, қарамағындағы адамдарға жағдай жасап, мұң-мұқтаждарын тыңдай білді. Қарқаралы ауданының экономикасының дамып, дамуына зор үлес қосқан азаматтардың бірі. Жолдасы Зәуреш, балалары Ғани, Ғазиз, Гүлбану, Айгүл, Назым.

Байсарин Ғани Адалбекұлы



1962 жылы Қарқаралы қаласында дүниеге келген
1979 жылы Ульянов ауданы, С.М.Буденный
атындағы орта мектебін бітірген.

1979 жылы Томск политехникалық институтына
түсіп, 1980 жылы Қарағанды мемлекеттік
университетіне ауысып, 1986 жылы заң факультетін
бітірді.

1986 жылы Балқаш қалалық прокуратурасында
стажер, кейін осы прокуратураның тергеушісі болып
еңбек жолын бастады. Осы жылы әскери қатарына
шақырылып, Прибалтика Әскери округінің Таллин қаласында Клоога
әскери прокуратурасында борышын өтеді.

1988 - 1991 ж.ж. Қарағанды облысы Нұра аудандық прокуратурасында
тергеуші, аудан прокурорының аға көмекшісі қызметтерін атқарған.

1991-1994 жж. Қарағанды қаласының Октябрь аудандық
прокуратурасының тергеушісі, Қарағанды облыстық прокуратурасының
бөлім прокуроры.

1995 - 2001 ж.ж. «Карагандауголь» өндірістік бірлестік, кейін
«Испат-Кармет» акционерлік қоғамының заңгері.

2002 - 2015 ж.ж. Егіндікөл, Атбасар аудандарының прокуратурасында
және Ақмола облысының прокуратурасында әртүрлі лауазымдарда
жұмыс істеп, 2015 жылы еңбек өтіліне байланысты зейнеткерлікке
шықты.

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының Құрмет
грамотасымен, ведомстволық медальдармен, жергілікті атқарушы және
өкілді органдардың құрмет грамоталарымен марапатталған.

Осы уақытқа дейін кәсіби қызметпен айналысады, заң кеңесшілердің-
палатасының мүшесі.

Жұбайы Әмірова Рымкүль Әбілқасқызы. Балалары Индира, Ақтан
Аяна, әр салада еңбек етуде.

Байсарыұлы Адалбек

(1937-2009)

Ауылымыздан шыққан алғашқы жоғары білімді мамандардың, әрі басшылардың бірі. Шет ауданының Ақбауыр ауылында туған.

Мал шаруашылығының майталманы. Қазақ КСР-іне еңбегі сінген мал шаруашылығы қызметкері. Қазақ ауыл шаруашылығы институтының түлегі (1961), ғалым-агроном. Қарқаралы, Бұқар жырау аудандарында басшылық қызметтер атқарған. «Восток», Буденный атындағы совхоздарда директор болады. Кейін Қарқаралы ауыл шаруашылық басқармасына жетекшілік жасайды. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің екі дүркін иегері.

Көпшілікпен тіл табыса білді, қарамағындағы адамдарға жағдай жасап, мұң-мұқтаждарын тыңдай білді. Қарқаралы ауданының экономикасының дамып, дамуына зор үлес қосқан азаматтардың бірі. Жолдасы-Зәуреш, балалары: Ғани, Ғазиз.

Байсарықызы Қуантай

Ауылдан шыққан алғашқы жоғары білімді экономистердің бірі. 1944 жылы Р. Люксембург атындағы колхоздың «Кәрі Түлкі» баурайында орналасқан қоныс-қыстақта дүниеге келген.

1958 жылы Ақбауыр жетіжылдық мектебін, 1961 жылы Шет ауданы, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіреді.

1962 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1967 жылы оны бітіріп, «экономист» мамандығын алып шығады.

Еңбек жолын Қарағанды облыстық қаржы бөлімінде бастайды.

1969-72 жж. Шет ауданы, Орджоникидзе атындағы совхозында бас экономист болып, қызмет етеді.

1977-1981 жж. Жезқазған облыстық партия атқару комитетінде еңбек етеді.

1981-1993 жж. Ақадыр ауданында қаржыгер, банк басқарушысы міндеттерін атқарады.

Кейіннен Қарағанды облыстық мәденет басқармасында бас бухгалтер қызметін атқарып, зейнеткерлікке шығады. Қаржы, экономика саласындағы жемісті еңбегі салалық марапаттармен атап өтілді.

Жолдасы-Жұмағұл Серік (партия-кеңес қызметкері). Екі баланы тәрбиелеп, бес немере сүйін отыр. Балалары: Ерлан, Сәнімкул. Немерелері: Жалғас, Мирас, Олжас, Перизат.

Байтолеуов Саят Әбдірайымұлы



Байтолеуов Саят Әбдірайымұлы 1946 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Түлкилинский округта дүниеге келдім. 1961 жылдан бастап Ақшоқы совхозында 1965 жылға дейін қойшы болып қызмет атқардым. 1965 жылы әскер қызметіне алындым және 1968 жылға дейін қызмет атқарып, осы жылы ауылға оралдым.

1969 жылы Нуржанова Дәмелімен отбасын құрдым. Отбасында 6 бала дүниеге келді. 1970 жылдан бастап ауылда Ақшоқыда тракторист болып еңбек еттім. 1971-1986 жылға дейін ауылда Ақшоқыда халықтың малын жинап малшы болып қызмет атқардым.

1987 жылы Шет ауданына көшіп келіп, Ақсу фермасында малшы болып қызмет атқардым. Кейін малшы қызметін тоқтатып Шет ауданында жергілікті әкімшілігінде күзетте істедім, одан кейін спорт школада да күзетте еңбек жасадым. Зейнеткерлік демалысына 2013 жылы шықтым.

Бейсенбеков Дулат Серикович



Бейсенбеков Дулат Серикович 1971 жылдың 15 сәуірінде Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген. 1978 жылы Қызылтау орта мектебінің 1 сыныбына барып, онда 3 сыныпқа дейін оқыды. 1981 жылы Талды орта мектебіне ауысты. Бұл мектептің 8 сыныбынан кейін Шет ауданындағы СПТУ 11ге түсті. Бұл оқу орнын 1989 жылы бітірді. Сол жылы Жаңа - Жұртта механизатор болып жұмыс істеді.

1990 жылы Қарағанды политехникалық Институтына оқуға түсті. Институтты 1995 жылы аяқтады. 1995 жылдың тамыз айында армияға офицер болып алынды. Армиядан 1997 жылы оралды. 1997 жылдан 2005 жылға дейін мал шаруашылығымен айналысты.

2005 жылы отбасын құрды. Осы жылы Қарағанды политехникалық колледжіне өндірістік оқыту шебері болып жұмысқа қабылданды.

2006 жылдың қыркүйек айынан бастап мұғалімдікке ауысты.

2010-2013 жылдар аралығында автошкола директоры болып жұмыс

атқарды. 2013 жылдын. маусым айынан 2021 жылдың қыркүйек айына дейін жоғарыда көрсетілген колледждің автомобиль бөлімінің меңгерушісі (декан) болып қызмет атқарды.

2021 жылдан осы уақытқа дейін арнайы пәндердің оқытушысы болып жұмыс істеуде.

Облыс, қала деңгейіндегі Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен сонымен қатар Кәсіптік-техникалық білімге 75 жыл толуына орай медальмен, Автомобиль бөлімінің 50-жылдығына орай медальмен марапатталған.

Жұбайы: Катренова Анар Кияшевна Балалары: Аңсар, Айбар, Арсен.

Бейсенбекова Толеутай Токеновна



Бейсенбекова Толеутай Токеновна 1959 жылдың 13 желтоқсанында Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген. Сол ауылдағы Роза Люксембург атындағы мектепте оқыды. 1974-1978 жылдар Сарань қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищесін бітіріп, еңбек жолын Қызылтау орта мектебінде бастады. 1987 жылы Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді қазақ педагогика институтын аяқтады. 45 жылдан астам ұстаздық қызмет істесе, оның 25 жылында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымында Қарағанды қаласындағы 68 «Мектеп-интернат-балабақша» кешенінде қызмет істеді. Еңбегі бағаланып қалалық, облыстық білім бөлімдерінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған, ҚР білім беру жүйесінің үздік қызметкерлеріне арналған «Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз» республикалық жинаққа енді, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Оқу мен тәрбие» төсбелгісімен марапатталды. Қазіргі таңда зейнеткер, екі баланың анасы, немерелерінің әжесі.

Бейсенбекұлы Серік



Бейсенбекұлы Серік 1942 жылы 20 маусымда Қарағанды облысы Шет ауданындағы «Кәрі-Түлкі» қоныс-қыстағында Нұрмағанбетұлы Бейсенбек пен Алтынбекқызы Ажардың отбасында дүниеге келген.

10 жылдық мектепті 1960 жылы Шет ауданында тәмамдады. Осы 1961 жылдың қыркүйек айында Қарқаралы Зоовет техникумына түсіп оны 1963 жылы бітірді. Еңбек жолын 1963 жылы «Путь коммунизму» совхозының №4 бөлімшесінде мал дәрігер болып бастады.

1966 жылы Наукенқызы Тиыштықпен шаңырақ көтерді.

1974 жылдан 1996 жылға дейін №3 Жаңа жұрт бөлімшесінде мал дәрігері болып жұмыс істеді.

1999 жылдың қазан айында Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылына қоныс аударды.

2005 жылы зейнеткерлікке шықты. Бейсенбекұлы Серік ауылдастарының алдында беделді, өте сыйлы адам.

Жұбайы: Наукенқызы Тиыштық 1943 жылдың 2 ақпанында Шет ауданының Нұраталды совхозында дүниеге келген. Осы жерде орта мектепті бітірді. Орта білімі бар. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты.

Наукенқызы Тиыштық отбасының ұйытқысы, ардақты ана, қамқор әже.

Отбасында 4 бала дүниеге келді. Олар: Раушан, Дулат, Мұрат, Гүлден.

Бекбергенов Тұрсын

(1934-2022 жж.)



1934 жылы Кәрітүлкі баурайындағы қыстақта дүниеге келген. 1953 жылы Р. Люксембург атындағы колхозының жетіжылдық мектебін бітірді.

1953-1954 жж. аралығында Шет ауданындағы колхоз мектебінде оқыды.

1957 жылы алғашқы еңбек жолын Ақбауыр аулында механизатор болып бастады. Кейіннен тракторист, комбайнер болып жұмыс істеді.

Осы атқарған елеулі еңбегі үшін 1967 жылы

«Құрмет» белгісі орденін алды. Ал, 1972 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденіне, 1976 жылы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденге ие болды. Сонымен қатар «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бұдан басқа да көптеген медальдар, Құрмет грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Халқына еңбегімен, қарапайымдылығымен сыйлы болған адам. Ұзақ жылдар шаруашылықтың әр саласында аянбай еңбек етіп, оның өркендеп, дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Ескі әңгімені жақсы білген, зерделі, өткен өмірдің ғибратты жақтарын жастарға айтудан жалықпаған. Ғұмыры үлгілі.

1993 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан. 1996 жылы өзінің «Шырақты» атты жеке шаруа қожалығын ұйымдастырып, мал шаруашылығымен айналысты.

Жолдасы-Төлеутай (Төкіш), «Алтын алқа» иегері, балалары: Сәуле, Зәмзегүл, Рысгүл, Алмагүл, Серік, Жандос, Саягүл, Айдос. Олар әр салада жемісті еңбек етуде.

Атқарған еңбегінің жемісін көріп, 2022 жылдың қазан айында 88 жасында дүниеден озды.

Бекенов Мұрат Бекенұлы



1952 жылдың 4 мамырында Шет ауданына қарасты Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген. 1959 жылы Ақбауыр негізгі мектебіне 1 сыныпқа қабылданып, 1968 жылы аталмыш мектептің он жылдық оқуын бітірген. 1968 жылдың күзінде Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосындағы М.Горький атындағы орта мектепке түсіп, оны 1969 жылы тамамдаған. Сол жылы Алматы халық шаруашылық институтына қабылданып, 1973 жылы экономист мамандығы бойынша диплом алады. 1973-1974 жылдар аралығында Жезқазған облыстық қаржы бөлімінде аға экономист болып қызмет атқарған. 1974-1975 жылдары Кеңес Үкіметінің армия қатарына шақырылып, Ресей мемлекетінің Горький облысы, Джердинск пен БАМ (Байкал-Амурская Магистраль) жерлерінде әскери борышын өтеп, лейтенант шенінен мойор дәрежесіне дейін көтерілген. 1976-1977 жылдары Ордженикидзе атындағы совхозда бас экономист. Райком комсомолында хатшы (1977-1978), Шет ауданында ақша сақтау кассасының меңгерушісі (1979-1981), Ақадыр ауданында сельхозтехникада, РАПО-да бас экономист (1981-1986), Ақадыр райком профсоюзында хатшы (1986-

1987), «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы совхозда (қазіргі Жұмыскер ауылы) бас экономист (1987-1995), ЖШС «Шет-энерго» Тағылы ауылдық округі бойынша электр жүйесінде контролер-бухгалтер болып қызмет атқарды. 2015 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты.

Бекенов Бақыт Маратұлы



1968 жылы 03 сәуірде Ақшоқы совхозы Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Орта мектепті үздік аяқтап. Отан алдындағы борышын атқарғаннан кейін туған ауылына оралып, еңбек жолын механизаторлықтан бастайды. 1992 жылы Ақмола финанс техникумын 2002 жылы Қарағанды қаржы институтын қаржыгер-экономист мамандығы бойынша аяқтаған. 1992-2005 жылдар аралығында аудандық Қаржы бөлімінде қатардағы маманнан бастап басшы орынбасарлығына дейінгі қызметтерді өткерді. 2005 жылдан 2020 жылға дейін аудандық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы лаузымын абыроймен атқарды.

Егемен еліміздің, оның ішінде ауданның экономикалық, әлеуметтік саласындағы еңбектері бағаланып, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен және ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен марапатталды.

2020 жылдан бүгінгі күнге дейін Астана қаласы «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ-де бөлім басшысы болып қызмет атқаруда.

Бекжанов Елубай Айтжанұлы



1942 жылы Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген.

1949-1956 жылдары Ақбауыр ауылындағы жетіжылдық мектебінің табалдырығын аттап, оны бітірген.

1959 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің орыс сыныбын үздік оқып, Алтын медальмен тәмәмдайды.

1959 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтына түсіп, Үздік оқыған, 1964 жылы Қызыл дипломмен бітіріп, Ғылым-агроном

мамандығын алады.

Еңбек жолын туған жері Ақбауырда агроном қызметінен бастайды. Жас маман өзінің біліктілігін, жұмысқа деген қабілеттілігін және терең білімділігін көрсете бастайды. Білікті, әрі өз ісіне тиянақты маман аудандық ауыл шаруашылық басқармасының ұсынысымен 1965 жылы «Нұраталды» совхозына бас агроном қызметіне бекітіледі. Атқарған ісіне аса жауапкершілікпен қарап, алған білімін елінің дамып-көркеюіне бағыттап, егін шаруашылығындағы ғылыми жетістіктеріне сүйене отырып, оны әрі қарай дамытып, салған егін мол өнім бере бастайды. қоғамдық ұйымдармен, ауыл тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, беделді маманға, сыйлы азаматқа айналады.

1966 жылы совхоз басшысының орынбасары болып тағайындалады.

Қызмет жасаған жылдары елдің алғысын алып, түрлі марапаттарға ие болған.

Еререкше қабілетімен, сабырлығымен көзге түсіп, нәтижелі еңбек үлгісін көрсетіп жүрген азамат жоғары лауазымдық жұмыстарға шақырылғанымен, тағдырдың жазумен небәрі 27 жасында 1969 жылы «жарқ еткен жұлдыздай» дүниеден өте барады.

Өзінің қысқа ғана ғұмырында біліктілігімен, білімділігімен, сабырлығымен және өзіне ғана тән ерекшеліктерімен еліне елеулі, халқына қалаулы азамат ретінде туғандарының, ауыл, аудан тұрғындарының есінде мәңгі қалды.

Жолдасы - Үмилә Кәріпқызы, балалары: Алмагүл және Зәмзәгүл.

Бекежанұлы Дүйсембек, Қожа-Ахметқызы Сарқыт (1891-1954 ж.) (1899-1981 ж.)



Бекжанұлы Дүйсембек 1891 жылы Қарағанды облысы Шет ауданындағы «Кәрі-Түлкі» қоныс-қыстағында Тоқабайұлы Бекжанның отбасында дүниеге келген. Атамыз жайлы ел аузынан естуімізше өте сауатты, ескіше оқыған, иман жүзді, қара сөздің шебері

болған.

Атамыз алғаш еңбек жолын ерте жасында Қаражал, Ақшоқы елді мекендерінде мал шаруашылығында шопан болып еңбек етті. Аудандық партияда бірнеше жылдар депутат болған. Халқына еңбегімен, қарапайымдылығымен сыйлы болған. Атамыз 1954 жылы 63 жасында сырқаттан дүниеден озды.

Жұбайы: Қожа-Ахметқызы Сарқыт 1899 жылы туған, Мойнақ руынан тараған. Әжемізбен отбасы құрып, екі перзентті тәрбиелеп өсірген. Үлкен қызы 1924 жылы Әния, 1928 жылы ұлы Қамза дүниеге келген.

Бикина Айткүл Тиштыбайқызы

1962 жылы 4 мамырда Шет ауданы, Ақбауыр бөлімшесінде дүниеге келді.

1968 жылы Ақбауыр ауылындағы сегізжылдық мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1977 жылы аяқтап, онжылдықты 1979 жылы Шет ауданы, Ақсу-Аюлының Ы.Алтынсарин атындағы мектебінде аяқтады.

1979 жылы Жезқазған педагогикалық училищесінің бастауыш сынып мұғалімі бөліміне оқуға түсіп, оны 1982 жылы бітіріп шықты.

1982-1992 жж Ақшоқы мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды. Осы аралықта Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемелік» мамандығының сырттай бөліміне оқуға түсіп, 1992 жылы аяқтады.

1992-2022жж Ақбауыр негізгі мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды. 2022 жылы қараша айында зейнеткерлікке шықты. Еңбек өтілі - 40 жыл. Осы аралықта еңбегі еленіп, Алғыс хаттармен марапатталып, Мадақтамаларға ие болды. 1996 жылы облыстық білім департаментінің «Мақтау грамотасы», 2011 жылы Шет ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мадақтамасы». Қарағанды облысының Білім басқармасының сертификаты, 2013 жылы Қарағанды «Болашақ» университетінің, 2013 жылы Қарағанды облысы Білім басқармасының балалармен сәтті және нәтижелі еңбегі үшін «Мадақтамалары» берілді.

2022 жылы Шет аудандық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасы», Қарағанды облыстық кәсіподағы «Құрмет грамотасы» және «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін төс белгісімен» марапаталды.

Бикина Бибігүл Әбдікерқызы

1926 жылы дүниеге келді. Білімі - бастауыш 4 сыныптық.

1941-1943 жж фабрика-зауыт оқуында (ФЗО) болып, Жезқазған қаласында №22 шахтада еңбек етті. 1943 жылы әке-шешесінің

денсаулығына байланысты, әскери отбасы елге қайтарған. Содан, 1943 жылдан 1947 жылға дейін «Қарғалы» совхозының бөлімшесінде әр түрлі жұмыстар атқарған. Қыста өгізбен шөп тасыған. 1948 жылы Ақбауыр ауылына келген. Сол жылы Тиштыбай Бикеұлына тұрмысқа шыққан. Жолдасы- ҰОС ардагері.

1957-1961жж Ақбауыр ауылының бөлімшесінде малшы, 1961-1969 жж жатаханада еден жуушы, 1969-1976 жж Р. Люксембург атындағы мектебінде еден жуушы болды. 1976 жылы зейнеткерлікке шықты.

Соғыс кезінде 15 жаста болса да, тылда еңбек етті. Қазір тыл ардаргері. «Ұлы отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл, 65 жыл, 70 жыл» медальдарымен марапатталған.

Ауылдағы жолы үлкен, түйгені мол аналардың бірі еді. Төзімділік, еңбекқорлық, шүкіршілік ете білу-қымбатты қасиеттері.

Отбасының сақшысы әрі қорғаны болған, өскен-өнген жеріне, еліне құрметі ерекше адал жан-2021 жылы 17 мамырда, 96 жасында дүниеден өтті.

Немере, шөбере, шөпшек сүйген иманды жан. Бала-шағасына, немере шөберелеріне тек қана жақсылықты уағыздайтын абзал аналардың бірі еді.

Бикин Тиштыбай



1918 жылы дүниеге келді. Ұлы отан соғысының ардагері. 1942 жылдың мамыр айында 15 атқыштар полкіне қабылданып, онда минометчик болды. 1948 жылы елге оралып, өз ауылында еңбек жолын бастады.

1948-1955 жж. мал шаруашылығында бригадир болды. 1955-1962жж. «Алғайыр» кенішінде қатардағы жұмысшы болып кіріп, білікті шебер дәрежесіне дейін көтерілді. «Алғайыр» кенішінің жабылуына байланысты, 1962-1964жж. бас шопан болып еңбек етті. 1963 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы еңбекшілер депутаттарының Комсомол селолық Советіне депутат болып сайланды. 1964 жылы ауырып, I топ мүгедегі ретінде зейнеткерлікке шықты.

Еңбек еткен жылдары бірнеше дүркін аудандық, кәсіподақ ұйымының жеңімпазы атанып, мақтау грамоталары және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Көптеген медаль мен ордендердің иегері. Ерліктері бағаланып, 1965 жылы «Жеңістің-20 жылдығына», 1967 жылы «Совет Одағы Қарулы

күштерінің құрылғанына-50жыл», 1996 жылы «Жеңістің-40 жылдығына" , 1988жылы «Совет Одағы Қарулы Күштерінің құрылғанына-70жыл", 1995жылы «Жеңістің-50 жылдығына», 1996 жылы «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медалімен, 2 дәрежелі «Ұлы Отан соғысы" орденімен марапатталды.

Жолдасы-Бибігул Бике келіні екеуі 7 баланы тәрбиелеп өсірген, ардақты әке.

Елін, жерін жан-тәнімен сүйген, әрбір тасын, тауын ерекше қадірлеп оны сақтауды ұрпақтарына аманат еткен адам.

1998 жылы 27 наурызда дүние салды.

Боқбалаұлы Ержан

1983 жылы туып, 1968 жылы 19 ақпан дүйсенбі күні қаза болды. Руы - Алшын.

Дүйсембекұлы Қамза, Рақымберліқызы Мәкіш (1928-1964 ж.) (1932-1999 ж.)



Дүйсембекұлы Қамза Шет ауданы «Кәрі-Түлкі» қоныс-қыстағында 1928 жылы Бекжанұлы Дүйсембек пен Қожа-Ахметқызы Сарқыттың отбасында дүниеге келген. Бала кезден ширақ, алғыр жан болған.

Төрт жылдық мектепті Ақбауыр елді мекенінде тәмәмдәді. 1944 жылы 16 жасында Қарағанды қаласында «ФЗО» оқып, кейін шахтада жұмыс істеген.

1946 жылы Қаражал елді мекенінде ауыл шаруашылығында еңбек етті.

1954-1964 жылдары Ақшоқы ауылына қоныс аударып, сауда-саттық саласында сатушы болып 10 жыл жұмыс істеген.

1964 жылы ақпан айында 36 жасында көлік апатынан қайтыс болды.

Жұбайы: Рақымберліқызы Мәкіш 1932 жылы дүниеге келген, Шекшек руынан тараған. «Ақбауыр орта мектебінде» төрт жылдық білім алған. Қолынан бал тамған іскер адам болған. Қызылтау ауылдық мекенінде әр салада зейнетке шыққанша еңбек етті. Рақымберлі Мәкіш отбасының ұйытқысы, ардақты ана, қамқор әже болды. Отбасында

жалғыз ұл бала Дүйсембеков Серік дүниеге келеді. Әжеміз 1999 жылы 67 жасында дүниеден озды.

Дүйсембеков, Жүнүсбекова Серік Хамзаұлы, Айман Ермуханқызы



Ұрпақтары Дүйсембеков Серік Хамзаұлы 1952 жылы 13 қыркүйекте Шет ауданы Қаражал елді мекенінде Дүйсембекұлы Қамза мен Рахымберліқызы Мәкіштің отбасында дүниеге келген. Атамыз жастайынан еңбекқор, қайсар мінезді болған. 1954 жылы әкесі Қамза жұмыс ауыстыру жайында, Ақшоқы фермасына көшеді.

Алғашқы бастауыш мектепті сол ауылда оқиды, кейін сегіз жылдық мектепті Қызылтау орта мектебінде оқыды. 9-10 сыныпты Шет ауданындағы Ыбырай Алтынсарин мектебінде жалғастырды.

1970 жылы мектепті аяқтағаннан кейін Қарағанды қаласында көлік жүргізуші мамандығы бойынша автошколада оқыды. Алғашқы еңбек жолын Қызылтау елді мекенде көлік жүргізуші болып бастады.

1971-Әскери қатарға шақырылды. Әскери борышын Ресейде Челябинск облысында Перым қаласында Кеңес әскерінің (Совет Армиясы) қатарында өтеді.

1973 жылы ауылға оралып, совхозда көлік жүргізуші болып жұмыс істеді. Жазғы мезгілде комбайнда егін орып, еңбек етті. Ұзақ жылдар шаруашылықтың әр саласында аянбай еңбек етті.

1995 жылы совхоз тарап, жеке шаруа қожалығын құрды. Қазіргі уақытта жеке қожалығы бар, ауылдық жерде мал шаруашылығымен айналысады.

1974 жылы шаңырақ көтерді. Жұбайы: Жүнүсбекова Айман Ермуханқызы 1956 жылы қазан айында Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданында дүниеге келген. Күміс алқа игері. 1975 жылдан бастап сауда саласында сатушы болып еңбек істеді. Балалары: Гүлбану, Берік, Нұржан, Ержан, Гүлнұр, Айнұр. Қазіргі уақытта Серікте - Айманда зейнетте, Қызылтау ауылында тұрып жатыр.

Егеубайтегі Төлеуғали Тұсжанұлы



1934 жылы 10 мамырда дүниеге келген. Ақбауырда жетіжылдық мектепті бітірген. 1957-1960 жылдары әскер қатарында болған. Әскер қатарынан келген соң, Р.Люксембург атындағы колхозда еңбек жолын жүргізушіліктен бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мамандық бойынша еңбек етті. Тынымсыз еңбегі әр түрлі дәрежедегі Мадақтамалармен атап өтілді. 1975-79 жылдары «Құрмет белгісі» ордендерімен «Тыңға 50 жыл», «Көп жылғы ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды. 1975 жылы 3 ақпанда, 1982 жылы 10 сәуірде «Ударник девятой, одиннадцатой пятилетки» белгісімен, 1972 жылы 8 қазанда, 1982 жылы 10 сәуірде «Коммунистік еңбек екліндісі» белгісімен құрметтелді. 1985 жылы маусым айында зейнеткерлікке шықты. 2008 жылы 8 маусымда дүниеден озды.

Жұбайы - Тұсжанова Баян Жәнібекқызы



1936 жылы 18 мамырда Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келген. Ақбауырда 8 жылдық білім алған. Сол жерде Роза Люксембург наубайханасында нан пісіруші болып қызмет атқарды. 1980 жылдан бастап Талды қонақ үйінің меңгерушісі болды. 1991 жылы зейнеткерлікке шықты. 2010 жылы 25 наурызда дүниеден озды.

Баласы - Тұсжанов Ерғали Төлеуғалиұлы.

Тұсжанов Ерғали Төлеуғалиұлы



1961жылы 23 тамызда Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Ақбауыр негізгі мектебіне барып, 1978 жылы Талды орта мектебін бітіріп шықты. 1979 жылы әскер қатарына шақырылып, 1981 жылы әскери міндетін атқарып келді. 1982-1997 жылдары Шет аудандық мамандырылған шаруашылық бірлестігінде механизатор болып еңбек етті. 1997 жылдың мамыр айында «Әділет» шаруақожалығын құрып, осы уақытқа дейін еңбек етіп, жетекшілік етуде. 2024 жылдың 23 тамызында зейнет

демалысына шықты.

Жұбайы - Сақауова Жанагүл Іргебайқызы 1963 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Бұхар-Жырау ауданы, Көктал ауылында дүниеге келген. 1970 жылы мектепке барып, 1980 жылы Көктал орта мектебін бітіріп шықты. 1980-1983 жылдары Қарағанды медициналық колледжіне түсіп, Акушерка мамандығын алып шықты. 1983-1996 жылдары Талды ауылының ауруханасында акушерка қызметін атқарды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылғы ақпанның 26-дағы Жарлығы бойынша «Күміс алқа» алқасымен марапатталды.

Балалары - Бектай, Данияр, Дана, Еркеғали, Әділетбек, Дина

Немерелері - Дәулет, Гүлім, Аружан, Аяулы, Дәурен, Дарын, Ердос, Әмір, Раяна, Заңғар, Санжар, Нурикамал.

Жиен немерелері - Айбар, Аңсар, Әмина, Әлима,

Ержанұлы Еркін



1940 жылдың 15 қаңтарында дүниеге келген. 1961 жылы мектеп бітірген. 1961-1964 жылдары тракторист, 1964-1965 жылдары трактор бригадасының бригадирі. 1965 жылы «Путь к коммунизму» совхозында жұмыс істеген. «Алғыс хаттармен марапатталған. 1986 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 2007 жылы 10 қарашада дүние салды.

Жұбайы - Қайыныш Шаянқызы. Балалары: Асылхан, Жанаркүл, Анаркүл, Зәмзәгүл, Мұқаметқали, Ерсін.

Ержанұлы Қабдеш




1943 жылы 20 сәуір айында Шет ауданы Ақбауыр ауылында дүниеге келді. Ақбауыр ауылындағы орта мектепті бітірді. 1962-1965 жыл аралығында Душанбе қаласында әскери борышын өтеді. Механизаторлық курсы бітіріп тракторист болып еңбек еткен. 1967 жылы Тұқанқызы Күләшпен шаңырақ көтерді. 1973 жылы «Путь к Коммунизму» совхозына көшіп келді. 1975-1985 жылдары «Путь к Коммунизму» совхозында жүргізуші болып еңбек етіп сол совхоздың ауыл

шарушылығының дамуына өз үлесін қосты. 1995 жылға дейін газ тасымалдаушы болып жұмыс атқарды.

1995 жылдың бесінші айында Шет ауданы Ақой ауылына қоныс аударды. ДЭУ-42 саласында шопыр болып жұмыс істеді. Мінезі ақкөңіл, әзілге жақын адам болған. Бойында жақсы қасиеттері өте көп болған, денелі, қайратты, ақылды, әдепті, еңбекқор, жақсы адам. Әке - асқар тау. Отбасында әкенің орны бөлек. Әке - сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, балаларын асырап - бағып, жақсы тәлім - тәрбие берді. 1998 жылы 55 жасында дүниеден озды.

Ержанов Асылхан Еркінұлы



1963 жылы 6 қарашада Қарағанды облысы Шет ауданы Байбала ауылында дүниеге келген. Әкесі Ержанов Еркін трактор бригадасының бригадирі, анасы -Нысанбайқызы Қаныш.

Ақбауыр ауылындағы негізгі мектепті 7 сыныпқа дейін оқып, 1977 жылы Талды ауылына көшіп келген. Талды орта мектебінде 1981 жылы орта мектепті бітірді. 1982 жылы күз айында әскерге барып, 1984 жылдың күзінде әскери борышын өтеп елге оралды.

Сол келгеннен кәсіби жүргізуші болып «Зил» және «ГАЗ-53» көліктерін жүргізді. 1984 жылдың маусым айында отбасын құрды. Достарына адал, кішіпейіл, балаларының сүйікті әкесі, туысқанға қамқор болып жүретін азамат еді. 2005 жылы мезгілсіз дүниеден өтті.



Жұбайы Аханова Күлима Талды орта мектебінде 40 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаз. 2016 жылы 5 мамыр №4 шешімі бойынша «Қазақ елінің үздік ұстазы», 2022 жылы «Құрмет грамотасымен» және төсбелгілерімен марапатталды. 2024 жылы «Еңбек ардагер медалімен» марапатталды. Одан бөлек бірнеше облыстық «Құрмет грамотасымен» марапатталған білікті маман.

Кенжебеков Мейрамбек



1953 жылы 7-ші қарашада дүниеге келген. Әкесі Сыздықов Кенжебек, шешесі Біләлова Жәкен. Жоғарғы білімді. Мамандығы тарихшы. Қазіргі уақытта зейнеткер. 40 жыл оқу білім саласында қызмет атқарған! Қазіргі тұрғылықты жері- Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы!

Ибраева Төлеу Закарияқызы



Мен 1945 жылы сәуір айының 25 жұлдызында Қарағанды қаласында өмірге келдім. 1963 жылы Қарағанды қаласындағы №2 қазақ орта мектеп-интернатын 11 сыныбын бітірдім. Біз ең алғашқы түлегі едік. Отбасылық жағдайға байланысты Шет ауданының Ақбауыр орта мектебіне аға пионер жетекшісі болып, еңбекке араластым. Еңбек ете жүріп, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1970 жылы бітірдім. Шет ауданындағы Ақбауыр мектебінде барлық саналы ғұмырымды жас ұрпақ тәрбиесіне арнадым. 31 жыл қазақ тілі мен әдебиеттен дәріс бердім. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатыстым. Жезқазған облысы әйелдер съезіне, облыстық мұғалімдер съезіне делегат болып сайландым. Адал да, жігерлі қызметім үшін Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің «Құрмет грамотасы», 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым. 2011 жылы «Қазақстан әйелдерінің энциклопедиясына», 2017 жылы «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздар энциклопедиясына» есімім енгізілген. Шет аудандық комитетінің Құрмет грамоталары, «Ана даңқы» ордені, «Алтын алқа» иегерімін. Көпбалалы ұстаз - ана ретінде Ақшоқы ауылдық округінің әкімдігі жемісті еңбегімді бағалап «Құттықтау хаттары», «Алғыс хаттарына» ие болдым.

Пананда ел, дананда ел, қасиетінде ел жұртың біледі. Осы қасиетті, киелі жерге мен балалық шағымнан есейіп, бойжеткен жасымда оралдым. Оған 10-шы сыныпта оқып жүргенімде «Асқар тау әкем» дүниеден өтті. Анаммен жалғыз бауырым қалды. Әкем Зәкария-кеңші, анам Күлия- иманды, тақуа болған. Пешенеме жазылған тағдыр шығар,

еңбек жолымды осы жерде бастадым, тұрмысқа шықтым.

«Еліме, жеріме деген риясыз ықыласым».

Елде тумасам да, елде есейіп бойжетпесемде.

Кісіліктің мектебінен елде өттім.

Елде жүрсе, болады екен, ерде екпін.

Есік жақта қалмай, еркін төрге өттім.

Жақсылықсыз жоқ, тірліктің мәні түк.

Пейілі кеңді құдай қояр жаратып,

Жақсылық жаса, жақсылық жаса адамға.

Жан-жағына жарық жылу дарытып,

Жақсылық жаса, сыйла адамды тік тұрып.

Өмір мәні сол екенің ұқтырып,

Бар кезде де, тар кезде де тарылма,

Өзгермеудің өзі білсең мықтылық.

Жақсылық жаса, далаға да ол кетпейді.

Болсын билік, байлығында көп мейлі.

Жас боп шыққан жанарлардан алысқа,

Бұл дүниеде ештеңе де жетпейді.

Жақсылық жаса- адамға,

Жақсылық жаса- еліңе!

«Жақсы сөз- жарым ырыс» дейді. Әр пендеге, әр жанға жанын жадыратар, жүрек жарды лебіздерімді жалау еттім. Хадис: «Жаныңа жылу сыйлайтын көркем сөз де - садақа» (Бухари).

Ақ көңіл, ақ жарқын, ақ ниетімен «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсеттім. Түрік елінің: «Дүниедегі ең бақытты жандар, өзгеге бақыт сыйлай білген жандар» - деген сөз. «Бақыттың үлкені - басқаға жақсылық тілегенің», менің өмірлік қағидам. Баршаңызға бақыт пен жақсылық тілеймін!

Кудайбергенов Дархан Талгатович



1980 жылдың 14 ақпанында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылында дүниеге келді. 1986-1996 жылдары Ақшоқы ауылындағы мектепте білім алды. 1997-2001 жылдары ҚР ІІМ Қарағанды заң институтын бітірді. 2001-2006 жылдары 9-бөлім басқармасында және жедел криминалдық бөлімшесінде қызмет жасады. 2007-2023 жылдары АО «Home Credit Bank» бөлім басшысы болып қызмет атқарды. 2023 жылдан осы күнге дейін ТОО «ТазалықЭксперт» мекемесінде директордың орынбасары болып қызмет атқарады.

Қабдоллин Серікбай Қабдоллаұлы

(1951-2004)

Серікбай - «Алпыс үй Алшын» қоныстанған Шет ауданындағы қасиетті Ақбауыр ауылының тумасы. Табиғаты ғажап Қотыр Қызылтаудың етегінде өсіп, «Леонтий» бұлағынан сусындаған Серікбай - мінезі жайдары, халыққа сыйлы, елге танымал, деңгейі биік, талғамы жоғары, ой өрісі кең, қалың жұрттың ақмаңдайы болған азамат. Көпшіл, жанына жолдас жинаған екі адам болса соның бірі осы Секең еді, достары көп болатын.

Оның бойындағы тазалықты, арлылық пен адалдықты айтпауға болмайды. Жасынан өнерге жақын болды, шырқатып ән салып, домбыра тартатын. Жиын, тойларда асаба болып кететіні бар-тын. Талай-талай сахнада өнер көрсетіп, облыстық телеарнада «Өнер жұлдыздары» бағдарламасын жүргізген кездері де болған. Бақилық болар алдында бір жиын тойда өзінің жиі айтатын «Қайыңдар» өлеңін шырқап:

- Әй, достар, тыныш отырып тыңдандаршы, дауысым құлақтарыңда қалсын,- дегені бар. Халық іштей тына үнсіз қалды. Теміртау комбинатының мерейлі бір тойына арнайы келген Ілия Жақанов ағамыздың алдында осы «Қайыңдар» өлеңін айтып берген-ді. Сонда Ілекең: - Бауырым, көп орындалмайтын, елуінші жылдары жазған әнімді қайдан білесің? Әрі дауысың да ғажап екен, нағыз опера әншісіндей,- деп таңырқаған еді.

Өмір жолына келетін болсақ Серікбай Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетін бітірген соң әр жылдары қызмет баспалдағымен өсіп, «КарЭнергоСтрой» басқарма бастығының орынбасары, Қарағанды кооператив институтында проректор, «КазцентрЭнергоСтрой» акционерлік қоғамының Вице Президенті қызметін атқарған.

Ұйымдастырушы қабілеті мықты болғандықтан Президент Әкімшілігі жанындағы қосалқы шаруашылық басшысы, өмірінің соңғы жылдарында Теміртау орман шаруашылығының бас директоры болып қызметін де абыроймен атқарған.

Секең үш жұртын түгендеп жүретін. Туғандары мен ауылдастарының үлкен-кішісіне қамқорлық жасап, шаруаларына уақыт тауып, қолдан келгенше ерінбей тындырып беріп жататын. Қайын жұртына ерекше еркелейтін:

-Қазақтар-ау! Өздеріңді ғана таний бермей қан тазартып, қожадан қыз алмайсыңдар ма? - деп қалжыңдайтын. Онысы жары Нұрзипаштың яғни менің қожа тұқымынан екендігімді білдіргені.

Серікбай ауыр науқастан 53 жасына қараған шағында дүниеден

озды. Артында екі ұлы Айдын мен Дархан және қызы Гүлден қалды. Гүлденнен екі жиен - немересі Жазыбек пен Асылбекті көріп кетті. Мандайларынан иіскеп, біраз бойға қуат, көңілте медет қып, шүкіршілік еткен еді. Зулап өтіп жатқан өмір-ай, шіркін! Сол Жазыбек- атасының баласы бүгін үлкен азамат. Еңбек Қызыл Ту Орденді Қарағанды политехникалық университетін бітірген жас маман. Асылбек - әлі студент.

Өз ұлдары мен қызы да әкелеріне тартып ер жетті.

Айдын-инженер. Күрделі құрылыста жетекші маман.

Дархан мамандығы бойынша-кеден ісі және қаржыгер- экономист. Жеке кәсіпкер.

Дарханнан Серікбайдың ұрпағын жалғастырушы Алихан-бірінші сынып оқушысы және Әмина, Дана - үш немере өмірге келді. «Артында бар оңалар» деген осы.

Тәп-тәтті алтын немерелерді өмірге әкелген Әсемгүл келін - жоғары білімді, көркіне ақылы сай, инабатты, текті жердің баласы.

Ал Серікбайдың тұла бойы тұңғышы - Гүлден Қарағанды кооперативтік университетін бітірген. Анасының жолын қуып, Жаңаарқа теміржол саласында кадрлар бөлімінің бастығы. Жолдасы Сейдімбеков Алмас - руы Орта Жүз, Тарақты, полиция подполковнигі. Жазыбек пен Асылбектен кейін Алла берген Нұрлыбек, Әмір, Мәди есімді балалардың әкесі.

Қимасым, сырласым, абзал досым, асқар тауым, тірегім, алынбаған қамалым, ашу басарым, шын жанашырым - марқұм Серігім! Өмірден ерте кеттің, өкіндің, арманыңа жетпедің. Өзіңсіз жалғанның қызығын жартылады. Көңіл құлазып, қанатым қайрылғандай. Жапанда жалғыз қалғандаймын.

Жатқан жерің жарық, топырағың мамық болсын. Иман байлығын берсін. Ендігі бір Алладан ұрпақтарың өсіп-өніп, ғұмырлы болсын деп тілеймін.

Сағынумен еске алушы зайыбы Нұрзипаш.

Кабылдин Совет

Үстіміздегі жылы, тамыз айының 17 күні Қарқаралының ардақты азаматы, еңбек ардагері Совет Қабылдин 78 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Совет Қабылдин 1946 жылы 26 қазанда Шет ауданы, Ақбауыр ауылы, Кеңөлке елдімекенінде өмірге келген.

Бастауыш мектепті сол ауылда оқып, 1966 жылы Қарқаралының білімнің қара шаңырағы атанған №1 орта мектебін ойдағыдай бітіреді. Сол жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түсіп, 1972 жылы аяқтап шығады.

Жоғары білімді маман ауданның ірі мекемелерінің бірі - Қарқаралы автобазасына жұмысқа қабылданады. Жасынан алғыр, зерек болып өскен Сәкең алған білімін еңбекте тәжірибемен толықтыра жүріп, іскер маман болып қалыптасты. Осы қабілеттерінің, білімділігі мен біліктілігі арқасында мекеменің қыр-сырын жете меңгеріп, қатардағы механиктен бастап іргелі мекеменің бастығы лауазымына дейін көтерілді.

Совет Қабылдин Қарқаралы автобазасын басқарған жылдары мекеме көптеген жегістіктерге жетіп, ұлғайып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қоса білді. Сол жылдары ауданымыз бен облысымызға белгілі көптеген көлік жүргізушілер табыс биігінен көрініп, ел алғысына бөленді. Сәкең еңбек сапында жүріп, ауданның қоғамдық өміріне де белсенді араласты. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында Совет Қабылдин 1987 жылы Қарқаралы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Сол жылдары ауданымызда атқарылған бірталай игі істердің ішінде Сәкеңнің де еңбегі бар екенін жерлестері жақсы біледі. Ауыртпалығы мен жауапкершілігі зор лауазымдағы міндетті еліміз егемендік алғанның соң да аудан әкімінің орынбасары болып атқарды.

Совет Қабылдин қай салада қызмет атқарса да, жұмысына асқан жауапкершілікпен, жанашарлықпен қарай білді.

Ол 1995-2010 жылдары «Қарағандыэнерго» бірлестігінің Қарқаралы аудандық жоғары кернеулі электр жүйелері мекемесінің басшысы болып қызмет етіп, осы мекемеден зейнеткерлікке шықты.

Бір кездері Сәкең еңбекке, қызметке баулып, тәрбиелеген мамандар бүгінде, аудан, облыс, республика көлемінде танымал қызметкер қатарында жемісті еңбек етуде.

Сәкең үлкен-кішіге сыйлы, айналасына қадірлі ақсақал, өнегелі ұрпақ өсіріп-өрбіткен әулеттің тірегі еді.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қадірлі ардагеріміз Совет Қабылдиннің Жарқын жүзі жадымызда сақталады.

Қабылдин Қуан Советович



Елімізде медицина саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі маусым айының үшінші жексенбісін белгіленген. Биыл 19 маусымға түсіп тұр. Дәл осы күні білікті дәрігер, жоғары санатты уролог Қуан Советұлы Қабылдин ердің жасы — 50-ге толады. Сәйкестік шығар, бәлкім Бірақ, Қуан Советұлы мұны кездейсоқтыққа баламайды. Біз де. Емделушілердің алғысы осылайша Қуанның қуанышын еселеп, мерейтойы мен кәсіби мерекесін бір күнге тоқайластырып отырғандай көрінді бізге.

Алдыңғы жылы баласы Жанарыс мектеп бітірген. Ұлының мамандық таңдау мәселесіне келгенде Қуан көп ойланды. Әке ғой, баланың болашағына жауапкершілікпен қарамасқа амалы жоқ. Баланың өзіне салса, іске жолын қуып, дәрігер болмақ. Дәрігерліктің күрделі мамандық екенін осы салада ширек ғасыр тер төгіп келе жатқан әке жақсы біледі. Адам тағдырына жауапты болудан асқан жауапкершілік бар ма? Жанарыспен оңаша сырласып отырып:

— Балам, басқа мамандық жөнінде ойланып көрдің бе? Әрине, дәрігерлер әулеті болғанымыз - мені үшін де, бәріміз үшін де абырой. Бірақ, — деп сөз бастаған еді, баласы жұлып алғандай:

— Әке, Сіз өмірдегі ең ұлы ұстазым деп атамды айтушы едіңіз ғой. Мен де өз әкемді ұстаз тұтқым келеді. Мен де Сіз секілді дәрігер болып, халықтың алғысына бөленгім келеді. Қарсы болмаңызшы, өтінемін, - деді.

Әке тығырыққа тірелген жоқ. Өйткені, бұл әңгімені бастауының екі түрлі себебі бар еді. Әуелі ұлын сынап көрмек болған. Екіншіден, шынымен-ақ медицина саласының өзі тартып жүрген меңнатын ұлына тартқызғысы келмеген. Жанарыс сыннан сүрінбеді. Жанымен қалап тұрған мамандығын таңдау жолында табандылық танытты. Ұлын райынан қайтара алмаса да, Әке риза болды. Жүйрік қиялы алыс күндерге жүйткі жөнелген. Мамандық таңдау деген жол айрығындағы өз әкесі Советпен арадағы әңгіме оралды.

1991 жыл. Орта мектептің сегізінші сыныбын бітіргеннен кейін туған жері Қарқаралыдағы мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумға түсіп, осы жылы қызыл дипломмен бітіріп шығып еді. Қолында — Мәскеудегі Тимирязев атындағы аграрлық университетке жолдама. Бұл дегеніңіз - екінші-біріне бұйыра бермейтін бақ. Әкемен ақылдасты. Одақ

ыдырап, дүние дүрбелең құшағына енген жыл еді. Совет аға баланы қиыр шетке жібергісі келмеді. Сонымен, қолындағы қызыл дипломның арқасында бір ғана емтихан тапсыратын мүмкіндігін пайдаланып, Қарағанды медицина институтының емдеу ісі факультетінің студенті болып шыға келді. Міне, биыл ұлы Жанарыс өзі оқыған оқу ордасының екінші курсын тәмамдап отыр.

Иә, Жанарыс айтпақшы, Қуан әкесі Совет ақсақалды өзінің ұлы ұстазы санайды. Әкесі Совет Қабылдаұлы - Қарқаралы өңірінде басшылық қызметтер атқарып, елдің шексіз құрметіне бөленген қадірлі ақсақал. Адалдығымен Аллаға да, адамға да жаққан, көрегендігімен көш бастап, ел тізгінін ұстаған еңселі азамат. Өрісті өнеге, жемісті ұлағат әкеден - балаға, баладан - немереге дарыған әулеттің бағалы байлығы осы сабақтастық еді. Қуанның анасы Өркен Серкенқызы - саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз. Осындай ғиратты жандардан жаралып, тәлімді тәрбиеден нәр алып өскен Қуан қалай жаман болсын?!

Ертең Қуан Советұлы 50-ге толады, медицина саласындағы еңбек өтілі - 25 жылды толтырады. Ғұмырының жартысы ақ желеңмен өтті. Ақ желеңін де, арын да кір шалған жоқ.

Туған күні өзінің кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келген Қуанның қос қуанышы жайындағы хабарды облыстық денсаулық сақтау басқармасынан естіген бетте Қарағандыдағы №5 емханаға жеттік. Урологтың кабинетінің алды - ұзын-сонар кезек. «Журналист едім» деп, дертіне дәру, жанына медет тілеп келіп отырған науқас жандардың алдын орап кетуге әсте болмайды. Мен де кезекке тұрдым. Кезектегі отырған емделушілердің әңгімесі - ортақ. Барлығы жанына батып, дегбірін алған дерттерінің жай-күйін, емделудің нәтижесін айтып гуілдесіп отыр. Жас жетпістерден ары, ұлты өзге ақсақалдың сөзіне еріксіз назарым ауды. Жанындағы мұндасына уролог Қуан Советұлын мақтап берсін.

— Қуан Советұлы - алтын қолды дәрігер. Үш жылдан бері емделіп жүрмін. Онкологиялық диспансер дәрігерлерінің қорытындысы көңіліме қою күдік ұялатып еді, Қуан «Қорықпаңыз, емдейміз!» деп мені өмірге қайта келгендей күйге бөледі. Сөз жоқ, Қуан - Алладан келген алтын қолды уролог, - деп риясыз пейілмен ризашылығын білдіріп отыр. Мен де алтын қолды кейіпкеріммен кездесуге асығып, тықырши бастадым. Мақсатым - белгілі. Мәнерлі сұхбат құрып, оқырманыма әсерлі әпсана ұсынсам. Сонан соң, екі жылдан бері бүйректегі тас мазалап, бірнеше ота жасатқаным тағы бар. Ақыры келіп тұрған соң, кеңесін ала кетсем...

Кірдім-ау, әйтеуір. Жылы амандасып:

— Жазылып келдіңіз бе? - деді. - Жоқ, кеселден де жазылған жоқпын, қабылдауға да жазылған жоқпын. Сіздің мерейтойыңызға орай сұхбат алуға облыстық газеттен келіп отырмын, - деп қойып қалдым. Ол болса:

— Сұхбаттың бар мәнісі болар, науқасыңыздың жайын айтыңыз, - деп, бірден өзінің емес, менің жаңдайыма ауысты. Осыдан-ақ, антына адал абзал азамат үшін өзінің мерейтойы, ертеңгі қос қуанышы емес менің денсаулығым маңызды болып тұрғанын аңғардым. Қалжыңға басып:

— Менің жағдайымның да бір мәнісі болар, әуелі өкіметтің жұмысын бітірейік, - деп жатырмын. Ол ашыла қоймады. Мақтанбады. Көлгірсімеді. Өзінің емес, Қарағанды медицинасының, оның ішінде урология саласының жетістіктерін айтты. Бүйрек, қуық безі кеселдерінің әлеуметтік сипат алып бара жатқанын, ауыз су сапасының төмендігінен бүйрек ауруларының көбейіп тұрғандығына алаңдайтынын айтты. Қуық безі ауруларына ер азаматтардың атқа көп мінуі керектігін, бірақ, Қарағандыда бір мезгіл атқа мініп, сейіл құратын мүмкіндіктің жоқ екенін айтты.

— Былтыр ма, «ипподром салынады» деп сүйіншілеп едіңіздер, қашан салынатын болды? Ипподром салынса, қала халқы бір мезгіл атқа мініп, дертіне шипа табар мүмкіндікке қол жеткізер еді,- деп, әңгімесі өзі туралы емес, өңір проблемасына ауысып кетті.

Әйтеуір, суыртпақтап отырып, ұстаздары туралы білдім.

- 1997 жылы Қарағанды медицина институтын емдеу ісі мамандығы бойынша бітіріп, белгілі ғалым, хирургия кафедрасының меңгерушісі Сергей Лохвицкийдің жетекшілігімен урология саласына машықтанып, осы саладағы еңбек жолымды бастадым. Жалпы, өмірде де, кәсіби салада да ұстаздан жолым болған адаммын. Әуелгі өмірлік ұстазым — әкем. Ол кісі мені адалдыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа баулыды. Ал, анам болса ол кісі - кәсіби мұғалім. Сабағым мен тамағымды үнемі қадағалап, білімді болуыма ықпалын тигізді. Кәсіби салада марқұм Болат Нілдібаевтан, Қуандық Бейсеновтен, Сұңғат Күдериновтен көп тәлім алып, мамандықтың қыр-сырын үйрендім. Дәрігер - мойнынан ғұмыр бойы парыз түспейтін мамандық иесі. Мен де тәулік бойы алдыма келген науқастар алдындағы, ата-ана алдындағы және әлгінде есімдерін құрметпен атаған ұстаздарым алдындағы парызымды ойлап жүремін.

...Айтпақшы, Қуан Советұлының асыл жары Найля Әмірбекқызы да — дәрігер. Облыстық онкологиялық диспансерде қызмет етеді. Ғылым кандидаты, доцент. Қарағанды медицина университетінің онкологиялық диспансер базасында жұмыс істеп тұрған онкология және сәулелік диагностика кафедрасының меңгерушісі. Үлкен қыздары Әмина заңгер

мамандығын таңдапты. Мақтанып, көлгірсуді жаны қаламайтын қарапайым азамат, білікті дәрігер жөнінде өз аузынан естіп, алып шыққан ақпаратымның түрі - осы. Барымды салып бақтым, ол кісі ашылмады. Керісінше, менің кеселімнің емін айтып, ішетін дәрі, алатын екпе жазып беріп, өзімді шаруалы қылып шығарып салды. Бәрібір, біліктілігіне емделушілер мен әріптестерінің пікірлері арқылы көз жеткізсем, Қуан Советұлының азаматтығына осы бір қас-қағым сәтке созылған сұхбат барысында сүйсініп шықтым.

Есікке беттеп барып, қайыра бұрылдым да

— Қос қуанышыңыз құтты болсын, Қуан Советұлы! — дедім.

Ол да райынан қайтар емес:

— Мен туралы емес, ел туралы жазыңыздар. Ипподромды қайта көтеріңіздер. Сонда ғана атқа мінген Арқа қазағында бүйрек, қуық безі аурулары деген мүлде болмайды, - деп күлімсірей қол ұсынды.

Елді сүйген жүрегі еміреніп тұр. Қалай сүйсінбейсің?!

Ерсін МҰСАБЕК.

Қалиясқарова Айжан Жасұланқызы



Қалиясқарова Айжан Жасұланқызы, 1978 жылы Шет ауданы, Нұраталды ауылында дүниеге келген.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, қолданбалы экология, 1999 ж. бітірді.

Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті кенішті аэрология және еңбекті қорғау кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты. Монография мен оқу-әдістемелік құралдардың, көптеген мақалалардың авторы. Басты ғылыми бағыты өндіріс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңаша жолдарын жүзеге асыру тәсілдерін зерттеу.

Қамбарбай Шакен (Торғын)



1951 жылы, қаңтардың 14 жұлдызында «Құрама» ауылында дүниеге келген. 1958 жылы мектепке барып, 1968 жылы мектепті Қарағанды қаласында бітірді.

1970 жылы Р.Люксембург атындағы сегізжылдық мектебіне математика пәнінен мұғалім болып жұмысқа орналасты. 1972 жылы тұрмыс құрған, төрт баланың анасы. 1974 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1979 жылы биология мамандығы бойынша бітірді.

Ақбауыр негізгі мектебінде 1980-1987 жж. оқу ісі меңгерушісі, 1987-2011 жж. мектеп директорының қызыметін атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де 2016 жылға дейін шәкірттерге білім беріп, білгенін үйретті. Еңбегі еленіп, Шет ауданы әкімінің, Шет ауданы білім бөлімінің «Құрмет грамоталары» мен «Алғыс хаттарымен» бірнеше рет марапатталды. 1992 жылы «Жыл директоры» атты байқауына қатысып «Аға мұғалімі» атағы берілді. 1997 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 2015 жылы «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық бірлестігінің «Әлемнің мейірімді адамы» медалінің иегері. 2020 жылы «Шет ауданы білім саласының құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. 2009 жылы «Қазақстан әйелдері», 2013 жылы «Шет ауданы» энциклопедияларына енді. Ақбауыр негізгі мектебінің 80 жылдық мерейтойын салтанатты өткізуге және Ақбауыр ауылының 100 жылдық мерейтойын өткізуге өз үлесін қосқан ауылдың сыйлы адамы.

Қамбарбаева Балқия Қамбарбайқызы 1945 жылы



Қарағанды облысы Шет ауданы Ақбауыр ауылының Құрама бөлімшесінде дүниеге келген. Ақбауыр ауылындағы Роза Люксембург атындағы сегізжылдық мектепте оқыды. 1964 жылы Қарағанды қаласындағы Кооператив училищесіне түсті. Сатушылық еңбек жолын 1965 жылы Нұраталды совхозында бастады. 1975 жылы Қарағанды қаласына ауысып, 1995 жылы зейнетке шыққанға дейін сатушылық жұмыспен айналысты. Өзінің еңбек жолында көптеген

марапаттарға ие болды. «Отличник торговли», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.

Қамбарбайқызы Балқия көп балалы ана. Күміс алқа иегері.

(Қосан) Ысқақұлы Құдайберген



1923 жылы дүниеге келген. Бала кезінен ширақ алғыр жан болған. Орта білімді Шет ауданы басында құрылған «Школа рабочей молодежи» курсына түсіп, есеп қисап бағытында қызмет атқарады. Осы бастауыш құрылым білікті, кәсіпті маман болуына жол салды. «Тыл» саясатын қолға алған, үкімет ұраны «Все за фронт, все за победу» қағида болып, ел бірлігін жоғалтпай болашаққа жұмылдырылды. Соғыстан кейін Қызылтау колхозы, Ақбауыр, үлкен өндіріс орны Алайғыр кентінде есепші болып қызмет атқарды. Денсаулығы сыр беріп 1985 жылы өмірден озды.

Жұбайы - Несіпбек қызы Нүрилә, 1929 жылы дүниеге келген. Соғыс жылдары тылда шағын тігін орнында шұлық, т/б тоқыма бұйымдарын тиісті орындарға жіберіп отырған. Қолынан бал тамған ісмер адам болатын. Көп балалы батыр ана, алтын төс медалімен марапатталған. 2019 жылы 91 жасында бақилық болды.

Қосанов Байхат Құдайбергенұлы

1955-2020 ж.ж.



Қосанов Байхат Құдайбергенұлы, 1955 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы елді мекенінде дүниеге келген. Жас кезінен өте елгезек, алғыр болып өскен. 1975 пен 1977 жыл аралығында Кеңес үкіметі кезінде әскери борышын Усурийск қалашығында бай мен беделі артып, орта лауазымды әскери шеніменен әскери борышын өтеп келген. Мичуринский колхоз техникумында агрономдық мамандығын тәмәмдап, Қызылтау №2 фермасында агроном қызметін атқарды. Бес баланың әкесі. Балалары: Нұрлан, Айжан,

Гүлжан, Ғазиз, Аслан. 2020 жылы денсаулығы сыр беріп 66 қараған шағында өмірден озды.

Жұбайы - Жакина Қарлығаш Нұрбекқызы сол салада бухгалтер жұмысын атқарды.

Қосанов Айбар Бекболатұлы



1987 жылы 7 шілдеде Жезқазған облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келді. 2003 жылы Шет ауданы Бұрма ауылының орта мектебінің 9 сыныбын бітірген 2003 жылы Қарағанды қаласында политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 2007 жылы «Ұйымдастырушы - технолог» мамандығын тамамдаған. 2007-2008 жж Ақмола облысы, Астана қаласы №3660 әскери бөлімінде әскери борышын атқарған. 2010-2021 жж Нұра ауданында орналасқан Шұбаркөл Көмір АҚ техншсалық кешенінде жұмыс атқарған. 2021 жылдың мамыр айынан бастап Қарағанды қаласындағы «Костенко» атындағы шахтаға жер асты электр слесарі болып жұмысқа орналасқан. Күні бүгінге дейін «Костенко» атындағы шахтада электр слесарі болып жұмыс істейді.

Қазіргі заманның батыры- Қосанов Айбар Бекболатұлының ерен-ерлігі туралы жазбақпын.

Оқиға 2 мамырда «Костенко» шахтасында болған, конвейерлік штрегінде түтін тараған. Батырымыз Қосанов Айбардың ерен ерлігінің арқасында түтін ошағы жойылды. 187 кенші жер бетіне шығарылды. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы, арнайы ел басшысының жарлығымен, бауырымыз Қосанов Айбар Бекболатұлын III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапаттады. Осы бір батырымыздың ерлігі, өз жанын құрбан етуге дейін барып, қаншама адамның өмірін апаттан құтқарып қалды. Бұл әрекет екінің бірінің қолынан келмейтін ерен ерлік.

марапатталды.


51 жасында, 1984 жылы ауыр науқастан дүниеден озды.

Әкесі Қосылбек белгілі азамат, алашшы Сүлейменов Асылбектің бауыры.

Жолдасы Абдрахманова Алтын (Есау), 1970-1993 жж. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің кітапхана қызметкері болды, әрептестеріне. туған-туыстарына, жалпы айналасына әдептілік, сыйластық, төзімділік үлгілерін көрсеткен жан болды.

Балалары: Мақсат, Гүлнәр, Әсет, Бейбіт, Шырын, Еркебулан, Шарбаш Алуа, әрқайсысы әр салада еңбек етіп жүр.

Қосылбеков Бейбіт Мақсұтұлы



1961 жылы 6 қыркүйекте, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келді. 1979 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті, 1989 жылы Қарқаралы зооветтехникумын тәмамдып, веттехник мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын 1981 жылы Орджоникидзе атындағы совхозда веттехник болып бастайды.

1981-1983 жж. Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтейді. 1983 жылы аудандық ветеринарлық станцияда, совхозда өз мамандығы бойынша еңбек етеді. 1984-1995 жж. «Ақшоқы» совхозында, аудандық ветстанцияда және Ақбауырда веттехник болып жұмыс жасайды.

1993-2003 жж. Қаражал Коммуналды шаруашылығында, Алматы темір жолы, Шу бөлімшесінде жол қозғалысы бойынша жөндеуші, Балқаш кен зауыты, электромыс цехында еңбек етеді.

2003 жылы 16 шілдеде қаза болды. Артында жары, балалары қалды.

Жолдасы: Қосылбекова Жанымкүл Зекенқызы, балалары: Шұға, Құндыз, Шыңғысхан.

Қосылбеков Әсет Мақсұтұлы

1964 жылы Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында өмірге келді. 1971-1981 жылдары аталған селода Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепте оқыды. 1981-1986 жылдары Қарағанды политехникалық Институтына білім алып, инженер-механик мамандығын алып шықты. 1986-1988 жылдары Қаражал қаласында, жол жөндеу участогінде (ДЭУ) механик

болып жұмыс атқарды. 1988-1997 жылдары осы қалада Коммуналдық мекемеде бас инженер болып қызмет атқарды. 1997-1998 жылдары Қаражал қаласының әкімшілігінде бас маман болып қызмет атқарды. 1998-1999 жылдары Қаражал қаласында (сводн.экономическая зона ЖА СЭЗ) еркін экономикалық аймақ қорының директорының міндетін атқарушы болып қызмет етті. 2000 жылдан қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласында жеке пәтерлердің өндірістік кооперативінде бас инженер болып қызмет жасап жүр.

Қосылбеков Әсет Мақсұтұлы

1964 жылы Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында өмірге келді. 1971-1981 жылдары аталған селода Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепте оқыды. 1981-1986 жылдары Қарағанды политехникалық Институтына білім алып, инженер-механик мамандығын алып шықты. 1986-1988 жылдары Қаражал қаласында, жол жөндеу участогінде (ДЭУ) механик болып жұмыс атқарды. 1988-1997 жылдары осы қалада Коммуналдық мекемеде бас инженер болып қызмет атқарды. 1997-1998 жылдары Қаражал қаласының әкімшілігінде бас маман болып қызмет атқарды. 1998-1999 жылдары Қаражал қаласында (сводн.экономическая зона ЖА СЭЗ) еркін экономикалық аймақ қорының директорының міндетін атқарушы болып қызмет етті. 2000 жылдан қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласында жеке пәтерлердің өндірістік кооперативінде бас инженер болып қызмет жасап жүр.

Күскилдина Ғалия Мухамедқызы.



1935 ж. Қарағанды қаласында дүниеге келген. Сауда техникумың бітірген соң, сол салада бір неше жыл жұмыс атқарды. 1957 ж. тұрмысқа шыққан (Төкішев Қияшқа) Шет ауданы, Жамбыл атындағы ауылына Екеуі үйлі болып тұрмыс құрған. 4 балалары бар. Бүгінгі күнінде Қарағанды қаласында тұрады, зейнеткер.

Мухтарова (Токушева) Нұргүл Қыяшевна



1966 ж. Шет ауданның Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Қызылтау орта мектебін аяқтаған соң, Талдықорған заң техникумын бітірген соң, Жезқазған халық сот хатшысы болып қызмет атқарған «Қазақстан Халық банкі» АҚ Жезқазған облыстық филиалында заң бөлімінде заңгер міндетін атқарды Жезқазған педагогикалық институттың филология факультетін сырттай бітірді. «Жезқазған қаласының жұмыспен қамыту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде» ММ әлеуметтік қызметкер болып жұмыс істеді.

Нурмаганбетов Бейсенбек



Нурмаганбетов Бейсенбек 1888 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының №5 ауылында дүниеге келген, 1967 жылы қазан айында қайтыс болған.

Нурмаганбетова Ажар 1890 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының №5 ауылында дүниеге келген, 1965 жылы сәуір айында қайтыс болған.

Нұғыманов Алмас Танасұлы



1976 жылы Шет ауданы Талды ауылында дүниеге келген.

1982 жылы Талды орта мектебіне барып, 1992 жылы аталған мектепті үздік бітірді.

1992 жылы Еңбек Қызыл ту орденді Қарағанды политехникалық институтының электрмеханикалық факультетіне түсті. 1997 жылы кен инженер-механик квалификациясы беріліп Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін және аталған оқу орынның әскери кафедрасын ойдағыдай тамамдап «запастағы лейтенант» атағын алып оқуын аяқтады. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері әскери институтында дайындық өтті.

1998 жылы Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысы Қосшы кентіндегі Ақмола заң колледжінде қызмет атқарды.

1998-2001 жылдар аралығында Қарағанды педагогикалық училищесінде әскери дайындық пәнінің оқытушысы.

2001-2004 жылдарда Қарағанды қаласындағы мотоатқыштар дивизиясында рота, батальон және әскери бөлім денгейлерінде офицерлік лауазымдарда әскери қызметте.

2002 жылы Қарағанды қаласында Қорғаныс министрлігінің «Астана» өңірлік қолбасшылығының басқармасы ашылуына байланысты, аталған басқармаға ауыстырылып, 2004 - 2014 жылдары аралығында жоғары және жауапты лауазымдарда әскери қызмет атқарды. Аталған басқарманың құрылуына және дамуына ат салысып үлкен үлесін қосты.

2014-2016 жылдары Атырау қаласындағы Қорғаныс министрлігінің «Батыс» өңірлік қолбасшылығының басқармасында әскери қызметте.

2016 жылдан, лауазымы жоғарлауына байланысты Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасында әскери қызмет атқарып, 2017 жылы еңбек сіңірген жылдарына орай зейнетке шықты.

Әскери қызметтің сатыларын лейтенант шенінен подполковникқа дейін өтті.

2017 жылдан Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің әскери кафедрасында оқытушы, аға оқытушы лауазымдарында жұмыс істеді. Қазыргы уақытта аталған кафедра бастығының орынбасары.

Көптеген шәкірттері Қарулы күштерде, құқық қорғау органдарында және өндірісте абыроймен қызмет атқаруда.

Ғылыми еңбектері бірнеше кітап болып баспадан шықты.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс саласындағы ұзақ жылдық адал қызметі үшін көптеген алғыс, құрмет грамоталарымен және аталған медальдарымен марапатталған:

- III дәрежелі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін»;

- II дәрежелі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін»;

- «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл»;

- «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл»;

- «Астана» өңірлік қолбасшылығын дамытуға қосқан үлесі үшін»;

- «Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов»;

- Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты»;

- Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің әскери кафедрасына 50 жыл.

Нұғыманов Қасым



1906 жылы Шет ауданы Құрама ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Әкесі - Адайұлы Нұғыман іскер, ағаш-темірден түйме түйген адам, ал, шешесі Бұланбекова Бағжан - емші, ши тоқу және оны өрнектермен көмкеруде өнерлі кісі болған.

Алты жасынан бастап, ескіше (арабша) оқыған. Құран Кәрімді қазақшаға аудару дәрежесіне дейін қабілеті жеткен. Жастайынан би-болыстарға хатшы

болған.

Кеңес үкіметі орнасымен ауыл-шаруашылық жұмыстарына белсенді араласты: колхозда жылқы және ірі қара фермаларының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1930 жылдан бастап партия мүшесі. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, жараланып қайтты. Соғыстағы ерлігі көптеген орден және медальдармен атап өтілді.

1998 жылы дүние салды.

Нұғыманов Кәріғұл

(1926-2018)

1926 жылы 10 сәуірде қазіргі Шет ауданына қарасты Ақбауыр ауылының «Қынаш» деген жайлауында дүниеге келген.

1941 жылы Ақбауыр орталау мектебін үздік оқып, бітіреді. Мектеп мұғалімдерінің көпшілігі әскерге кеткендіктен аудандық оқу бөлімі мектепті үздік оқып бітірген оқушыларды қысқа мерзімді мұғалімдер дайындайтын курстарға жібереді.

1942\43 жж «Жұмыскер» бастауыш мектебінде мұғалім болып істеп жүргенде, 1944 жылы қараша айында әскерге алынды. Румынияда, Баку қаласында 754-бронепоезда артилерия оқтаушысы болады. Әскерден 1948 жылы наурыз айында оралып, ұстаздық кәсібін жалғастырады. 1976 жылға дейін Ақбауыр сегізжылдық мектебінде оқытушы, мектеп директоры болып қызмет істейді. 1952 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын үздің оқып бітірді. 1959 жылы Қарағанды Педагогикалық институтының физико-математика факультетін сырттай оқып бітірді. 1976-1989 жж Нұраталды орта мектебінде директорлық қызметінде болады. Зейнеткерлікке шығады.

1954-1976 жж Р.Люксембург атындағы «Путь к коммунизму»

совхозында парткомның 2-ші хатшысы болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Жасынан тарих және қазақ әдебиеті кітаптарын үзбей, құмарта оқып келе жатқандықтан, ауданның, облыстың штаттан тыс насихатшысы болды. Әртүрлі тақырыптарға жазған мақалалары, өлең-жырлары аудандық, облыстық, республикалық газет журналдарда жарық көріп келеді.

«Себептер мен салдарлар тынысы», 7-8 кітаптан тұратын «Тағылымдама» жинағын шығарды.

Нұғыманов Танас Қасымұлы



Тоқатай бабадан тараған Алшын руы шежіресінің алғашқы авторы

1951 жылы Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1968 жылы Нұра ауданы, Черниговка орта мектебін бітірген.

1968 жылы Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтына түсіп, 1969 жылы Қарағанды педагогикалық институтына ауысып, 1973 жылы математика факультетін бітірді. 1985 жылы

Жезқазған облыстық партия комитетінің жанындағы университетін бітірді.

1973-1976 жылдары Ақбауыр сегіз жылдық мектебінде математика пәнінің мұғалімі.

1976-1986 жылдары Талды орта мектебінің директоры.

1986-1987 жылдары - Талды орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

1987- 2005 жылдары - Талды орта мектебінің директоры.

2005-2014 жылдары - Қарағанды қаласының №79 орта мектебінде және №57 мектеп-лицейінің директоры болып қызмет атқарады.

1977-1987 жылдары - ауылдық, кеңестің депутаты, 1994-2004 жылдары — аудан мәслихатының депутаты. Партия мүшесі.

2008 жылы үлкен ғылыми зерртеу жұмыстарын жүргізіп, «Ұрпақ үндестігі» атты кітабында Саржал аулының бойында орналасқан «Алшын» руының шежіресін алғашқы рет көпшілікке ұсынған.

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі».

Оспанұлы Сақан



Алғашқы колхозшылардын бірі, соғыс және еңбек ардагері.

1904 жылы «Үлкен Саржал» елді мекенінде дүниеге келген.

Еңбекке жасынан араласады: егін, мал шаруашылығында еңбек етті.

Вишневкада еңбек етіп жүргенде, соғыс басталып. Отанды қорғауға фашистермен күреске аттанды Воронеж, Сталинград

қалалары үшін ұрыстарға, Чехославия, Венгрияны азат етуге қатысты.

Соғыстағы ерлігі үшін I, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен. көптеген медальдармен марапатталды.

Туған еліне аман-есен келген соң, бар өмірін жерінің өркендеуіне арнады:

колхоздың сан салалы жұмыстарын атқарды, көп жылдар мал бақты.

Ірі денелі, қайратты болды. Үлкендердің айтуынша, Қажымұқанмен белдескен сәті болыпты. Қарапайым, қақ-соқта жұмысы жоқ, нағыз еңбек адамы болды. Иманжүзділігі ұлық сапарға Меккеге барып қайтқан. әкесі Оспанқажыдан дарыған болу керек.

1994 жылы дүниеден озды.

Жолдасы-Ақбибі (Күлия) балалары: Қыдырбай, Мейрам, Аман. Немерелері өсіп-өнуде.

Разақов Ерсайын Жолдыбекұлы



1969 жылы 1 қдңгарда Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Талды совхозында 8 жылдық мектепті тамамдады. 1984-1987 жылдары Шет ауданындағы СПТУ училищесінде «механизатор» мамандығын игерді. 1987-1989 жылдары Архангельск қаласында Отан алдындағы борышын өтеп келді, әскерден оралған соң Талды совхозында еңбек етті. 1990 жылы Қуатбаева Алмагүлмен отау құрды.

1994 жылдан бастап осы уақытқа дейін шопырлық қызмет атқарып келеді. Ерсайын мен Алмагүлдің төрт баласы бар: Разақов Даулет (1991 жылы), Жолдыбеков Дәурен (1992 жылы), Жолдыбеков Қанағат (1995 жылы), Ерсайын Нұрасыл (2014 жылы). Немерелері: Інжу, Ерсұлтан, Нұрсұлтан, Асылым, Омар.

Разақов Жолдыбек



1943 жылы 25 қыркүйекте Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Ақбауыр мектебін бітіріп, үш жыл әскерде борышын өтеген. 1961 жылдан бастап 1968 жылға дейін Ақбауыр ауылында механизатор болып жұмыс істеген. Сол жылы анамыз Абдуғұлова Дәминамен отау құрды. 1969 жылы тұңғыш баласы Разақов Ерсайын дүниеге келді.

Отаулары құрылғаннан кейін Нұраталды ауылына көшіп, Шет ауданына қарасты Аққияқ бөлімшесінде Морозов деген директордың қол астында малшы болып қызметке тұрды. Осы жерде ол озат малшы ретінде еңбек етті. Тұңғыш баласынан кейін Нұраталды ауылында үш баласы дүниеге келді: Разақова Фарида (1971 жылы), Разақова Гүлдана (1972 жылы) және Разақов Ербұлан (1974 жылы).

1980 жылы Шет ауданына қарасты «Совхоз Коммунизм» ауылына көшіп, Дулат Смайлов директордың қол астына малшы болып тағайындалды. 1980 жылдан 1994 жылға дейін абыроймен малшылық қызметін атқарды. Өз қызметінде үздік малшы атанды. Зейнеткерлік жасына келгенше өз ісіне адал еңбек етті.

2022 жылы Қарағанды қаласында өзінің қара шаңырағында, бала-шағасының, немере-шөберелерінің ортасында құрметті ел азаматы ретінде өмірден озды.

Разақова Гүлдана Жолдыбекқызы



1972жылы Нұраталды совхозында дүниеге келген. Талды совхозында 8 жылдық мектепті аяқтап, кейін Балқаш қаласындағы медициналық училищені бітірді. Бүгінгі күнге дейін Қарағанды қаласында медбике болып абыройлы еңбек етіп келеді.

2004 жылы 20 желтоқсанда Қарағанды қаласында дүниеге келген ұлы ҚарМУ-да студент.

Сағымбайұлы Тілеген



1933 жылы Беталыс ауылында дүниеге келген Анасы Әйапа, әкесі Сағымбай. Жастайынан еңбекқор, жұмысқа бейімді болған, Анасы Әйапа сауыншы болып 30 жыл жұмыс атқарған, әкесі мал дәрігері болып жұмыс істеп жүрген уақытында Ұлы Отан соғысына аяқ астынан аттанды.

1957 жылы маусым айында Төлеубайқызы Рымбалаға қосылып шанырақ көтерді. Сағымбайұлы Тілеген 1950-1976 жыл аралығында шофёр болып жұмыс істеді. 1958 жылы ұлы Иса Тілегенұлы, 1964 жылы Тұрар Тілегенұлы, 1973 жылы Мұса Тілегенұлы дүниеге келген. Сағымбайұлы Тілеген 1976-1978 жылы гараж басшысы (завгар) болып жұмыс істеді, 1979-1984 жыл аралығында завмашдвор болып жұмыс жасады.

1987 жылы сәуір айында сыртқаттанып ауырып, дүниеден өтті.

Сағындықұлы Манат



Нұртаза ұлы Сағындықтан үш ұл тарайды: Сағат, Манат, Қанат.

Манат 1952 жылы 10 қаңтарда Талды ауылының Туматай бөлімшесінде дүниеге келген. Руы - Алшын.

1953-54жылдары отбасымен Нұраталды ауылының Шопа бөлімшесіне қоныс аударады.

1957 жылы Қызылтаудың Қаражал бөлімшесіне көшіп келеді. 1959 жылы Қызылтау орта мектебіне барып 1967 жылы аяқтады. Осы жылдан бастап ауыл шаруашылығында еңбек жолын бастады. 1969 жылы қысында Қарағанды қаласының жүргізушілік курсына оқуға келіп, 1970 жылы мамыр айында үздік аяқтап шығып, ауылға жүргізуші болып оралды. 1971 жылы мамыр айында Кавказ әскери аумағына отан алдындағы борышын өтеуге жіберілді.

1973жылы Отанға оралып, Қызылтау ауылында жүргізуші болып еңбек жолын жалғады. 1975 жылы ақпан айында Тайшикова Зария Илиясқызымен отбасын құрды. 1976 жылы Қаражалдан Ақшоқыға қоныс аударады. 1977 жыл мен 1986 жылдар аралығында Ақшоқы совхозының Ақбауыр бөлімшесінің жұмыскерлері мен мектеп оқушыларын тасымалдайтын автобуста жүргізуші болып еңбек етті. 1986

жылдан бастап совхоз директорының жүргізушісі және егін орағында комбайыншы болып қызмет етті. Еңбек жолында үздік қызметкер ретінде марапаттарға ие болып жүрді. 1992-1993 жылдары үздік комбайыншы атанып, басшылық тарапынан «Урал» мотоцикілімен марапатталды. Кеңес үкіметі тараған уақытта «Бірлестік» шаруа қожалығының мүшесі болды.

2003 жылы №3 Қарағанды автобус паркіне жүргізушілік қызметке келді. 2015 жылы осы мекемеден зейнет демалысына шықса да 2020 жылға дейін еңбек етті. Еңбек жолында үздік жүргізуші ретінде көптеген марапаттарға ие бодды.

10 баланың ардақты әкесі, 20 немере мен 3 шөберенің асыл атасы. Бүгінгі күні жары Зария екеуі Абай ауданына қарасты Дубовка ауылында ұлы Бекзат пен келіні Әйгеріммен немерелері: Шұға, Бегімсұлу, Нұрдәулет, Нұртілек пен Ханшайымды тәрбиелеп отыр. Қыздар мен күйеубалалары: Гакку-Бауыржан, Бұлбұл - Ғабиден, Гүлнұр - Ержан, Жұлдыз - Дидар Қарағанды облысында тұрады.

Сағындықұлы Сағат



Нұртаза ұлы Сағындықтың тұңғыш ұлы. 1948 жылы 10 сәуірде Талды ауылының Туматай бөлімшесінде дүниеге келген. Руы - Алшын.

1953-54 жылдары отбасымен Нұраталды ауылының Шопа бөлімшесіне қоныс аударады. 1957 жылы Қызылтаудың Қаражал бөлімшесіне көшіп келеді. Еңбек жолын Қызылтау ауылында механизатор болып бастады. Кейінгі кезде бас малшы болып жұмыс атқарады.

1993-1994 Абай ауданына қарасты Сарепта ауылына қныс аударып, сонда еңбек жолын жалғады.

1999 жылдын 13 шілдесінде дүние салды.

Жұбайы - Мұқтайқызы Рысбала. Руы - Найман. 1951 жылы 11 желтоқсанда Ақшатау ауылы, Қарғалы бөлімшесінде дүниеге келген. 2009 жылы дүниеден өтті.

Балалары: Амангелді, Акқу, Нұрбол, Меңдігүл, Айнұр, Мереке отбасыларымен Абай ауданында тұрады.

Сақанұлы Аман



Алғашқы жекешелендіру ісін қолға алған адамдардың бірі. 1942 жылы 24 ақпанда Ақбауыр ауылы «Құрама» елді мекенінде дүниеге келді «Құрама» бастауыш сыныбында оқып, жетіжылдық мектепті Ақбауырда бітірді.

Жүргізушілік курсты бітіріп, мамандығы бойынша еңбек етті.

Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, әскери борышын Томск қаласында өткізді. Сүйікті жарын да осы қалада тапты. Әскери борышы біткеннен соң, туған жеріне келіп, жүргізушілік жұмысын жалғастырады. Ақбауырда, Талдыда еңбек етіп, шаруашылықтың өркендеп дамуына өз үлесін қосты.

Тауелсіздік жылдары жеке қожалықты алғашқылардың бірі болып ашып, онын аяғынын тік тұруына бар күш-жігерін жұмсайды.

Егін салып, мал өсірді- еңбегі жемісін берді. Бүгінде әке ісін балалары сәтті жалғастыруда.

Дос-жаранға адал, ағайынның бірлігін ойлаған азамат еді. Қоғамға болсын, адамға болсын көмек қолын созуға әрдайым дайын тұратын.

Ұзақ жылдарға еңбегі бағаланып, Алғыс хаттар және сыйлықтарға ие болды, сан мәрте демалысқа тегін жолдамалар берілді.

2015 жылы 2 қаңтарда дүниеден озды.

Жұбайы - ГАЛЯМОВА Мәдина Нақыпқызы. Балалары: Ринат, Гүлмира, Сауле, Қанат, Марат.

Сақанұлы Қыдырбай



1938 жылы, 5 ақпанда «Құрама» ауылында дүниеге келді.

Бастауыш мектепті Құрамада, жетіжылдық мектепті Ақбауырда аяқтады.

Еңбекке ерте араласып, колхоздың әр түрлі қара жұмыстарына қатысты. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін, Алайғыр кенішінде еңбек етті.

Алайғыр жабылғаннан соң, еңбегін туған ауылында жалғастырды. Ақбауыр, Талдыда ұзақ жылдар малшы болып, қоғам малын өсіріп, сақтауда өз үлесін қосты.

Қарапайым, сабырлы адам болды.

Елеулі еңбегі бағалы сыйлықтар және алғыс хаттармен атап өтілді.

1991 жылы дүниеден озды.

Жолдасы - Мақташ, балалары: Тұрсын, Мейрам, Майра.

Саханов Қанат Аманұлы



1974 жылы 5 ақпанда Қарағанды облысы Шет ауданы Талды ауылында дүниеге келді.

1981-1991 жылдары Қарағанды облысы Шет ауданы Талды орта мектебінде оқыды.

1993-1997 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетінде дәріс алып, «физик-инженер» мамандығы бойынша диплом алды.

1997-1999ж. Қарағанды қаласы «Қарағандыэнергострой» АК - жабдықтау бөлімінде

және мұнай қоймасында Басқарушы қызмет атқарды.

1999 ж. - кәзіргі уақытқа дейін «Сәуле» шаруа қожалығында еңбек атқарады.

Жұбайы - Саханова Нұргүл Майданқызы. Балалары - Елдос, Әлімбек, Адина.

Саханов Ринат Аманұлы



1966 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Талды орта мектебін бітірді. 1983-1986 ж.ж. Қарағанды медицина училищесін бітіріп, «Санитарный фельдшер» мамандығы бойынша диплом алды.

1986-1993 жж. Талды ауылының ауруханасында фельдшер мамандығы бойынша қызмет атқарды. МТМ-де «кузнец» болып жұмыс істеді. 1988-1993 ж.ж. Ақмола ауыл шаруашылық институтының «Ветеринария» факультетіне түсіп, «мал дәрігері» мамандығы бойынша үздік бітірген. Озат оқығандығы үшін «Ленинский» стипендиясын тағайындаған. 1993-1998 ж.ж. Қарағанды қаласы НКМЗ-мекемесінде қызмет атқарды. 1998-2015 ж.ж. жана өмір талабына байланысты өз ағайындарымен «Сауле» шаруа қожалығында еңбек атқарды.

2015 жылы мезгілсіз ажал болашағы үлкен, байыпты, білікті азаматтың өмірін қиып кетті.

Жұбайы- Айсұлу, артында Асем, Зарина, Руслан атты балалары ет жетіп келеді.

Саханова Тұрсын Қыдырбаевна



1962жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Алайғыр ауылында дүниеге келген. Әкесі Саханов Қыдырбай және анасы Тұрысбекова Мақташ. 1969 жылы Талды орта мектебіне 1 сыныпқа барып, 1979 жылы 10 жылдық мектепті бітірген. 1980-1981жж Талды орта мектебінің оқушылар интернатында тәрбиеші болып жұмыс істеуде. 1981 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің физика факультетіне түсіп, 1986 жылы тәмамдаған. 2003-2005жж. Қазақ Ресей Университетінің филология факультетін қосымша тәмамдаған 1986-2007жж. аралығында Қарағанды қаласында 25 орта мектебінде ұстаздық қызмет еткен, 2007 жылдан бері 86 мектепте ұстаздық қызметтен басқа директордың оқу және - тәрбие жұмысынын орынбасары болып тағайындалған. Қалалық Білім бөлімінің бірнеше мақтау қағаздарының иегері және жоғары санатты ұстаз. Бүгінгі таңда әлі де оқушыларға білім беруде.

Жолдасы - Дауренбеков Сантай Жанабілұлы, 2 баласы және немерелері бар.

Сүйіндікқызы Марал

1953 жылы 11 ақпанда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылының «Құрама» жерінде дүниеге келді.

1972 жылы Ақсу-Аюлы селосындағы ЫАлтынсарин атындағы жетіжылдық орта мектебін бітіріп, Қарағандыдан арнайы училищені тәмамдады. 1974 жылдан бастап, әр салада жұмыс істеді. Жиырма жылдан астам еңбек етіп, 2006 жылы көпбалалы ана ретінде зейнеткерлікке шықты. Маралдың 6 баласы бар. 3 ұл 3 қыз. Олардан көптеген немере-жиендер сүйді. 2017 жылы қайтыс болды. Жолдасы- Олжабай (Шұбыртпалы).

Маралдың ақындық өнері болды. Солардың бірінен үзінді: Айғайша анасына арнағаны:

Асыл анам

Ақ жарқын кең пейідді асыл анам,
Аңқылдаи ақ батасын берген маған.
Данам да,панам да тек өзін едің,
Қанаттыға қақтырмай асыраған!
Айналып сол күндерім ертегіге,
Көңілді сағыныш мұң шертеді де.
Асыл ана жұртыңа қадірлі ең,
Көтеріп шығаратын ел төріне!

Және де сол сиякты тұңғыш немересі Ансар дүниеге келгенде арнағаны:

Ансарға

Тәтті менің Аңсарым,
Көптен сені аңсадым.
Сен өмірге келгенде..
Құстай ұшып самғадым!
Осы сияқты көптеген (100-ге жуық) өлендері жарық көрді.

Сүгірбаева Күлпәш

1918 жылы Қосшоқы-Қарқаралы бауырында дүниеге келген. Әкесі Сүгірбай, анасы Тиышбаладан ерте айырылып, жетім калады. Кейін Тоқбергенұлы Сеидуалимен шаңырақ құрып, «Кәрітүлкіде» бес жылдай бірге өмір сүреді. Тәңірберген, Төлеубек атты ұлдарын дүниеге әкеледі.

Үш сыныптық білімімен ауыл адамдарына сол заманда әліппені үйретеді, сауатсыздықты жою науқанына қатысады. Ширақ, зерек болудың арқасында ауыл басқармасы болған жолдасы — Сейдуалидің жұмысына да ат салысады, партия қатарына өтеді. 1943 жылы Ұлы Отан Соғысына кеткен Сейдуали Смоленск түбінде от кешіп, мерт болған. Сейдуалидің аталары келіндері Күлпәш пен немересі Төлеубекті жібермей, оларға қамқор болады. Үлкендердің қалауымен 1949 жылы қан майданынан оралған кайнысы Ақымжан Терлікбай Мақанұлына қосады. Дүниеге Қарашаш, Саят, Қарлығаш, Манат атты балаларын әкеледі. Оларды өсіріп, білім беріп оқытады, жеткізеді. Баласы Саят жасында кұлап, мугедек болып калады. Шет ауданы, Ақсу- Аюлыда он жылдай тұрады.

Отағасы Терлікбайдың жұмысы ауысып, 1959 жылы Ақбауырға қоныстанады. Кейін 1969 жылы жұмыс бабымен Шет ауданы, Талды ауылына көшіп келеді. Өмірінің соңына дейін бала-шағасының ортасында. немере- шебере сүйіп, 84 жасында, 2002 жылдың 9 қаңтарында өмірден озады.

Суюндиков Шорман **(1947-2017)**



1947 жылы сәуір айының 20 жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Құрама ауылында дүниеге келген. Руы Алшын. 1965 жылы Ақсу Аюлы селосындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы тоғызжылдық мектепте 2 жыл білім алып, әрі қарай онжылдық мектепті тәмәмдайды.

1967-1969 жылдары Отан алды борышын өтейді. 1969 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласындағы Мал дәрігерлік оқуға түсіп, 1973 жылдары бітіріп сол мамандығы бойынша жұмыс жасай бастайды.

Қарқаралы қала-сында өзінің сүйіктісін тауып, отау құрады. Таңдаған жары Скендинова Ай-кен Қарқаралы ауданының тумасы. Төрт балалары бар: Суюндиков Жанболат, Суюндиков Айдын, Суюндикова Жанна және Суюндиков Мурат.

Әрі қарай әр-түрлі салада жұмыс жасайды. Халыққа көмек қолын созатын еңбекқор, ақкөңіл адам. 2009 жылы зейнетке шығып, 2017 жылы дүниеден өтті.

Суюндиков Жанболат Шорманұлы



1973 жылы сәуір айының 25 жұлдызында Қарқаралы қаласында дүниеге келді. Руы Алшын. Әкесі Суюндиков Шорман, анасы Скендинова Айкен.

1980-1990 жылдары Қарқаралы қаласындағы «Орынбек Жаутыков атындағы №1 қазақ орта мектебінде» білім алады. 1991 жылы әскерге шақырылады. 1993 жылы еңбек жолын бастайды. 1996 жылы өзінің жарын тауып, Қарқаралы ауданындағы Нұркен ауылының тумасы Аденкулова Гаухар Социалқызына үйленеді. Үш қызы бар: Шорман Мәдина,

Шорман Айнұр және Шорман Айым.

1999 жылы Қарқаралы қаласында электр монтер мамандығы бойынша жұмысын бастайды. Қазіргі таңда ТОО «Қарағанды жарықта» жұмысын жалғастырып жатыр. Осы салада көптеген марапаттар иеленген. Халыққа қызмет көрсетіп, алғыстарын алуда.

Суюндиқова Рыскуль Кайырберлиевна

Мен, Суюндиқова Рыскуль Кайырберлиевна (құжат бойынша) 1959 жылы 1 қаңтарда дүниеге келдім.

1966 жылы Ақбауыр ауылында Роза Люксембург атындағы сегізжылдық мектептің 1 орыс сыныбына қабылдандым. 8-ші сыныпты 1974 жылы аяқтап, Талды орта мектебінің 9 сыныбына қабылданып, 10-шы сыныпты 1976 жылы бітірдім.



Осы жылы Жезқазғандағы педагогикалық институттың көркем-графикалық факультетінің «ОТД

және физика» бөліміне оқуға түстім.

Бұл бөлімде 5 жыл оқып, 1981 жылы оқуды аяқтап, Ақбауыр сегізжылдық мектебінде еңбек жолымды бастадым. 1982 жылының қаңтарында Талды орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі болып ауыстырылдым.

1983 жылы отбасын құрдым. Үш балам бар. Олардан 8 немере, 3 жиен сүйіп отырмын. 2017 жылдан бастап зейнеткермін.

Жолдасым, Тоқсанбай Қанат Саркенұлы, соңғы жылдары, яғни 2006ж. бастап мектептің электрiгi болып жұмыс iстеп, биыл зейнеткерлiкке шықты.

Сүйіндікұлы Қайырберлі

1937 жылы 15 наурызда «Құрама» ауылында дүниеге келген. «Құрама» бастауыш, Ақбауыр жетіжылдық мектептерін аяқтап, оқуды аудан орталығындағы қазақ орта мектебінде жалғастырады.

Үйдің үлкені болғандықтан, еңбек жолын ерте бастайды. Механизаторлар курсына оқып, тракторист мамандығын алады.

Біраз жылдардан кейін ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет атқарады, селолық Советтің депутаты болған. Кейіннен сатушы болып қызмет атқарды. Шет ауданы бойынша шопандар бригадасын құрып, көп жылдар бойы қой бақты.

1980 жылдары Талды ауылына көшіп келіп, жол мекемесінде, Алғашқылардың бірі болып К-700 тракторымен біраз жыл еңбек етті, кейіннен совхозда малшылық, күзетшілік жұмыстарын атқарды. Әкімшілік тарапынан еңбектері еленіп, алғыс хаттармен марапатталып отырды.

Ертеде аудандық, облыстық, республикалық комсомолдар съезіне делегат болып қатысқан, өте белсенді адам болған. Коммунистік партияның мүшесі де болған.

Ақкөңіл, әңгімешіл, өте сауатты. Талды ауылының орталық кітапханасының тұрақты оқырманы болған.

2000 жылы зейнеткерлікке шығып, 2004 жылы қайтыс болды.

Жұбайы - Орынтай Бәкірқызы (қ.б.), Көп жылдар бойы жолдасымен бірге еңбек етті. Кейінгі жылдары мектепте еден жуушы болып жұмыс жасап зейнетке шықты. Еңбек ері медалімен марапатталған. Сонымен қатар он бала тәрбиелеп өсірген, көп балалы “Батыр ана” медалінің иегері.

Балалары: Рысқұл - Талды орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған, қазіргі кезде зейнеткер; Аскар (қ.б.); Шалқар - Абай қаласында жұмыс істейді; Шолпан - Астана қаласында медбике; Бейбіт (қ.б.); Айман - Балхаш қаласында медбике; Айнаш - Ақжалда еңбек етеді; Аманкелді (қ.б.); Самал - әскери қызметте істеген, сержант, қазіргі кезде зейнеткер; Азамат (қ.б.).

Сүйіндікова Айман Қайырберліқызы

1968 жылы 03-наурызында Қарағанды облысы, Шет ауданы Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Ақбауыр орта мектебін 4-сынып бітіріп, Талды орта мектебінде 5-ші сыныптан бастап, 10-шы сыныпқа дейін оқыды. 8-ші сыныпта Комсомол бригадасымен қыранда астық бидай өніміне көмек жасап, диірменде жұмыс істеуге ат салысты, озат еңбек атанып газетке шықты, алғыс хатпен марапатталды.

1985 жылы мектеп бітіріп Балхаш медициналық училищесіне оқуға түсті. 1986 жылы Ақтоғай ауданына студенттік строй отряд бригадасымен жіберіліп, мектеп салуға атсалысты. 1987жылы мектеп салысуды бітіріп, «Үздік студент» атанды.

1988 жылы медициналық училищені бітіріп, Ақтоғай ауданы, Дуанши ауылында ФАП орынбасары болып, алғаш медицина саласында еңбегін бастады.

2007-шы жылдар қосымша рентген - лаборант маманын оқып бітіріп, Балқаш қаласының 2 емханасында жұмыс істеп жүріп, 2015

жылы «Үздік рентген - лаборант» атанып газетке шығарылды. Содан бері сол саладан адал еңбегі мен үздік жоғарғы маман иесі болғаны үшін «Қалалық және облыстық денсаулық сақтау» бөлімдерінен алғыс хат, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Әр түрлі іс-шараларға қатысып 1-ші және 2-ші орындарға иеленуде. Қазіргі уақытқа дейін осы салада еңбегін сіңіруде.

Жолдасы: Адрейсов Тлеуғазы Тлеуғабылұлы 1965жылдың 15 майда дүниеге келген. Әскери бөлімде еңбек еткен, қазіргі уақытта әскери зейнеткер. Ұлы: Адрейсов Бахтияр Тлеуғазыұлы 1990 жылы 10 ақпанда дүниеге келген. «Жилой фонд» құрылыс компаниясында жетекші инженер-құрылысшы (инженер-техник) болып еңбек етеді, жоғарғы маман иесі, үздік мадақтамалар мен алғыс хаттарға иеленуде, немерелері: Аружан, Сезім, Балым.

Мырсыздыкова (Сүйіндікова) Самал Қайырберліқызы

1975 жылы 21-қарашасында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1992 жылы 11 жылдық Талды орта мектебін бітіріп, 1994 жылы отбасылы болды. 2005 жылы ҚР Заңына сәйкес ҚР Ішкі әскерлері қатарына шақырылып, Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кентіне 6505 Әскери бөлімінде 3-ші атқыштар батальонында алғашқы әскери қызметін бастады.

2011 жылдары 3-ші атқыштар батальонының әйелдер кеңесін басқарған. Қызмет барысында, өзінің адал еңбегінің арқасында “Үздік маман” иесі атанып, көптеген алғыс хат, мадақтамалар мен медальдарға ие болған. Соның ішінде Ұлттық Ұланның “Орталық” өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Е.Ботақановтан мадақтама алған.

Жолдасы Мырсыздықов Қажым Тажікенұлы да Әскери қызметте жұмыс істеп, қазіргі таңда екеуіде Ұлттық Ұланның зейнеткерлері. Бір ұл, бір қыздары бар. Қызы мен күйеу баласы Астана қаласында полиция қызметкерлері болып жұмыс жасайды. Бір жиен немере сүйіп отыр.

Сүлейменов Ахметолла (Ақан) Қосылбекұлы

Шет ауданы, «Құрама» ауылында дүниеге келді. Ауылда жеті жылдық мектепті бітіріп, онжылдықты аудан орталығында бітірді.

Қарағанды политехникалық институтында оқып, аяқтап «Инженер-

құрылысшы» мамандығын алып шығады. Оқуды аяқтағаннан кейін 1966-1972 жж. Қарқаралы ауданы, Жамбыл атындағы совхозда-прораб, 1972-1975 жж. «ПМК-1012» мекемесінде-прораб болып еңбек етеді. 1975 жылдан бастап, дүниеден озғанына дейін Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының құрылыс жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

Қарқаралы шаруашылықтарында және қала басындағы құрылыс жұмысының қарқынды жүріп, әлеуметтік-мәдени, тұрғын үйлердің салынуына күш-жігерін жұмсайды.

Артында жары, балалары, немерелері қалды.

Тоқышев Қияш Мұстафаұлы



1928 жылы Шет ауданың Ақбауыр аулында дүниеге келген.

Руы: Алшын оның ішінде - Дөнгелек.

Тыл ардагері. Ақбауырдағы жетіжылдық мектеп бітірген соң (1942) Қарқаралы зоовет. техникумына түсіп, (1945) тәмамдайды, Қарағанды педагогикалық институтын бітірген (сырттай). Ауыл шаруашылық саласында, мамандығы бойынша қызмет атқарған. Шет ауданы, Жамбыл атындағы колхозда зоотехник, ауыл шаруашылық тауарын дайындайтын инспекциясының қызметін атқарған. «Путь к коммунизму» совхозының. бөлімшесінің зоотехнигі болып қызмет істеген. Шет ауданның, Самарканд бастауыш мектебінің мұғалімі, Шет ауданның білім беру бөлімнің әдістемелік кабинетінің әдіскері болып, еңбек еткен. Ақшоқы совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы, Қызылтау ауылдық Кеңесінің хатшысы міндетін атқарған. Қызмет атқарған аралығында бірқатар медальдармен марапатталған. 1992 ж. қайтыс болды.

Токушева Гулнар Кияшевна



1962 ж. Шет ауданның Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Қызылтау орта мектебін аяқтаған соң, сол мектепте интернат бөлімінде тәрбиеші болып еңбек жолын бастады. Жезқазған педагогикалық институттың филология факультетін үздік аяқтап еңбек жолың Қызылтау орта мектебінде, Жезқазған қ, №22 орта мектепте орыс тілі мен әдебиет мұғалімі болып жалғастырды. Жезқазған қаласында «Қазақмыс Корпорация» ЖШС-нің кадр бөлімнің инспекторы болып қызметін атқарды. Қазіргі мезгілде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК «Уранқуат» ЖШС-нің бөлімшесінде персонал менеджері болып қызмет етеді.

Тоқбергенов Төлеубек Сейдуалиұлы

1943 жылы 15-ші қазанда Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1960 жылы ЫАлтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітірді. 1966 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірді. Шет ауданы орталық ауруханасының балаларды емдеу бөлімінің меңгерушісі. Шет ауданы орталық ауруханасының бас терапевт маманы және емхана бөлімінің меңгерушісі.

Төлегенов Сансызбай



1943 жылы, 9-наурызда «Құрма» ауылында дүниеге келді. Ақбауыр жетіжылдық мектебін бітірді.

Жастайынан еңбекке араласты. Өмірінің соңына дейін бір жерде, туған ауылында еңбек етіп, шаруашылықтың дамуына үлесін қосты.

Халықтың сыйлы азаматы болды.

Шаруашылықта жұмыстарын аса тыңғылықты, жауапкершілікпен атқара білді. Қарапайым халыққа да көмегін аямай, «апарып кел» деген жеріне барып, адамның бойында болатын бір қуанышы, бір ренішіне ортақтасып, қасынан табылатын.

Еңбегі еленіп, есімі совхоздың «Құрмет тақтасына» жазылып, ілінді. Облыстық және аудандық Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жолдасы - Күләш Әлиқызы, балалары: Абай, Ербол, Алмагүл, Бибігүл, Сұңғат, Сандуғаш.

Төлегенов Берікбай

1953 жылы, 21 қараша Ақбауыр ауылында дүниеге келді. Ауылда жеті жылдық мектепті бітірді. Шаруашылықтың әр түрлі саласында қызмет етті. Жүргізуші болды. Жарық кентінде тұрып еңбек етті. 2018 жылдың 14-желтоқсанында дүниеден озды.

Жолдасы - Аманкүл, балалары: Самат, Салтанат, Қайрат.

Төлегенов Абай Сансызбайұлы

1963 жылы, 5 мамырда Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Ауыл жетіжылдық мектебін бітіреді.

Ішкі істер органында 1995 жылдың 8 маусымынан Қарағанды қаласы, Октябрь ауданы, УУО қылмыстық іздеу бөлімінің жедел уәкілі болып, қызмет етеді.

1995 жылы, 20 қазанында қызметтік міндетін атқару кезінде, қаза болды.

Артында жолдасы, балалары қалды.

Жолдасы - Ботакөз, балалары: Жұлдыз, Дана.

Төлеген Ербол Сансызбайұлы

23.02.1964 жылы туды. 1971-1981 жж. Ақбауыр мектебінде білім алды. Еңбек жолын туған жері Ақбауырдан 1988-жылы жүргізушіден бастап, «Бектас» шаруа қожалығының басшысы. 2011 жылдан бастап Қарағанды қаласында тұрады. 2011-жылдан бастап Қарағанды қаласында Қаныш Сәтпаев атындағы каналда жұмыс атқарады.

Жолдасы - Гүлнәр Жұмаділқызы, балалары: Гүлім, Назерке, Бектас, Алуа. 1-немересі. 3-жиені бар.

Тоқышев Нұрсұлтан Қияшұлы



1958 жылы Шет ауданның Ақжал кентінде дүниеге келген. Алматы қ., Қазақ ауыл шаруашылық институтын бітірген (1982).

Еңбек жолын Ақшоқы совхозының агроном қызметінен бастаған. Шет ауданның комсомол комитетінің екінші хатшысы, бірінші хатшысы болып қызмет атқарған.

Бұрма совхозының партком хатшысы, Жезқазған облыстық комитетінің ауыл шаруашылық бөлімнің нұсқаушысы, Батық, Просторный зауыттарының бас агрономы болған.

Ақой, Красная поляна ауылдық округінің әкімі болып тағайындалған. «Крамдс кварцит» ЖШС-нің карьер басшысының бірінші орынбасары болған. Еңбек еткен аралығында бір неше алғыс хаттармен, марапаттау грамотасымен марапатталған. Бүгінгі күнінде зейнеткерлік демалыста. Отбасын құрған, 3 баласы бар, 5 немерелері бар.

Тоқышева Шолпан Қияшқызы



1960 ж. Шет ауданның Ақжал кентінде дүниеге келген. Жезқазған педагогикалық училищесін бітірген соң, еңбек жолын Қызылтау орта мектебінде бастауыш сыныптарына сабақ беріп бастады. Алматы қ., Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтты аяқтаған соң, Алматы қаласында көмекші мектепте жұмысын атқарды. Жезқазған қаласының №13 және Қазақ-түрік лицейінде бейіндік оқыту жөніндегі директордың орынбасары болып қызмет атқарған.

Астана қаласының № 73, 71 мектептерінде оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары болып еңбек етті. Нұрсұлтан Назарбаев қорының «ҚАМҚОРЛЫҚ» Инклюзия қолдау кабинетінің дефектолог маманы болып міндетін атқарды. Еңбек аралығында, облыс әкімінің, Білім және ғылым министрлігінің тарапынан марапатталған. Қарағанды облысының «Ұлағатты ұстаздары» атты энциклопедиясына енгізілген.

Тұқанқызы Күләш



1946 жылы Шет ауданы Ақсу бөлімшесінде дүниеге келді. Көп балалы ана, ақжарқын өте сұлу сымбатты, ән салуды және тігін тігуді серік еткен жан болған. Тігінші - бірнеше мамандықтар жиынтығынан құралған мамандық деуге болады. Тігіншілік өз алдына, оған қоса дизайндық қабілет пен шығармашылық іздені көп болатын. 1984 жылы 38 жасында дүниеден озды. Балалары әке шешеден ерте айрылса да, төзімділік әрі жігерлілік көрсетіп, ержетіп, әр салада еңбек етуде.

Балалары:

1968 ж. Ержанов Қасымхан қазіргі таңда бес баланың әкесі.

(Жанасыл Қасымханұлы қайтыс болған).

Нұрасыл, Жансая, Күнсая, Дильназ

1971 ж. (Ержанова Бұлбұл)

1974 ж. (Ержанов Досымхан қайтыс болған)

1976ж. Ержанов Айдын 3 баланың әкесі. Еркебұлан, (Алма), Ерасыл және немересі (Айгерім Еркебұланқызы)

1979 ж. (Ержанова Жанагуль)

1981 ж. (Ержанова Сапаргуль)

Тұсжанұлы Нұрмұхан



1929 жылы Шет ауданы, Құрама ауылында дүниеге келген. Еңбек ардагері.

Әкесі - Тұсжан соғысқа кеткенде, небәрі 12 жаста болған. Сол жылдары Құрама ауылында 4 сыныптық білім алған. 1952 жылы Қарағанды қаласында шопырлық курсты бітірді.

1953 жылы еңбек жолын механизатор болып бастады. Алғашқы еңбек жолын Шет ауданының Қайрақты ауылында бастаған. Ол кезде МТС деп аталған.

1955 жылы Орджаникидзе атындағы совхозының Ақтөбе бөлімшесінде шопыр болып еңбек етті. 1956 жылы Р.Люксембург атындағы колхозда, қазіргі Ақбауыр бөлімшесінде ясүргізуші болды. Трактор бригадирі, гараж меңгерушісі болып қызмет ақтарды. 1969

жылы «Путь к коммунизму» қазіргі Талды ауылына гараж меңгерушісі болып ауысты.

Талды ауылында 10 жыл жұмыс атқарып 1979 жылы өзінің туған жері — Ақбауырға қайта оралып, Ақшоқы совхозында гараж меңгерушісі қызметін атқарды.

1954 жылы Жаңыл Ілиясқызымен отбасын құрды.

Тусжанова Жаңыл Ілиясқызы 1935 жылы Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Ақжар селосында дүниеге келген. “Алтын алқа” иеленген көпбалалы ана.

1982 жылдан бастап, совхоздың ақ бас ірі қара малын алып, мал шаруашылығына ауысты. 1999 жылы зейнеткерлікке шықты. Осы еңбек еткен жылдар аралығында көптеген елеулі еңбектерінің жемісі ретінде Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен, орден, медальдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 60 жылдығына және 65 жылдығына орай «Тыл ардагері», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Ұйымдастыру қабілеті зор, қайратты адам болды. Жаппай жекешелендіру кезінде іскерлік әрі жігерлік танытып, Шолақ түлкі қыстауында «Береке» шаруа-қожалығын құрды. Балаларын, немерелерін ата кәсіппен шұғылдануға баулыды. Ел жағдайын, жер жағдайын жақсы біліп, өтімді, аталы сөздерін батыл айтып отыратын жан еді. Отбасында 10 бала тәрбиелеген: Қаршыға, Темірғали, Есенғали, Бақытгүл, Амантай, Жанагүл, Алмагүл, Нұртай, Мейрамкүл, Бақтияр.

2011 жылы 27 желтоқсанда дүниеден озды.

Тусжанова Жанагул Нурмухановна



1969 жылы Шет ауданы Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1975-1979 жылдары Талды орта мектебінде оқыды.

1979-1983 жылдары Ақбауыр ауылындағы Р.Люксембург атындағы негізгі мектепті үздік бітірді.

1983-1985 жылдары Қызылтау орта мектебін аяқтады.

1985 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университетінің метеорология факультетіне түсіп, 1989 жылы аяқтады.

1993-1997 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы халық сотында сот отырысының хатшысы болып жұмыс жасады.

1999 жылы Саран гуманитарлық техникумының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына оқуға түсіп, 2002 жылы үздік

дипломмен аяқтады.

2002 жылы Қазақстан-Ресей университетінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі факультетіне түсіп, 2005 жылы аяқтады.

2002 жылы ең алғашқы ұстаздық жолын Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 жалпы білім беретін орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған.

2012 жылдан Қарағанды қаласы №41 жалпы білім беретін орта мектебінде, кейінгі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

Білім саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін көптеген алғыс, құрмет грамоталарымен марапатталған:

- 2018 жылы Қарағанды қаласы әкімінің Алғыс хаты;
- 2019 жылы Қарағанды қаласы әкімінің Құрмет грамотасы;
- 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты;
- 2019 жылы Қарағанды қаласының Білім бөлімінің Құрмет грамотасы;
- 2021 жылы Қарағанды қаласының ауданы әкімінің Алғыс хаты;
- 2021 жылы ХІҮ Президенттік олимпиаданы өткізуге қосқан үлесі үшін Алғыс хаты;
- 2022 жылы Қарағанды облысының білім басқармасының Құрмет грамотасы.
- 2024 жылы Білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қарағанды білім бөлімінің Құрмет грамотасы.

Тусжанов Темірғали Нұрмұханұлы



1957 жылы Ақбауыр ауылында дүниеге келген.

1963 жылы Роза Люксембург атындағы мектепке барды. 1973 жылы онжылдық мектепті аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде, қазіргі Талды ауылында бітірді. Сол жылдан бастап, осы шаруашылық та тракторист болып, еңбек жолын бастады. 1957 жылы Балқаш қаласындағы ДОСАФ-та оқып, шофер мамандығын алды.

1976 жылы әскер қатарына алынып, 1978 жылы елге оралды. Сол жылдан бастап, Талды ауылында жүргізуші болып жұмыс істеді. 1979 жылы «Ақшоқы»

совхозына ауысты.

Түсіп Марат Исабекұлы (01.05.1946 ж.)



Қарағанды облысы Шет ауданы Құрама ауылында дүниеге келген. Ы.Алтынсарин белгісінің 2 мәрте иегері. ҚазМУ-дің түлегі (1977), тарихшы-оқытушы. Шет ауданы Қызылтау сегізжылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі (1964). Ақбауыр сегізжылдық мектебінің мұғалімі, директоры (1965-1978), ауданың оқу бөлімінің меңгерушісі (1978-1981), ауатком және аупартком бөлім меңгерушісі, (1981-1991), М. Горкий атындағы мектебінің директоры (1991-1994), 1994-1995жж. Талды ауылы, мал шаруашылығында еңбек етті. 1996-1997 жылдары Қарағанды қаласы №36 мектепте тарих және қоғам тану пәндерінің оқытушысы, Қарағанды политехникалық колледжінде мемлекет тілде іс жүргізу пәнінің оқытушысы (2000-2009) болды. Шет ауданы Жезқазған облысы Кеңестеріне депутат болып сайланған. Бірқатар салалық марапаттарға ие болған. Балалы-шағалы, немерелі.

Қалам тартады. Шығармалары: «Ғасыр Ғұмырлы Ақбауыр», «Ғұмыржазба-өткенге саяхат», «Көңілге түйгендерім, жинағандарым», «Абай сөзі-Даналық көзі», «Хадис, тәмсіл-ғибраты кәміл», «Тоқатай баба және оның ұрпақтары».

Түлікұлы Айтжан (1904-1973)



«Дара тұлға, дара жол».

«Асыл текті қазыналы қартымыз!»

Түлікұлы Айтжан ағаның рухына бас иіп, тағзым етемін!

Тағдырдың кеуде тосып жартысына.

Біз үшін, түскен майдан ортасына.

Алаңсыз сауық-сайран, шалқып жүрміз.

Біз бүгін әкелердің арқасында.

Қазақтың танымында ата-баба, түп-тұқиян, баба-арғы ата, үрім-бұтақ, бір атадан өрбіген ұрпақ, әулет — бір атаға жататын, зәузәт-туысқан, туыстағы екі-үш атадан қосылатын адамдар, туыс - бірге туған қандас.

«Қанына тартып қоймайды, тегі жәбермейді?» - деген сөздердің күші қандай? «Ағайынның азары болса да, безері болмайды. Қанды

қалпақ қиыссада, туысқан қиыспайды» мақал- мәтелдердің мағыналы құндылығы осында.

«Ата жолы тектілік.

Тектілік -тәңірден» дейді халқымыз. «Текті ұлдың ел бағы үшін туатындығы анық». «Текті ер елін көкке көтереді, тексіз арын төктіреді». Текпен берілетін қасиеттерге өнеге-үлгі, инабаттық, кішіпейілділік, қарапайымдылық.

Мынау жарық дүниеде талай данышпан өтіп, артына өлмейтін сөз, өшпейтін сөз қалдырды. Жақсының орын әрқашан ойсырап тұрады.

Адам - әуелі ойдың иесі: жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты мен мағыналы ғұмырымның бір белесі 80 жасқа жетелеп келеді. Кейде ұзақ ой үстінде отырғанда көз алдыма кешегі, дархан мінезді, иманжүзді, қайсар аталар елестейді.

Біздің аға «Асыл текті, қазыналы қартымыз еді!». «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі. Көпті көрген білмейді, көпті түйген біледі. Көпті түйген білмейді, түйгенің өзгеге берген біледі, беріп қана қоймай, бергенің өзгеге еккен біледі».

Қалар мұра сөз, кісіден-кісіге, сөзді мұра тұтсақ пайда ісіңе. Адамға бақыт берген, көзі ашық, көкірегі ояу, ұрпаққа құт құйды.

Қазақ халқының бүкіл салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын, мәнді-мағыналы аңыздармен таратып айтатын, әңгіменің тиегін ағытқанда алдыңда отырған қауым, ауыздары ашылып қалатын,

«Тоқсан ауыз сөзден, тобықтай түйін» түйіп, сөз өнерін меңгерген. Қазақтың би-шешен, ақын-жыраулардың, қиссаларды айтқанда, қызыл тілі жез таңдайынан төгіліп тұратын. От ауызды — орақ тілді еді. «Ағаны - ауылда заңгер Айтжан» дейтін. Ауылдық жиында даулы мәселе болса, ағаны шақыртып алатын. Әр сөзін нақты, төрт кездіктің жүзіндей кесіп айтатын. Көркем әдеби кітаптарды көп оқитын. Мен келін боп түскенде қырғыздың «Қаныбек» атты романың 2 -томдық қалың кітапты бір жыл оқыдым. Кейбір жерлерін қайталап оқытатын. Абай атамыздың том-том кітаптарын оқи беретін. Төртінші немересінің атын «Еркебұлан» деп өзі қойды. Менің маңғазым болатын дейтін. Отбасында өте қатал болғанымен, «айналайын, қарағым, шырағым» -деп жылылық мейірімін төгіп отыратын. Сондай таза, ұқыпты, кірпияз еді. Ауылдық жиналыстарында басшылар, әкім, саяси бастықтар ағадан именіп тұратын. Қара қылды қақ жарғандай, істің ақ пен қарасын шешіп айтатын. Өте әділ, шыншыл еді. Анамыз Сәгүл - биязы, әзілкеш, өте мейірімді асыл жан, еңбексүйгіш, парасатты-дана Ел арасында беделді, Белдеуінен ат, дастарханынан қонақ үзілмеген.

Ағаның дастархан басында әрәдік айтатын толғау сөздері. «Ханда қырық адамның ақылы болса, Биде қырық адамның білімі мен ары

болады». «Не би бол, не би түсетін үй бол» дейтін. «Малым-жаным садақасы, жаным- арылшың садақасы» деп отыратын.

Ал данышпан Сократ: «Барлық мамандықтар адамдардан, тек үшеуі ғана Құдайдан- дәрігер, мұғалім, сот». Адам баласы өмірге келгенде қара жерге қарыз дегенде... Алла тағала Сені қара жерге саналы етіп келтірдім. Адам енді саған ұрпағынды өргізу — ең бірінші міндетін. Осыны орындасан ғана қарызыннан құтыласын депті. Тәтем (енем) дүниеге 12 құрсақ көтерді. Алты ұл бала, алты қыз бала. Алты баласы жас кезінде шетінеп кетті. Тек ұлдан Қанат пен Төлеубек, қыздардан Қалкен, Қайышкен, Торғай, Гүлнәр, Балапаш. Гүлнәр мен балапаш «Ұстаз» мамандығын меңгерді. Төлеште еңбекқор, өте кішіпейіл, қарапайым, байсалды, бекзада жан еді. Халқына қалтқысыз еңбек етіп, елінің елеулісі болған азамат. Төлеубектің (Төлеш) жолдасы: Жағыппарқызы Рысты, балалары: Шолпан, Қайрат, Айгерім.

«Бәрі де тілге ұста, сөзге шешен еді. Өте зерек, алғыр, ұғымтал. Балалары өте парасатты, ақылды еді. «Асылдың сынығын тот баспайды» дегендей. Балаларының жүзі жарқын, бойларын тіктеп тік ұстайтын. «Алланың берген сыйы деп бағалаймын». «Тектінің тұяғы, асылдың сынығы» еді. Ағып түскен жұлдыздай боп өмірден бәрі ерте озды. Өкінішті-ақ! Пенде болған соң, көнбеске амал жоқ. «Әкенің балаға мұра қалдыратын ең жақсы дүниесі, артынан қалған жақсы аты, пайдалы әдебі және ізгі бауырлары». Қай салада, қай қызметте болсын, тұғыры биік, өнегелі өмір иесі, біліктіде білімді алғыр, іскер, көшбасшысы болды. Болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасаттылығымен мұра қалдырған ғанибетті - өнегелі, ғибратты өрнектері мен еңбек жолдары:

Соғыс және еңбек ардагері, ауыр өндіріс саласында алғашқы еңбек еткендердің бірі. 1904 жылы Ақбауыр ауылы «Кіші саржал» қыстағында дүниеге келді. Арабша хат танып, діни сауатын ашқан. Арман қуған жас жігіт өндіріс-ошақтарынан бір-ақ шығады. 1917-1929ж.ж. Қарағанды, Екібастұз, Риддер поселоктерінде жұмысшы болды. 1929-1931ж.ж. Семей қаласындағы орман - өндірістік шаруашылығында (леспромхоз) директор болып, қызмет етеді. 1931-1932ж.ж. Шет ауданы денсаулық сақтау бөлімінің қызметкері. 1932-1939ж.ж. аудандық партия комитетінің жолдамасымен «Қызылтау» совхозында жұмысшылар комитетінің төрағасы және ферма меңгерушісі міндеттерін атқарады. 1939-1940ж.ж. «Нұраталды» совхозы, май зауытының директоры болды. 1942-1944ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысады, ауыр жарақаттан бір көзінен айырылуына байланысты, елге қайтады. 1944-1946ж.ж. аудандық мал дайындау бордақылау мекемесінің директоры. 1946-1951ж.ж. Шет ауданы «Беталыс» колхозының төрағасы сияқты лауазымды

қызметтерді атқарды. 1973 жылы 27 сәуірде дүниеден озды. Аға атқа мініп, серуендегенді жақсы көретін. Менің Дініслам есімді нағашым Семейден келетін. Өте діндар, тақуа адам еді. Менің анам қажының қызы болған. Жастайымыздан құлағымызға «Құдайсыз құрай сынбайды» ауыздарыңнан «Бісмілләні» тастамандар деп уағыз айтатын. Аға марқұл-мен нағашым екуі жайлау-қыстақтарды аралайтын.

«Дала-ұлттың рухтың тұғыры»

«Ауыл -қазақтың құтты ұясы»

«Дала - алып кітап сынды,

Даланың қойын - қолтығы туған шежіре» - дейді.

«Шежіре» білмейтіндер ол кезде аз-ақ.

Неткен ес, неткен дарын, неткен ғажап!

Күллі ата-баба, бала-шағасымен.

Бір басқа сыйып кеткен, бүкіл қазақ!

Қай кезең, осылар қай ғасырда еді.

Біледі қазіргі қарт жасын нені?

Компьютер, интернеттің қолда емес.

Ол кезде әр қазақтың басында еді.

Хош иісті жайнаған гүлдерге ұқсап, «бақыт» сол соңғыларға қалса, жақсы ат дегендей, «Алмас кездік қап түбінде жатпайды». «Арғымақ аттың құйрығы - әрі жібек, әрі қыл». «Асыл текті азамат -әрі төре, әрі құл» дейтін қазақ мақалында асыл ата-әжелеріміздің өнегелі өмірінен соңғы ұрпақтарға алтынның сынығындай сақталған, сөз жауһарлары, сөздерінің асыл мәйегі, халықтың зердесінен өшірмей, бүгінгі болашақ келер ұрпаққа үлгі етіп ұсыну да үлкен, әрі жауапты парыз демекпін!

Ыбырайтегі Төлеу Закарияқызы

Шілде 2024 жыл

Түсіпова Қарлығаш Әбенқызы

(1948-2003ж.)



Қарағанды қаласында дүниеге келген Шет ауданы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген (1966), Абай атындағы Педогогикалық институтын сырттай оқып бітіріп, филолог мамандығын алды. Еңбек жолын Қызылтау сегізжылдық мектебінде (1966) есепші-іс жүргізуші болып

бастады. Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте ұзартылған топтың тәрбиешісі болды.

1969-1978жж Ақбауыр сегізжылдық мектебінде бастауыш сыныптың, 1978-1994жж М. Горкий атындағы мектепте орыс топтарына қазақ тілі пәнінің, 1994-1994жж Жаңажұрт бастауыш мектебінде мұғалім болды.

1996-2002 жж Қарағанды қаласындағы №36, №59, №82 орта мектептерінде орыс тілді сыныптарға қазақ тілі пәнінің мұғалімі және жетім балалар мектеп-интернатының тәрбиешісі болып еңбек етті. Бірнеше мәрте аудандық, қалалақ семинарларда ашық тәрбие оқу сабақтарын өткізіп, Алғыс хаттарға ие болды. Жоғарғы санаттағы ұстаз атанды.

1999ж ұстаздарды облыстық ғылыми тәжірбиелік конференцияда А. Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы жөнінде баяндама жасап, еңбегі жинаққа енді. «Еңбек Ардагері» медалімен марапатталды

Балалы-шағалы, немерелі.

Тұрсынов Серік Тұрсынұлы

1971 жылы 2 қазанда Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Роза Люксембург атындағы сегіз жылдық мектепке барды. 1986 жылы аталған мектепті бітіріп сол жылы Қызылтау орта мектебіне тоғызыншы сыныпқа барды.

1988 жылы аталған мектепті бітірді.

1989-1991 жылдары кеңес әскерінің қатарында азаматтық борышын өтеді.

1991 жылдан бастап өзі туған ауылында еңбек жолын бастады. 1998 жылдан бастап Қарағанды қаласына қоныс аударды. Қарағанды қаласында әр салада жұмыс істеді. 2001 жылы отбасын құрады.

2005 жылы «Сары-Арқа» әуежайына авто-жүргізуші мамандығына орналасып 2014 жылға дейін «Сары-Арқа» әуежайында еңбек етті. 2014 жылдан бастап «Балапан» әуежайына «Әуежай технигі-жүргізуші» мамандығына ауысты. 2024-жылға дейін осы әуежайды еңбек атқарды. 2024 жылдың мамыр айынан бастап «YDD Corporation» еңбек атқарып жүр.

Жанұяда 2 ұл тербиелеп отыр.

Хасенов Болат



(1942) жылы Шет ауданның Ақбауыр ауылында дүниеге келген. 1959 жылы аудан орталығындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, жоғарғы білім алу мақсатында Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, оны 1964 жылы ойдағыдай қаржы-экономист мамандығы бойынша бітіреді.

Болат Хасенұлы еңбек жолын Шет ауданының қаржы бөлімінде қатардағы маманнан бастап, бас маман, Қарағанды облысының тексеру-бақылау басқармасының Шет ауданы бойынша тексерушісі-бақылаушысы қызметін атқарады. Еңбек жолы әрі қарай 1976-1980 жылдары Торғай облысының Есіл ауданында және облыстың орталығы Арқалық қаласында өз мамандығы бойынша жауапты орындарда жалғасады.

1980-1988 жылдар аралығында Қарағанды облысында жанадан ашылған Талды ауданының қаржы бөлімінің бюджеттік инспекциясының басшысы лауазымын атқарады. 1988-2003 жылдары Шет ауданның қаржы бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігінің Қарағанды облыстық тексеру-бақылау басқармасының Шет ауданы бойынша тексерушісі-бақылаушысы қызметтерін абыроймен атқарып, 2003 жылы құрметті зейнеткерлікке шығады.

Болат Хасенұлы өзінің өмір жолында қаржы саласында жинаған мол тәжірибесін зейнеткерлікке шыққаннан кейінде 2003-2012 жылдар аралығында Шет аудандық Мәслихатының тексеру комиссиясының жұмысына арнады. 2017 жылы 7 қазанда өмірден озды.

Егемен еліміздің, оның ішінде ауданның экономикалық, әлеуметтік саласындағы еңбектері бағаланып, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен және ҚР медалімен марапатталған.

Хасенов Марат Бекенұлы



1943 жылы, 1 қаңтарда Ақбауыр ауылында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген.

1950-1959 жж. Ақбауыр сегіз жылдық мектебінде білім алған. 1960-1961 жж. Ақбауыр ауылында дүкен сатушысы болып еңбек етті. 1962-1975 жж. Әскер қатарында Мурманск қаласында болып, сержант әскери шеніне ие болады. 1965-1973 жж. Шет аудандық тұтыну одағында шаруашылық меңгерушісі қызметін атқарған. 1973-1975 жж. «Путь к коммунизму» совхозында жүргізуші, 1975-1980 жж. механизатор болды. 1980 жылы 11 қыркүйекте өмірден озды.

Мемлекеттен алған мақтау қағаздары бар: «Озат сатушы» белгісі, ауыл шаруашылық ауыл шаруашылық күніне орай бағалы сыйлықтары мен мақтау қағаздары.

Хасенов Бегали



1922 жылы 7 қарашада Ақбауыр елді мекенінде дүниеге келді. Ауылдағы жеті жылдық мектепті бітіріп, Қызылорда қаласына ФЗО-ға алынады. Оны бітіргеннен кейін қызылорда қаласында темір жол бойында әр түрлі жұмыстарды атқарады.

1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысады. Соғыстан оралған соң Алматы қаласында темір жол саласында жұмысын жалғастырып, әрі оқи жүріп, жоғары білімді маман болып шығады.

Ұзақ жылдар темір жол саласында әр түрлі лауазымдық қызметтерді атқарып, ҚР темір жол басқармасы материалдық-техникалық бөлімінің бастығы қызметіне дейін көтеріліп, ұзақ жылдар еңбек етеді.

Еңбегі бағаланып, мемлекеттік марапаттарды иеленеді. 2003 жылы өмірден озды.

Хасенов Дәлелбек Тойымбекұлы



1951 жылдың 17 маусымында Шет ауданы, Ақшоқы ауылында дүниеге келген. Ауылдың мектебінде жоғарғы сынып болмағандықтан, ол орта білімді, қазіргі Қарағанды қаласында орналасқан Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернаттынан алады. 1967 - 1975 жылдар аралығында Қарағанды спорттық техникумын, сонынан Қарағанды мемлекеттік педагогика институтын бітіріп диплом алады, арасында Ресей Федерациясының Хабаровск қаласында Кеңес әскерінің (Совет Армиясы) қатарында борышын өтеп келеді. Еңбек жолын, балалық шағында колхозда егін ору мен шөп шабу науқанында, соқа жетектеуден бастаған. Педагогикалық маңсабын Шет ауданы, Ақбауыр ауылында орналасқан Роза Люксембург атындағы сегізжылдық мектебінде дене шыңықтыру пәніні мұғалімінен бастаған. 1975 - 1996 жылдар аралығында Қызылтау орта мектебінде дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ беріп, директордың орынбасары болады. Хасенов Дәлелбектің ұйымдарстыру арқасында 1989 жылы Ақшоқы ауылында алғашқы Наурыз мерекесінде Кеңес дәуірінде ұмытылып кеткен, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді (тоғыз құмалақ, жамбы ату, ағаш аяқпен жарысу, қазақша күрес т.б.). Жыл сайын, қысқы спорт түрлерінен ауылдық округ көлемінде өзеннің үстіндегі мұз айдынында, қысқы спартакиада ұйымдастырып, өткізіліп тұратын. Спорт түрінен мектеп қабырғасында үйірмелер ашып, балаларды спортқа баулыды. Сонымен қатар, жыл сайын аудан орталығында өтетін қазақша күрестен аудандық біріншілігін, Ақшоқы ауылына қабылдатқызып, ауданның 400 палуандары Ақшоқы ауылында күш сынасып, білек қағысқан, осындай ірі іс-шара Дәлелбектің бастауымен ауыл тарыхында бірінші рет болған.

1996 жылы Шет ауданы Пикет ауылының, Пикет негізгі мектебінің директоры болып тағайындалады. Ауыл мен мектептің атын, тарихи Бекет атына ауысуына тікелей себепшілердің бірі. 1998 - 2014 жылдары таза орыс тілді Красная Поляна орта мектебінің директоры болып жұмыс атқарды, осы аралықта мектепке қазақ сыныптар ашып, қазақ тілінде оқытатын мұғалімдерді ауылға тарту жұмыстарын сәтті жүргізді. Өзінің ізденісімен, электр қуаты мен көмір тапшылығы кезінде, үш қабатты мектепке, облыстағы бірінші мектеп болып, үнемді, электр қуатысыз жұмыс істейтін автономды қазандықты орнатқызды, сонынан облыстың басқа мектептерінде Хасенов Дәлелбектің бастамасы мұрындық

болып, мойындап, Красная Поляна орта мектебінің үлгісімен автономды қазандықтарға көшті.

